

В.Ю.НОВИКОВ, А.И.ИЛЬЯНКОВ

МАШИНА ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**ЕКІ БӨЛІМНЕН
ТҰРАТЫН
ОҚУЛЫҚ 1-бөлім**

*«Білім беруді дамытудың федералдық институты»
Федералдық мемлекеттік мекемесі «Машина жасау
технологиясы» мамандығы бойынша орта кәсіби білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелерінің
оқу процессінде пайдалануға арналған оқулық ретінде
ұсынған*

*Рецензияны тіркеу нөмірі 438, 2010 жылғы 28
қараша, «БДФИ» ФММ*

4-ші басылым, стереотиптік



**Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2014**

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды. Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dgc.kz

Рецензиялаушы —

Мәскеу қ. «Кеңес Одағының екі мәрте батыры И.Ф.Павлов атындағы №8 политехникалық колледж» МБЖБМ оқытушысы, техн. ғылымдар кандидаты *Н.М. Твердынин*

Новиков В. Ю.

Н731

Машина жасау технологиясы : 2 б. — 1Б.: орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық/ В.Ю.Новиков,

А. И. Ильянков. — 4-ші басылым, стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2014. — 352 б.

ISBN 978-601-333-036-5 (каз)

ISBN978-5-4468-1526-5 (рус)

Дайындамаларды механикалық өңдеудің технологиялық процесстерін жобалау негіздері, дайындамаларды алу, операциялық өлшемдерді және бастапқы дайындамалардың өлшемдерін есептеу әдістері, операцияларды техникалық нормалау және жобалау, дайындамаларды базалау мәселелері, технологиялық процесстерді жобалау барысындағы дәлдікті есептеу қағидаттары және қамтамасыз ету жолдары, сондай-ақ машиналардың сапасын қамтамасыз ету жолдары, еңбек өнімділігін арттыру әдістері және бұйымдардың өзіндік құнын төмендету жолдары берілген.

Кәсіпорындағы техникалық бақылауды ұйымдастыру мәселелері, өндірістік техникалық және технологиялық дайындау ерекшеліктері, сондай-ақ өндірістік учаске немесе цех параметрлерін есептеу әдістемесі және өндірістік алаңдарға жабдықты орналастыруға қойылатын талаптар қарастырылған.

Оқулық «Машина жасау технологиясы» мамандығына арналып ОКБ ФМБС сәйкес «Машина жасау технологиясы» жалпы кәсіптік пәнін зерттеуде пайдаланыла алады.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған. Жоғары оқу орнының студенттеріне және өнеркәсіптік кәсіпорын мамандарына пайдалы болуы мүмкін.

ӘОЖ 621(075.32)

КБЖ 34.4ші723

ISBN 978-601-333-036-5 (б. 1) (каз)

ISBN 978-601-333-035-8 (каз)

ISBN978-5-4468-1526-5 (ч. 1) (рус)

ISBN978-5-4468-1525-8 (рус)

© Новиков В. Ю., Ильянков А.И., 2012

© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2012 ©

Ресімдеу. «Академия» баспа орталығы, 2012

Құрметті оқырман!

Аталған оқулық «Машина жасау технологиясы» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік жинақтың бөлігі болып табылады.

Оқулық «Машина жасау технологиясы» жалпы кәсіптік пәнінін зерттеуге арналған.

Жаңа ұрпақтың оқу-әдістемелік жинағы жалпы білім беретін және жалпы кәсіптік пәндерді және кәсіби модульдерді зерттеуге мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу материалдарынан тұрады. Әр жинақ жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру үшін қажетті, соның ішінде жұмыс берушінің талаптары ескерілген оқулықтар мен оқу құралдарынан, оқыту және бақылау құралдарынан тұрады.

Оқулық басылымдар электронды білім беру ресурстарымен толықтырылады. Электрондық ресурстар интерактивті жаттығулар мен жаттығу құрылғылары бар теоретикалық және тәжірибелік модульдерден, мультимедиялық объектілерден, қосымша материалдарға сілтемелерден және Интернеттегі ресурстардан тұрады. Олар терминологиялық сөздіктер мен электрондық журналдарды қамтиды, онда оқу процессінің негізгі параметрлері тіркеледі: жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік тапсырмаларды орындау нәтижесі. Электрондық ресурстар оқу процессіне жеңіл кіреді және түрлі оқу бағдарламаларына бейімделе алады.

«Машина жасау технологиясы» пәні бойынша оқу-әдістемелік жинақ «Машина жасау технологиясы. Машинажасаудағы технологиялық процесстерді жобалаудың негізгі әдістері», «Машина жасау технологиясы. Машиналар жасаудың технологиялық процесстерін жобалау қағидаттары» электрондық білім беру ресурстарынан тұрады.

Қазіргі заманғы адамның өмірін машинасыз елестету мүмкін емес, машина адам еңбегіне көмектеседі, алыс және жақын жерлерге тасымалдайды, оның материалдық рухани сұраныстарының қанағаттандырылуына ықпал етеді. Машина адам өмірінде оған қажетті материалдық және мәдени игіліктерді беретін қандай да бір технологиялық процессті орындауға қабілетті болуына көмектесетін құрал ретінде қызмет етеді. Кез келген машина технологиялық процессті жүзеге асыру үшін жасалады, оны орындау барысында адам үшін пайдасы бар өнім алынады.

Адамзат қоғамы үнемі өнімнің жаңа түрлеріне не болмаса игерілген өнімді өндіру барысындағы еңбек шығындарын қысқартуға деген қажеттілікті сезініп келеді, бұл қажеттіліктер тек олардың орындалуы үшін қажетті жаңа технологиялық процесстердің және жаңа машиналардың көмегімен ғана қанағаттандырыла алады. Демек, жаңа машина жасау үшін тұрткі әрдайым жаңа технологиялық процесс болып табылады, алайда оның жүзеге асырылу мүмкіндігі адамзат қоғамының ғылыми және технологиялық даму деңгейіне байланысты болады.

Машина тек егер ол тиісті сапаға, яғни оның жасалуына тұрткі болған адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне ие болса ғана пайдалы бола алады. Сапасыз машиналар пайда әкеле алмайды. Керісінше, олар зиян келтіреді, себебі олардың жасалуына жұмсалған еңбек ішінара немесе тіпті толығымен бекер жұмсалған болып шығады.

Адамзат қоғамы өміріндегі еңбек ресурстары өте жоғары құндылықты білдіреді. Сондықтан да адам әрдайым кез келген өзі орындайтын істе еңбек шығындарын үнемдеуге тырысты.

Машина жасай отырып, адам өзінің алдына келесі міндеттерді қояды:

■ Машинаны сапалы етіп жасау және осылайша оның көмегімен өндірілетін өнімді алуда еңбектің үнемделуін қамтамасыз ету;

■ Машинаның өзін жасау және сапасын қамтамасыз ету процессінде аз еңбек шығынын жұмсау.

Машинаны жасау процессі оның қызметтік міндетін тұжырымдаудан бастап дайын түрде алғанға дейін нақты екі кезеңге бөлінеді: жобалау және дайындау.

Бірінші кезең машинаның құрылымын әзірлеумен және оның сызбалар түрінде ұсынылуымен аяқталады, екіншісі-өндірістік процесстің көмегімен құрылымды шығарумен аяқталады.

Екінші кезеңді құру және жүзеге асыру Машина жасау технологиясының негізгі міндетін құрайды.

Машина жасау технологиясының қазіргі заманғы ұғымы оның машиналарды жасаудың өндірістік процесстеріндегі байланыстар мен заңдылықтар зерттелетін техникалық ғылымның саласы ретінде қалыптасуына ықпал еткен отандық және шетелдік ғалымдар мен өнеркәсіп жұмыскерлерінің көптеген ұрпақтарының еңбектері негізінде қалыптасты.

Машина жасау бастапқы материалдарға дайын өнім формасына жақын форма беруден (өңдеу барысында қымбат тұратын материал шығынын азайту мақсатында), яғни бөлшектерге арналған дайындамаларды алу сәтінен басталады. Машинаны дайындау процессінде көптеген өңдеу процесстері пайдаланылады: құю, ыстық және салқын қалыптау, механикалық өңдеу, әртүрлі электрофизикалық әдістер.

Анағұрлым жалпы түрде «Машина жасау технологиясы» пәнін машинаны дайындаудың технологиялық процесстері туралы ілім ретінде айқындауға болады.

Бөлшектер мен машиналарды әзірлеу технологиялық процесстерін жобалау екі қатаң талаппен жүргізіледі:

1) бөлшектердің және жалпы бұйымның конструктормен берілген параметрлерін мүлтіксіз сақтау;

2) ең аз шығындармен, яғни анағұрлым үнемді тәсілдермен бірінші талапқа қол жеткізу.

Қазіргі заманғы білім беру стандартына сәйкес, «Машина жасау технологиясы» пәнін зерттейтін студент белгілі бір білімдерді, икемділіктерді, тәжірибені және, ең ақырында, бағарлы бір жинақталған білімді алады.

Техник-технолог:

- машина бөлшектерін дайындаудың технологиялық процесстерін жасауға қатысуға;
- кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің өндірістік қызметін ұйымдастыруға қатысуға;
- бөлшектерді жасау және машиналарды құрастыру технологиялық процесстерін енгізуге, сондай-ақ осы процесстерді техникалық бақылауды жүзеге асыруға қатысуға дайын болуы тиіс.

Машина жасау технологиясы бойынша маман техник-технологтың міндеттерін орындауға, сондай-ақ:

- кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің өндірістік қызметін өз бетімен ұйымдастыруға;
- бөлшектерді әзірлеу технологиялық процесстерін өз бетімен енгізуге және техникалық бақылауды ұйымдастыруға дайын болуы тиіс.

Ұсынылып отырған оқулықтың негізгі міндеті — техник-технолог немесе Машина жасау технологиясы бойынша маман болуға дайындалатын студентке келесі кәсіби дағдыларды игеруге көмектесу:

- бөлшектерді жасау технологиялық процесстерін әзірлеу барысында құрылымдық құжаттаманы сауатты пайдалану;
- бөлшектерге арналған дайындамаларды және оларды өңдеу барысында базалау схемаларын алудың әдістерін сауатты тандау;
- бөлшектерді әзірлеудің маршруттарын құру және оларды заманауи технологиялық деңгейде даярлау бойынша технологиялық операцияларды жобалау.

Технологиялық білімдерді қалыптастыру көптеген пәндерді зерттеуге негізделген. Олардың қатарына материалдардың қасиеттерін және оларды өңдеу әдістерін, технологиялық және өндірістік жабдықты, технологиялық жарақты, өлшеу әдістері мен құралдарын, технологиялық және өндірістік процесстерді құру және ұйымдастыру әдістерін, олардың жүру барысын басқаруды, автоматтандыру мен экономиканы зерттеуді жатқызған жөн.

Оқулықта Машина жасау технологиясының, дайындамаларды механикалық өңдеудің технологиялық процесстерін жобалау, әртүрлі операцияларды орындау әдістемесінің негіздері, негізгі бөлшектерді әзірлеу барысындағы беттерді таза өңдеу процесстері, бөлшектердің беткі қабатының белгіленген дәлдігі мен сапасын алу мақсатында оларды таза өңдеу процесстері және басқа көптеген мәліметтер берілген, бұл студенттің техник-технолог немесе сала кәсіпорындарында машина жасау технологиясы бойынша маман ретінде дербес жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

МАШИНАЛАРДЫҢ БӨЛШЕКТЕРІН ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1.

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Машинаның қызметтік міндеті машина орындайтын айқын тұжырымдалған нақты міндетті білдіреді.

Машинаның қызметтік міндетін тұжырымдау жалпы міндеттерді нақтылайтын және осы міндетті орындайтын жағдайларды айқындайтын толық мәліметті қамтуы тиіс. Осылай, автокөліктің қызметтік міндетін тұжырымдай отырып, автокөлік жүктерді тасымалдауға арналған деп айту жеткіліксіз. Жүктердің сипатын, олардың массасы мен көлемін, жағдайларын, тасымалдау қашықтықтары мен жылдамдығын, жолдардың күйін, климатты, автокөліктің орындауы тиіс міндетін жеткілікті нақтылау мақсатында автокөліктің сыртқы түріне қойылатын талаптарды және басқа да көптеген нәрселерді айқындап алу керек.

Машинаның қызметтік міндетін тек сөзбен ғана емес, сонымен қатар оның нақты функцияларын, жұмыс жағдайларын және жасалатын машинаның көмегімен шешілгелі тұрған міндетке сәйкес бірқатар қосымша сәттерді анықтайтын сандық көрсеткіштер жүйесімен де сипатталады. Машинаның қызметтік міндетінің тұжырымдамасы оны жобалауға берудегі маңызды құжат болып табылады.

Машина жасаушы кәсіпорнындағы өндіріс бастапқы өнімдердің олардың дайын машинаға айналу жолында жүретін барлық кезеңдерінің жиынтығын білдіретін *өндірістік процесті* орындау нәтижесінде жүзеге асырылады.

Машина жасаушы кәсіпорынға жартылай фабрикаттар түріндегі бастапқы өнімдерді әдетте өзге кәсіпорындардан алады; олар мойынтіректер, электр қозғалтқыштар, бекіткіш бөлшектер және т.б. әртүрлі материалдар мен бұйымдар болып табылады. Машинаны дайындаудың өндірістік процесі бөлшектердің дайындамаларын, олардың әртүрлі өңделген түрлерін (механикалық, термикалық, химиялық және т.б.) алудан, сапаны бақылаудан, тасымалдаудан, қоймаларда сақтаудан, құрастырудан, сынаудан, жөнге келтіруден, бояудан, таза өңдеуден және қаптаудан тұрады.

Өндіріс объектісіне қатынасы бойынша өндірістік процесстің кезеңдері өздерін түрліше көрсетеді: біреулері оның сапалық күйін (материалдың формасын, өлшемдерін, құрылымын және химиялық құрамын, сыртқы түрін және т.б.) өзгертеді және басқалары мысалы тасымалдау, бақылау, қоймаларда сақтау, оларсыз өндірістік процесс жүзеге асырыла алмайтын болса да ондай әсер ете алмайды.

Өндірістік объектінің сапалық өзгерулері орын алатын өндірістік процесстің кезеңдері *технологиялық процесстер деп аталады.*

Өндірістік процесстің бөліктері бола отырып, технологиялық процесстер мазмұнына қарай нақтылаушы атаулар алады. Мысалы, бөлшектерді әзірлеу, құрастыру, машина бояудың технологиялық процесстері немесе дайындамаларды, олардың механикалық, термиялық және басқа өңдеу түрлерін алудың, машинаның жекелеген бөліктерін және машинаны жалпы құрастырудың технологиялық процесстері болады.

Бірыңғай технологиялық процесстердің орындалуы оларды, масалы, дайындамалар өндірісіне, әртүрлі корпустық бөлшектер өндірісіне және т.б. мамандандыра отырып, жиі жекелеген цехтарда және цех телімдерінде шоғырландырады. Басқа жағдайларда жекелеген бұйымды немесе шектеулі бұйым номенклатурасын әзірлеудің технологиялық процессін толығымен цехқа немесе учаскеге бекіту анағұрлым дұрыс болады.

Технологиялық процессті жұмысшылар технологиялық жабдықтардың, аспаптардың және әртүрлі технологиялық жарақтардың көмегімен орындайды. Жұмысшылардың өздері де, сондай-ақ олардың пайдаланатын технологиялық құралдары да цех немесе телім орынжайында сәйкес орналастыруды, басқаша айтқанда – жұмыс орнын бөлуді қажет етеді.

Жұмыс орны бір жұмысшының немесе жұмысшылар тобының өндірістік тапсырманы орындауына арналған кеңістік бөлігі болып табылады, онда қажетті өндірістік жабдықтар,

аспаптар, технологиялық жарақтар және осы жұмыс орнында дайындалған дайындамалар мен бұйымдарды сақтауға арналған құрылғылар орналастырылады.

Технологиялық процесс операциялардан тұрады.

Операция бір жұмыс орнында орындалатын, технологиялық процесстің аяқталған бөлігі болып табылады. Ұйымдастырушылық мағынада операция технологиялық құжаттамасы әзірленетін және өнім шығарудың нормалануы, жоспарлануы және есепке алынуы таралатан технологиялық процесстің негізгі бөлігі болып табылады.

Технологиялық процессті операцияларға бөлу қажеттігі физикалық және экономикалық себептермен айқындалады. Физикалық себептерге, мысалы, дайындаманы бір жұмыс орнында алты жақтан өңдеу мүмкіндігінің болмауы немесе дайындаманы алдын ала және ақырғы механикалық өңдеуді бөлу қажеттігі жатады, өйткені олардың арасында термиялық өңдеу жүруі тиіс. Экономикалық себебіне келетін болсақ, мысалы, бір жұмыс орнында бірнеше механикалық өңдеу тәсілдерін біріктіруге мүмкіндік беретін арнайы және қымбат тұратын станокты құрудың жөнсіздігін айтуға болады.

Фрезер станогындағы корпустық бөлшек дайындамасының тегіс беттерін өңдеу, немесе көлденең-жону станогында дәл сол дайындамадағы саңылауларды жону, үңгілеу және жаймалау операциялардың мысалдары ретінде бола алады. Машина құрастырудың технологиялық процессінің операциялары тұғырдағы жону станогының алдыңғы басшасын орнату немесе сүмбінің айналу өсінің күйін тұғырдың бағыттаушыларына қатысты тексеру бола алады.

Операция құрылымын және оның орындалуына кететін уақыт шығынын нақты ұғыну үшін операцияны өтпелер деп аталатын жекелеген бөліктерге жіктеу қолданылады.

Өтпе — бұл өңдеудің өзгеріссіз режимі барсында (үнемі станок сүмбісінің айналу жиілігінде және кескіш аспапты беруде) бір аспаппен дайындаманың бір беті өңделетін операцияның бір бөлігі.

Технологиялық әсер етуді жүзеге асырумен тікелей байланысты өтпені **негізгі** деп атайды.

Жұмыскердің немесе негізгі өтпені орындауға қажетті механизмдердің әрекеттерінен тұратын өтпе **қосалқы деп аталады**.

Кесумен өңдеуге сәйкес негізгі өтпе бір аспаппен өңдеу барысында дайындаманың (бөлшектің) әр бетін алудың аяқталған процесі болып табылады.

Мысалы, негізгі өтпелер шиыршық бұрғымен өңдеу барысында бөлшекте тесілген саңылау бетін алу, жонғылаумен тегіс беткі бөлігін алу және т. б. болып табылмақ. Корпустық бөлшектегі бір саңылауды бұрғылаумен, үңгілеумен және жаймалаумен бірінен кейін бірін өңдеу сәйкесінше үш негізгі өтпеден тұратын болады, себебі әр аспаппен өңдеу жаңа беткі бөлігін беретін болады. Корпустық бөлшектегі үш сатылы саңылауды бір мезгілде өңдеу, беттердің үйлесімдігін алуды қамтамасыз ететін бір біріктірілген аспаптың көмегімен орындалатын үш негізгі өтпенің бірігуі болып табылатын болады.

1.1-суретте дайындаманы С өңдеудің технологиялық операциясының схемасы көрсетілген, ол үш негізгі өтпеден тұрады:

- 1- ші өтпе — А саңылауын 1 бұрғысымен бұрғылау;
- 2- ші негізі өтпе — А саңылауын 2 өтпелік кескімен қашау;
- 3- ші негізгі өтпе — В сақиналы бунақты 3 кесікмен қашау.


Қосалқы өтпелерге құрылғыдағы дайындаманы орнату және бекіту, аспапты ауыстыру, оны дайындамаға келтіру, бөлшекті босату және алу сияқты әрекеттер жатады.

Есептеуді жүргізу барысында уақыт шығындарын барынша нақты таратып салу мақсатында негізгі жұмыс амалдарына, қосалқы жұмыс амалдарына және қозғалыстарына бөлінеді.

Тәсіл өтпені немесе оның бөлігін орнындауға бағытталған және бір мақсатты міндетпен біріктірілген іс-әрекеттердің аяқталған жиынтығын білдіреді. Мысалы, «дайындама орнатылсын» өтпесі келесі тәсілдерден тұрады: дайындаманы ыдыстан алу, құрылғыға орнын жылжыту, құрылғыға орнату, бекіту.

Өтпені жекелеген амалдарға жіктеу өте шартты және барлық жағдайларда бірдей мақсатқа лайықты емес.

Қосалқы жұмыс амалдарына, яғни жұмысшының қосалқы амалдарына, станокты қосу және тоқтату, кескіш аспапты келтіру



1.1. сурет. Технологиялық операция схемасы:

1 — бұрғы; 2, 3 — кескілер

және әкету және негізгі жұмыс амалын (негізгі әрекетті) – дайындамадан материал бетін түсіруді дайындауға және жүзеге асыруға қажетті басқа да шаралар жатады.

Жұмыс барысы деп нәтижесінде бетінен материалдың бір қабаты алынатын, аспап және дайындаманың бір мәртелік қатыстық қозғалысын атайды. Дайындамада әр жұмыс жүрісі орындалғаннан кейін жаңа бет түзіледі. Алайда өтпе қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін барлық керекті жұмыс жүрістері жүзеге асырылғаннан кейін ғана аяқталатын болады. Мысалы, бойлық беріліспен тегістейтін білік мойнын өңдеу жөніндегі өтпе жұмыс жүрістерін анағұрлым орындау нәтижесінде жүзеге асырылады.

Дайындаманы **қосалқы жүрістерсіз** өңдеу мүмкін емес, олар дегеніміз – беттерінің формасы, өлшемдері және қабыршақтығы өзгерумен сүйемелденбейтін дайындамаға қатысты кескіш аспаптың бір рет орын ауыстыруын түсінуге болады. Қосалқы жүрістер кейінгі жұмыс жүрісін дайындау үшін қажет.

Қосалқы жүрістің мысалы ретінде кесуші аспапты белгілі бір беткі бөлігін өңдеуден кейінгі келесі жұмыс жүрісін орындау үшін бастапқы күйіне әкету қызмет ете алады. Қосалқы жүрістерді орындауға жұмсалатын уақыт технологиялық операцияның көмекші уақытының құрамына кіреді.

Дайындаманы өңдеу мүмкіндігіне ие болу үшін, оны станок үстеліндегі құрылғыға немесе басқа жабдық түріне орнату және бекіту қажет. Құрастыру барысында дәл сол жерді басқа бөлшектер жалғануы тиіс болатын бөлшекпен істеу керек. Құрылғыдағы, станок үстеліндегі немесе басқа жабдық түріндегі дайындаманы, бөлшекті талап етілетін күйге келтіру процесі **қондырғы** атауын алды.

Бұйымның құрылымдық ерекшеліктеріне және операция мазмұнына қарай соңғысы өндіріс объектісінің бір не болмаса бірнеше орнатушы лары барысында орындалуы мүмкін. Мысалы, жону станогындағы білік дайындамасын толық өңдеу станок ортасындағы екі қондырғыда жүзеге асырыла алады, өйткені дайындаманы бір жағынан өңдей отырып, оны шешу, аудару және екінші жағынан өңдеу үшін жаңа күйде орнату керек.


Операцияның жекелеген бөліктерін немесе технологиялық процессті жалпы орындау үшін өндіріс объектісін кеңістікте құрылғымен бірге ауыстыру қажет болуы мүмкін. Өндіріс объектісінің объект орнатылған және бекітілген құрылғымен бірге

жаңа тиянақталған жағдайы жұмысшы позиция немесе жай ғана *позиция* деп аталады.

Схемасы 1.2-суретте ұсынылған операция дайындаманың А, В, С, D беттерін екі позицияда жону болып табылады. Дайындаманы осы позицияларға орнату бөлгіш механизмі бар 4 бұру құрылғысымен қамтамасыз етіледі. А және В беттерін 2 фрезерімен өңдеп болғаннан кейін (1.2, а сурет), 1 дайындамасын шешпестен, бөлгіш құрылғының саңылауынан 5 фиксаторын шығарады және жабдықтың жоғарғы бөлігін 3 180° бұра отырып, С және D беттерін дәл сол 2 фрезерімен өңдеу үшін дайындаманы екінші позицияға ауыстырады (1.2, б сурет).

Операцияны және жалпы технологиялық процессті орындау барысында сәйкес біліктілігі бар жұмыскердің қандай да бір саны қозғалады. Қалыпты қарқындылық кезіндегі еңбек шығындарын оның ұзақтығымен, яғни оның шығындалатын уақытымен өлшейді. Технологиялық процесстің немесе оның бөлігінің орындалуына қалыпты еңбек қарқындылығы барысында жұмыскермен шығындалатын уақыт көлемін **еңбек сыйымдылығы деп атайды**. Адамға еңбек сыйымдылығының өлшем бірлігі ретінде адамсағат қызмет етеді.

Өндірістік процесстегі еңбек шығындарын жоспарлау үшін уақыт нормасын пайдаланады. **Уақыт нормасы** деп сәйкес біліктілігі бар жұмыскерге немесе жұмыскерлер тобына қалыпты өндірістік жағдайларда қалыпты қарқындылықпен қандай да бір



1.2-сурет. Дайындаманы екі позицияда өңдеу схемасы (а, б):

1 — дайындама; 2 — фреза; 3 — құрылғының жоғарғы бөлігі; 4 — бұру құрылғысы; 5 — фиксатор

немесе бүтіндей технологиялық процессті орындауға белгіленген уақытты атайды. Норманы жұмыстың біліктілігін көрсетіп уақыт өлшем бірліктерімен өлшейді, мысалы: 10 сағ., 5-ші разрядтың жұмысы.

Минут немесе тіпті секунд үлестерімен өлшенетін еңбек сыйымдылығы аз операцияларды нормалау барысында уақыт шығыны туралы елеулірек ұғымды атқарым нормасы — уақыт нормасына кері шама береді.

Атқарым нормасы деп уақыт бірлігінде (сағат, минут) дайындалуы тиіс белгілі бір бұйымдар санын атайды. Атқарым нормасын өлшеу бірлігі жұмыс біліктілігін көрсетумен уақыт бірлігі ішінде өндірілген бұйымдардың саны болып табылады, мысалы: 1 сағатта 1 200 дана, 3-ші разрядтың жұмысы.

Бұйымды жалпы дайындау немесе жекелеген операцияны орындау белгілі бір күнтізбелік уақытты алады. Кезеңдеп қайталанып тұратын технологиялық операцияның (басынан оның аяғына дейін) ұзақтығын анықтайтын күнтізбелік уақыт кесіндісін **цикл деп атайды**.

Циклдардың келесі түрлері болады:

- машинаны дайындау циклы — бірінші бөлшекті өндіруді іске қосудан бастап дайын машинаны қаптауға дейінгі күнтізбелік уақыттың кесіндісі;
- бөлшекті дайындау циклы — бөлшекті дайындаудың бірінші операциясынан бастап соңғысына дейінгі күнтізбелік уақыт кесіндісі;
- операция циклы — операцияның басынан аяғына дейінгі күнтізбелік уақыт кесіндісі.

Бірдей бұйымдарды өндіру қарқындылығы шығару тактімен сипатталады. **Шығару такті** машиналарды, олардың құрастырма бірліктерін, белгілі бір атаудың бөлшектерін не дайындамаларын, типтік өлшемдерін шығару және орындау кезеңдеп жүзеге асырылатын уақыт аралығы болып табылады. Егер машинаны 5 минтактімен дайындайды деп айтылса, онда бұл кәсіпорын әр 5 мин сайын машина шығарады дегенді білдіреді.

Шығару тактін мына формула бойынша есептейді

$$\tau = 60\Phi/N \quad (1.1)$$

мұнда $\Phi = \text{спт}\eta$ — қарастырылып отырған кезеңдегі жұмыс уақытының нақты қоры (жыл, ай және т.б.), ч ; c — жұмыс ауысымдарының саны; n — жыл ішіндегі жұмыс апталарының саны; m — аптадағы жұмыс сағаттарының саны; η — жабдықты пайдалану коэффициенті, $\eta = 0,94...0,96$; N — қарастырылатын кезең ішіндегі бұйымды шығару бағдарламасы (жыл, ай), дана.

Шығару тактіне кері шаманы *шығару ритмі деп атайды*.

Өндірістік және технологиялық процесстердің көрсеткіштері болып табылатын еңбек сыйымдылығы және бұйымдарды дайындау циклы номиналды (есептік), шын және өлшеулі мағыналарға ие бола алады.

Мысалы, операцияны немесе технологиялық процессті орындауға уақыт шығындары өздерінің есептік мағыналарынан, яғни уатқыт нормасынан немесе атқарым нормасынан іс жүзінде ерекшеленеді. Шығару тактінің шын мағыналары әрдайым оның қатыстық мағынасына қатысты құбылып отырады.

Өндірістік және технологиялық процесстердің шын және өлшенген мағыналарының кездейсоқ сипаты оларды кездейсоқ функциялар позициясы тұрғысынан уақытта қарастыруға мәжбүрлейді.

Өнімділік Q деп уақыт t ішінде шығарылған жарамды өнімнің W көлемін түсінеді:

$$Q = W/t. \quad (1.2)$$

Өнімділіктің **жалпы** түсінігі жекелеген станокқа, жұмыскердің еңбегіне, өндірістік процеске, жұмыс істеушілердің еңбегіне және қоғамдық еңбекке жата алады. Осы бағыттардың әрқайсысында өнімділік туралы түсінік өзінің ерекше бояуына ие болады, ал оның мағынасы бірқатар факторларға тәуелді болып шығады.

Станоктың өнімділігін дайындамадан кетірілген материалдың көлемімен, не болмаса уақыт бірлігіне жатқызылған өңделген беткі бөліктің алаңымен бағалауға болады. Станоктың өнімділігі оның қуаттылығына, дайындамаларды өңдеуге болатын режимдерге (кесу, беру жылдамдығы) тәуелді. Станоктың өнімділігіне сонымен қатар пайдаланылатын аспаптың сапасы да әсер етеді.

Жұмыскердің еңбек өнімділігі оның жұмыс уақыты ішінде өндірген дайын өнімнің санымен өлшенеді. Осылайша, станокшының еңбек өнімділігін оның сағат немесе ауысым ішінде дайындаған бөлшектерінің данадағы саны бойынша анықтайды.

Жұмыскердің еңбек өнімділігі пайдаланылатын жабдықтың өнімділігіне және оны басқару қолайлылығына, еңбектің қарқындылығына және ұйымдастырылуына, жұмыскердің жұмыс істеуіне тура келетін жағдайларына тәуелді.

Кәсіпорын бөлімшесінің (цех, жекелеген телім) өндірістік қызмет өнімділігінің тиімділік көрсеткіштерінің бірі онымен жүзеге асырылатын **өндірістік процесс өнімділігі** болып табылады. Бұл көрсеткіштің мағынасы өндірістік процессті ұйымдастыру, жоспарлау және басқару деңгейіне ғана тәуелді емес. Шынында да, егер жұмыс орындарына дайындамалар, кескіш аспаптар және қажетті техникалық құжаттама жұмыс орындарына уақытылы жеткізілмейтін болса, сондай-ақ бөлімшенің барлық буындарының жұмыста ұйымшылдығы болмаса, өнімділігі жоғары станоктар және жұмыскерлердің еңбегі толығымен пайдаланылмайтын болады.

Өндірістік процесстің өнімділігі— бұл өндірістік процессті жүзеге асыруға тікелей қатысатын бүкіл еңбек ұжымы қызметінің интегралды көрсеткіші. Бұл көрсеткіштің көмегімен адамның тікелей қатысуы минималды, бірақ оның қызмет етуін қамтамасыз ететін адамдардың рөлі артатын автоматтандырылған өндірістік процесс тиімділігін сипаттау әсіресе қолайлы.

Өндірістік процесстің өнімділігі уақыт бірлігінде өндірілген, даналармен, тонналармен немесе рубльдермен өлшенетін өнім көлемімен бағаланады.

Кәсіпорын ұжымының қызметін бейнелеу үшін **жұмыс істеушілердің еңбек өнімділігі** сынды ұғым пайдаланылады, оның көрсеткіші уақыт бірлігінде шығарылған және бір жұмыс істеушіге келетін өнімнің саны болып табылады. Аталған көрсеткіш кәсіпорынның барлық бөлімшелерін және оның қызметтерін қамтиды. Ең алдымен қолданыстағы өндірістік процесстердің өнімділігіне тәуелді бұл көрсеткіш мағынасы инженерлік-техникалық, басқарушылық құрамның және басқа санаттардың штат санымен, нәтижесінде кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің еңбек өнімділігімен байланысты.

Бір жұмыс істеушіге келетін өнім көлемін көбіне рубльмен есептейді, себебі кәсіпорынның әр текті өнімін есепке алудың басқа формасын табу қиын.

Қоғамдық еңбек өнімділігін бірнеше уақыт аралығында шығарылған өнімді осы өнімге жұмсалған еңбек шығындарымен салыстыру жолымен бағалайды. Мұнда жабдықты, ғимараттарды құруға салынған, бұрынғы еңбек шығындары, негізгі және қосалқы

материалдарға, электр энергиясына, аспаптарға, отынға, майлаушы және де басқа материалдарға шығындалатын затқа айналған еңбектің ағымдағы шығындары және жанды еңбектің ағымдағы шығындары ескеріледі.

Шығарылған жарамды өнімді физикалық шамалармен (данамен, масса, көлем бірліктерімен т.б.), не болмаса құндылық мағынасында (рубльмен) өлшейді. Жиынтық еңбек шығындары абстрактілік еңбек бірліктерінде (адам-сағат, адам-күн т.б.), не болмаса ақшалай мағынада (рубльмен) көрініс табады. Осыған сәйкес қоғамдық еңбек өнімділігі түрлі біркелікке ие бола алады: адам-сағатқа дана, жылдық шығынға рубльге дана, жыл ішіндегі шығындар рубліне рубль.

Станок операцияларын орындауда еңбек өнімділігін жоғарылатудың технологиялық әдістерінің талай қатары бар:

- қол операцияларын механикаландыру;
- дайындамалардың қарапайым қондырғысын қамтамасыз ету;
- операциялық өлшемдерді автоматты алу;
- өтпелерді қосу (операциялар концентрациясы);
- бірнеше бөлшекті бір мезгілде өндеу;
- қосалқы уақытты негізгі уақытпен қосарлау;
- кесу режимдерін арттыру;
- арнайы станоктарды пайдалану.

Қол операцияларын механикаландыру — бұл қол операцияларын машиналық-қол және станоктық операцияларға айналдыру.

Қол операцияларына жатады:

- қылауларды алу;
- ернеулерді радиус бойымен егеу;
- бұранданы ою;
- саңылауларды тура жазу;
- ысқылау және жылтырату;
- кыппу

Машиналық-қол операциялар барысында негізгі қимыл станок механизмімен орындалады, ал бөлшекті немесе аспапты жұмыскер қолымен ұстап тұрады.


Қол операцияларын станок операциясына айналдыру экономикалық тұрғыдан орынды болуына байланысты. Мысалы, тісті доңғалақтарды шығару бойынша үлкен бағдарлама болса, олардың тістерін дөңгелектендіру үшін сандық бағдарламалық басқаруы бар станоктарды пайдаланған жөн.

Дайындаманы орнату — бұл станок үстелінде орнатылған және бекітілген құрылғы мен кескіш аспаптың корпусына қатысты станоктың жұмыс аймағында дайындаманың белгілі бір күйін құру. Дайындама қарапайым орнату және дәлдеп орнату ажыратылады.

Қарапайым орнатуда дайындаманың талап етілетін қалыпы оның орнатылатын бетінің станок үстелінің немесе құрылғының орнатушы элементтермен жанасуы сәтінде құрылады. *Дәлдеп орнату барысында* дайындаманың кескіш аспапқа қатысты жағдайының дұрыстығын тексеру және құрылғы корпусына қатысты, нәтижесінде аталған операцияда қолданылатын кескіш аспапқа қатысты оны дәл орналастыру мақсатында орналасқан күйін реттеу керек.


Бөлшектерді бір мезгілде өңдеу — бұл бір өтпеден тұратын операциялар үшін пайдаланылатын, еңбек өнімділігін арттыру тәсілдерінің бірі. Жалпы мақсаттағы станоктарда аталған әдісті іске асыру үшін бөлшектерге арналған көп орынды құрылғыларды және бірізді, параллель және үздіксіз өндеуді пайдаланады.

Бір мезгілде бірізді өңдеу кезінде 2 дайындамасының 1 кескіш аспабының көмегімен A өлшемін алу үшін (1.3-сурет) 3 құрылғысында S бойлық берілісінің бағыты бойынша бірі екіншісіне барынша тығыз күйде орналастырылады. Бұл жерде қосалқы



1.3-сурет. Дайындаманы бір мезгілде бірізді өңдеу схемасы: 1 — кескіш аспап; 2 — дайындамалар; 3 — құрылғы


1.4-сурет. Дайындаманы бір мезгілде параллель өңдеу схемасы:
1 — дайындамалар; 2 — құрылғы; 3 — кескіш аспап; P — күш




қысқарады, ал кескіш аспаптың бір бөлшекке арналған кірекесу шамасын ($l_{\text{вх}}$) және шығу шамасын ($l_{\text{вых}}$) анықтауда бұл мағыналар бір мезгілде өңделетін бөлшектер санына бөлінетін болады.

Бір мезгілде параллель өңдеу барысында 1 дайындамасын S беріліс бағытына перпендикуляр қатарда (1.4-сурет) 2 құрылғысына орналастырады. Мұнда көмекші уақыт қысқарып қана қоймайды, сонымен қатар өңдеудің негізгі уақыты азаяды (бір бөлшекке есептегенде), бұл операция құнын мейлінше төмендетеді.

1 дайындамасының 2 дөңгелек үстелі бар станоктарда 3 кескіш аспабымен (1.5- сурет) **бір мезгілде үздіксіз өңдеу** барысында дөңгелек қатарға орналастырады. S белгілі минуттық беріліс жағдайында дөңгелек қатардың диаметрін (қатардағы дайындамалар санын) өңделген бөлшекті алуға және үстелдің - айналуын тоқтатпастан, A, B, C позицияларында жаңа дайындаманы орнатуға уақыт жететіндей етіп таңдалады. Бұл жағдайда қосалқы



1.5-сурет. Дайындаманы бір мезгілде үздіксіз өңдеу схемасы:
1 — дайындамалар; 2 — станоктың дөңгелек үстелі; 3 — аспап




1.6-сурет. Бір мезгілде параллель-бірізді өңдеу схемасы:
1 — дайындамалар; 2 — станок үстелі; 3 — аспап

уақыт толығымен машиналық уақытпен жабылады, бұл операцияның құнын төмендетеді.

Дайындамаларды 1 кескіш аспаппен 3 (1.6-сурет) бір мезгілде параллель-бірізді өңдеу барысында өндеудің бірізді және параллель схемалары біріктіріледі. Дайындамалардың мұндай орналасуында негізгі уақыттың қысқаруы станоктың үстелінде 2 орналастырылған дайындамалардың (А, В, С) параллель қатарларының санына тәуелді, ал көмекші уақыттың қысқаруы бір мезгілде өңделетін дайындамалардың жалпы санымен анықталады.

Көмекші уақытты жабу — бұл қосалқы уақыт машиналық уақытпен жабылатын, еңбек өнімділігін жоғарылату тәсілі. Бұл жағдайда бөлшекті алу және келесі дайындаманы орнату бойынша қосалқы өтпелер жұмыскермен өзге дайындамаларды өңдеу бойынша негізгі өтпелерді орындау барысында орындалады. Мұндай нұсқа, егер дөңгелек қатарындағы бөлшектер саны және минуттық беру станокшыға бөлшекті алып үлгеруге және оның орнына кезекті дайындаманы орнатып үлгеруге мүмкіндік бере алатын болса, мүмкін болып табылады (1.5-суретті қараңыз). Дайындамаларды дөңгелек қатарға тығыз орнату барысында қосалқы уақыттың толық жабылуы қамтамасыз етіледі.

Көпстаноктық күтім жасау, яғни бір жұмысшының бірнеше станокта бір мезгілде жұмысты орындауы барысында I – III станоктардың әрқайсысында (1.7-сурет) машиналық өңдеу уақытының (t_{01} , t_{02} , t_{03}) жеткілікті ұзақ болуы жағдайында мүмкін. Тоқтап қалу жағдайларын болдырмау үшін бір станоктағы t_{01} үздіксіз машиналық өңдеу уақыты екінші станоктағы t_{B2} және көмекші уақыттың бір станоктан екіншісіне ауысуға қажетті $D_{ер}$ уақыт сомасынан асуы тиіс:




1.7. сур. Көпстаноктық күтім жасау барысында жұмыс уақытын бөлу схемасы обслуживания

$$t_{o1} > t_{b2} + t_{пер} \mid t_{o2} > t_{b1} +$$

Бір операцияның бірнеше өтпесін анағұрлым күрделі өтпеге **қосу** негізгі өңдеу уақытын едәуір қысқартады және станокты басқару бойынша әрекеттер санын, яғни көмекші уақытты азайтады. Өңдеудің мұндай тәсілін іске асыру үшін біріккен кескіш аспаптың немесе кескіш аспапқа арналған көп орынды құрылғының болуы қажет.

Бірнеше өтпелерді бір анағұрлым ірі өтпеге біріктіру немесе бір-екі өтпеден тұратын бірнеше операцияны бір ірі операцияға біріктіру **операциялар концентрациясы** деп аталады. Бірнеше өтпеден тұратын күрделі операцияларды бір-екі беткі бөлігі өңделетін мейлінше қарапайым операцияларға жіктеу операцияларды саралау деп аталады. Операцияларды шоғырландыру немесе **саралау** дәрежесін бағалауға арналған критерий операция құрамындағы өтпелер саны болып табылады. Операцияларды шоғырландыру шегі дайындаманың түгел беткі бөліктерін бір операцияда өңдеп топтастыру болып табылады. Операцияларды саралау шегі – технологиялық процессті әр операция бір қарапайым өтпеден тұратындай етіп бөлу болып табылады.

Біріктірілген кескіш аспап, мысалы бұрғы-үңгі, сатылы үңгі немесе сатылы фрезерлеуге арналған фрезерлер жинағы бір



1.8- сурет. Көпкескішті ұстағышты пайдалану схемасы:

1 — көпкескішті ұстағыш; 2—4 — кескілер; 5—7 — жалпы әдіп бөліктері; 8 — дайындама

мүмкіндік береді. Үлкен операциялық әдіпте бір беткі бөлігін өңдеу үшін біріктірілген аспап бірінен кейін бірі орналасқан және көпкескішті жақтауға бекітілген бірнеше кескіштер болуы мүмкін.

Кескіш аспапқа арналған көп орынды құрылғы бір мезгілде, мысалы, бірнеше кескіштерді бекітуге мүмкіндік береді. Мұндай құрылғыларға 1 көп кескішті ұстағыштарды (1.8-сурет) жатқызады, оларда кескіштер 2—4, дайындаманың ішкі бетін өңдеу барысында олардың әрқайсысы айналу жиілігімен жалпы әдіптің (5—7) бөлігін алатындай етіп, бірінен кейін бірі орнатылады. Бұл жерде операцияның бірнеше өтпелерін бір өтпеге қосу орын алады, бұл қосалқы және негізгі өңдеу уақытын азайту нәтижесінде еңбек өнімділігін жоғарылатады.

Кесу режимдерін жоғарылату — бұл негізінен қаттықорытпалы пластиналары немесе тозуға төзімді жабыны бар аспапты пайдалану нәтижесінде кесу жылдамдығын жоғарылату есебінен еңбек өнімділігін арттыру тәсілі.

Өңдеу параметрлерінің нақты өңдеу әдісінің режимінен тыс айтарлықтай шығып кетуі басқа өңдеу процессін орындауға соқтырады. Мысалы, егер таза қайрау кезінде кесу тереңдігін, кесу жылдамдығын және берілісті күрт өзгертсе, онда жұқа қайрау деп аталатын басқа өңдеу процессіне ауысу жүзеге асады.

Өндірістік процесстерді автоматтандыру жанды еңбек шығындарының күрт қысқаруына алып келеді. Еңбек өнімділігін арттырудың күшті құралы бола отырып, өндірістік процесстерді автоматтандыру тек егер ол қоғамдық еңбек шығындарын қысқартуды қамтамасыз еткенде және оның өнімділігін арттырған кезде ғана өзін ақтай алады.

Өндірістік процесстер екі түрге бөлінеді: ағымдық және ағымдық емес.

Ағымдық өндірістің негізгі қасиеттері оның үздіксіздігі және тегістілігі болып табылады. Ағымдық өндірісте бірінші операция аяқталғаннан кейін дайындама кешіктірілмей екінші операцияға беріледі, содан кейін — үшіншісіне және т.с.с., ал дайындалған бөлшек бірден құрастыруға беріледі. Осылайша, бөлшектерді дайындау және бұйымдарды құрастыру үнемі қозғалыс үстінде болады және бұл қозғалыстың жылдамдығы шығару тактіне тәуелді болып келеді.

Өндірістік процессті **ағымдық емес** ұйымдастыру түрінде дайындамалардың қозғалысы әртүрлі дайындау сатыларында оларды жұмыс орындарына немесе аралық қоймаларға жөнелтумен үзіледі. Бұйымдарды құрастыруды тек қоймаларда бөлшектердің толық жиынтығы бар болған кезде ғана бастайды. Ағымдық емес өндірісте шығару такті болмайды, ал өндірістік процесс бұйымдарды дайындаудың жоспарлы мерзімдерін және еңбек сыйымдылығын ескерумен құрылған кестемен реттеледі.

Өндірістік процесстерді ұйымдастыру түрлерінің әрқайсысының өз пайдаланылу саласы болады. Осылайша, өндірістік процессті ұйымдастырудың ағымдық түрі жаппай өндіріске тән, ағымдық емес — дара және ұсақ сериялы өндіріске тән.

Процесстерді ұйымдастырудың ағымдық түрінің қағидаттары өздерінің қызметтік міндеті бойынша жақын дайындамаларды, бөлшектерді және машиналарды дайындау барысында ірі сериялы өндірісте жиі пайдаланылады. Қызметтік міндеті бойынша жақын машиналарды өндіру бұйымдарды топтарға біріктіруге және бір атаудағы бұйымдардың екінші атаудағы бұйымға көшу барысында жабдықты қайта жөндеумен және ауыспалы шығару тактімен оларды дайындауды жүргізуге мүмкіндік береді. Өндірістік процессті ұйымдастырудың мұндай түрі **ауыспалы-ағымдық деген атауды алды**.

Экономика қажеттіліктеріне байланысты әртүрлі машина шығару көлемімен және бағдарламасымен анықталатын әртүрлі сапада дайындалады.

Шығару көлемі жоспарлы уақыт кезеңінде (жыл, тоқсан, ай) шығарылатын машиналардың, бөлшектердің, дайындамалардың

санын сипаттайды. «Шығару көлемі» ұғымы кәсіпорынды, цехты, технологиялық процессті және т.б. жобалау барысында пайдаланылады.

Өзгермейтін сызбалар бойынша жасалатын машиналардың, олардың бөлшектерінің және дайындамалардың жалпы санын *серия деп атайды. Серия өлшемі көбінесе машина құрылымының жетілгендігіне және оның тұтынушылар сұранысына жауап беру дәрежесіне байланысты болады. Аталған типті машинаның жаңа конструкцияға көшуі оның сызбаларының және серия нөмірінің өзгеруіне байланысты.*

Дайындаманы сериялық өндіру барысында өңдеуге партиямен береді, себебі бұл бөлшектерді дайындауға кететін шығындарды күрт азайтады.

Партия деп белгілі бір уақыт ішінде бір жұмыс орнына бір мезгілде және үздіксіз түсетін бір аталымдағы және типтік өлшемдік дайындамалардың немесе бұйымдардың белгілі бір санын атайды.

Партиядағы бөлшектер саны негізінен дайын бөлшектердің қорын құру экономикалық тұрғыдан орынды болатын шығару бағдарламасымен және күндер санымен анықталады. Партиядағы дайындамалар санын келесі формула бойынша есептейді:

$$N_{\pi} = Nf / D \quad (1.3)$$

мұндағы N — бұйымдардың (немесе бөлшектердің) жылдық шығару бағдарламасы; f — аяқталмаған өндіріске ие болу рұқсат етілген жұмыс күндерінің саны; D — аптада екі демалыс күні болғандағы жұмыс күндерінің саны (254).

Шығарылатын бұйымдардың санына және олардың өлшемдеріне қарай өндірістік учаскенің (немесе цехтың) жұмысын ұйымдастыру типі бойынша өндірістің үш түрі болады:

- дара;
- сериялық;
- жаппай.

Дара өндіріс деп шығару көлемінің аздығымен сипатталатын машиналар, бөлшектер немесе дайындамалар әзірлеуді білдіреді. Және тура осындай машиналарды, бөлшектерді немесе дайындамаларды шығару өзгермейтін сызбалар бойынша қайталанбайды деп есептеледі. Дара өндірістің өнімі — кең

күрделі процесстер , ірі гидротурбиналар, бірегей металл кескіш станоктар және т.б.).

Сериялық өндіріс деп күнтізбелік уақыттың ұзақ аралығында өзгермейтін сызбалар бойынша қайталанатын партиялармен машиналарды, олардың бөлшектерін және дайындамаларын кезеңдеп дайындау түсініледі. Бұйымдарды өндіру партиялармен жүзеге асырылады, бұл ретте бір бұйымның партиясы орын алуы мүмкін. Шығару көлеміне байланысты өндірістің бұл түрін ұсақ-, орта- және ірі- сериялыққа бөледі. Сериялық өндірістің өнімдерінің мысалы ретінде қайталанатын партиялармен кезеңдеп шығарылатын металл кескіш станоктарды, компрессорларды, кеме дизельдері мен басқа да бұйымдарды атауға болады. **Жаппай өндіріс ретінде** жұмыс орындарының көпшілігінде бір операция орындалатын, ұзақ уақыт аралығында өзгермейтін сызбалар бойынша мол көлемде машиналарды, олардың бөлшектерін және дайындамаларын үздіксіз әзірлеуді білдіреді. Жаппай өндіруге салалы номенклатура мен бұйымдарды шығару көлемінің ауқымдылығы тән. Жаппай өндіру өнімі тракторлар, автокөліктер, электр қозғалтқыштары, тоңазытқыштар, тігін машиналары, теледидарлар және т.б. болып табылады.

Өндірісті типтердің біріне жатқызу тек шығару көлемімен ғана емес, сонымен қатар бұйымдардың өздерінің ерекшеліктерімен де анықталады. Мысалы, тәжірибелік үлгілік қол сағаттардың бірнеше мыңдаған данасын дайындау дара өндірісті білдіреді, себебі мұндай сағаттардың қайталап шығару көзделмейді. Сонымен қатар жылына бір данадан кем шығарған жағдайда күрделі пресстерді әзірлеуді, егер өзгермейтін сызбалар бойынша оларды дайындау қайталанатын болса, сериялық өндіріс деп есептеуге болады.

Өндірісті үш типке бөлу шарттылығын куәландыратын тағы бір нәрсе, бір кәсіпорында немесе цехта бір бұйымдар даналап шығарылады, ал екіншілері — кезеңдеп қайталанатын партиялармен, үшіншілері — үздіксіз шығарылады. Сәйкесінше бір кәсіпорында (цехта) өндірістің үш типі қатар қосылуы мүмкін. Сондықтан да кәсіпорынды немесе цехты типтердің біріне жатқызу өндірістің басым түрі бойынша жүзеге асырылады.

Бұйымды дайындау уақытының техникалық нормасы туралы ақпарат болмаған жағдайда (немесе техникалық нормалау әлі де жүргізілмеген болса), өндіріс типін бөлшектерді олардың массасы және габариттік өлшемдері бойынша жіктеуді пайдалана отырып анықтауға болады (1-қосымша).

Бұйымды дайындаудың бүкіл өндірістік процессіне әсер ететін көрсеткіштердің бірі осы бұйым конструкцияларының жалпы және оның бөлшектерінің жеке технологиялылығы болып табылады.

Конструкцияның технологиялылығы деп қолданыстағы аналогтармен салыстырғанда анағұрлым экономикалық тиімді технология бойынша бұйымды әзірлеуді, жөндеуді және техникалық күтім жасауды қамтамасыз ететін бұйым қасиеттерінің жиынтығы түсініледі.

Машина конструкциясының жалпы және оның әр бөлшегінің жеке технологиялылығын бағалау сапалық, сонымен қатар сандық бола алады.

Нақты бөлшектің (немесе жалпы машинаның) технологиялылығын сандық бағалау үшін:

- өңдеу барысында дайындама материалының массасынан қандай үлесі жоңқаға кететінін көрсететін коэффициент;
- аталған технологиялық жобаның нақты операциясының (немесе жалпы бұйымның) өзіндік құнының тектес кәсіпорындағы сәйкес операцияның өзіндік құнына қатынасын көрсететін коэффициент;
- аталған технологиялық жобаның нақты операциясын (немесе бұйымды әзірлеудің жалпы) анағұрлым озық кәсіпорындағы сәйкес операцияның еңбек сыйымдылығына арақатынасын көрсететін коэффициент;
- аталған машинаны дайындау процессінде типтік технологиялық процесстерді және типтік технологиялық операцияларды пайдалануды көрсететін коэффициент пайдаланылады.

Бұдан басқа, технологиялылықты бағалау барысында стандарттық кескіш аспапты, әмбебап станок құрылғыларын және әмбебап өлшеу құралдарын пайдалануға талдау жүргізіледі.

1.4.

ОПЕРАЦИЯ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕССТІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Дайындаманы дайын бөлшекке айналдыру үшін өңделуі тиіс оның әр беткі бөлігінен өңдеуге *жалпы әдіп* деп аталатын кейбір материал қабаты алынады. Бұған қарағанда бір операция процессінде алынатын материал қабаты *операциялық әдіп деп аталады*.

Жалпы әдіп бір немесе бірнеше операциядан алынуы мүмкін. Егер жалпы әдіп бір операцияның процессінде алынса, онда беткі бөлігін қалтқысыз (немесе түпкілікті) өңдейді деп айтады. Егер жалпы әдіп бірнеше операция процессінде алынатын болса, онда әрбір кейінгі операция алдыңғысынан аз операциялық әдіппен және өңдеудің аса туралығымен ерекшеленеді, осыған байланысты келесі операция түрлері ажыратылады: сыдырушы, қарапайым, таза және түпкілікті.

Сыдырушы операция (сыдыру) — бұл қатқыл бетін өңдеудің бірінші операциясы, онда жалпы әдіптің жартысынан көбі өңдеуге алынады. Бұл операцияға өңдеу туралығының төмендігі, кесуге жұмсалатын үлкен күш және жоңқаның көп мөлшерінің қалыптасуы тән.

Қарапайым операция — бұл артынан өңдеу әдісіне ұқсас, алайда таза деп аталатын анағұрлым тура операция болатын, беткі бөлігін өңдеу бойынша кез келген операция.

Таза операция — бұл қарапайым операциядан кейін келетін операция, оның мақсаты беткі бөлігін өңдеуді аяқтау не болмаса осы беткі бөлігін анағұрлым дәл өңдеуге дайындау болып табылады.

Ақырғы операция — бұл беткі бөлігін өңдеудің соңғы операциясы, нәтижесінде бөлшектің жұмыс сызбасының оған қоятын талаптарының орындалуы қамтамасыз етіледі.


Әрлеу операциясы — бұл бөлшек бетін өңдеудің ақырғы операциясы, процессінде аталған беткі бөлікке бұдырлық пен туралық бойынша қойылатын талаптардың орындалуы мақсатында аздаған әдіп алынады. Әрлеу операцияларына суперфиниш, хонингтеу, алмаздық тегістеу және т.б. жатады.

Аталған операциялар қол операциялары да бола алады.

Қол операциясы — бұл жұмыскермен қолмен орындалатын операция. Қол операцияларына жатады:

- қылауларды алу;
- ернеулерді радиус бойымен егеу;
- бұrandаны тілу;
- саңылауларды тура жазу;
- ысқылау және жылтырату;
- қыру.

Өңдеу туралығына технологиялық тегіне тиетін әсерін төмендету мақсатынла көбіне технологиялық процесстерлі



Технологиялық процесстің кезеңі деп

- | | | |
|---------|---|---|
| 1-кезең |  | Сыдыру (1 – 4) |
| 2-кезең |  | Қарапайым фрезерлеу (5 – 7) |
| 3-кезең |  | Таза жонғы фрезерлеу лау (8, 9) |
| 4-кезең |  | Қарапайым (алдын ала) тегістеу (10, 11) |
| 5-кезең |  | Таза тегістеу (12) |
| 6-кезең |  | Ысқылау (13) |

1.9-сурет. Өңдеу технологиялық процессінің кезеңдерінің қалыптасу схемасы

бөледі. *Технологиялық процесстің кезеңі деп* тікелей бірінен кейін бірі орындалатын бірыңғай операциялар тобын түсінеді. Бөлшек беттерінің белгіленген параметрлерін алу бойынша барлық операциялар қарапайым, таза және әрлеу кезеңдеріне бөлінеді. Технологиялық процессте кезеңдер арасында шекара жүргізілмейді.

1.9-суретте бұдырлықтың түрлі параметрлері бар төрт тегіс беті

бар бөлшекті алуға арналған дайындаманы өңдеудің технологиялық процессінің кезеңдерін түзу сызбасы келтірілген:

- А с Rz80 беті;
- Б с Rz40 беті;
- В с Ra0,23 беті;
- Г с Ra1,25 беті.

Қарастырылып отырған технологиялық процесс шартты түрде алты кезеңге бөлінген:

- 1-кезең — сыдыру;
- 2-кезең — қарапайым фрезерлеу ;
- 3-кезең — таза жонғы фрезерлеу лау;
- 4-кезең — қарапайым (алдын ала) тегістеу;
- 5-кезең — таза тегістеу;
- 6-кезең — ысқылау.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Бөлшекті әзірлеудің технологиялық процессі деп нені түсінуге болады?
2. Бөлшекті әзірлеудің технологиялық процессінің негізгі кезеңдерін атаңыз.
3. Өндірістік және технологиялық процесстердің арасындағы айырмашылық неде?
4. Операция деген не?
5. Өтпе деген не?
6. Қандай өтпелер негізгі, қайсысы қосалқы деп аталады?
7. «Жұмыс орны» ұғымына анықтама беріңіз.
8. Операциялардың қандай түрлері бөлшекті әзірлеудің технологиялық процессінде пайдаланыла алады?
9. Еңбек сыйымдылығы деп нені атайды?
10. Шығару такті деген не?
11. Бұйымдарды шығару көлемі деп нені түсінуге болады?
12. Станоктың өнімділігі немен өлшенеді?
13. Дайындамалар мен бұйымдардың партиясы деген не?
14. Өндіріс типтері қандай және олардың айырмашылығы неде?
15. Өндірістік процесстерді ұйымдастырудың түрлері қандай?

БАЗАЛАУ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДІК ТІЗБЕКТЕР. ДӘЛДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ӘДІСТЕРІ

2.1. БАЗАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

Жалпы мәліметтер. *Машинадағы бөлшекті* пайдалану барысында *бөлшектің*, сондай-ақ станокта өңделіп жатқан дайындаманың күйін анықтау міндеттері немесе оларды *базалау* машина жасау процессінде басты орынды алады. Олардың орындалуына қарай көбіне бөлшектер мен машинаның жалпы сапасы байланысты болады.

Теориялық механика тығыз дененің екі күйін қарастырады: тыныштық және қозғалыс. «Тыныштық» және «қозғалыс» ұғымдары қатыстық болып табылады және тек санау жүйесі көрсетілгенде ғана мағыналы болады. Егер таңдалған санау жүйесіне қатысты дененің күйі өзгермесе, бұл дене аталған санау жүйесіне қатысты тыныштық күйде тұр деп есептеледі. Егер де уақыт ішінде дене таңдалған санау жүйесіне қатысты өз күйін өзгертсе, бұл дененің аталған санау жүйесіне қатысты қозғалыс күйде тұрғанын білдіреді.

Таңдалған жүйеге қатысты қатты дененің талап етілетін күйі немесе қозғалысына геометриялық немесе кинематикалық байланыстарды салумен қол жеткізіледі.

Байланыстар деп теориялық механикада не болмаса дене нүктелерінің күйіне, сондай-ақ оның жылдамдығына да шектеулер салатын шарттар аталады. Бірінші жағдайда байланыс геометриялық, екіншісінде — кинематикалық деп аталады.

Байланыстар әдетте атаған дененің еркіндігін ығыстыратын әртүрлі денелер түрінде жүзеге асырылады. Байланыстардың әсері күштердің әсеріндей, соның нәтижесінде байланыстардың әсерін **байланыстар реакциялары** деп аталатын сәйкес күштермен алмастыруға болады.


Байланыс реакциясының бағыты байланыстың дененің орнын жылжытуына кедергі жасайтын бағытқа сәйкес келеді.

Дене ие болуы мүмкін дербес орын ауыстыруды **еркіндік дәрежелері деп атайды**. Абсолюттік тығыз дененің алты еркіндік дәрежесі болады. Тандалған санау жүйесіне қатысты денеге қажетті жағдайды және тыныштық күйін беру үшін алты екі жақты геометриялық байланысты сала отырып, оны алты еркіндік дәрежесінен айыру керек.

Егер санау жүйесі ретінде тікбұрышты координат жүйесін $OXYZ$ (2.1-сурет) тандайтын болса, алты геометриялық байланысты салу барысында (1 — 6) дене, $OXYZ$ координаттар жүйесінде қозғалыссыз болып қала отырып, OX , OY және OZ өстерінің бойымен үш орын ауыстырудан және оларға параллель өстердің маңындағы үш бұрылыстан айырылады.

Абсолюттік тығыз дененің тиісті жағдайын аналитикалық анықтау оның жағдайын бір мағынада сипаттпайтын алты тәуелсіз параметрдің мәнін беруге қиысады. Мұны әртүрлі тәсілдермен істеуге болады. Олардың біріне сәйкес денемен жылжымалы деп аталатын әрдайым тікбұрышты координаттар жүйесін $O_1X_1Y_1Z_1$, байланыстырады. $OXYZ$ жүйесіндегі оның жағдайын O_1 басының x, y, z координаттары және Эйлердің үш бұрышы сипаттайды: θ — нутация бұрышы; ψ — прецессия бұрышы; ϕ — $O_1X_1Y_1Z_1$ жүйесінің өз айналу бұрышы. Осы параметрлердің мәндері бойынша $O_1X_1Y_1Z_1$ жүйесінің күйі туралы, санау жүйесі болып табылатын $OXYZ$ жүйесіне қатысты дененің өзінің күйі туралы да пікір айтады.

Егер екі шарт орындалатын болса, дене қозғалыссыз күйде болады:



2.1. сур. $OXYZ$ жүйесінде қатты дененің күйін анықтайтын геометриялық байланыстар мен координаттар

- денеге әсер ететін барлық белсенді күштер мен реакциялардың сомасы нөлге тең;
- бастапқы сәтте дененің жылдамдығы да нөлге тең.

Осылайша, тандалған координаттар жүйесінде денені қалыпқа келтіру және оған геометриялық байланыстарды салу оның күйін сипаттайтын параметрлердің белгіленген мағыналарына қол жеткізуден ғана емес, сонымен қатар оның тепе-теңдігін қамтамасыз ететін және денеге берілген күйлерді бекітетін күштер жүйесінің көмегімен денені сол сәтте тыныштық күйге көшіруден тұрады.

Тандалған санау жүйесінде бір немесе бірнеше бағыттарда белгілі бір жылдамдықпен дененің қозғалысын құру қажет.

Базалау және базалар. *Базалау* деп машина жасауда дайындамаға немесе бұйымға тандалған координаттар жүйесіне қатысты тиісті қалыпқа келтіру деп түсінеді. Бұйым деп бөлшекті, құрастырма бірлігін, сондай-ақ кескіш және өлшеуіш аспапты, құрылғыларды, құралдарды және оларды абсолюттік тығыз дене деп ұсынуға жол беретін өзге де объектілерді атайды. Өртүрлі объектілерге «базалау» ұғымын түрлі объектілерге кең қолдануды меңзеп, оның бөлшектерге және дайындамаларға қолданылатын мәнін түсіндіреміз, бұл қарастырылатын қалыптардың жалпылығын еш төмендетпейді.

Тандалған координаттар жүйесінде бөлшек қажетті қалыпқа келтіру нақты жағдайда оның беткі бөліктерін оны орнататын немесе түйістіретін бөлшек және бөлшектердің беткі бөліктерімен жанастыру жолымен жүзеге асырылады. Қол жеткізілген күйді тиянақтау және контакт үнемділігі күштермен қамтамасыз етіледі, олардың арасында бірінші болып бөлшектің өз массасының үйкеліс күштерінің әрекеті көрінеді.

Машиналардың нақты бөлшектері өзінің нақты прототипінен форма ауытқушылығы бар бөлшектермен байланыса алады. Сондықтан да бөлшек тек шартты түрде *байланыс нүктелері* деп есептелетін жекелеген қарапайым алаңдарда ғана оның күйін анықтайтын бөлшектермен байланыса алады.

Жалпы жағдайда бөлшектің оны базалайтын бөлшектердің үш беткі бөлігімен түйіндесуі барысында алты байланыс нүктесі туындайды. Бұл жерде байланысушы беттерде байланыс нүктелері белгілі бір түрде таралады. Бөлшекке алты геометриялық байланысты салу және ол орнатылған бөлшектерге қатысты оның күйін анықтау байланыс нүктелері арқылы жүзеге асырылады.

Металл кескіш станоктардағы механикалық өңдеуге қатысты пайдаланылатын базалау деп дайындаманы кескіш аспаптың қажетті күйін және оның беріліс қозғалысының траекториясын анықтайтын, станок элементтеріне қатысты керекті қалыпқа келтіруді түсінеді. Мұнда дайындаманы базалау базалар деп аталатын дайындамалардың беткі бөліктерін пайдаланумен жүзеге асырылады.

База — бұл дайындаманы механикалық өңдеу, өлшеу немесе құрастыру барысында оны базалау үшін пайдаланылатын, дайындамаға (немесе бұйымға) тиесілі беткі бөлік (беткі бөліктердің тіркесі), сызық (өс) немесе нүкте.

Дайындама өз базаларымен, өңдеу үшін тиісті күйді қабылдай отырып, станок құрылғысының немесе станоктың белгілі бір элементтерімен байланысады. Өңдеу басталғаннан аяқталғанға дейін осы күйді сақтау үшін дайындаманы бекітеді, яғни оның байланысатын тіреулеріне жаншиды.

Демек, металл өңдеуші станокта дайындаманы орнату процессі екі кезеңнен тұрады:

- 1) дайындаманы базалау, нәтижесінде ол станокты өңдеу аймағында қажетті түрде бағдарланады;

- 2) оны базалау кезінде алынған байланысты өңдеу аяқталғанға дейін (қажетті күш жұмсап) дайындаманы бекіту.


Дайындаманың қалпын бекіту және оған тыныштық күйін беру мақсатында оған алты байланысты орнату үшін үш база талап етіледі, олардың жиынтығы **базалар жинағы деп аталады**.

Станокты өңдеу аймағында дайындаманы бағдарлау барысында қатты екі жақты байланыстар тіреу нүктелері түрінде ұсынылады.

Тіреу нүктесі — бұл дайындаманы бір еркіндік дәрежесінен, ал күштердің үйкелісі есебінен бекітуші күш қосу барысында – үш еркіндік дәрежесінен айыратын, дайындама базасының және станок құрылғысы тіреуінің байланыс нүктесі.

2.2-суретте ықтимал байланыс нүктесінің конструктивті схемасы және оның технологиялық схемалардағы шартты графикалық белгілері келтірілген.

Базалау схемасындағы барлық тіреу нүктелері тіреу нүктелері көбірек орналаслатын базадан бастап реті бойынша нөмірленеді. Базалау схемасындағы бөлшек проекцияларының саны тіреу нүктелерді орналастыру үшін жеткілікті болуы тиіс. Қандай да бір проекцияны бір тіреу нүктесінен екіншісіне салуда бір нүктені бейнелейді және соның қасына қиыстырылған нүктелердің нөмірлерін қояды.





2.2-сур. Тіреу нүктесінің конструктивті схемасы (а) және оның алдынан (б) және жоғарыдан (в) қарағандағы шартты графикалық

2.3-суретте базалардың өздерімен $O_1X_1Y_1Z_1$ жүйесінің координат жазықтықтарын түзумен мінсіз тегіс беттер бойымен бөлшектерді қиыстыру мысалдары келтірілген.

Нақты бөлшектердің байланыс шарттарын талдай отырып, біз жалпы жағдайда мінсіз байланыстармен емес, қалыпты реакциялардан басқа жанама жазықтықтарда жататын реакцияларды да беретін үйкеліспен істес екенімізді айта кеткен жөн. Үйкеліспен байланыс бөлшектерді базалау процессінде және сыртқы күштердің белгілі бір арақатынасы барысында белсенді көрінеді және сыртқы күштер мен үйкеліс күштерінің белгілі бір арақатынастары барысында бөлшекті қозғалғыштықтан айыра алады және қарастырылып отырған координаттар жүйесінде оның күйінің айқындылығын қамтамасыз ете алады.

Бөлшек күйінің айқындылығы туралы түсінікті оның дәлдік күйі туралы түсінікпен араластыруға болмайды. Бөлшек немесе дайындама орындалатын міндеттің шарттарына сәйкес келетін, не сәйкес келмейтін қалыпқа келтірілуі мүмкін. Сонымен бірге дайындама немесе бөлшек күйіндегі ауытқуларды шектейтін жол беру бір міндеттерде кең шамада, екіншілерінде- тар шамада болуы мүмкін. Мысалы, шыбық дайындаманың үш жұдырықшалы қысқысында бөлшекті орнату барысында оның өсіне қатысты 360° шамасында кез келген бұрыштық күй беріле алады. Алайда дайындаманың кездейсоқ таңдалатын және тиянақталатын бұрыштық күйі үш жұдырықшалы қысқы жүйесінде толықтай белгілі болады, өйткені дайындамаға байланыс салынатын болады. Дәл осылай магниттік плитада көзбен орнатылған плитканың күйі де, оны орнату дәлдігінің талаптарына сәйкес бола алмаса да, әбден айқындалған бола алады.

Технологиялық процесстерді жобалау барысында технолог алты нүкте ережесін басшылыққа алады, станок құрылғысында (немесе станокта) дайындаманы толық базалау үшін дайындамалар



2.3. сур. Тегіс беттердің бойынша бөлшектердің түйіндесуі туралы идеалдандырылған ұғым

базасына қатысты белгілі бір түрде орналасқан алты тіреу нүктесін құру қажет. Бұл құрылғы нүктелеріне дайындама өзінің базалық беттерімен тығыз жабысады, ал қысқыш құрылғы құрылған байланыстарды сенімді тиянақтайды.

Базалардың жіктелуі. Базалау бойынша міндеттердің көптүрлілігіне қарамастан, базаларды жіктеудің үш белгісімен шектелу мүмкін болды: міндеті бойынша, еркіндік дәрежелерінен айыру бойынша және көріну сипаты бойынша.

Базаларды міндеті бойынша жіктеу. Базалау бұйымды жасаудың барлық сатысында қажет: оны конструкциялау және құрастыру кезінде қарастыру, дайындау және өлшеу барысында. Осыдан келіп базаларды міндеті бойынша үш түрге бөлу қажеттігі туындайды: құрылымдық, технологиялық және өлшеу.

Конструкторлық деп бұйымдағы бөлшектің немесе құрастыру бірлігінің күйін анықтау үшін пайдаланылатын базаны атайды. Конструкторлық базалар тобын негізгі және қосалқы базалар құрады.

Негізгі деп аталған бөлшекке немесе құрастыру бірлігіне тиесілі және оның бұйымдағы күйін анықтау үшін пайдаланылатын **конструкторлық** базаны атайды.

Қосалқы деп аталған бөлшекке немесе құрастыру бірлігіне тиесілі және оған жалғасатын бұйымның (бөлшектің немесе құрастыру бірлігінің) күйін анықтау үшін пайдаланылатын **конструкторлық** базаны атайды.

Негізгі және қосалқы базалардың анықтамаларынан олардың функцияларының айырмашылықтары көрінеді. Негізгі базалар жинағының көмегімен машинадағы немесе құрастыру бірлігіндегі бөлшектің күйін қосалқы базалардың көмегімен анықтауға

бөлшекке қатысты жалғанатын бөлшектің немесе құрастыру бірлігінің қалпы анықталады. Негізгі және қосалқы базалардың рөлдерінің айырмашылығын **конструкторлау кезінде** (бөлек беттерінің құрылымдық формаларын таңдау, оларғы қатыстық күй беру, өлшемдерін қойып шығу, дәлдік нормаларын жобалау және т.б.), бөлшекті дайындау технологиялық процессінде және өлшеу процессінде де ескеру керек.

Кез келген бөлшектің тек бір негізгі базалар жинағы және қанша бөлшектер мен құрастыру бірліктері жалғанатын болса, сонша қосалқы базалар жинағы болуы мүмкін екендігін байқауға болады.

Технологиялық деп дайындаманың күйін немесе дайындау не жөндеу процессінде бұйымның күйін анықтау үшін пайдаланылатын базаны атайды. Технологиялық база ұғымы дайындау процессінің барлық стадияларына (механикалық өңдеу жолымен бөлшекті дайындауға, бұйымды құрастыруға және т.б.) таралады.

Өлшеуші деп дайындама немесе бұйым және өлшеу құралдарына қатысты күйді анықтау үшін пайдаланылатын базаны атайды. Өлшеу базалары барлық өлшеу жағдайларында қажет (бөлшек дәлдігін бағалау барысында, станоктарды жөнге келтіру процессінде т.б.).

Базаларды міндеті бойынша жіктеу осы белгінің аясында базалардың атауларын қиыстыруға жол бермейді. Мысалы, технологиялық ретінде негізгі де, қосалқы да базалар пайдаланыла алса да, технологиялық базаны негізгі немесе қосалқы деп атауға болмайды; бұл өлшеу базаларына да жатады.

Базаларды айырылатын еркіндік дәрежелері бойынша жіктеу. Базалау заңдары бұйымдарды жасау кезеңдерінің барлығы үшін жалпы болып табылады. Сондықтан да базаның міндеттеріне қарамастан, олардың базаланатын дайындамаларға байланыстарды салуға қатысуына қарай, бөлшектер немесе құрастыру бірліктері болып бөлінеді.

Базалар жинағы әртүрлі өлшемді және құрылымдық формалы (тегіс, цилиндрлік, коникалық, т.б.) беттердің тіркесуімен түзілуі мүмкін және де олардың арасындағы алты байланысты бөлу әртүрлі болуы мүмкін. Қабылданатын байланыстардың санына және қасиеттеріне сәйкес база орнтаушы, бағыттаушы, тіреулік, қос бағыттаушы немесе қос тіреулік бола алады.

Орнатушы деп бөлшектерге немесе бұйымдарға байланыс салу үшін пайдаланылатын, оларды үш еркіндік дәрежесінен айыратын базаны атайлы: бір координаттық ось және басқа екі өстің


Мысалы, егер бөлшек призматикалық болса (2.4-сурет), орнату базасының рөлін бөлшекті OZ өсі бағытында орын ауыстыру және OX және OY параллель өстерін айнала бұрылу мүмкіндігінен айыратын үш байланысты салу үшін пайдаланылған астыңғы беткі бөлік атқарады.

Бағыттаушы деп бір координаттық өсті айнала орын ауыстыру және екінші өсті айнала бұрылу — екі еркіндік дәрежесінен айыратын дайындамаға немесе бұйымға салу үшін пайдаланылатын базаны айтады. Призматикалық формалы бөлшек үшін — бұл бөлшектің бүйір беті, ол арқылы бөлшекке екі байланысты салу оны OY өсінің бағытында орын ауыстыру және OZ параллель өсті айнала бұрылу мүмкіндігінен айырды.

Тіреулік деп дайындамаға немесе бұйымға оларды бір еркіндік дәрежесінен: бір координаттық өсті айнала орын ауыстыру немесе өсті айнала бұрылуды айтады.

2.4-суретте көрсетілген жағдайда тірек база ретінде бөлшектің бүйіржақ беттерінің бірі пайдаланылған. Осы бет арқылы бөлшек OX өсі бағытында орын ауыстыру мүмкіндігінен айырылған.

Егер бөлшекті немесе дайындаманы базалау ұзындығы үлкен (оның ұзындығының және диаметрінің арақатынасы бірліктен артық) цилиндрлі (коникалық) беткі бөлігін пайдаланумен жүзеге асырылса, осы беттің көмегімен бөлшекке немесе дайындамаға төрт байланысты салуға болады. Мұндай база қос бағыттаушы атауына ие болды.




2.4-сур. Призматикалық бөлшекке алты байланыс салу


Қос бағыттаушы деп дайындамалар мен бұйымдарға оларды төрт еркіндік дәрежесінен – екі координаттық өстер бойымен орын ауыстыруды және оларға параллель өстерді айнала бұрылудан айыратын байланысты салу үшін пайдаланылатын базаны атайды.

Бөлшекке немесе дайындамаға цилиндрлік (коникалық) беттің көмегімен байланыстарды салу көбінесе бет – түзуші түзудің айналуымен түзілген өс (2.5-сурет) арқылы жүзеге асырылады. Бұл осы өспен $O_1X_1Y_1Z_1$ жылжымалы жүйесінің O_1X_1 өстерін қиыстыру үшін негіз қызметін атқара алады. O_1X_1 өсін $X_1O_1Y_1$ және $X_1O_1Z_1$ координаттық жазықтықтарының түйісуі ретінде қарастыра отырып, өске салынған төртеудің екеуін (1 және 2) $X_1O_1Y_1$ координаттық жазықтыққа жатқызуға болады, екеуін (3 және 4) — $X_1O_1Z_1$ жатқызуға болады. Бұл байланыстар бөлшектен OY және OZ параллель өстерінің бойымен орын ауыстыру және бұрылу мүмкіндіктеріне айырады. Бөлшектің O_1X_1 өсі бойымен орын ауыстыруын бөлшек бүйіржағына және онымен қиыстырылған $Y_1O_1Z_1$ координаттық жазықтыққа салынған байланыс 5 айыра алады. Бөлшектің бұрыштық күйі егер координаттық жазықтыққа $Y_1O_1Z_1$ қосымша байланыс 6 салынатын болса анықталатын болады. Соңғы екі байланыс екі тірек базасының көмегімен жүзеге асырылады, оның бірі бөлшекті орын ауыстыру, екіншісі- бұрылу мүмкіндігінен айырады.

Екі бағыттаушы және екі тірек базасының жинағы кең таралған және сонда-ақ типтік деп есептеле алады.




2.5-сур. Цилиндр бөлшекке алты байланыс салу



2.6-сурет. Қос бағыттаушы базаның тіркесімен екі беткі бөлігін іске асыру

Қос бағыттаушы база кішігірім ұзындықтағы екі цилиндрлік және коникалық беттердің тіркесуімен түзілетін жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, қос бағыттаушының рөлін коникалық саңылаулар (2.6-сурет) атқара алады, олардың көмегімен біліктің дайындамасы жонғыш станоктағы ортаға орнатылады.

Диск типтес бөлшектің күйі егер оны бүйіржаққа орнатып және бүйіржақты орнатушы база етіп қойса, анағұрлым тұрақты болмақ (2.7-сурет). Сонда кесікпен $X_1O_1Y_1$ координаттық жазықтық қиыстырылған болып шығады, оған орнатушы базаға тән үш байланыс салынатын болады. Дискіні өстер OX және OY бағытында орын ауыстыру мүмкіндігінен айыратын екі байланысты (4 және 5) бұл жағдайда, онымен OJZ_1 координаттық өсін қиыстыра отырып, цилиндрлік беттің өсіне салған орынды. Өске салынған екі байланысты сәйкесінше $X_jO_jZ_j$ және $Y_jO_jZ_j$ координаттық жазықтықтарға жататын деп қарастыру керек. Дискіні өсті OJZ_1 айнала бұрылу мүмкіндігінен айыру үшін тірек базасын құра отырып, координаттық жазықтыққа 6 байланысын салу қажет.



2.7-сурет. Диск типінің бөлшегіне алты байланыс салу


Аталған жағдайда бөлшектің цилиндрлі бетінің өсі бөлшекті екі орын ауыстырудан айыруға арналған база ретінде пайдаланылды. Мұндай база қос тіректік атауына ие болды.

Қос тірек деп дайындамаға немесе бұйымға оларды екі еркіндік дәрежесінен – екі координаттық өстердің орын ауыстыруынан айыратын байланыс ретінде пайдаланылатын база аталады.

Базаларды көріну сипаты бойынша жіктеу. Жіктеудің үшінші белгісі, алғашқы екеуіне қарамастан, базаларды жасырын және айқын деп ажырату береді.

Жасырын деп нақты беткі бөлік, таңбалық сызықіз немесе сызықіздердің қиылысу нүктесі түріндегі базаны атайды. Жасырын базаларға симметрия жазықтықтарын, өсті немесе өстердің қиылысуын пайдаланумен бөлшектің немесе дайындаманың күйін анықтау талап етілетін кезде жүгінеді. Байланыстарды жасырын базаларға салу көзбен немесе арнайы техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Бірінші жағдайда адам ойдағы координаттық жазықтықтардың санау жүйесіне қатысты жағдайын бағалай отырып, бөлшекке немесе дайындамаға керекті күйді береді. Осындай мысал ретінде тегіс жайпақ тегістеуші станоктың магнитті плитасында көзбен жүргізілетін дайындаманы (станокты) орнату бола алады. Базалау дәлдігін жоғарылату үшін өлшеуіш аспаптар мен құралдарды пайдалануға болады.

Басқа жағдайларда жасырын базалар бойынша тиісті дәлдікпен базалау тек арнайы құралдардың (жону станогындағы центрлердің,



2.8-сурет. Рычагты базалау схемасы:

1, 3 — призмалар; 2 — иіттірек; 4 — тірек жазықтық


өздігінен центрленетін патронның және басқыштың және т.б.) көмегімен ғана орындала алады. 2.8-суретте екі бір мезгілде жинақтатылған призмалардың көмегімен жүзеге асырылған екі симметрия жазықтығы бойынша рычагты базалау көрсетілген.

2 рычагының бойында тұрған қалпы рычагтың бастиектерінің цилиндрлік беткі бөліктерінің төрт қалыптастырушы бойынша (а-г нүктелері) қос призманың жазықтарымен байланысу барысында өздігінен центрленетін құрылғының 1 және 3 призмаларымен анықталады. Рычагтың цилиндр саңылаулар бағытындағы өстердің бағытындағы күйі осы құрылғының 4тірек жазықтығымен анықталады.

2.9-суретте базалардың үш белгі бойынша жіктелу схемасы берілген. Осы схемаға сәйкес базаның толық атауы қабылданған кезектіліктегі үш жіктеу белгісінен тұруы тиіс. Осылай, 2.6-суретте көрсетілген біліктің қалпын анықтайтын базалар келесі атауларға ие: конструкторлық негізгі, қос бағыттаушы, жасырын; конструкторлық негізгі, тіреуші, анық; құрылымдық негізгі, тіреуші, жасырын. 2.8-суретте көрсетілген мысалдағы рычагтың күйін келесі базалар анықтайды: технологиялық, орнатушы, анық; технологиялық, бағыттаушы, жасырын; технологиялық, тіреуші, жасырын.

Жеңілдету үшін базалардың атауынан жиі «конструкторлық» және «анық» деген сөздер шығарылып тасталады, бұл жерде егер база негізгі немесе қосалқы болса, өзінен-өзі, ол конструкторлық, және егер база жасырын болмаса, ол анық дегенді білдіреді.

тағайындау бойынша



2.9-сурет. Базаларды жіктеу

Базалардың аталған уақыт сәтінде қызығушылық туғызып отырған тек жіктеушілік белгілерін бейнелерін суреттейтін атауларға ғана жол беріледі: Негізгі орнатушы база; технологиялық база; қос тірек жасырын база және т.б.


Базалау бойынша міндеттерді шешуге арналған ұсынымдар.

Базалау теориясын міндеттерді шешу барысында еркін пайдалану деңгейіне дейін игеру белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді.


Базалау теориясын тәжірибелі технолог тұрғысынан қарастыра отырып, бұл жұмысты жеңілдетуге тырысып көрейік. Сөз жоқ, технологиялық процесстерді жобалаумен айналысатын технолог үшін жабдықтың дәлдігін және жоғалтып алмау үшін, жабдық дәлдігі мен өңдеу әдісінің дәлдігін толығымен пайдалану үшін, базалау теориясының негізгі ережелері мен қағидаттарын білудің және оларды пайдалану дағдыларын меңгерудің маңызы зор.

Технолог, бөлшекті дайындаудың технологиялық процессін жобалауды бастай отырып, бөлшектің бастапқы мәліметтерін, жұмыс сызбасын және осы сызбадағы конструкторлық базаларды зерттейді. Технолог үшін **конструкторлық база** болып бөлшектің жұмыс сызбасында өзге беттердің, сызықтың немесе нүктенің қалпы үйлестірілген бет, сызық немесе нүкте болып табылады. Мысал ретінде бөлшектің жеңілдетілген жұмыс сызбасын қарастырайық (2.10-сурет), онда конструкторлық базалар ретінде сәйкес өлшемдермен өзара байланысты (А, В, К, Д, Е) С, У, М, Г беткі бөліктері шығады. Мысалы, бүйіржақ беткі бөлікке М қатысты құрылымдық база ретінде С бүйіржақ беткі бөлікке шығады, С бүйіржақ беткі қатысты —М және Г беттері, сондай-ақ У цилиндрлік саңылауының өсі (Аөлшемі) шығады.

Операциялық эскиздерді құра отырып, технолог операциялық өлшемдерді, яғни белгілі бір беттерді өңдеу барысында аталған операция процессінде шыдауы тиіс өлшемдерді қояды. Демек,



2.10-сурет. Конструкторлық базалардың орналасу




2.11-сурет. Технологиялық базалар ретінде С (а) цилиндрлік беттің М қалыптастырушы С (б) цилиндрлік бетінің өсін пайдалану мысалдары

операциялық эскизде, өңделетін беттермен қатар, өңделмейтін беттер де болады. Әр операциялық эскиз көбіне өңделмейтін беткі бөлікке қатысты өңделетін беткі бөлігін үйлестіреді.

Осылайша, **технологиялық база** (кейде бастапқы база деп аталатын) деп, операциялық эскизде операциялық (бастапқы) өлшемнің көмегімен, аталған операцияда өңделетін беттің күйі үйлестірілген, бетті, сызықты немесе нүктені есептеуге болады.

2.11, а суретінде алдыңғы операцияда өңделген С цилиндрлік беттің М қалыптастырушы ретінде шығатын технологиялық базаның мысалы көрсетілген. Аталған операцияда өңделетін саңылау өсінің күйі В технологиялық база болып табылатын (ТБ) осы қалыптастырушыға қатысты $A_{и}$ операциялық өлшемімен үйлестірілген. 2.11, б суретінде өңделетін саңылау өсінің күйі алдыңғы операцияда өңделген С цилиндрлі беттің С өсіне қатысты $A_{и}$ бастапқы өлшемімен үйлестірілген. О өсі осы жағдайда технологиялық база болып табылады.

Дайындаманы өңдеу үшін оны бөлшекке арналған құрылғыда, не болмаса тікелей станок үстелінің үстінде орнататыны (базалайтыны және бекітетіні) жақсы белгілі. Және де дайындаманың беттері өзара эрекеттесетін, орнатушы базалар деп аталатын, құрылғының орнатушы элементтері пайдаланылады. Осылайша, технолог үшін **орнатушы база болып** осы дайындаманы станокты өңдеу аймағында орнату барысында $A_{и}$ операциялық өлшем бағытында оның күйінің айқындылығын беретін дайындама беті болып табылады.




2.12-сурет. Орнатушы база ретінде өңделетін (а) дайындаманың М бетін пайдалану мысалы, ҚБ-ның технологиялық базамен қиыспауы (б) және ҚБ-ның технологиялық базамен қиысуы:
1 — дайындама; 2 — құрылғы

2.12, а суретінде 1 өңделетін дайындаманың М бетінің орнатушы базасы (ОБ) ретінде пайдаланылу мысалы келтірілген. 2.12, б суретінен көретініміз, 1 дайындамасы құрылғының орнатушы тегіс У бетінің және дайындаманың орнату базасының көмегімен A_n операциялық өлшем бағытында қатаң бағдарландығын көреміз.

Конструкторлық сызбадағы (2.12, а сур. қараңыз) паз тереңдігінің A_k конструкторлық өлшеммен үйлесуіне және операциялық эскиздердегі (2.12, б, в суретін қараңыз) дәл осы паз тереңдігінің A_n операциялық өлшеммен үйлесуіне назар аударайық. Барлық үш база ретінде (КБ, ТБ және УБ) дайындаманың немесе бөлшектің әртүрлі беттері пайдаланылатындығы айқын болады, өйткені бұл базалар бірінен кейін бірі қиыстырылған. Бұл жақсы ма, жаман ба, оны сәл кейінірек қарастырамыз. 2.12-суретте көрсетілген схема бойынша 1 дайындамасын орнату барысында орнату базасы технологиялық базамен қиысқан, бірақ құрылымдық базамен қиыспаған. Сондай-ақ бұл нұсқа ең үздігі болмайды.

Станокты өңдеу аймағында дайындамаларды орнату барысында кесу күшін қабылдайтын және бұл жерде дайындаманың бетімен өзара әрекеттесетін таяныштар жиі қолданылады. Дайындаманың таяныш және бекітіп тұратын беттерін ажырата алу үшін *таяныш бет* деп өзара әрекеттескен кезде құрылғы таянышымен өзара әрекеттесу барысында операциялық өлшем бағытында дайындама қалпының айқындылығы қалыптаспайтын, тек кесу күші.



2.13-сурет. Операциялық өлшемге $15 \pm 0,1$ (а) және операциялық өлшемге $40 \pm 0,1$ (б) арналған таяныш беттер және орнатушы базалар: 1 — дайындама


қабылданатын беткі бөлігін есептейтін боламыз деп келісіп алайық.

2.13, а суретінде А дайындамасы 1 дайындамасын бекіту W күшін немесе материал қабатын алу барысында туындайтын күшті қабылдайтыны, ал бекітіп тұратын база болып табылатын В беті $15 \pm 0,1$ операциялық өлшемі бағытындағы дайындаманың күйін анықтайтыны көрсетілген. 2.13, б суретінде дайындаманың В беті $40 \pm 0,1$ операциялық өлшемі бағытындағы оның күйін анықтайтыны және бекітіп тұратын база болып табылатыны, ал А беті тек таяныш беті болып табылатыны көрсетілген.

Бақылау операциясын жобалау барысында технолог **өлшеуші база** ретінде (ӨБ) өңделген беткі қалыптың дұрыстығын, яғни операциялық өлшемнің дәлдігін өлшеумен тексерілетін өлшеуге қатысты түзілетін беткі бөлігін немесе бет нүктесін таңдайды.

2.14-суретте С координатасы бар Е өңделген саңылаудың күйін анықтау үшін өлшеуіш база ретінде алдында өңделген М беттің қалыптастырушысын пайдалануға болатындығы көрсетілген. А қалыптасушысы өлшеу базасы ретінде пайдалану барысында K_1 өлшемі (2.14, а суреті) өлшенеді, ал В қалыптастырушысын пайдалану барысында K_2 өлшемі (2.14, б суреті) өлшенеді. С өлшемінің іс жүзіндегі мәнін М және Е саңылауларының радиустарын ескеріп алады.

Өңдеудің жоғары дәлдігіне қол жеткізу үшін технологиялық, орнатушы және өлшеуіш базалар ретінде дайындамалар мен бөлшектердің қай беттері пайдаланылатыны маңызды. Егер қиысу қағидаттары бұзылмаса, ең үздік нәтижелерге қол жеткізу қамтамасыз етіледі.




2.14-сурет. М (а) бетін А қалыптастырушын және М (б) бетінің В қалыптастырушын өлшеуші базалар ретінде пайдалану

Қандай да бір беткі бөлікке қатысты базаларды қиыстыру қағидаты негізгі базалар ретінде (КБ, ИБ, УБ, ИзБ) дайындаманың бір бетін пайдалану болып табылады. Конструктор бөлшектің жұмыс сызбасында барлық конструкторлық базаларды көрсеткен. Технолог, технологиялық процессті жобалау барысында бөлшектің жұмыс сызбасымен жұмыс жасай отырып, конструкторлық базалардың барлығы белгіленгендігін қаперіне алуы тиіс. Технолог дайындаманы қалай орнату керектігі туралы мәселені шеше отырып, ол бекітіп тұратын база ретінде конструкторлық базаны (УБ = КБ). пайдаланатын болса, яғни бұл базаларды қиыстыратын болса ғана базаларды қиыстыру қағидаттарын ұстанады.

Осылайша, базаларды қиыстыру қағидаты белгілі бір беткі бөлікке қатысты барлық базалар ретінде (ТБ, УБ, ИзБ) қарастырылатын беткі бөлікке қатысты конструкторлық база болып табылатын дайындаманың бір бетін пайдалану керектігі болып табылады.

Дайындаманы базалауға арналған құрылғыны жобалау барысында егер бекітіп тұратын база ретінде технологиялық база болып табылатын дайындама бетін пайдаланған жағдайда ғана сақтауға болады.

Өңделген беттің күйін бақылау барысында базаларды қиыстыру қағидатын егер өлшеуші база ретінде технологиялық база қолданылатын кезде ғана базаларды қиыстыру қағидатын ұстануға болады.




2.15-сурет. Базаларды қиыстыру қағидатын ұстану мысалы: а — жұмыс сызбасы; б — операциялық эскиз; в — өңдеу эскизі; г — бақылаушы операцияда; 1 — бөлшек; 2 — қондырғыш

2.15-суретте М беткі бөлікке қатысты базаларды қиыстыру қағидаты келтірілген, оның бөлшектің 1 жұмыс сызбасындағы күйі (2.15, а суреті) конструкторлық базаға қатысты (К беті) А өлшеммен анықталады. Операциялық эскизде технологиялық база ретінде бет К, яғни конструкторлық база шығады. Дайындаманы өңдеу және орнату эскизінде (2.15, в суреті) орнатушы база ретінде сондай-ақ құрылымдық база қабылданған, яғни дайындамаға арналған құрылғының орнату элементі 2 өзара әрекеттесетін К беті қабылданған. М бетінің қалпын бақылау барысында (2.15, г суреті) өлшеу базасы ретінде (ИзБ), сондай-ақ конструкторлық база, яғни К беті пайдаланылады.

Операцияның осылай құрылуы базаларды қиыстырудың қағидатына толығымен сәйкес келеді, бұл өңделетін беткі бөліктің қалпының жоғары дәлдігін алу үшін ең үздік нұсқа болып табылады.

Технолог базаларды қиыстыру қағидатын бұзған жайдайда не болатынын қарастырайық.

Егер М беткі бөлігін өңдеу бойынша операцияны жобалау барысында (2.16, б суреті) технологиялық базаны өңделетін беткі бөлікке қатысты конструкторлық базамен (ТБ Ф КБ) қиыстырмайтын болса, $A_k - 5_k$ дәл конструкторлық өлшемді алмауға да болады. Құрылымдық өлшемнің талап етілетін дәлдігі егер $A_{и}$ операциялық өлшемге жол беру $5_{и}$ конструкторлық өлшемге 5_k жол беруден аспайтын болса ғана қамтамасыз етілетін болады. Бұл үшін конструкторлық және технологиялық базалар ретінде шығатын беттердің өзара күйінің қате жіберуді ескеру қажет (өлшемге С жол беру). $A_k - 5_k$ өлшем бойынша бракқа жол бермеу үшін $A_{и}$ операциялық өлшемге $5_{и}$ жол беру ТБ және КБ



2.16-сурет. Базаларды қиыстыру қағидатын бұзу мысалы: а— конструктордың жұмыс сызбасы; б— ТБ ф КБ операциялық эскиз

беру $\delta_{и-к} = c$ мәніне кішірейтілген A_k конструкторлық өлшемге, δ_k жол беруден аспауы тиіс:


$$\delta_{и} < \delta_k - \delta_{и-к}; \delta_{и} < \delta_k - c. \quad (2.1)$$

Шарттан көретініміз (2.1), технологиялық базаны конструкторлық базамен қиыстырмау (ТБ ф КБ) операциялық өлшемді орындау дәлдігін арттыру қажеттілігіне алып келеді, ал бұл операцияның орындалу құнын арттырады.

Дайындама орнату эскизінде көрсетілген (2.17, а суреті), өңделетін М беткі бөлікке қатысты технологиялық және конструкторлық қиыстыру барысында орнату базасын технологиялықпен қиыстырмау – осы базалар ретінде шығатын беттердің өзара күйіндегі δ_b жол беруге, яғни өлшемге В (2.17, в сурет) δ_b жол беруге тең $A_{и}$ операциялық өлшемнің (2.17, сур.) $\delta_{у-и}$ қате жіберуді туындатады. Сонда $A_{и}$ операциялық өлшемнің талап етілетін дәлдігін қамтамасыз ету үшін орнатушы және технологиялық базалардың өзара күйінің δ_b жол беру мағынасына A_k өлшеміне (2.17, в суреті) жол берумен δ_k салыстырғанда кішірейтілуі тиіс:

$$\delta_{и} = \delta_k - \delta_{у-и}; \delta_{и} = \delta_k - \delta_b. \quad (2.2)$$

Шарттан (2.2) көретініміз, технолгологиялық базаны орнату базасымен қиыстырмау (ТБ ф УБ) операциялық өлшемнің орындалу дәлдігін арттыру қажеттілігіне алып келеді, бұл операцияларды жобалау барысында белгілі бір проблемаларды туындатады.



2.17-сурет. Базаларды қиыстыру қағидатының бұзылу мысалы: а — УБ ф ТБ = КБ барысындағы дайындаманы орнату эскизі; б — ТБ = КБ барысындағы операциялық эскиз; в — жұмысшы сызба

Осындай бірінші проблема операция дәлдігін қамтамасыз етудің тексеру есебінің қажеттілігі болып табылады, ал екіншісі — егер бұл есеп дәлдікті қамтамасыз ету шарты (2.2) орындалмайтындығын көрсетсе, дәлдік дефицитін жою бойынша нұсқаларды іздеу проблемасы.

Осыған ұқсас көрініс өзге базаларды қиыстырмау жағдайында да пайда болады. Операциялық өлшемнің дәлдігін қамтамасыз етудегі ең нашар нұсқа базаларды қиыстыру қағидатының толық бұзылу нұсқасы болып табылады, яғни базалардың бір де бірі екінші базамен қиыстырылмаған кезде.

Барлық қарастырылған базалардан орнатушы база анағұрлым маңызды болып табылады. Өйткені оны бірінші технолог анықтайды және таңдау дұрыстығы көбіне дайындаманы механикалық өндеудің бүкіл одан әрі қарайғы жүрісін қамтамасыз етеді. Сондықтан да орнатушы базамен байланысты кейбір технологиялық нюанстарды қарастырайық.

Орнатушы базаны таңдау. Орнатушы база барлық технологиялық базалардың ішінде анағұрлым маңыздысы болып табылады, сондықтан технологиялық процессті жобалау барысында оны алғашқылардың қатарында анықтайды. Мұнда келесі пікірлерді басшылыққа алады:

- орнатушы база ретінде дайындаманың жұмыс сызбасында оның өңделетін бөлігі үйлестірілген беті қызмет етуі тиіс. Бұл жағдайда конструкторлық және орнатушы базалары қиыстырылады;
- орнатушы база ретінде таңдалған беттің формасы, өлшемдері және дәлдігі станокты өндеу аймағында жақсы тұрақтылықты және бекіту қарапайымдылығын, яғни бөлшек үшін ретінде


құрылғының қарапайымдылығын қамтамасыз етуі тиіс.

Осылайша, орнатушы базаны таңдау барысында ең алдымен конструкторлық базаға назар аудару керек және бұл бет жақсы орнатушы база бола алатындығын шешіп алу керек, және егер бола алса, бұл беткі бөлігін орнатушы база ретінде операциялық картада көрсету керек болады.

Алғашқы орнатушы база. Дайындама мен бөлшектің жұмыс сызбаларын зерттей отырып, технолог дайындаманың қандай бетін механикалық өңдеудің бірінші операциясында орнатушы база ретінде қай беткі бөлігін пайдалануға болатындығы туралы мәселені шешеді. Алғашқы операцияда орнату үшін пайдаланылатын дайындаманың бетін алғашқы орнатушы база деп атайды. Әдетте, дайындаманың бұл бетінің дәлдігі жоғары емес, сондықтан алғашқы базаны тек бір операцияда ғана пайдаланады. Бұл жерде алдымен кейінгі операцияларда жақсы орнатушы база болатын беткі бөлігін өңдейді.

2.18-суретте қалыпталған дайындаманың 2 және оның бүйіржақ беттерінің В және К (операциялық өлшемдер $A_{и1}$, $A_{и2}$) цилиндр бетін өңдеу барысында алғашқы орнатушы база ретінде қалыптағы кенерікті шапқаннан кейін алынған дайындама-қалыптаманың 2 цилиндрлі белбеуі ($0 \text{ C} \pm c$) пайдаланылады. Бөлшекті орнатушы үшін таянышы бар 1 өзі центрленетін құрылғы 3 пайдаланылады.


Көлденең-соғушы машинада алынған дайындаманы өңдеу барысында үздік алғашқы орнатушы базасы бастапқыдан өзгеріссіз болып қалған дайындаманың цилиндрлік бөлігі, мысалы шыбық немесе құбырлар бола алады.



Қосалқы орнатушы база.
Қосалқы орнатушы база деп станокты өңдеу аймағында дайындаманы орнату үшін арнайы құрылған беткі бөлігін атайды

2.18-сур. Алғашқы орнатушы базаның мысалы:

1 — таяныш; 2 — дайындама; 3 — өзі центрленетін құрылғы



2.19-сурет. Қосалқы орнатушы базаның мысалы

Бұл келесі екі жағдайда қажет:

- дайындаманы өңдеудің негізгі операцияларында орнатушы базасының тұрақтылық қағидатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін;
- дайындамада технологиялық процесстің алғашқы операциясын орындауға арналған қанағаттанарлық орнатушы базаның болмауы кезінде.


2.19-суретте дайындамада білік үшін орындалған А және В центрлік ұялары түріндегі қосалқы орнатушы базаның мысалы келтірілген. Центрлік ұяларды жекелеген операцияда өңдейді, содан кейін сыртқы беттерді өңдеуді барлық операцияларында дайындаманы орнату үшін пайдаланады.

Бірыңғай орнатушы база. Жиі қолданылатын технологиялық амал бірыңғай орнатушы базаны пайдалану болып табылады, ол бір орнатушы базадан және талап етілетін беттен және осы беткі бөлікке қатысты құрылымдық базадан өңдеудің орынды екенін көрсетеді.

2.20, а, суретінде көрсетілген жұмыс сызбасының фрагментінен көретіміз, С цилиндрлік бет және К тегіс бет өзара конструкторлық базалар болып табылады. Алайда A_k көлемімен байланысқан бұл беттер қанағаттанарлық орнатылған базалар рөлін атқара алмайды. Сонымен бір мезгілде дайындаманың М және В беттері бар, оларды жақсы орнатушы базалар ретінде, бірақ базаларды қиыстыру қағидаты бұзылу барысында пайдалануға болады.

Бірыңғай орнатушы базаны пайдалану амалын қолдана отырып, дайындаманы В беткі бөлікке орната отырып ($A_{и1}$ операциялық өлшем), алдымен К тегіс бетті өңдеуге болады (2.20, б суреті), содан кейін дәл сол беткі бөлікке ($A_{и2}$ операциялық өлшем) дайындаманы орната отырып, С беткі бөлігін өңдеуге болады (2.20, в суреті).

Осылайша, бірыңғай орнатушы базаның (бет В) пайдалану



2.20.-сур. Бірыңғай орнатушы базасын пайдалану амалы: а — жұмыс сызбасы; б — тегіс беткі бөлігін өңдеудің операциялық эскизі; в — цилиндр саңылауды өңдеудің операциялық эскизі


Базаларды қиыстырмау жағдайында орнатушы базаны таңдау. Тәжірибеде базаларды қиыстырмау жағдайларында дайындаманы өңдеу сөзсіз, себебі кез келген конструкторлық база оны орнатушы базаре тінде пайдалану үшін жарамды бола бермейді.

2.21-суретте көрсетілген бөлшекте, базаларды қиыстыру жағдайларында A_k өлшемді алу үшін орнатушы базалар ретінде жақсы орнатушы базаретінде Р тегіс бетін немесе онымен байланысты бұрын өңделген М саңылауды нашар орнатушы база ретінде пайдалануға болады.

Технологиялық процессте әр кейінгі операцияның алдыңғы операциядан дәлірек және жауаптырақ екендігі толығымен айқын. Демек, келтірілген мысалда ең алдымен кейінгі операцияда жақсы орнатушы база үшін анағұрлым жарамдырақ бет өңделуі тиіс.

Келтірілген операциялық эскиздерден көретініміз, базалардың қиыспауы жағдайында алдымен Р беткі бөлігін (До операциялық өлшемі) өңдей отырып, (2.21, б суреті), содан кейін базаларды қиыстыру жағдайында М цилиндрлік беткі бөлігін өңдей отырып, талап етілетін $A_{и}$ (A_k) өлшемді тек базалардың қиысу жағдайларында ғана емес (2.21, в суреті), сонымен қатар жақсы орнатушы базадан да аламыз (жазықтықтар).

Егер базалардың қиыспауы сөзсіз болса, орнатушы база ретінде бөлшектің жұмыс сызбасы бойынша конструкторлық базаға



2.2- сур. Базалардың қиыспауы жағдайында орнатушы базаны таңдау мысалы:

а — жұмыс сызбасы; б — жазықтықты өндеудің операциялық схемасы; в — цилиндр беткі бөлігін өндеудің операциялық

бұл базалардың қиыспауынан операциялық өлшемнің қате жіберуді төмендетуге мүмкіндік береді.


Базалардың қиысу мүмкінсіздігі жағдайына арналған тағы бір сыналған ереже бар, мұнда дайындаманың екі өзара байланысқан беттерінің ішінен ең алдымен орнатушы база ретінде пайдалану үшін анағұрлым жарамды өндеу керек.

Технологиялық процесстерді жобалау және операцияларды дайындау практикасы базалау теориясынан қарастырылған күйлерді дұрыс пайдалану өндеу операциясының өзіндік құнын барынша түсіретіндігін және конструктормен талап етілетін бөлшектер өлшемдерінің дәлдігін алуды барынша жеңілдететінін айту керек.

Дайындаманы механикалық өндеудің технологиялық процессін жобалай отырып, базаларды қиыстыру қағидатын бұзбастан, технологиялық процесстің ішіндегі операцияларды орындау бірізділігін сақтау керек. Базалардың қиыспауынан алынған операциялық өлшемнің қате жіберушілігін болдырмау үшін процесстегі операциялардың бірізділігі бөлшектің жұмыс сызбасындағы өңделетін беттердің үйлестірілуімен келісілген болуы тиіс.

Бөлшектің жұмыс сызбасында конструкторлық өлшеммен байланысты екі беттің бірін өндеу барысында орнатушы және технологиялық база болып өңделетін беткі бөлікке қатысты конструкторлық база болып табылатын басқа бет қызмет етуі тиіс.

Аталған операцияда өңделіп болған бет онымен конструкторлық өлшеммен байланысқан бет өңделетін келесі операцияда орнатушы және технологиялық базаның қызметін атқаруы тиіс.



2.22-сурет. Бөлшек (а) және оның беттерін өңдеу бірізділігі (б- г)

Келесі болып бұрын өңделіп болған беттердің бірімен өлшеммен байланысты бет, содан кейін – осы бетпен және бұрын өңделген екі беттің бірімен өлшеммен байланысқан бет өңделуі тиіс.

Осылайша, дайындама беттерін өңдеу тәртібі бөлшектің жұмыс сызбасындағы беттердің үйлестірілуіне сәйкес болуы шарт. 2.22, а суретінде бөлшек өлшемдерін конструкторлық үйлестіруі бар оның беттерін өңдеу бірізділігі нұсқаларының бірі және бөлшек көрсетілген (2.22, б—г суреті).

2.2. ӨЛШЕМДІК ТІЗБЕ ТЕОРИЯСЫ

Негізгі ұғымдар мен анықтамалар. Өлшемдік тізбектер өлшеген кезде шешілетін міндеттердің шарттарына сәйкес туындайтын машиналардың конструкциясындағы, бөлшектерді әзірлеу және құрастырудың технологиялық процесстеріндегі объективті мөлшерлі байланыстарды көрсетеді.

Өлшемдік тізбектердің қасиеттері мен заңдылықтары ұғымдардың жүйесінде және номиналды өлшемдерді есептеуге және конструкциялауға, дайындау, жөндеу және пайдалану кезінде анағұрлым үнемді жолмен бұйымның дәлдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аналитикалық тәуелділіктерде көрсетілген.

Өлшемдік тізбек деп қойылған міндеттерді шешуге тікелей қатысатын және тұйықталған контур құрайтын өлшемдердің жиынтығын атайды.

Осы анықтамадан өлшемдік тізбекті кез келген өлшемдер емес, міндеттерді шешуге тікелей қатысатын өлшемдердің тұйық контуры

2.23-сур. А_д саңылауын айқындайтын
құрылымдық өлшемдік тізбек

қалыптастыратыны белгілі. Мысалы, тісті доңғалақ пен шығыршықты сақинаның бүйірі арасындағы саңылауды қамтамасыз ету міндеті қойылған болса қажетті саңылауды қамтамасыз етуге ешқандай басқа өлшемдер емес (мысалы, корпусық бөлшектің ені) тек сызбада (2.23-сурет) салынған өлшемдер ғана қатысады.


Өлшемдік тізбектерді егер олар сызықтық өлшемнен және грек әліпбиінің р, у кіші әріптерінен (а, 5, Д Х, ю әріптерінен басқа) құрылған болса, егер олар бұрыштық өлшемдер құралған болса оларды орыс әліпбиінің бас әріптерімен (А, Б, ...) белгілейді.

Өлшемдік тізбекті құрайтын өлшемдерді *өлшемдік тізбек буыны* деп атайды.

Буынның өлшемдік тізбегінің схемасында мынадай үлгіде шартты белгіленеді: сызықтық өлшемдер — екіжақты нұсқарлармен, бұыштық өлшемдер — ұшы базаға бағытталған біржақты нұсқарлармен. Өлшемдік тізбектердің буындарын белгілеу үшін тиісті индекстерді коса отырып, өлшемдік тізбектерді белгілейтін әріптерді пайдаланады.

Кез келген өлшемдік тізбекте буындардың бірі тұйықтаушы, қалған буындар — құраушы болып табылады.

Тұйықтаушы деп міндет қоюда бастапқы болып табылатын немесе оны шешу нәтижесінде соңғы болатын өлшемдік тізбектің буыны аталады. Міндеттің тікелей немесе кері екендігіне қарамастан тұйықтаушы буында орындалатын міндеттің мағынасы қамтылған. Мысалы, міндет бойынша тісті дөңгелек пен сақинаның бүйіржағының арасындағы саңылауды қамтамасыз ету керек (2.23-суретті қараңыз). Сондықтан саңылау міндетте тұйықтаушы буын болып табылады, себебі дәл соның өзі бізді қызықтырады. Механизмді дайындаудың технологиялық процессін әзірлеу кезіндегі жоспарлау процессінде саңылауды қамтамасыз ету бойынша барлық іс-қимыл осы қойылған көрсеткіштерден шығады.



Алайда механизмді құрастыру нәтижесінде өлшемдік тізбекте соңғы болып алынса да саңылаудың тұйықтаушы буын ретіндегі қасиеті сақталады.

Тұйықтаушы буын белгіленуінде құраушы буыннан Д индексімен ажыратылады.

Құраушы деп өлшемдік тізбектің тұйықтаушы буынмен функцияналды тұрғыда байланысты буынды айтады.

Құраушы буын индекспен, құраушы бөліктің тиісті реттік нөмірімен өлшемдік буын белгіленетін әріппен белгіленеді.

Тұйықтаушы буынның белгісіне әсер ету көзқарасы тұрғысынан алғанда құраушы буын ұлғаятын және азаятын деп бөлінеді.

Ұлғаятын деп өлшемдік тізбектің ұлғаюынан тұйықтаушы буын ұлғаятын өлшемдік тізбектің құраушы буынын атайды (A_2 буыны).

Азаятын деп өлшемдік тізбектің ұлғаюынан тұйықтаушы буын азаятын өлшемдік тізбектің құраушы буынын атайды (A_1 және A_3 буындары).

Ұлғаятын буынды буынды білдіретін әріптің үстіндегі оңға бағытталған нұсқармен, азаятын буынды солға бағытталған нұсқармен белгілейді.

Тұйықталушы буындағы жол берілетін ауытқушылықтармен салыстырғанда артық ауытқушылықтарды жою *өтемдік* деп аталатын құраушы буындардың бірін өзгерту жолымен жүргізілуі мүмкін. Буындарды бір-бірінен ажырату үшін өтемдік буынның әріптік белгісі тікбұрышты жиектемеге жасалады (A_3 буыны).

Орындалатын міндеттердің сипатына байланысты өлшемдік тізбектер конструкторлық, технологиялық және өлшемдік деп бөлінеді.

Конструкторлық деп бұйымдағы беткі бөліктің немесе беткі бөліктің өстерінің арақашықтығын немесе салыстырмалы бұрылысын айқындайтын өлшемдік тізбек аталады. Конструкторлық өлшемдік тізбекке 2.23-суретте көрсетілген A өлшемдік тізбегі мысал бола алады.


Технологиялық деп бұйымды дайындау процессіндегі оның бетінің қажетті қашықтығын немесе салыстырмалы айналысын қамтамасыз ететін өлшемдік тізбекті атайды.

Технологиялық өлшемдік тізбектер машинаны және оның құрастыру бірліктерін құрастыру процессі кезінде және бөлшектерді дайындау процессінде туындайды. Технологиялық өлшемдік тізбектер сол немесе басқа мөлшерді алудың технологиялық процессіндегі операциялар (өтпелер) арасындағы байланысты, операцияны (өтпені) орындау кезінде өлшемнің


56рылуын немесе

төзу өлшемі нің нақытылығын қамтамасыз ету операциясының жекелеген кезеңдерінің рөлін көрсете алады.

Технологиялық өлшемдік тізбектерге К өлшемін алу кезінде плиткаларды өңдеудің технологиялық процесі операцияларының арасында туындайтын байланыстар мысал бола алады (2.24-сурет). A_d тұйықтаушы буыны түріндегі К өлшемі технологиялық процессте үшінші операцияны орындау нәтижесінде алынады. А өлшемдік буынының құраушы буыны мыналар болып табылады: A_1 — оң жақ ойықты фрезерлеу кезінде тікелей төзу өлшемі (технологиялық базадан алынатын мөлшер); A_2 — екінші операцияда алынатын сол жақ ойықтың ені; A_2 өлшемі өз кезегінде Б үш буынды өлшемдік буынының тұйықтаушы буыны болып шығады, себебі ол екі мөлшер арқылы алынады: B_1 — екінші операциядағы технологиялық базадан тікелей төзген мөлшер және онымен дайындама бірінші операцияны орындағаннан кейін келесі операцияларға түсетін және ол жерде ол тікелей технологиялық базадан алынатын B_2 өлшемі. Осы жағдайда А және Б өлшемдік тізбектері технологиялық базаларды таңдау жолымен технологиялық процеске салынатын К өлшемін құрудағы технологиялық процесс операциялар арасындағы байланысты ашты.



2.24-сурет. К өлшемін құруға қатысатын операциялар арасындағы байланысты көрсететін А, Б және В технологиялық өлшемдік тізбектері



2.25-сур. Технологиялық жүйенің Γ өлшемдік тізбегі:

E — қосымша өлшемдік тізбек; E_1 — E_2 — E қосымша өлшемдік тізбегін құрайтын өлшемдер


Тікелей технологиялық базадағы операциялардан тікелей төзетін өлшем станок - құрылғы - аспап - дайындама технологиялық жүйесінің өлшемдік тізбегінің тұйықтаушы буыны ретінде дайындаманы өңдеу процессінде құрылады. Мысалы A_1 өлшемі ойық плиткаға фрезерленген кезде плитка дайындамасы өзінің технологиялық базасымен жанасатын аспаптың күйі мен құралдың (плитканың) бетіне қатысты жүйедегі станоктың координаталарын айқындайтын Γ_1 и Γ_2 өлшемдері болып табылатын құраушы буыны технологиялық жүйенің өлшемдік тізбегінің Γ_d тұйықтаушы буыны болып табылады (2.25-сурет).

Кейін бұйымдарды құрастыру, станоктарды баптау және басқа процесстерде туындайтын технологиялық тізбекті өлшемдік тізбектердің мысалдары келтірілетін болады.

Өлшеуші деп оның көмегімен өлшенетін өлшемнің көрсеткіші, қашықтығы, беттің салыстырмалы айналымы немесе олардың дайындалатын немесе дайындалған бұйымның осьтері айқындалатын өлшемдік тізбек аталады. 2.26-суретте микрометрмен өлшенетін плитканың бүйірлері арасындағы қашықтық айқындалатын D өлшеуші өлшемдік тізбегі көрсетілген.

Кез келген аталған өлшемдік тізбектер негізгі және туынды бола алады.

Негізгі тұйықтаушы буыны негізгі міндеттерді орындауға сәйкес қамтамасыз етілетін өлшем болып табылатын өлшемді тізбек аталады.



2.26-сур Д өлшеуші өлшемдік тізбек:

Д-1—Д4 — Д өлшеуші өлшемдік тізбекті құрайтын өлшемдер; ДΔ — Д өлшеуші өлшемдік тізбектің тұйықтаушы

Туынды деп тұйықтаушы буыны негізгі өлшемдік тізбектің құраушы бөлігінің бірі болып табылатын өлшемдік тізбек аталады.

Өлшемдік тізбектердің буыны не болмаса сызықтық, не болмаса бұрыштық өлшемдер болуы мүмкін. Осыған байланысты өлшемдік тізбекті тиісінше **сызықтық** не болмаса **бұрыштық** деп атайды.

Өлшемдік тізбектің буыны бір немесе бірнеше параллель жазықтықтарда, сол сияқты параллель емес жазықтықтарда орналасуы мүмкін. Бірінше жағдайда өлшемдік тізбекті *тегіс*, екінші жағдайда **кеңістіктік** деп атайды.

Міндеттер қою және өлшемдік тізбекті анықтау. Өлшемдік тізбектің теорияларын тәжірибеде қолданудың анағұрлым күрделісі өлшемдік тізбектерді қойылған міндеттерге сәйкес анықтау болып табылады. Бұйымның конструкциясында объективті түрде қолданылатын байланыстарды көрсете отырып, оны дайындаудың технологиялық процессінде немесе өлшеген кезде өлшемдік тізбекті оның еркін құрылуына жол берілмейді. Өлшемдік тізбектің тек жалғыз нұсқасы қойылған міндеттің дұрыс шешімі бола алады. Осыдан өлшемдік тізбекті анықтау кезінде жол берілген және бұйымды жобалау әрі дайындау кезінде жұмсалған еңбекті жоққа шығаратын қателердің маңыздылығы көрінеді.

Кез келген өлшемді тізбекті анықтау тұйықтаушы буынды айқындаудан басталады.

Тұйықтаушы буынды анықтау. Өлшемдік тізбектің тұйықтаушы буынын бұйымды конструкциялау, оны дайындау немесе өлшеу кезінде туындайтын міндеттерге сүйене отырып алады. Сондықтан басында шешімі бұйым конструкциясының дайындау немесе оның дәлдігін өлшеу кезінде бұйымның қызметтік

мақсатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті міндеттің қойылуы және нақты қалыптастырылуы тиіс.

Бұйымды конструкциялау кезінде міндетті қалыптастырудан тұйықтаушы бұйымды анықтауға көшу көрсеткішіне толығымен қойылған міндеттің шешімі байланысты болатын сызықтық немесе бұрыштық өлшемді анықтауды қамтиды.

Бұйым дайындау кезінде өлшемдік тізбектің тұйықтаушы буыны оның дәлдігі технологиялық процесспен қамтамасыз етілуі тиіс өлшем болып табылады. Өлшеу кезінде тұйықтаушы буын өлшенген өлшем болып табылады. Осылайша тұйықтаушы буында орындалатын міндеттің мағынасы қамтылған, осыдан әрбір өлшемдік тізбектің тек қана бір міндетке шешім беретінін және оның бір тұйықтаушы буыны болатынын байқауға болады.

Тұйықтаушы буынға шек мынадай үлгіде белгіленеді:

- конструкторлық өлшемдік тізбектерді – бұйымның қызметтік мақсатына немесе оның механизміне;
- технологиялық өлшемдік тізбектерде – қашықтықта шекке немесе бөлшектер беттерінің (олардың осьтерінің) немесе бұйымды дайындау не болмаса бұйымды құрастырудың технологиялық процессін жүзеге асыру нәтижесінде алынуы қажет бұйым бөлшектерінің салыстырмалы бұрылысына сәйкес;
- өлшеуші өлшемдік тізбектерде – талап етілетін өлшем дәлдігіне сүйене отырып.

Өлшемдік тізбектің құраушы буындарын анықтау. Тұйықтаушы буынды анықтап, өлшемдік тізбектің құраушы буындарын анықтауға кірісуге болады. Конструкторлық өлшемдік тізбектердің құраушы буындары:

- тұйықтаушы буын құрайтын бөлшектердің беттері (олардың осьтері) және осы бөлшектердің негізгі базалары арасындағы қашықтық (салыстырмалы айналымдар);
- қойылған міндеттерді шешуге өздерінің өлшемдерімен тікелей қатысатын бөлшектердің қосалқы және негізгі базаларының беткі бөліктері арасындағы қашықтық (салыстырмалы бұрылыстар).

Осы ережелерді басшылыққа ала отырып, өлшемдік тізбекті анықтау үшін тұйықтаушы буын құрайтын бөлшектердің беттерінен (олардың осьтерінен) осы бөлшектердің негізгі базаларына, олардан бірінші бөлшектерді тұйықтаушы контур құрғанға дейін базалайтын

бөлшектердің негізгі базасына дейін жүрген жөн. Біріктіретін бөлшектердің негізгі және қосалқы базаларының үйлеспеуі (сәйкес келмейтін саңылаулар) мүмкін болған жағдайда жеке буындарда ескеріледі. Осылайша бөлшек өлшемдік тізбекке тек бір мөлшермен қатыса алады.

Технологиялық өлшемдік тізбектерді анықтау. Технологиялық өлшемдік тізбектер бөлшектің өлшемін алу кезіндегі операциялардың байланысын көрсетеді, сондықтан оларды төзу өлшемі алынатын соңғы операциядан бастау ұсынылады. Оның мынадай екі нұсқасы болуы мүмкін:

- өлшемнің дәлдігін қамтамасыз ету міндеті соңғы операция шеңберінде шешіледі (технологиялық базалардың бірі ретінде өлшем салынған жазықтық пайдаланылған жағдайда), бұл ретте төзу мөлшерінің дәлдігіне осы операцияда пайдаланылатын технологиялық жүйенің өлшемдік тізбегінің көмегімен қол жеткізіледі.
■ j , Н/мм қаттылығы, AP_z эквивалентті күшті өсіруді оның әрекет ету бағытында өлшенетін АУ орын ауыстыруды өсіруге қатынасымен өлшеу қажет.

■ регламенттелген жағдайларда өлшенген технологиялық жүйенің қаттылығы оның физикалық жағдайының сипаттамасының бірі болып табылады;

■ Технологиялық жүйенің қаттылығы оның басқа сипаттамаларының өзгеруіне байланысты ауыспалы өлшем болып табылады; Мұндай сипаттамаларға станоктың жағдайы, оның конструктивті ерекшеліктері, бөлшектердің материалы, МСС тұтқырлығы мен оның қиысуындағы саны, түйіндес бет формаларының қателіктері, алдын ала тартылыстардың көлемі мен бағыты, температура және т.б. мысалы, жұмыс жасамайтын станокта анықталған дөңгелете тегістелген станоктың сүмбі қысқышының орташа

яғни, қалыпты температурада, сүмбі қыспағын оның бос жүрісінде 30 минуттық қыздырған соң 44 %-ға өсті;

- қаттылықты анықтау осы тәуелділікті өзгертуге әсер ететін барлық факторларды қатаң регламенттеу кезінде жүргізілуі тиіс. Бірінші кезекте бөлшектердің салыстырмалы орын ауыстыруын өлшеп, олардың нүкте координаттары, жүктемелік нүктелерінің координаттары, бөлшектердің температурасы және т.б. реттелуі тиіс.

Қаттылыққа қарама-қарсы өлшем *икемділік* атауына ие болды.

Икемділік екі бөлшектің таңдалған нүктелерінің салыстырмалы қалпына келтірілген күш ықпалымен оның әрекетінің бағытына қарай өзгертуге құрастырма бірліктің немесе технологиялық жүйенің қабілеттілігін білдіреді.

Технологиялық жүйенің қаттылығын арттыру өңдеудің өнімділігін арттыру мен динамикалық баптаудың қателіктерінің бөлігін қысқартудың бір жолы болып табылады.

Технологиялық жүйелердің қаттылығын арттырудың негізгі жолдары:

- Технологиялық жүйенің өлшемдік және кинематикалық тізбегінде қиюласулар мен буындар санын қысқарту;
- Алдын ала тартылыс жасау жолымен орналастырудың анағұрлым анықтылығын қамтамасыз ету; тартылыс үздіксіз әрекет етуші механизмдермен жасалуы мүмкін, мысалы, станоктардың серіппелі немесе гидравликалық артқы басшаларымен, ілінген жүктермен, немесе әртүрлі, кезеңді әрекет ететін қысқыш құрылғылармен, олардың көмегі арқылы жұмысшы станоктардың тораптарын немесе олардың бөліктерін бір күйден екіншісіне ауыстырғаннан кейін бекітеді;
- машиналарды дайындау кезінде, кейіннен оларды пайдалану процессінде де тиісті құрылғыларды (қысатын тактайшының сыналары) жақсы реттеу арқылы қиюлардың байланыс қаттылығын арттыру, бөлшектердің түйіндес беттерінің қателіктерін қысқарту, тиісті тұтқырлықтағы МСС пайдалану және т.б.
- технологиялық жүйе бөлшектерінің, оның ішінде өңделуші бөлшектердің өзіндік қаттылығын жоғарлату;

- технологиялық жүйенің температурасын және басқа факторлардың әрекеттерін тұрақтандыру немесе температуралық және басқа деформациялардың ықпалының орнын толтыратын түзетулер енгізу;
- бөлшектерді өңдеу процессінде технологиялық жүйенің қаттылығын өзгерту жолымен басқару.

Вибрация құбылыстары мен оларды қысқарту жолдары. Станоктарда пайда болатын вибрацияларды екі түрге бөледі: мәжбүрлі вибрациялар мен автотербелістер. Мәжбүрлі вибрацияны туғызатын себептерге станоктардың жылдам айналатын бөлшектерінің, кесуші құралдың немесе өңделетін бөлшектің өзінің теңгерімсіздігі, станоктың кейбір жеке бөлшектерінің қателіктері, өңдеу әдіптерінің тербелісі, бөлшектің өңделуші бетінің үздіктігі, түйічтерінде саңылаулардың болуы, басқа жұмыс жасаушы машиналардың тербелісі.

Автотербелістер деп үнемі әрекет ететін қуат көзінен қолдау алатын жүйенің сөнбейтін тербелістерін атайды. Автотербелістер технологиялық жүйеде белгілі бір жағдайда пайда болып, осы жағдайлар өзгергенге дейін жалғасады. Автотербеліс құбылысын түсіндірудің көптеген әртүрлі жорамалдары ұсынылды, алайда осы кезге дейін құбылыстың пайда болу себептері мен нақты мәнін түсіндіретін автотербеліс процессінің жеткілікті бекітілген сипаттамасы жоқ. Ең көп қиындық автотербелісті қысқарту мәселесін шешуге байланысты, себебі вибрацияның бұл түрі бөлшектерді өңдеудің сапасы мен үнемділігін арттыру жолындағы негізгі кедергі болып табылады.

Нақты жағдайларда вибрация өңделетін бөлшектің, құралдың және технологиялық жүйенің барлық басқа бөлшектерінің кеңістігіндегі қосымша салыстырмалы қозғалыстар болып табылады.

Технологиялық жүйенің барлық бөлшектері бір-бірімен байланысты болғандықтан, технологиялық жүйенің жеке буындарында қандай да бір бағамдарын өзгерту оның барлық басқа буындарының тербелістерінің сипаттамаларында қандай да бір дәрежеде байқалатын болады.

Жұмыс барысында кескіш қандай да бір себеппен тепе-теңдік күйінен шығып екі бағытта тербелмелі қозғалыс жасай бастайды да, бөлшектің тең біркелкі айналу қозғалысына түскен құрал мен бөлшектің арасындағы салыстырмалы қозғалыс тұйық қисықты

Жалпы жағдайда бұл қозғалысты аспап не бөлшек жасай алады, не болмаса бұны осы екеуінің қозғалыстары арасындағы әрқилық көрсетуі мүмкін. P кесу күшінің әрекеті бағытында кескіштің қозғалысы кезінде кесудің тереңдігі, демек жоңқа қию мен кесу күші оның әрекетінің бағытына қарама-қарсы кескіштің қимылына қарағанда көп болмақшы.

Осылайша, кесу күшін өзгерту тербелістің әрбір циклында қосымша импульстар беріп, алынатын энергия мен үйкелісті (құрғақ үйкеліс, МСС -дағы үйкеліс, ауаға үйкеліс, металлдағы ішкі үйкеліс), ауырлық күші мен технологиялық жүйенің бөлшектерінің инерциясының күштерін және т.б. жеңуге шығындалатын энергия арасындағы тепе-теңдік қалпына сәйкес келетін өлшемге дейін тербеліс қарқындылығын арттыруға алып келеді.

Өңделетін бөлшектің тербелістерімен байланысты процесстер кескіш тербелістерімен байланысты процесстерге ұқсас.

Вибрацияны тудыруға кесу күштері мен қарсыласу арасында қалыпты кесу барысында болатын тепе-теңдік шартына өзгерту енгізетін кез келген фактор себеп бола алады.

Мұндай факторлар болып кесу режимін өзгерту немесе материалдың қаттылығы, кездейсоқ соққылар және басқалар бола алады.

Вибрацияның пайда болуына жағдайлар жасауға ықпалдасатын факторлар арасында маңызды рөлді авторезонанс құбылысы ойнайды.

Авторезонанс мәні жеке өзара әрекеттесетін тербеліс жүйелерінің өзіндік тербеліс жиіліктерінің сәйкестігіне негізделген. Айналыстардың санының белгілі бір кезеңінде сүмбі жетегінің айналмалы тербелісінің жиілігі өңделуші бөлшек пен сүмбінің көлденең тербелісінің жиілігіне жақындайды. Мұныменен вибрацияның пайда болуын жеңілдететін жағдай жасалады.

Кесу күштерін өзгерту жиілігі бұрынғы жүру жолында өңделген бетте толқындылықтың пайда болуына алып келген автотербелістердің жиілігіне сәйкес келеді; жиіліктердің сәйкес келуі нәтижесінде қосымша резонансты мәжбүрлі тербелістер пайда болып, олар автотербелістердің облысын күшейтеді және кеңейтеді.

Вибрацияның пайда болуына ықпалдасатын болжамды себептердің біріне назар аудару қажет, ол технологиялық жүйе бөлшектерінің өңделу барысындағы тұрақсыз тепе-теңдігі болып табылады.

Шынында да, бірқатар бөлшектердің түйіскен жерлерінде саңылаулардың болуы нәтижесінде (сүмбі-тірек, бағыттаушы суппорт-күймешелер және т.б.) кейбір жағдайда бөлшектер

немесе бүтін құрама бірліктер орналасуының белгісіздігі құбылысының салдарынан тұрақсыз тепе-теңдікте болады.

Тәжірибе көрсеткендей, мысалы, бөлшектер қалыптағы күйінен 180° бұрылған жонғыш және көпкескішті станоктарда өңделсе вибрация едәуір азаяды. Бұл жағдайларда кесу күшінің қалыптығыға қарама-қарсы бағытта әрекет етуінің нәтижесінде суппорттың бөлшектері («қарлығаштың құйрығы» арқылы қосылыстар арқасында қиюлардағы саңылаулар таңдалады) мен сүмбі оның тіректерінде орналастырудың жоғарғы анықтамалығын қамтамасыз етіледі, сонымен қатар түйістерді максималды демпфирлеу арқылы вибротұрақтылық артады.

Өңделетін бөлшектің ауырлық күші сәтімен бір бағытта әрекет ете отыра кесу күштерінің сәтімен сүмбінің оның тіректерінде орналастырудың жоғары анықтамалығын қамтамасыз етеді.

Вибрациямен күресудегі негізгі іс-шара технологиялық жүйенің, яғни оның барлық құраушы буындарының қаттылығын арттыру болып табылады. Қаттылықты арттыру өзіндік тербелістерді жиілетеді, бұл өз кезегінде әдетте тербелістің амплитудасын азайтуға алып келеді.

Технологиялық жүйенің бөлшектерін орналастырудың жоғарғы анықтамалық дәрежесін қамтамасыз ететін конструкцияларды жасау арқылы, өлшемді және кинематикалық тізбекте буындар санын азайту, алдын ала тартылысты дұрыс жасау мен қолдану және т.б. арқылы жүйенің қаттылығын арттыруға тағы да назар аудару қажет.

Көптеген жағдайларда бөлшектерді серіппелермен, жүктермен және басқа тәсілдермен ауырлату арқылы қосымша тартылысты енгізу вибрация зоналарының қысқаруына ықпал етеді.

Жонғыш, көпкескішті, тегістегіш және басқа станоктарда пневматикалық, гидравликалық және серіппелі артқы центрлерді қолдану жүйеде автоматты түрде вибрацияның пайда болу мүмкіндігін бірқатар жағдайларда азайтуға ықпал ететін талап етілетін алдын ала тартылысты қолдауға мүмкіндік береді.

Технологиялық жүйенің мәжбүрлі тербелісін тудыратын сыртқы күштердің ықпалын қысқарту сондай-ақ вибрациялармен күресу тәсілдерінің бірі болып табылады.

Вибрацияларды азайтудың негізгі іс-шаралары:

- қоздырғыш күштерді азайту, мысалы, технологиялық жүйенің жылдам айналатын бөлшектерін өте жақсы баланстау арқылы ортадан тепкіш күштерді азайту;

■ өңдеу үшін кесудің мындай режимдерін таңдау, мысалы, қоздырғыш күштер жиілігі жүйенің буындарының өзіндік тербелістерінің жиілігінен алыс, басқаша айтқанда, резонансты тербелістердің болмау зонасында өңдеуге кеңес беріледі;

■ технологиялық жүйенің буындарының өзіндік тербелістерінің жиілігін өзгерту;


■ технологиялық жүйені сыртқы әсер етуші басқа станоктардың, балғалардың, жұмыс жасаушы қозғалтқыштардың тербелісінен және т.б. оқшаулау;

Мысал ретінде 4.23-суретте станокты басқа тербелістердің әсерінен оқшаулайтын резеңке тіректерге алдын ала тартылыспен орнату көрсетілген.


Вибрациялардың пайда болу тұрғысынан ең үлкен қиындықты жеткіліксіз қатты бөлшектерді өңдеу тудырады. Бұл жағдайда вибрациямен күресудің негізгі құралы өңделуші бөлшектің қаттылығын қосымша тіректер енгізу арқылы арттыру болып табылады. Өңделу кезінде айналатын бөлшектер үшін мұндай тірек қозғалмайтын және қозғалатын люнеттер болып табылады.

Осындай типті бөлшектердің өзіндік тербеліс жиілігін оған қосымша жүктерді ілу арқылы өзгерту де вибрацияны қысқартуға ықпал етеді.

Бірқатар жағдайларда вибрацияны әртүрлі текті вибротоктатқышпен өшіреді. Вибротоктатқыштың мақсаты тербелмелі қозғалыстың энергиясын жұту арқылы тербеліс



4.23-сурет. Станоктың вибрациясын азайтуға арналған резеңке төсеніш



4.24-сурет. Үйкеліс күштерін қолану арқылы жұмыс жасайтын вибротоқтатқыш:

1 — тері манжет; 2 — оқтау; 3 — серіппе; 4 — жұдырық; 5 — ролик

онда аз диаметрлі ұзын біліктерді өңдеу кезінде вибрацияны үйкеліс күштерінің есебінен тоқтатады. Үйкеліс күшін тудыратын құрылғы екі сақина мен сомынмен қысылатын тері 1 манжетінен тұрады. 2 оқтауының тесігіне түрлендірілген шойыннан жасалған 4 жұдырығымен 3 серіппесі салынған. Өңделуші білік 5 ролигі мен 4 жұдырығы арасында ұшына кигізілген тұтқыш көмегімен 2 оқтауының айналуымен қысылады.

Вибрация пайда болған кезде 2 оқтауы өңделуші білікпен бірге орын ауыстырады. Вибрацияны тоқтату тербеліс энергиясын оқтаудың манжеттегі үйкелісімен жұту арқылы жасалады. Жасанды қарсыласу жүйесіне қосылу нәтижесінде әрекет ететін кейбір вибротоқтатқыштың конструкциясында қарсыласу күштері ретінде майдың дроссельді тесіктер арқылы ағуы кезінде пайда болатын гидравликалық қарсыласуды қолданады.

Бірқатар жағдайда тербелістің динамикалық тоқтату принципіне жұмыс жасайтын вибротоқтатқыштарды қолданады.


Олардың әрекетінің мәні келесіге тұжырымдалған. Тербелісін өшіру қажетті бөлшекке осы бөлшектің тербелісінің жиілігіне тең болатындай жиіліктегі кішігірім масса серпінді қосылады. Бұл жағдайда динамикалық вибротоктатқыштың массасы дірілдетуші бөлшектің тербеліс фазасынан 180° ажыратылатын фазада тербеледі. Пайда болатын күш тербелісті болдыратын күшке тең. Күштер қарама-қарсы бағыттарда әрекет ететіндіктен, олар теңеседі, демек, вибрацияда тоқтайды.

Құралдың өлшемдік тозуы. Өңдеу процессі барысында бір қатар факторлардың әрекет етуі салдарынан (үйкеліс, тербеліс күштері, кесу күші, температураның, МСС, материал, құрал мен өңделуші бөлшектің және т.б. қасиеттері) құралдың тозуы орын алады.

Тозудың салдары болып өңделуші бөлшектердің беттерінің өлшемінің немесе беттердің арақашықтығының өзгеруі табылады. Сондықтан, металлдарды кесу облысындағы зерттеулерде қолданылатын артқы беттің тозуына қарағанда мұндай тозу өлшемдік деген атауға ие болды,

Тозудың уақытта жүруі әдетте үш учаскеден тұратын қисық сызықпен сипатталады (4.25 сурет).

ОА бірінші учаске қисық сызықтың жеткілікті тез өсуімен сипатталады. Бұл учаскеде тозушылық бастапқы атауына ие, оның қарқындылығы негізінен өңдеу процессінде бөлшектің бетімен жанасатын құрал бетінің бұдырлық деңгейіне тәуелді. Бастапқы тозу кезеңі біткен соң қалыпты өлшемдік тозу басталады, ол өңделу уақытының пропорционалды өсуімен сипатталады (AB учаскесі). Соңғы үшінші қисық сызық құралдың қарқынды тозуын сипаттайды, ол құралдың жиі сынуына алып келеді. Әдетте қалыпты тозу кезеңінің соңында аспапты ауыстырады.



4.25-сурет. Уақыт ішінде құралдың өлшемдік тозуының жүру барысын сипаттайтын қисық сызық

Бөлшектің өңделуінің қажетті нақтылығына қол жеткізу тұрғысында ең тиімдісі құралдың қалыпты өлшемдік тозуының қисық сызығының учаскесін пайдалану болып табылады, оның көлбеу бұрышы өлшемдік тозудың қарқындылығын сипаттайды. Бұл мақсат үшін құралдың кесуші жиектерін оны дайындау барысында немесе қайрау процессінде жетілдіру арқылы тозу кезеңі мен әсіресе бастапқы тозу көлемін азайтуға тырысады. Бірқатар жағдайларда тәжірибелі жөндеуші кесетін жиектердің, мысалы, кескіштерді орнатып, станокқа қолмен қажат білеумен бекіткеннен соң да жасай алады.

Құралдың өлшемді беріктігіне кесу жылдамдығы мен оның тербелісі ең үлкен ықпал етеді. Бірқатар жағдайларда маңызды, ал кейде шешуші мәнге технологиялық жүйеде пайда болатын вибрациялар, сонымен қатар, әртүрлі себептер салдарынан пайда болатын кесу күшінің тербелістері ие. Бұл құбылыстың негізгі себептері бөлшектердің материалының қасиеттері мен өңдеуге қосу әдіптерінің тербелісі болып табылады.

Құралдың өлшемдік төзімділігі көбінесе кесуші аспаптың материалының сапасынан, оның тзімділігі мен құралды дайындау сапасының тұрақтылығына тәуелді.

Жоғарыда баяндалғанға сәйкес, құралдың өлшемдік тозуының динамикалық баптауының қателіктері көлеміне, сонымен өңдеудің дәлдігіне де ықпалын азайтудың негізгі жолдары мыналар:

- Құралды дайындау сапасының тұрақтылығын жоғарлату;
- Бастапқы өлшемдік тозудың өлшемін қысқарту үшін оның кесуші жиектерінің жетілдіруін арттыру;
- Кесу күштерін тұрақтандыру;
- Технологиялық жүйеде вибрацияларды азайту;
- Өңдеудің анағұрлым үнемді режимдерін таңдау;
- Құралды қайта қайрау үшін оны уақытылы ауыстыру;
- МСС дұрыс талғау және қолдану;
- Технологиялық жүйенің тізбектерін уақытылы өтеу;
- аспапты кесу күші және басқа серпінді орын ауыстыру пайда болғанда оның геометриясының өзгеруін ескеріп, дұрыс орнату мен бекіту және басқа бірқатар іс-шаралар.

Демек, аспаптың өлшемдік төзімділігін арттыру өңдеудің нақтылығы мен оның өнімділігін арттырудың мықты факторы болып табылады, себебі аспаптың әрбір ауысуы процесс барысында үзілістердің болуынан өнімділіктің төмендеуімен байланысты.

Технологиялық жүйенің температуралық деформациялары.

Технологиялық жүйенің температурасын өзгерту оның орындаушы беттерінің қосымша кеңістіктік салыстырмалы орын ауыстыруларын, соның нәтижесінде динамикалық баптау қателігінің қосымша қосылғыштарын тудырады. Температураның өзгеруінен пайда болатын орын ауыстырулар *температуралық деформациялар* деп аталады.

Технологиялық жүйеде жылу түзудің негізгі көзі ол кесуге шығындалатын механикалық жұмыс пен станоктың қозғалушы бөлшектерінің түйістерінде пайда болатын үйкеліс күшін жеңуге жұмсалатын жұмыс. Бұған станоктың гидравликалық және электрлі жүйелерінде түзілетін, қоршаған ортадан келетін, ауадан, жақын жерде орналасқан басқа станоктар, жылытушы құрылғылар, іргетастан және т.б. жылу қосылады.

Аталған жылу көздері өңделуші бөлшектердің дәлдігі мен оның жеке сипаттамаларына әртүрлі ықпал етеді. Кесу зонасында пайда болатын жылудың айтарлықтай бөлігі жоңқаға кетеді, тағы бір бөлігі кесуші аспаптың температурасын, демек, өлшемдері мен салыстырмалы қалпын өзгеруге кетеді, тағы бір жылу бөлігі қоршаған ортаға өңделуші бөлшекті қыздырып және деформациялап жойылады.



Станокта үйкелу жұмысынан түзілетін жылу оның бөлшектерінің температурасын өзгертеді және осы арқылы станокта жұмыс жасау кезінде олардың салыстырмалы қозғалысы мен қалпын өзгертеді.

Барлығы қосылғанда технологиялық жүйенің температуралық деформациясын тудырады, олардың үлестік ықпалы өңдеу қателіктерінің басқа құрастырманың арасында әртүрлі болады.

Өңделетін бөлшектерге шектеуді азайту және өңдеу режимдерін арттыруға қарай температуралық деформациялардың ықпалы артады. Бұл бірінші кезекте тегістеп өңдеу және басқа әрлеу операцияларына қатысты.

Кесу зонасында түзілетін жылу технологиялық жүйенің температуралық деформациясын тудырып қана қоймай, сонымен бірге кесуші құралдың төзімділігіне, демек, өңдеудің өнімділігіне де зор ықпалын тигізеді.


Жылудың барлық осы көздері қандайда бір шарттарда технологиялық жүйенің әртүрлі буындарының температурасының тербелу өлшеміне, демек,



4.26-сурет. Станоктың температуралық алаңы

олардың температуралық деформацияның көлемі мен сипатына да әртүрлі ықпал етеді. Бұл деформациялар технологиялық жүйе буындарының олар дайындалған және дәлдікке тексерілген қалыпты нормасынан ауытқуына байланысты пайда болады. 4.26-суретте станоктың әртүрлі нүтелерінің қалыпты температурадан ауытқуларының өлшемдері көрсетілген. Қандай да бір бос бөлшектің температурасын бірдей өзгерту оның өлшемінің өсуіне немесе кемуіне алып келеді. Температураны біркелкі емес өзгерту формасының қисаюына себеп болады. Көптеген бөлшектер өзара байланысты болғандықтан, олардың әрқайсысының температурасын бірдей емес өсіру не кеміту олардың өлшемі мен формасының өзгеруіне ғана алып келмейді, сонымен қатар, өңделуші бөлшектердің қателіктерін тудыратын салыстырмалы күйлеріне де себеп болады.

4.27-суретте өңделуші бөлшектердің температурасының өзгеруін, жеке элементтердің орын ауыстыруларды, сонымен қатар радиустың өзгеруін сипаттайтын қисық сызықтар көрсетілген.



4.27-сурет. Станоктардың элементтерінің температурасының өзгеруі (а) және температуралық деформацияны (б) сипаттайтын қисық сызықтар:

1 — гидравликалық жүйенің майын қыздыру; 2 — айналдырғы қыспағының корпусын қыздыру; 3 — жұмыстың максималды есептік режимінде тұғырды қыздыру; 4 — жұмыстың қалыпты режимінде тұғырды қыздыру; 5 — МСС қыздыру; 6 — кірекесу бұрандасы мен қысқыштың корпусының температуралық деформациясының нәтижесінде тегістегіш шеңберді жылжыту; 7 — өңделетін бөлшектің радиусын өзгерту; 8 — тұғырдың деформациясы нәтижесінде бөлшекті жылжыту

Кестеден көрініп тұрғандай, бірқатар жағдайларда орын ауыстыру температураның ұлғаюына қарағанда жылдамырақ өседі. Бұл бөлшектердің біркелкі қызбауынан болатын станок бөлшектерінің бұрылысы бұрылыстар өсінен орын ауыстыру өлшенетін нүктелерге дейінгі пропорционалды қашықтықпен байланысты орын ауыстыру көбеюімен түсіндіріледі.

Көптеген жағдайда станоктардың температуралық деформация өңделуші бөлшектерге берілетін шектеулерге шамалас болады. Сондықтан температуралық деформацияны тұрақтандыру үшін шаралар қабылдауға мәжбүр, олар бірқатар жағдайда технологиялық жүйенің баптауына керекті дәлдікке қажетті түзетулер енгізу арқылы олардың өңделуші бөлшектердің дәлдігіне ықпалын азайтуға мүмкіндік береді.

Негізгі іс-шаралар:

- бөлмелерде ауа температурасын талап етілетін деңгейде ұстау; мысалы, координаттық-жону білдегінде дәл бөлшекті өңдеу кезінде жайларда температура $(20 \pm 0,5)$ °C және одан да тар шеңбердегі деңгейде ұстау;
- температуралық деформацияны азайту үшін станоктың тұғырын немесе корпусы бөлшектерді қосымша суыту немесе жылыту. Жылы ауаның ағымын тік жазық тегістегіш станоктың сүмбі қысқышынан тұғырдың артқы қабырғасына жүргізу оның температурасын алдыңғы қабырғаның температурасымен теңестіруге, сол арқылы станок үстелінің жұмысшы жазықтығының перпендикулярлығынан сүмбінің айналу өсінен ауытқуы жалғасқан тұғырдың температуралық деформациясын азайтуға жағдай туғызады. Станоктарды экрандау да бірқатар жағдайларда жылу көздерінің әсері және станоктың температуралық деформациясын азайтуға көмектеседі;
- Тұрақты жылу теңдігі қалыптасатын температураға дейін станокты алдын ала жылыту. Жылытуды станоктың бос жүрісіндегі жұмысында әлдене үдемелі режимде немесе жасанды қыздыру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін;
- Станок температурасын айтарлықтай өзгертуі мүмкін ұзақ жұмыс үзілістерін болдырмау. Кесуші аспаптардың температуралық деформациясы бірқатар жағдайда өңделетін бөлшектердің дәлдігіне маңызды әсер етеді.

Өңделуші дайындамалардың температуралық деформациясы көп жағдайда қажетті дәлдікті алуға шешуші мәнге ие.

Өңделетін дайындамаға өтетін жылудың мөлшері ең бастысы өңдеудің режимдеріне байланысты, және суытусыз жұмыс кезінде, әсіресе таза және өңдеуші операцияларда бөлінетін жылудың жалпы мөлшерінен 50... 60%-ға дейін жетеді. Көптеген өңделетін дайындамаларда бір беттің немесе бір мезетте бірнеше беттің жеке учаскелерін біртіндеп өңделуі жүзеге асады. Осының арқасында кесу зонасында түзілетін осы жылу көзі үздіксіз (мысалы, қайрау, бұрғылауда) немесе үзілістермен (жону кезінде) дайындаманың өңделуші бетінде орын ауыстырады. Бұл жайт өңделуші дайындаманың біркелкі емес қызуын тудырады, және әдеттегідей оның тек өлшемдерін өзгеруін ғана емес, сонымен бірге геометриялық формасының өзгеруін болдырады.

Өңделу процессінде дайындаманы қыздырып, формасын бекіту нәтижесінде бос кеңеюдің мүмкіндігі болмауына орай өзінің формасын бұрмалайды. Сондықтан дайындама деформацияланған күйде өңделеді. Суытылғаннан кейін, әрине ол суыну кезіндегі деформация салдарынан қателіктерге ие болады.

Ең үлкен температуралық деформациялар ұзын дайындамаларды біржақты өңдеу кезінде жүреді.

Есептер көрсеткендей, дайындамалардың температуралық деформациясы бірқатар жағдайларда оларды өңдеу шектеулеріне шамалас. Мысалы, 2 000 мм ұзындықтағы 600 мм биіктікте шойын тұғырдың температуралық деформациясы температураның айырмасында тұғырдың биіктігі бойынша 2,4 °C 1 метрге 0,01 мм дейін жетеді. Бұл шама дәл станоктардың тұғырларының тіксызықтығынан ауытқудың шектеуіне шамалас.

Температуралық деформацияларды азайту үшін негізгі іс-шаралар ретінде келесілер табылады:

- Өнімділігі (минутына литрлер) киловаттық станоктың басты жетегінің бес-, ондық қуаттылығына тең жасанды суытуды қолдану;
- Кесудің жылдамдығын ұлғайту, соның арқасында жылудың үлкен үлесі жоңқаға кетеді;
- Бөлшектерді үлкен диаметрлі шеңберлермен тегістеу;
- Сызықты деформацияның орнын толтыру мүмкіндігімен өңделуші дайындамаларды бекіту, мысалы, тегістегіш, көпкескішті және басқа станоктарда серіппелі, гидравликалық немесе пневматикалық артқы орталықтарды қолдану арқылы;

- Жылытудан болатын ұзарту кезінде екінші ұшы орын ауыста алатындай етіп ұзын дайындамаларды біржақты
- мықты бекіту;
- температуралық деформациялардың орнын толтыру үшін әртүрлі түзетуші құрылғыларды енгізу, сонымен қатар дайындамалардың жасанды деформациясын температуралық деформацияға қарама-қарсы бағытта орнату мен бекіту барысында, оның орнын толтыру мақсатында;
- температуралық деформацияның шамасы мен олардың шақтама өрісіндегі орынын ескеріп, технологиялық жүйені дұрыс баптау.

Тәжірибе көрсеткендей, жалпы өңдеу барысында алдыңғы операциядан өңдеуге келіп түсетін дайындамалардың температурасының тербелістері дайындаманың келесі операциядағы өңделуінің дәлдігіне маңызды ықпал етеді. Бұл құбылыспен күресу құралы болып ырғақты жұмыс немесе одан да жақсы, өңделуге келіп түсетін дайындамалардың температурасын тұрақтандыру үшін термостатикалық құрылғылардың станоктары арасындағы орнату табылады.

Ішкі кернеуді қайта бөлуден болатын бөлшектердің деформациясы. Ішкі (қалдықты) кернеулер деп жүктемені шешкеннен немесе сыртқы факторлардың әсерін алғаннан кейін бөлшектерде қалатын кернеулер аталады.

Ішкі кернеулер бөлшек металлының барлық көлемінде немесе оның ең үлкен бөлігінде (бірінші түрдегі кернеу) және микро-немесе ультрамикроскопиялық зоналарда (екінші және үшінші түрдегі кернеу) түзіледі. Ішкі кернеулердің тікелей себебі металлдың шектес макро-, микро- немесе ультрамикроскопиялық көлемдеріндегі сызықтық немесе көлемді өзгерістерінің біртекті еместігі болып табылады.

Әдетте ішкі кернеу өзара теңесіп және әзірге қандай да бір себептен бұл тепе-теңдік бұзылғанға дейін ешбір белгісі сыртқа байқалмайды. Тепе-теңдіктің бұзылуы ішкі кернеулердің қата бөлінуіне, соның нәтижесінде бөлшектің деформациясына алып келеді.

Машина жасау технологиясында машинаны реттеу, сынау және тапсыру уақытындағы жұмысы барысында орын алатын процесстерден болатын ішкі кернеулермен істес болуға тура келеді. Құю, соғу мен сығымдау, дәнекерлеу, термиялық өңдеу, қысыммен салқын өңдеу (жұқарту, қалыптау, бытыралы ағынмен өңдеу), кесу және басқалары сияқты технологиялық процесстерден туатын ішкі кернеулермен жиі кездесуге тура келеді.

Мысалы, құйманы суыту кезінде ішкі кернеулердің пайда болуы формалар мен өзектердің құйманың шөгуінің еркін жүруіне (механикалық тежелуі) қарсыласу салдарынан пайда болады және бұл басты түрде қабырғалардың әртүрлі қалыңдығында құйманың жеке бөліктерінің сууының біркелкі болмауына байланысты немесе суыту жағдайларының айырмашылығына байланысты орын алады (шөгудің термиялық тежелуі). Сонымен, кейбір мәліметтер бойынша, үлкен цилиндрлердің шөгуі биіктігі бойынша 0,8 % құраса, диаметрі бойынша барлығы 0,4% құрайды, ал бұл ұзындығы бойынша шөгуінің өзек тарапынан механикалық тежелуімен түсіндіріледі.

Металлдың жергілікті жиналуынан жұқа қырлар мен қабырғаларға және т.б. кенет өтулерімен күрделі құрылымдық формалары бар құймаларда ішкі кернеу ең үлкен көлемдерге дейін жетеді. Мұндай бөлшектердің мысалы болып станоктардың тұғырлары, жақтаулар, әртүрлі корпусық бөлшектер, кронштейндер және т.б. бола алады.

Мұндай құймалардың жеке бөліктерінің әркелкі сууы ішкі кернеулердің пайда болуына алып келеді. Өте көп бөлшектердің құйма дайындамалары кернеулі күйде механикалық өңдеуге түседі деп айтуға болады.

Құймалардың ішкі кернеулері тәуліктік және маусымдық температуралық тербелістер ықпалынан дайындамалардың қалдықты деформациясын шақыра отыра біртіндеп кері таратылады. Бұл ретте кері таратылу, демек, құймалардың деформациясы да басында қарқынды, ал кейіннен баяуланып («тынышталып») жүреді. Машина жасау тәжірибесімен бекітілгендей, машиналардың бөлшектері оларды өңдегеннен кейін машинада жұмыс жасау кезінде ішкі кернеулердің жалғасушы кері таратылуына байланысты деформациялануды жалғастырады.

Осылайша, машинаның талап етілетін дәлдігін сақтау және бөлшектердің өзіндік құнын төмендету үшін бөлшектердегі ішкі кернеулерінің шамасын азайту қажет. Бұл мәселенің негізгі шешуші жолы болып бөлшектің барлық бөліктерінің біркелкі сууының талаптарына жауап беретін конструктивті формаларын дұрыс қарастыру табылады. Негізгі технологиялық іс-шараларға құйманың технологиялық процессін, әсіресе құйманың сууын, және бөлшектің қаралтым өңделуін жеке операцияға бөліп шығаруды дұрыс жүргізу жатады.

Машина құрылысының тәжірибесі мен зерттеулері ішкі кернеулердің кері тарату процессінің қарқындылығы, демек, құймалардың деформациясы металлдың беткі қабаттарын кетіру барысында өңдеу кезінде анағұрлым артатынын көрсетеді.

Сондықтан қаралтым өңдеуден кейін бөлшекті станоктың үстеліне бекітетін қысқыштан, немесе құрылғыдан босатып, оның ішкі кернеулердің жүріп жатырған кері таратылуының ықпалымен еркін пішімін өзгертуге мүмкіндік беру керек. Қарсы жағдайда, әрі қарай өңдеу барысында бөлшек серпімді ширыққан күйде болып, қысқыштан босаған соң сөзсіз деформацияланады, сондықтан да қаралтым өңделу жеке операцияға бөлу қажеттілігі туады.

Бұл шара бөлшектердің кейінгі деформациялану шамаларын азайтады, бірақ соншалықты олардың шамасын ескермейтіндей емес. Сондықтан қаралтым өңдеуден кейін бөлшектерді әдетте табиғи немесе жасанды ескіртумен сынайды. Табиғи ескірту дегеніміз бөлшекті жайдың ішінде немесе сыртында ауаның температуралық тербелістеріне салу. Табиғи ескірудің ұзақтығы жеке бөлшектің әрбір типі мен өлшемінің ішкі кернеулерінің шамасына тәуелді. Мысалы, қалыптағы жонғыш станоктың тұғыры

5—10 тәулік ішінде табиғи ескіреді. Ал жоғары дәлдікті станоктардың, құрылғылардың және басқа өнімдердің кейбір бөлшектері бірнеше айлар, тіпті жылдар ішінде табиғи ескіреді.

Өндіріс циклін қысқарту мен бөлшектерді ұзақ табиғи ескіртуге шығындалатын қаражаттардың қайтуын жылдамдатуға ұмтылыс бұл процессті жасанды ескіртумен ауыстыруға алып келді.

Зерттеулер мен тәжірибе көрсеткендей, жасанды ескіртудің ең үнемді әдісі қаралтым өңдеуден өткен бөлшектерді термиялық өңдеуден өткізу болып табылады.

Бөлшектерді көптеген ұсақ соққылар нәтижесінде жасанды ескіртудің механикалық әдістері мәлім. Бұл мақсатта ұсақ бөлшектерді айналмалы барабанға қойып, шойынның кішігірім кесектері немесе арнайы бөлшектермен бірге тапатады. Үлкен габаритті өлшемді бөлшектерді арнайы құрылғыларда қағады немесе іледі, сосын металлдың жергілікті жиналу өту орындары бойынша жұқа қырлар мен қабырғаларынан пневматикалық балғамен соққылайды.

Жақын келешекте ішкі кернеулерді азайту үшін жоғары жиіліктегі тербелістер мен жаңа типті вибраторлар пайдаланылатындығын болжауға болады. Ішкі кернеу бөлшектерді термиялық өңдеу нәтижесінде де пайда болады. Көміртектілер үшін 400 °C және арнайы болаттар үшін 500 °C температурада сырғыштық құбылыс пайда болады. Бұл температуралардан төмен деңгейде болат серпімді күйде, ал жоғары деңгейде пластикалық күйде болады.

Бөлшектің температурасы көрсетілген мәндерге жетпеген суу сәтінде бөлшектерде ішкі кернеулер пайда болмауы мүмкін. Себебі

металл пластикалық күйде болады. Әрі қарай суу кезінде бөлшектің металлының сыртқы қабаттары ішкі қабаттарға қарағанда тезірек суып және 400 °C немесе тиісінше 500 °C төмен температураға жеткен кезде серпімді күйге ауысады, және көлемді азайтуға ұмтылыста ішкі, көбірек қызып тұрған қабаттардың қарсыласу күшіне кез болады.

Нәтижесінде металлдың сыртқы қабаттарында тартылыстың ішкі кернеулері пайда болады, ал бұл кезде ішкі қабаттарда сығымдалу кернеуі туындайды. Бөлшектің әрі қарай суу кезінде металлдың ішкі қабаттарының көлемінің қысқаруы суыған сыртқы қабаттардың тартылысын өтеп, бөлшекте ішкі кернеулер нөлге теңесетін сәт болады. Металлдың ішкі қабаттарын әрі қарай салқындату оның көлемін әрі қарай азайтуды талап етеді. Алайда оған оларға байланысты металлдың сыртқы суыған қабаттары кедергі болады; енді сыртқы қабаттарда сығудың ішкі кернеулері пайда болады, ал бұл уақытта ішкі қабаттарда тартылыстың кернеулері пайда болады.

Осылайша, термиялық өңдеуден өткен бөлшектер келесі өңделуге кернеулі күйінде өтеді. Бөлшектің конструктивті формалары неғұрлым күрделі, металлдың көлемдерінің бір көлемінен екіншісіне өту қатты және бөлшектің сууы жылдам және әркелкі болған сайын, соғұрлым онда пайда болатын ішкі кернеу шамасы бойынша үлкен болады.

Термиялық өңдеуден өткен бөлшектер бірнеше сағат жатқаннан соң олардың қандай да бір сыртқы факторлар әсерінен күшейген ішкі кернеулері нәтижесінде сынуы жиі кездесетін жағдай. Кейінгі операцияларда металлдың сыртқы қабаттарын алып тастау бөлшектерде ішкі кернеулердің кері таратылуы мен қалдықты деформациясына алып келеді.

Ішкі кернеулерді қысқартудың негізгі құралдары болып бөлшектерге металлдың бір көлемінен екіншісіне жатық ауысумен ерекшеленетін конструктивті форма беру, термиялық өңдеу процессін дұрыс жүргізу, әсіресе бөлшектердің біркелкі сууын қамтамасыз ету, сонымен қатар жұмсарту – қосымша операциясын енгізу болып табылады.

Дәнекерленген бөлшектерде ішкі кернеулер олардың әркелкі жылытылуы мен дәнекерлеу кезінде суу нәтижесінде түзіледі. Электрлік доға немесе газ жалыны түрінде жылу көзінің орын ауыстыру сәтінде балқыма қаптау зонасында негізгі және балқытылатын металлдың күшті (1 600 °C дейін) жылытуы орын алады, бұған қоса жылу, демек температура біркелкі таралмайды. Жоғары температура зонасын қоршаған металл учаскелері төменірек температураға ие болғандықтан, осы зонада металлдың еркін кеңеюіне кедергі келтірелді және сол арқылы онда сығудың

кернеуін құрайды, ал бұл металлдың елеулі пластикалық деформациясын тудырады, үйткені балқыма қаптау зонасында металл пластикалық күйде болады. Суығаннан кейін балқыма қаптау зонасында сығудың кернеуінің орнында қалдықты тартылыс кернеуі түзіледі, себебі бұл зонаның суытылатын металлдың көлемінің еркін азаюына, оған байланысты бөлшектердің қалған металлы кедергі келтіреді. Дәнекерленетін бөлшектердің ерекшеліктері қалатын температуралық деформациялар болып табылады.

Қалдықты деформациялар, әсіресе дәнекерленген бөлшектің дұрыс геометриялық формасын бұрмалау түріндегі, өңдеу кезінде бөлшектерді орнату, орналастыру мен бекітілуін қиындатады, және жиі орнатудың қателігінің артуына және талап етілетін дәлдікті қамтамасыз ететін қосымша операцияларды енгізуге алып келеді.

Дәнекерленген бөлшектердің қалдықты деформациясы жиі дайын бөлшектердің шектеуіне шамалас шамаға жетеді. Дәнекерленген бөлшектердің қалдықты деформациясын азайту үшін конструктивті және технологиялық бірқатар іс-шаралардың жүзеге асыру қажет. Мысалы, бөлшек өсінің қисаюын болдырмау үшін дәнекерлеу жіктерін оның геометриялық өсінің басқа жақтарынан түсіру қажет. Технологиялық іс-шаралардың мысалдары ретінде дәнекерлеу жіктерін дұрыс бірізділікте түсіру, дәнекерлеу режимінің қарқындылығын таңдау, жергілікті жылыту арқылы бөлшектердің кейінгі термиялық түзетуін қолдану немесе арнайы жасанды жапсырмалы жіктерді (білікше) және т.б. салу бола алады.

Ішкі кернеулерді уақыт аралығында кері тарату дәнекерленген бөлшегін өңдеу процессімен қатар, кейін машинада жұмыс істеу кезінде қосымша қалдықты деформациялардың пайда болуын шақырады. Ішкі кернеулерді кері таратуды болдырмау және алдағы уақытта олардың деформацияларының өлшемін қысқарту үшін дәнекерлеуіш бөлшектерді шойын құймаларға жасалатындай табиғи және жасанды ескіртуге ұшыратады. Мысалы, төменгі көміртекті болаттардан жасалған бөлшектерді 600... 650 °C температураға дейінгі пештерде жылытады.

Металлдың сыртқы қабаттарындағы ішкі кернеулер дайындамалар мен бөлшектерді салқын күйде қысыммен – салқын жұқарту, сүйрету, шырайналдыру, тесіктерді тігу, шариктер мен т.б. көмегімен калибрлеу нәтижесінде пайда болады.

Металлдың үтсіңгі қабатын алу (әсіресе бөлшектің бір жағынан) ішкі кернеулердің кері таратылуы мен бөлшектің деформацияларына алып келеді. Мысалы, суық тартылған материалдан дайындалған

ұзын білікшеде ойық кілтекті кесу оның белдігінің қисаюына алып келеді.

Металлды кесу арқылы өңдеу процессінде үстіңгі қабат елеулі пластикалық деформациялар мен жергілікті жоғары қысқа уақытты жылытуға ұшырайды. Бұл қабаттың қасиеті металлдың **қалған** массасының қасиетінен елеулі ерекшеленеді. Үстіңгі қабатты түзу процессіне ең көп маңызды ықпалды металлдың жоңқа түзілетін зонадағы деформациялану процессі, оның физикалық механикалық қасиеттері, кесуші жиек пен құралдың артқы бетінің өңделетін бөлшекпен байланысының өзара әрекеттесу беттері, олардың өлшемдері мен күйі, металлдың деформациясының деңгейі мен жылдамдығы, СОЖ қасиеті мен саны және басқалар.

Жұмысшының өнімнің сапасына ықпалы. Технологиялық процессің ешбірі адамның қатысуынсыз атқарылмақшы емес. Қатысу әртүрлі формада жүруі мүмкін. Қолдан жасалатын жұмыстарда жұмысшы тікелей технологиялық процессті жүзеге асырады. Жоғары жоғары механикаландырылған, әсіресе автоматтандырылған технологиялық процессте жұмысшының қатысуы өнімнің қажетті сапасы мен мөлшерінде шығаруын қамтамасыз ететін процесстің үздіксіз жүрісі мен тиісті деңгейін іске асыру үшін осы технологиялық процесстің жүру барысына қадағалау жасау түрінде орын алады.

Жұмысшының жеке ерекшеліктері оның технологиялық процессті тікелей атқаруы кезінде өнімнің сапасы мен өнімділігіне ең көп ықпал етеді. Шын мәнінде, жұмысшының біліктілігі, еңбек дағдылары мен оның жай-күйі мысалы, оның технологиялық процессті атқару кезінде жұмсайтын қажетті физикалық күшінің шамасына шешуші ықпал етеді.

Жұмысшының шаршауы оның жұмыс аптасы мен күнінің шінде жұмыс басталғаннан бастап өткен уақытқа, сонымен қатар оның жан жағдайына байланысты. Бұл өнімдердің партиядағы қандай да бір сипаттамасы берілген мәндерден ауытқуына алып келеді.

Жұмысшының біліктілігі мен мәдениеттілік деңгейін арттыру өнімнің сапасы мен еңбек өнімділігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, өнімнің сапасының тұрақтылығына маңызды ықпалды еңбекті механикаландыру және әсіресе технологиялық процессті автоматтандыру әсер етеді.

Мысалы, өңделуші бөлшектерді пневматикалық және гидравликалық қысудың көмегімен бекіту механизациясы орнатылушы дайындаманың шамасына қысу күшінің тербелістерінің ықпалын кілт қысқартады (қолмен қысуда әдеттегі болатын) және осы арқылы орнатудың қателігін азайтады. Шынында да, осындай жағдайларда қысу күшінің едәуір аз тербелістерінде бекітілетін дайындаманың деформациясы қысқыштар мен құрлығы базасы арасына орнату кезінде кірігетін оның бөліктерінің тербелістерінің өлшеміне ең көп тәуелді.

Технологиялық процесстің механизация мен автоматтандыру деңгейін ұлғайту шамасына қарай жұмысшының жеке ерекшеліктерінің өнімнің сапасына келтіретін ықпалы азаяды, және өнімнің сапасы жоғарылайды.

Жалпыға мәлім, технологиялық процессті механизациялау мен автоматтандыру адамның еңбегін жеңілдетеді және оның өнімділігін арттырады. Өндірісті механизациялау мен автоматтандырудың даму шамасына қарай технологиялық процесстің тікелей орындаушысынан технологиялық процесстің жүрісін басқаратын жұмысшыға айналады. Оның үлесіне қадағалау, алдын-алу және технологиялық процесстердің қалыпты жүрісін бұзатын әртүрлі ауытқуларды жою қалады.

Бұл функцияларды атқару жанжақты білім мен дағдыларды, яғни жоғары білікті еңбекті талап етеді. Демек, барлық жұмысшылардың біліктілігін үздіксіз арттыруға жағдай туғызу өнімнің сапасы мен өнімділігін арттыратын құралдардың бірі болып табылады.

Қарастырылған факторлардың өңделуші бөлшектердің сапасына жинақты ықпалы.

Кез келген технологиялық жүйеде бөлшектерді өңдеу кезінде қарастырылған факторлардың барлығы немесе бөлімі, олардың біріккен әрекеті өңделуші бөлшектердің дәлдігі мен басқа сапа сипаттамаларына шешуші ықпал етеді.

Технологиялық процесстің жүру шарттарына байланысты факторлардың меншікті ықпалы әртүрлі болады. Мысалы, материалдың қаттылығы және өңдеу әдібінің елеулі тербелісімен бөлшектердің партиясын өңдеуде осы факторлардың ықпалының меншікті мәні басқаларының арасында артып, өңделуші бөлшектердің геометриялық формалары мен өлшемдерінің жеткілікті үлкен шашырау өрісіне алып келеді. Әрине, өлшемді тізбектерді орнату қателіктері мен статикалық баптауының меншікті мәні осы жағдайларда салыстырмалы көп емес.

кішіТармақтар бақылау мен бағалаудың процесті әзірлеу қателіктері мен
негізгі бағыттарын анықтау мен олардың процесстерді жүзеге асыру
жөніндегі қарарлардың орындалуына бағамды ауытқуларына үнемді
рұқсат берудің маңызы зор. Осылайша, бақылау процестеріндегі жаңа
бөлімдердің жетістіктері мен сапасының анықталуына қажетті
жұмыс болғандықтан, осындай процессті әзірлеу мен оны атқару
барысында басқаруға деген қажеттілік туады.

ҚАДАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Дайындама материалының қасиетіне процесстердің әсері қандай?
2. Термиялық өңдеу кезінде болат дайындамаларының материалының қасиеттері қалай өзгереді?
3. Материалдағы қалдықты кернеудің бөлшектердің сапасына ықпалын азайту үшін қандай шаралар қабылдайды?
4. Дайындаманы орнату қателігі қалай пайда болады?
5. Технологиялық жүйенің статикалық баптауының қателігі дегеніміз не және қалай пайда болады?
6. Технологиялық жүйенің серпінді баптауының қателігінің шығу тегі қандай?
7. Технологиялық базаның өлшемдеріне оларды таңдау кезінде қандай талаптар қойылуы керек?
8. Технологиялық базаларды ауыстыру неге алып келеді?
9. Базалардың біртұтастығы қағидатының мәні мен жетістіктері неде?
10. Технологиялық жүйені баптау кезінде тұйықтаушы буынның талап етілетін дәлдігіне жетудің қандай тәсілдері қолданылуы мүмкін?

12. Технологиялық жүйеде әдіптердің тұрақсыздығы мен дайындаманың қаттылығы қалайша серпінді орын ауыстырулардың шашырауына кері түзіледі?
13. Технологиялық жүйенің қаттылығын арттырудың жолдары қандай?
14. Технологиялық жүйенің вибрацияларының шығу тегі қандай?
15. Құралдың өлшемді тозуы дайындалатын бөлшектердің дәлдігіне қалай ықпал етеді?
16. Технологиялық жүйенің жылу деформациялары дайындалатын бөлшектердің дәлдігіне қалай ықпал етеді?
17. Дайындалушы бөлшектерге жұмысшының ықпалы қандай?

МАШИНАНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ. НЕГІЗДЕРІ

ӨЗІНДІК ТЕХНИКАЛЫҚ

ҚҰНЫНЫҢ НОРМАЛАУ

5.1

ӨНІМ БІРЛІГІНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ЕСЕПТЕУ

Әр шығарылып жатқан машина өзінің қызметтік міндетіне толығымен жауап бере алуы керек, яғни талап етілген сапа деңгейіне сәйкес болуы шарт. Осы шартты орындамай, машинаның өзіндік құнын түсіру арқылы қоғам еңбегінің өнімділігін арттыру мүмкін емес. Осылайша, тиімді өзіндік құн бойынша машинаның сапасын қамтамасыз ету оның шығарылуына қатысты міндетті шарт болып табылады.

Шығарылатын машинаның өзіндік құны оны дайындауға кеткен материал мен адамның еңбек шығынын қаржылай тұрғыдағы сипаттайтын маңызды фактор болып табылады. Сондықтан машина жасалуының өзіндік құнын төмендету негіздері шығыны төмен болатын машина жасау өнеркәсібінде машина жасаудың негізгі құрамдарының бірі болып табылады.

Алға қойылған міндеттемелерді орындау үшін барлығынан бұрын жасалып жатқан машинаның өзіндік құнына әсер ететін негізгі факторларды C қарастыру керек:

$$C = M + \left(1 + \frac{a_1 + a_3}{100}\right) 3 + O + П + И,$$

мұнда M — өнім бірлігіне қатысты жұмсалған шығындар; a_1 — әлеуметтік қажеттіліктерге қатысты еңбек ақысы бойынша қарастырылатын есептеу пайызы; a_3 — еңбекақысы бойынша есептелетін жинақтық шығын пайызы; 3 — еңбекақысына қатысты шығын; O — амортизация және құрылғыны ұстауға жұмсалған шығын; $П$ —

амортизация шығыны және аспаптар мен технологиялық жарақтарды ұстауға жұмсалған шығын; И — амортизацияға және аспап ұстауға жұмсалған шығын.

Материалдарға жұмсалған шығын, руб., өнім бірлігін дайындауға жұмсалатын:

$$M = \sum_{i=1}^p G_1 q_1 - \sum_{i=1}^p G_2 q_2,$$

мұндағы G_1 — бірлік өнімді дайындауға жұмсалған әр марка материалының массасы, кг; q_1 — 1 кг марка материалының құны руб.; G_2 — әр марка материалының шығын массасы, кг; q_2 — 1 кг марка материалына қатысты шығынның құны руб.; p — бірлік өнімді жасауға жұмсалатын материал маркасының саны.

Өндіріліп жатқан өнімнің бірлігіне тура келетін еңбекақысына қатысты шығындар, руб., мына формуламен анықталады:

$$З = \sum \left(\frac{sz_1}{f_1} + \frac{sz_2}{f_2} \right) \frac{t}{60}.$$

мұндағы s — ұжымдық келісімшарт бойынша белгілі уақыт көлеміндегі бірінші разрядтың сағаттық төлем; руб.; z_1 — біліктілік анықтама бойынша анықталатын жұмыстың разрядтық коэффициенті; f_1 — бір жұмысшы қызмет көрсететін станок немесе басқа жабдық түрінің, жұмыс орнының саны, бірл; z_2 — аталған станок немесе өзге жабдыққа қызмет ететін жөндеуші орындайтын жұмыстың разрядтық коэффициенті; f_2 — бір жөндеуші қызмет көрсететін станок немесе басқа жабдық саны, бірл; t — операцияға жұмсалатын уақыт (еңбек сыйымдылығы), кейде даналық-калькуляциялық уақыт деп аталады, мин; m — өнім бірлігін дайындауға қажетті операциялар саны.

Операцияға жұмсалатын уақыт t_i екі бөліктен тұрады:

- осы операцияны өткеріп жатқан бірлік өнімге қатысты жұмсалатын дайындау-қорытындылау уақыты;
- даналық уақыт, яғни осы операцияны орындауға жұмсалатын уақыт

Осыған сәйкес, мынаны жазуға болады

$$t = \frac{t_{n-3}}{n} + t_{шт},$$

мұндағы t_{n-2} — дайындау-қорытындылау уақыты; n — партиядағы бұйым саны; $t_{шт}$ — даналық уақыт.

Дайындау-қорытындылау уақыты деп мына әрекеттерге қатысты жұмсалатын уақытты қарастырамыз:

- жиналатын бірлік немесе жасалып жатқан дайындамалар мен бөлшектер партиясына қатысты жұмысшылар тарапынан 1 рет іске асырылатын қабылдаулар;
- сызбамен және технологиялық процесспен танысу;
- жұмыс орнын, жабдықты, құрылғылар мен аспаптарды дайындау;
- станокты жөндеу;
- жұмысты қабылдап алу және тапсыру;
- құрылғылар мен аспаптарды шешу және тапсыру;
- сызба тапсыру;
- өз жұмысын аяқтағаннан соң станокты ретке келтіру.

Даналық уақыт мына құраушылардан тұрады:

$$t_{шт} = t_{ох} + t_{об} + t_d$$

мұндағы $t_{о-т}$ — негізгі технологиялық уақыт; t_b — қосымша уақыт; $t_{об}$ — жұмыс орнына қатысты қызмет көрсету уақыты; t_d — жекебас қажеттілігі мен қажытатын жұмыстан кейінгі демалысқа жұмсалатын уақыт.

Негізгі технологиялық уақыт беткі қабаттың формасын, өлшемін, жағдайын, дайындама немесе бөлшектердің материалдарының құрылымын (немесе өзге физика-механикалық қасиеттерін) жинақтау барысындағы жағдайға қатысты өзгерту және т.б.

Егер жоғарыда аталған өзгерістер жабдықтың (станоктың, сығудың, пештің) көмегімен адамдардың қатысуынсыз іске асырылатын болса негізгі технологиялық уақытты машиналық деп атаймыз. Егер мұндай өзгерістер қондырғының көмегінсіз адамдар тарапынан жасалатын болса, онда негізгі технологиялық уақыт қолмен іске асады. Жұмысшылар мен машинаның көмегін қатар қолдану арқылы іске асатын өзгерістер кезіндегі технологиялық уақыт машина-қол уақыты деп қарастырылады.

Қосымша уақыт форманың, өлшем, жағдай немесе бөлшектер жағдайының өзгерісіне жалғасатын қабылдауларға жұмсалатын уақыт.

Мұндай қабылдауларға мыналар жатады:

- дайындаманы өңдеу үшін оны орнатып және бекітіп лу;

- бөлшектерді босату және шешіп алу;
- станок пен көтергіштерді іске қосу және тоқтату;
- пеш пен ваннадан бөлшектерді түсіру және жүктеу;
- жұмыс орнына бөлшектерді өлшеу және орналастыру;
- аспапты жеткізу және бұру және т.б.

Негізгі технологиялық уақыт пен қосымша уақыттың қосындысын *оперативті уақыт* деп атаймыз.

Жұмыс орнына қызмет көрсету уақыты дегеніміз жұмысшылардың жұмыс орнын күтуге және оны жұмыс жағдайында ұстауға жұмсалатын уақыт.

Қалыпты жағдайда қызмет көрсету уақыты $\Sigma_{об}$ жұмыс орнына техникалық қызмет көрсету уақыты және жұмыс орнына ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты деп бөлінеді.

Техникалық қызмет көрсету уақыты деп технологиялық жүйелерді күйге келтіру, өтпей қалған кескіш аспапты ауыстыруға, жұмыс органынан қалдықтарды алып тастауға жұмсалатын уақытты айтамыз.

Ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты деп жабдықты тазалауға, майлауға, станоктағы қалдықтарды алуға, жұмыс орнын ретке келтіруге кететін уақытты айтамыз. Кей жағдайда ұйымдастырушылық қызмет көрсету уақыты *оперативті уақытқа қатысты пайыздық үлеспен есептеледі*.

Үзіліс уақыты жұмыстың шарттарымен регламенттелген уақытты қамтиды, мысалы, жекелеген қарқындылықты талап ететін немесе белгілі физикалық күш жұмсайтын жұмыстар кезінде қарастырылады. Жұмыстың қалыпты шарттары бойынша тек жекебас қажеттілігіне қатысты уақыт нормаланады, ол *оперативті уақыттың 2%-на тең*.

Бірлік уақытты анықтағанда қызмет көрсету уақыты $\Sigma_{об}$ мен демалысқа кететін уақыт $\Sigma_{д}$ оперативті уақытқа қатысты пайызбен есептеледі. Онда бірлік уақытты анықтау үшін:

Қалыпты жағдайда өндіріс заттарын анағұрлым үнемді түрде жұмсай отырып аталған операцияны орындауға жұмсалатын уақыт t көлемі *уақыттың техникалық нормасы* деп аталады.

$$t_{шт} = (t_{о.т} + t_{в}) \left(1 + \frac{t_{об} + t_{д}}{100} \right)$$

немесе, егер $t_{об} + t_{д}$ мәнін k арқылы белгілесек:

$$t_{шт} = (t_{о.т} + t_{в}) \left(1 + \frac{k}{100} \right).$$

Уақыттың техникалық нормасына кері мән *өндіру нормасы* (уақыт бірлігінде бір дана) деп аталады:

$$Q = \frac{1}{t}.$$

Өндіру уақытын уақыттың белгілі бір бөлігінде, мысалы, бір ауысымда бір ауысымның ұзақтығын $T_{\text{см}}$ уақыттың техникалық нормасына бөлу арқылы анықтауға болады:

$$Q_{\text{см}} = \frac{T_{\text{см}}}{t}.$$

Уақыттың техникалық нормасын анықтау техникалық нормалау деген атауға ие болды.

5.2. УАҚЫТ НОРМАСЫ


Техникалық нормалау негіздері. Уақыт нормасын орнату үшін оның барлық қосылғыштарын анықтай алу керек.

Ең оңай анықталатыны — машиналық уақыт. Расында да, машиналық уақытты анықтау үшін негізгі формула бар: мұнда L — өңделетін объектіге қатысты жұмыс тапсырмасы бойынша аспаптың орнын ауыстыру, және керісінше, өңделетін объект орнын аспапқа қатысты өзгерту, мм; i — өндеуге қажетті өткелдер саны; S — аспаптың не өңделетін бөлшектің минут ішіндегі жұмыстық берілісі, мм/мин; n — өңделетін аспаптың немесе бөлшектердің екілік жүрісінің немесе айналымының саны; s — сүмбінің бір айналымында немесе станоктың екілік жүрісінде аспаптың не өңделетін бөлшектің жұмыстық берілісі, мм.

Әдетте L орын ауыстыру келесідей қосылғыштардың қосындысынан тұрады:

$$L = L_1 + L_g + L_2,$$

мұндағы L_1 — бір-біріне соқтығысуын болдырмау үшін аспаптың немесе бөлшектің қосымша қатысты орын ауыстыруы; L_A — өңделетін объектінің сызбаснда көрсетілген беткі қабат ұзындығының өлшемі; L_2 — кескіш аспаптың шығуы үшін аспапты немесе бөлшекті қосымша қатыстық орын ауыстыруы, оның бір мысалы 5.1-суретте көрсетілген.



5.1-сур. Жұмыс берілісі бойынша аспап жүрісінің ұзындығын анықтау схемасы

Аспап пен бөлшектердің соқтығысуы өңделетін бөлшектердің, кинематикалық тізбектердегі саңылаулардың беткі қабатының өлшемінің өзгеруіне, аспапаты бөлшекке немесе бөлшекті аспапқа жылдам жеткізіп салу кезінде күш әсер етуіне орай технологиялық жүйенің бөлімшелерінің серпімді деформациясына байланысты болады.

Жонғыш өңдеу кезінде сүмбінің айталу жиілігі

$$n = \frac{1\,000(v_{p.x} + v_{x.x})}{2(L_d + 2l_1)};$$

мұндағы v — кесу жылдамдығы; d — өңделетін бөлшектің диаметрі.

Онда машиналық уақытты анықтау формуласы мына түрде болады:

$$t_{\text{маш}} = \frac{\pi d L_i}{1\,000 v_s}.$$

Бойлық-сүргілеу станогында бөлшектерді өндеген кезде

$$n = \frac{v \cdot 1\,000}{\pi d},$$

$$L = B + l_1 + l_2$$

мұнда $v_{p.x}$ и $v_{x.x}$ — станок үстелінің сәйкес жұмысшы және бос жүріс жылдамдығы, м/мин; B — өңделетін беткі қабат ені, мм.

Мұндай жағдайда машиналық уақыт мына формуламен анықталады:

$$t_{\text{маш}} = \frac{2(B + l_1 + l_2)(L_A + 2l_1)}{1\,000(v_{p.x} + v_{x.x})}.$$

$T_{\text{маш}}$ есебі үшін бастапқы мәліметтер бөлшектерді дайындаудың технологиялық процесстерінің олардың жұмыс сызбасынан, өңдеу режимі бойынша нормативтерден, технологиялық сипаттамалардан және жабдық пен аспаптардың паспорттық сипаттамаларынан алынады.

Қолмен қабылдауды және олардың элементтерін нормалау анағұрлым күрделі жұмыс, себебі оған қажетті уақыт жұмысшыларға

Сондықтан қолмен қабылдауды және оның элементтерін нормалау үшін кесте, график және номограмма түріндегі түрлі нормативтік құжаттар қолданылады, мұнда жұмыс орынын жұмысқа дайындау, станокты басқару, ауыстыру, өңделетін бөлшектерді бекіту және орнатумен байланысты қолмен қабылдау және оның элементтерін жүзеге асырудың уақыттық нормалары көрсетілген.

Нормативті мәліметтерді өңдеу қалыпты өндірістік жағдайда және қалыпты еңбек қарқындылығы жағдайында технологиялық процесстерді орындау барысында қолмен қабылдау және оның элементтеріне іс жүзінде жұмсалатын уақыт тралы статистикалық деректерді жинауға, жүйелендіруге және математикалық өңдеуге базаланады.

Бөлшектерді өңдеудің түрлі технологиялық процесстерінен осы жолмен алынған мәліметтерді жүйелендіру арқылы біртекті станоктарда нормативтік кестелер жасалады.

Секунд тіпті, оның бір үлесі ғана жұмсалатын жекелеген қолмен қабылдау элементтерін меңгеру үшін уақыттың кіші бөлігін белгілеп алатын кинотүсірілім қарастырылады.


Қолмен қабылдауды нормалау тәжірибесі анағұрлым сенімді уақыт нормасын алу үшін әр қолмен қабылдау немесе оның элементіне қатысты бір сандық мәнге ие болатын бастапқы нормативтік мәліметтерді пайдаланған абзал.

Бастапқы мәліметтер арқылы уақыттың прогресстік уақытын есептеп орнатады, ол операцияларды орындау үшін керек. *Прогресстік уақыт нормасы* дегеніміз технологиялық жүйенің барлық мүмкіндіктерін қолданған кездегі жұмыс істеп тұрған жабдытағы тиісті қарқынды қалыпты еңбек шарттары салынған норма. Осыған орай прогресстік уақыт нормасы түрлі ақаулықтардың алдын алуға және жабдықтың, технологиялық жарақ пен ұйымдастырудың мүмкіндіктерін барынша жақсы деңгейде қолдануға мүмкіндік береді.

Мазмұндалған мәліметтерге орай техникалық прогресстік уақыт нормаларын орнату үшін мыналар болуы керек:

- машиналық уақытты есептеуге керекті барлық бастапқы мәліметтерден тұратын барлық қолмен қабылдау (бірқатар жағдайда және олардың элементтерінің) тізімі бар осы операцияның озық тәжірибені пайдаланып тиянақты әзірленген технологиялық процессі

5.1-кесте Редуктор білігінің қаралтым өңдеуге жұмсалатын уақыт нормасын есептеу картасы

						механикалық	Құрады _____ тексерілді _____ мақұлдады _____					
						Біліктердің секциясы немесе тобы	Уақыт нормаларының құрамы минуттар					
							Дайындық финалы Негізгі технологиялық 4.85 Жұмыс орнына және үзілістерге қол жеткізу туралы49 бөлік 10.02					
Өтпелі нөмір	Өтпелулер	Құрал			Есептелген өңдеу өлшемдері, мм						Шығару жағы, мм	
		Кесу		Өлшеу	Диаметрі немесе инсульт ұзындығы	Тамақтандыру бағытындағы өңдеу ұзындығы	Ендіру, жақындау және кешіру	Болжалды ұзындығы				
		Аты және көлемі	Материал бренді									
A	Бөлігін орнатыңыз және алып тастаңыз	Резец проходной 20 x 30	T5K10	Скоба	100	189	6	195	5			
1	Ұзындығы 10-дан 90-ға дейін бұраңыз				110	140	6	146	5			
2	8-ден 100-ге дейінгі қатпарлы беттерді илеңіз				120	123	7	130	6			
3	6-дан 108-ке дейінгі беткі қабатты кесіңіз	Резец под резной		Шаблон	100	15	2	17	5			
4	Кесетін 9 кесіңіз				108	14	2	16	4			
5	Кесуді кесіңіз 7											

IV-операция Операция атауы: бір жағынан дөрекі өңдеу (5, 6, 7, 8, 9, 10 беткі қабаттары) және жартылай таза өңдеу (4 беткі қабаты) Құрылығ: центрлер, тізгінді патрон, қамытша Индекс 10-104-021 Жұмыс разряды — 4-ші Станок — жонушы-центрлік, H = 200; L= 1000 Инвентарлдық № 356 Паспорт № 204 Жұмысшылар қызмет көрсететін станок саны Бір уақытта қызмет көрсетілетін бөлшектер саны 1	Бұйым.....Редуктор Бөлшектер атауы...Редуктордың білігі № бөлшектер..... 12-205 № сызбалар4723 Дайындаманың түрі мен өлшемі....Қалыптау Марка және материалдың механикалық қасиеті 18ХНВА, ст_в = 800...900 МПа, 232...251 НВ Бір бұйымға қатысты бөлшек саны 1 Қаралтым дайындама массасы 49 кг Партия мөлшері 25 шт.
---	---

Р	Кесу тереңдігі, мм	Өңдеу режимі					Негізгі технологиялық уақыт Т _о , мин	Қосымша уақыт, мин				
		Айналымға немесе екіншілік жүріске беру, мм/мин	Кесу жылдамдығы, м/мин	Бір минуттағы айналым немесе екінші жүріс	Беру, мм/мин	Режим өлшемі		Өткелге	Барлығы			
						Беріліс				Айналымдар		
1	5	1,1	56,3	179	197	0,99	0,10	0,07	0,11	0,31	0,59	
1	5	1,1	61,7	179	197	0,74	—	—	—	0,31	0,31	
1	6	0,98	55,5	147	144	0,90	—	0,07	0,11	0,31	0,49	
1	5	0,3 қолдан	56,3	179	53,7	0,32	0,10		0,11	0,29	0,50	
1	4	0,3 қолдан	60,6	179	53,7	0,30				0,29	0,29	

Өткел номері	Өткелдер	Аспап			Өңдеудің есептік өлшемдері, мм					Бір жаққа қарай әдіштеу,
		Атауы мен өлшемдері	Материал	Өлшеуі	Жүріс диаметрі немесе ұзындығы	Беріліс бағыты бойынша өңдеу	Кірекесу, тәсіл және асқынуы	Есептік ұзындығы		
6	Ойықты кесу 5	Жонғыш кескіш	T5K10	Ша блон	122	14	2	16	7	
7	жартылай таза беткі қабатты 0120-О,1 дейін қайрау	Өткінші таза кескіш 20x30	<x> £	қапс ырма	122	90	9	99	1	

- өңдеу режимін таңдау бойынша нормативтер, жабдық, технологиялық жарақ және аспаптар бойынша технологиялық сипаттамалар мен паспорттық мәліметтер.
- қолмен қабылдау және оның элементтері бойынша бастапқы мәліметтер

Аталған мәліметтердің болуы қолмен қабылдауды қажет ететін уақытты жеке нормалауға, сонымен қатар машиналық уақытты есептеуге мүмкіндік береді. Осыдан кейін қолмен қабылдау және машиналық уақыт кезінде қосылмаған ұзақтықтарды оперативті және дайындап-қорытындылау уақыты деп қарастырылады. Осы мәліметтерге орай уақыттың техникалық прогрессивті нормасын анықтайды.

Қабылдау ретінде уақыт нормасының есептеу картасы мен сызбасы редуктордың білігіне қаралтым өңдеуге (5.1-кесте). Аналитикалық есептеу деп аталатын мазмұндалған нормалау әдісі басқа әдістерден бөлшектік технологиялық процессінің өңделуімен және жаңа техниканы қолданумен ерекшеленеді. Бұл әдіс прогресстік техникалық негізделген уақыт нормасының есебі үшін ұсынылады.

5.1 кестенің аяғы

Өткелдер саны	Кесу тереңдігі, мм	Өңдеу режимі				Негізгі технологиялық уақыт T_0 , мин	Қосымша уақыт, мин				
		Айналымға немесе екіншілік жүріске жіберу, мм	Кесу жылдамдығы, м/мин	Бір минуттағы айналым немесе екіншілік жүріс саны	Беріліс, мм/мин		Аспап ауыстыру	Режимнің өзгеруі		Өткелге	Барлығы
								Беріліс	Айналымдар		
1	7	0,2 қолмен	56,4	147	29,4	0,55			0,11	0,29	0,40
1	1	0,25	144	375	93,75	1,05 4,85	0,1	0,07	0,77	0,42	0,70 4,68


өндірістің барлық құралдарын үнемді пайдалану, екіншіден, өндірісті ұйымдастыру үшін сенімді мәлеметтермен қамтамасыз етумен түсіндіріледі, себебі жекелеген техникалық операцияларға қатысты орнатылатын уақыт нормалары жоспарлау негізі болып табылады.

Уақыттың дұрыс емес нормалары жоспарлаудағы біраз ауытқуларға себеп болады және өндірістік ырғақты жүрісін өзгертуі мүмкін.

Технологиялық процессті орындау кезіндегі факторлардың өзгеруіне байланысты технологиялық процесстің операцияларының орындалуына жұмсалатын уақыт есептік нормадан басқаша болуы мүмкін.

Нормалауды жоғары білікті, жабдықты, аспапты және заманауи өндірістің өзге де жарақтарын жақсы білетін жұмысшылар жүргізуі керек, себебі қарсы жағдайда нормалау білікті мамандар тарапынан іске аспаса, нормалар айтарлықтау негізсіз әрі қател болуы мүмкін.

Аналитикалық есептеу әдісін пайдаланып, операциялар нормаланады. Алынған уақыт нормаларын нүктелер түрінде графикке енгізеді: ордината өсі бойынша операцияның орындалуына жұмсалатын уақытты орналастырады, абсцисса өсіне— осы операцияға қатысты уақыт шығынын сипаттайтын бөлшектер параметрлерінің бірін орнатады. Алынған нүктелерді қисық жатық арқылы қосады.



5.2-сур. Сақиналарды револьверлік өңдеу уақытының сақина диаметріне тәуелділік графигі:

D, B — сәйкесінше сақинаның диаметрі мен ені

Ол схемалық түрде 5.2-суретте көрсетілген. Математикалық өңдеу арқылы эмпирикалық формуланы анықтайды және солар тәрізді бөлшектердің ұқсас өңдеу операцияларына бірімәнді уақыт нормасының кестесін құрады.

Мысалға 5.2-суретте қисық бойынша түзілген сақиналарды револьверлік өңдеуге жұмсалатын уақыт нормасы келтіріліген.

Сақина диаметрі, мм 15 20 25 30 35 40 45 50 55 60


Уақыт нормасы, мин 1,9 2,3 3,0 3,6 4,0 4,6 5,1 6,0 6,8 7,5

5.3-суретте көрсетілгендей сол не басқа операцияға қатысты уақыт нормасы бірнеше параметрге тәуелді болса, диаметрлері мен ұзындықтары әртүрлі біліктер үшін бік қисықтың орнына бірнеше қисықтарды түзеді.

Технологиялық процессті жақсарту мақсатында уақыт нормасына түзетулер енгізеді. Бұл үшін операцияны алынған (графикте) нүктенің уақыт нормасы бойынша айырымын анықтау арқылы (жаңа немесе ескі) бір бөлшек үшін нормалау, уақыт нормасының шкаласын жылжытып, сосын кестелік деректерге қажетті түзетулер енгізу жеткілікті болады.

Сипатталған іріленген нормативтер бойынша нормалау әдісі *салыстыру әдісімен нормалау* деп аталады.

Кей жағдайда нормалаудың аналитикалық есептік әдісі



тоза бастайды. Тозудың екі түрн
ң нәтижесінде еңбек құралы өзінің
мүмкіндігінен айырылады, және

5.3-сур. Болаттан жасалған тегіс шынықтырылмаған біліктің
тегістеуіне уақыт нормасын анықтауға арналған график
с $\sigma_{\text{ст}_B} = 530 \dots 600 \text{ МПа}$

Аталған уақыт бір типті өлшемдегі бөлшектерді өңдеуге қатысты жұмсалады. Уақыт нормасын барлық операцияға қатысты орнатады. Нормалаудың тәжірибелік әдісі негізінде уақыт нормасын жекелеген операцияларға орнататын жұмысшының өндірістік-техникалық тәжірибесі қойылады. Бұл әдістерді жалпы нормалау деп атайды, себебі уақыт нормасын технологиялық процесстерге қатысты талдаусыз, технологиялық жүйе мен озық тәжірибені есепке алу мүмкіндіктерін анықтаусыз бірден барлық операцияға қатысты орнатады.

Еңбек құралдарын ұстауға және амортизациялауға жұмсалатын шығындарды анықтау. Технологиялық процесстерді іске асыру үшін еңбек құралдарын олар жұмыстың кез-келген уақытында өзінің қызметтік міндетін орындай алатындай жағдайда ұстау керек. Бұл үшін барлық еңбек құралдары жылы және жарық жерде жайғасуы керек, сонымен қатар жұмыс істеуі үшін электр энергиясымен, ауамен, жылумен, МСС жабдықталуы, суытылуы және уақытында жөнделіп отыруы тиіс. Осы шығынның барлығына еңбек құралдарын ұстауға шығындар жұмсалады. Бұл шығындарды жабдықты, аспап пен құрылғыны ұстау бойынша бөледі.

Жаңа, анағұрлым замануи және үнемді құралдар пайда болуына байланысты тіпті жақсы күйдегі еңбек құралын қолдану үнемсіз болып қалады.

Тозған жабдықты, құрылғы мен аспаптарды жаңаға ауыстыру үшін қажетті құралдар өнімнің өзіндік құны бірлігіне кіретін қосылғыштардың бірі ретінде амортизациялық аударымдар деп аталатындар арқылы белгілі уақыт аралығында арқылы жинақталады.

Жабдық, құрылғылар мен аспаптарды негізгі екі топқа бөліп қарастырамыз: әмбебап және арнайы.

Әмбебап түріне түрлі бұйымдарды (немесе бөлшектерді) жасауға қолданылатын жабдықтар, құрылғылар мен аспаптар жатады, ал арнайы түріне – бір немесе бір уақытта бірнеше бұйымдарды (немесе бөлшектерді) дайындауға, өңдеуге арнайы шығарылған жабдықтар, құрылғылар мен аспаптар жатады.

Мұндай бұйымдарды (немесе бөлшектерді) өндірістен алып тастаған кезде арнайы жабдықтар, құрылғылар мен аспаптар қолданылмауы мүмкін, немесе жаңа бұйымды (немесе бөлшектерді) жасауда аталған құралдарды пайдалану мақсатында оларды қайта жасап шығаруға айтарлықтай қосымша шығынды талап етеді.

Өнім бірлігінің өзіндік құнының құрамына кіретін амортизациялық аударымды есептеу еңбектің арнайы және әмбебап құралына қатысты жүргізіледі.

Еңбектің әмбебап түрі үшін есептер мына түрде жүргізіледі. Бастапқыда жабдықтар, құрылғылар мен аспаптар жұмысының бір минутына сәйкес келетін амортизациялық аударымдарды әр өлшемге қатысты осы амортизациялық аударымдарды көбейту арқылы есептейді. Әр операцияның өзіндік құнына сәйкес келетін амортизациялық аударым сомасын анықтайды. Амортизациялық аударымды қосындылау арқылы барлық операция бойынша бұйымның бір данасына сәйкес келетін амортизацияның жалпы сомасын анықтайды.

Еңбектің арнайы құралы үшін бұйымның бірлік санына тура келетін амортизациялық аударым сомасын бастапқы шығынды қажетті жабдықтар, құрылғылар мен аспаптар сомасына қатысты барлық бұйым санына өзгермейтін сызба бойынша бөлу арқылы есептейді.

Жабдықты ұстауға және оның амортизациясына жұмсалатын шығындар O жабдықтың жұмысына керек болатын электр энергиясына O_1 жабдықтың амортизациясына, O_2 жабдықтың жөндеу жұмыстарына, O_3 аталған жабдық орналастырылған ғимарат бөлігін амортизациялауға кететін шығындар O_4 бойынша жинақталады. Осылайша,

$$O = O_1 + O_2 + O_3 + O_4.$$

Осының әрқайсысына қатысты формуланы мысалға келтіреміз.

Электр энергиясына жұмсалатын шығындар

$$O_1 = \sum_{m=1}^m \frac{M k_m q}{\eta_m \eta_c \cdot 60} t,$$

мұндағы M — электр қозғалтқышының қуаты, кВт; k_m — электр қозғалтқышының машиналық уақытының коэффициенті, ол машиналық уақыттың өңдеуге кететін жалпы уақытқа қатынасынан тұрады; q — 1 кВт-сағ электр энергиясының құны; η_m — қозғалтқыштардың ПЭК; η_c — желі ПЭК (шамамен 0,096); t — операцияға жұмсалатын уақыт, мин; m — операция саны. Әмбебап жабдықтың амортизациясына кететін шығын.

$$O_2 = \sum_{n=1}^n \frac{S a_1 n}{F k_1 \cdot 100 \cdot 60} t;$$

арнайы жабдықтың амортизациясына жұмсалатын шығын

$$O_2' = \sum_{l=1}^l \frac{S_l}{l},$$

мұндағы S — жабдық бірлігінің құны, руб.; a_1 — амортизациялық ауытқу пайызы; n — аталған операцияны орындауға қатысты бірдей жабдықтың саны; F — қондырғының жұмыс істеу уақытының жылдық қоры, ч; k_1 — қондырғыны пайдалану коэффициенті, ол қондырғының жұмыс істеу уақытын жалпы өңдеу уақытына қатынасына тең; l — өзгермейтін сызба бойынша өңдеуге жататын өндіріс объектілерінің жалпы саны.

Жабдықты жөндеуге жұмсалатын шығын ³

$$O_3 = \sum_{a_2=1}^{a_2} \frac{a_2 O_2}{100},$$

мұндағы a_2 — пайыздық көрсеткішпен алғандағы қондырғы амортизациясына қатысты шығынның орташа нормасы.

$$O_4 = \sum \frac{QHba_3n}{F \cdot 100 \cdot 60} t,$$

мұндағы Q — жабдық алып тұрған және онда бұйымдарды өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ғимарат ауданы, m^2 ; H — ғимараттың биіктігі, m ; b — ғимараттың $1 m^3$ құны, руб.; a_3 — ғимаратты амортизациялау құны.

Өнім бірлігіне құрылғыларды ұстауға және амортизациялауға кететін (немесе өзге техникалық жабдықтау) шығындар:

әмбебап

$$\Pi = \sum \frac{D(a_4 + a_5)n}{Fk_1 \cdot 100 \cdot 60} t;$$

арнайы

$$\Pi = \sum \left(1 + \frac{a_6}{100}\right) \frac{Dn}{l},$$

мұндағы D — құрылғы бірлігінің құны, руб.; a_4 — амортизацияланған аударым пайызы; a_5 және a_6 — құнынан пайызбен көрсетілген құрылғыны ұстауға (тұтынуға) жұмсалатын шығындар.

Өнім бірлігіне аспап ұстауға және амортизациялауға жұмсалатын шығындар:

әмбебап

$$\Pi = \sum \sum \frac{(J + it_n r_n) \alpha k_n}{(1+i) R \cdot 60} t;$$

арнайы

$$\Pi = \sum \sum \frac{(J + it_n r_n) k_c}{l},$$

мұндағы J — аспап құны, руб.; i — рұқсат етілген аспаптарды қайта қайрау саны; ε_n — бір қайта қайрауға кететін уақыт, сағат; r_n — 1 сағ аспапты қайрауға кететін құн, руб.; α — бір уақытта жұмыс жасайтын бірдей аспаптар саны; k_n — осы аспаптың жұмыс істеу уақытының t жалпы өңдеу уақытына қатынасын білдіретін уақыт бойынша аспапты пайдалану коэффициенті; R — аспаптың беріктігі, яғни екі қайрау арасындағы оның жұмыс жасау ұзақтығы; k_c — өзгермейтін сызба бойынша дайындалатын l объектілерін шығаруға қажетті бірдей аспаптар саны; s — әр операцияда бірдей уақытта жұмыс жасайтын түрлі аспап типтерінің саны.

Осылайша барлық қажетті мәліметтерді ие болып, өнім бірлігінің өзіндік құнын анықтауға болады.

Бұған дейін бір өнімді дайындаудың экономикалық көрсеткіші өнім бірлігінің өзіндік құны болады деп айтып өттік. Кей жағдайда, мысалы, конструкция өзгерісі және жинақтың кейбір бірліктеріне қатысты дайындау технологиясы өзгерген кезде барлық өнімнің өзіндік құнын есептеудегі қажеттілігі жоғалады (нұсқаларды салыстырып көру мақсатында). Мұндай жағдайларда қарастырылып отырған құрастырма бірлікке қатысты өзіндік құнды анықтап алу жөн. Басқа жағдайларда да осыған ұқсас түрде әрекет етеді, мысалы, қандай да бір бөлшектің конструкциясының немесе технологиясының өзгерісі дайындауға кететін материал санының өзгерісіне әсер етпейді. Мұндай жағдайда шығындар мен материалдарды есептемей, өңдеу нұсқаларының өзіндік құндарын салыстыру жеткілікті болады.

5.3.

МАШИНА ДАЙЫНДАУДАҒЫ ШЫҒЫНДАРДЫ ҚЫСҚARTУ ЖОЛДАРЫ

Төмендегі формулаға сәйкес

$$M = \sum_{i=1}^p G_1 q_1 - \sum_{i=1}^p G_2 q_2,$$

машина жасаудағы шығындарды қысқартудың негізгі жолдары мыналар деп қарастырамыз:

- бір машинаны жасауға кететін материал массасын, яғни G_1 көлемін қысқарту;
- мүмкіндігінше анағұрлым арзан материалдарды пайдалану, яғни q_1 масса бірлігінің құны төмен материалдарды пайдалану;
- материал қалдықтарын барынша қолдануға жарамды етіп алу, оны басқа бөлшектерді жасауға пайдалану, яғни q_2 арттыру.

Бір машинаны жасауға кететін материал массасын қысқарту машинаның құрылымы қаншалықты ұтымды жасалғандығына байланысты. Материалдардың қасиеттерін толық білмеу, материалдар сапасының және есептеу әдістерінің тұрақты болмауы ақыр соңында артық шығындарға әкеліп соғады.

Материалдың біртектілік қасиетін арттыру олардың шығынын қысқартудың бір жолы болып саналады. Мысалы, шихта құруда біртекті материалды қолдану, еріту технологиясын, құю және суытуды рационалды түрде жүргізіп отыру құйылған өнімнің біртектілік қасиетін арттырады, құйма массасының тербелісін төмендетеді, сонымен қатар сапасы нашар бұйымдар қатарын қысқартып, операцияның өнімділігін арттырады.

Түрлі қалдықтар мен материалдар шығынын қысқарту материалдарға қатысты шығынды азайтуға көмектесетін ұйымдастырушылық және технологиялық іс-шаралардың бірі болып табылады. Қалдықтар мен шығындардың белгілі мөлшері бөлшектер дайындамасын алуда машина жасау өндірісінде белгілі мәнге ие болады. Мұндай қалдықтар мен шығындар қатарына еріту кезіндегі металл иісі, ерігіш агрегаттарға қатысты қалдықтар, қыздыру кезіндегі қақ, қылау түріндегі қалдықтар, кесінділер, кенерік, дайын өнімнің ақауы жатады.


Механикалық өңдеу кезінде материалдың бір бөлігі жоңқаға кетеді, материалдардан бөлшектерді кесіп алуға, кесінділерге, өңдеу кезіндегі бөлшектерді бекітуге қажетті кесек түріндегі материалдар, технологиялық жүйені қажетті беріктілікке тексеру үшін сынама бөлшектерді жасауға жұмсалады.

Қалдықтар мен шығындарды қысқарту материалдарды үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар бұйымдардың шығарылуын арттырады, бірақ еңбектің қос түріне қатысты барлық өндіру барысында өнімділігі төмен болады.

Материалдардың рационалдылығын түсіну үшін қалыпты жағдайда материалды қолдану коэффициенті p_m қолданылады, ол дайын өнімнің массасының g_2 оны дайындауға кеткен материал массасына g_1 қатынасына тең.

$$n = \frac{g_1}{g_2}$$

Дайын жарамды өнім болғанға дейін табиғи өнім өткеретін кезеңдер санын қысқарту арқылы материалдар шығынын азайтуға болады. Табиғи өнімді жарамды өнімге бірден айналдыру тиімді болар еді. Машина жасау саласында бұл үрдіс жартылай фабрикаттан тікелей дайын өнім алуға немесе жартылай фабрикат дайын бұйымға айналғанға дейін өтуі тиіс операциялар саны минимумға дейін қысқаруға келеді.




5.4-сур. Жонғыш автоматта бұрандама жасаған кездегі (а) және бұранданы кезекті айналдырумен түсіру әдісі кезіндегі (б) металл қалдығының салыстырмалы мөлшері

Мысалы, дайын бұрандаманы М10 алу үшін заманауи суық-алмалы автоматтарында металл қалдығын азайтуға мүмкіндік аламыз, мұны 5.4-суреттен көруге болады. Ол дәл осы бұрандаманы жонғыш автоматпен жасағаннан 2,4 есе тиімдірек болады.


Егер дайын жартылай өнімнен тікелей бұйымды алу мүмкін болмаса, оны формасы мен өлшемдері бойынша дайын өнімге барынша ұқсастыру арқылы сапасын арттыру анағұрлым жақсы нәтиже береді. Бұл ретте тек материал үнемделмейді, сонымен қатар дайын өнім алу үшін дайындамадан артық материалды шешу қажеттілігіне байланысты шығындар да қысқарады.

Бұған мысал ретінде иінді біліктің массасын салыстыруды айтуға болады, оның еркін соғу арқылы алынған бір данасы 162,7 кг болады, (5.5 а суреті), ал басқасы өлшемдері бойынша иінді білікке жақын болып келеді (5.5 б суреті), ол жабық қалыптамада қалыптау арқылы алынады және 87 кг құрайды. Бұл металл қалдығын екі есе азайтуға мүмкіндік береді.

Механикалық өндеудің еңбек сыйымдылығы нақ осы массада және нақ осы қондырғыда бірінші жағдайда 40,6 норма-сағатты құрайды, екінші жағдайда 19 норма-сағат. 59 %-ға қысқарады.



а



б

5.5-сур. Иінді білікті дайындау:

а — еркін соғу арқылы алынған; *б* — қалыптамада қалыптау арқылы алынған.


Жерге құядан темірқорамға құюға өту көлденең-фрезерлеу станогының үстелі үшін механикалық өңдеудің еңбек сыйымдылығының 23,14-тен 16,4-ке дейін немесе 29 %-ға дейін төмендеген кезінде құйманың массасын 107-ден 85 кг-ға дейін, немесе 20,6%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Көптеген жағдайларда металлды үнемдеу пісіру, қалыптап пісіру, құйып пісіру арқылы іске асады. Бұған мысал ретінде құйылған автомобиль доңғалағының алдыңғы тежегіш камерасының конструкциясын (5.6-сурет) қалыптап пісіруге (5.6 б суреті) көшіруді айтуымызға болады. Құйылған камераның массасы 1,8 кг болады, қалыптап пісіру кезінде 0,44 кг-ға дейін төмендейді, немесе 75,6%-ға төмендейді. Бұл ретте камераны дайындаудың еңбек сыйымдылығы 9,6-дан 2,71 мин-ге, немесе 71,8 %-ға төмендейді, ал өнімнің өзіндік құны 64%-ға төмендейді.

Жапырақшалы материалдарды оның жапырақтарын біртіндеп ашу арқылы үнемдеуге болады. Ол қалдық көлемін азайтатын құрылымдық бөлшектердің формасының өзгерісімен сипатталады.

Қарастырылып отырылған мысалдардан материалды үнемдуге өнімнің сапасын арттыру үлкен үлес қосатындығын көріп отырмыз, сәйкесінше, машинаның өзіндік құнына қатысты шығындарды да қысқартуға болады.

Төрт нүкте бойынша байланыстырып пісіру




б

5.6-сур. Құйылған (а) және қалыптап пісірілген (б) автомобиль доңғалағының алдыңғы тежегіш камерасы конструкциясы

Анағұрлым арзан материалдарды қолдану. Машинадағы әр бөлшектің міндетін жақсылап анықтау және сол не басқа бөлшек дұрыс жұмыс жасауы тиіс түгел жағдайды нақты қалыптастыру оны дайындау үшін анағұрлым арзан материалдарды машинаның сапасын төмендетпей қолдануға мүмкіндік береді.

Заманауи технологияның даму деңгейі түрлі материалдардан түрлі шарт бойынша жұмыс жасайтын, әртүрлі материалдардан жасалған сол не басқа бөлшектің жеке бөліктерін жасауға мүмкіндік береді. Мысалы біліктің тірегі рөлін атқаратын тығынды түрлі материалдардан жасайды: тығынның ішкі бөлігін — қымбат тұратын түсті ерітіндіден, ал негізгі бөлігін — кәдімгі темірден жасайды (биметалл тығын).

Іштен жану қозғалтқыштарының шығаратын қақпақшаның басы жоғары температуралы жанатын газ ағынымен жұмыс жасайды. Сонымен қатар ол қақпақшаның өзекшесі ретінде қалыпты жағдайда жұмыс жасайды. Түйістіріп пісіру қақпақша өзекшесін қарапайым хромды темірден жасауға мүмкіндік береді, ал қақпақшаның басын ыстыққа төзімді хромдалу деңгейі жоғары болаттан 4X10C2M жасайды (5.7-сурет).



5.7-сур. Түйістіріп пісірілген екі түрлі материалдан жасалған қақпақша дайындамасы (а) және дайын қақпақша (б).


Көп жағдайда металлды үнемдеу бірнеше бөлшектерді түрлі орын алмастырғыштармен ауыстыру арқылы іске асыруға болады – ағаш пластигі, пластмасса және т.б.

Құны жоғары қалдықтарды алу. Түрлі материалдарды өңдеу кезінде алынатын шығындар оның кейінгі қолданысына орай түрлі құнмен бағалануы мүмкін. Расында да, егер шығындар өңдеу кезінде, мысалы, металлды жоңқаға, қиықтарға, қылауларға айналдырғанда 1 кг қалдық құны оның бастапқы құнынан төмен болады. Егер қалдықтар дайын бұйымды алуға жарамды болса, оның құны материалдың бастапқы құнынан айырмашылығы болмайды немесе оған өте жақын болады.

Оның мысалы 5.8-суретте арнайы сақиналы бастиекпен ас ұзын бөлшекті сақиналып тескендегі металлдың өзегі түріндегі қалдықты алу көрсетілген.

Бірқатар кәсіпорында қалдықтарды машинаның басқа бөлшектерін немесе қолданыс аясы кең өзге бұйымдарды жасауға пайдаланады.

Өнімнің бірлігіне келетін еңбекақыға жұмсалатын шығынды қысқарту. Өнімнің бірлігіне келетін еңбекақыға жұмсалатын шығынды қысқарту мына формуламен анықталады:



МСС жеткізілуі

5.8-сур. Дайындаманың центрлік бөлігін оны жоңқаға айналдырғанның орнына өзек түрінде бұрғылау схемасы:

1 — өңделетін бөлшек; 2 — бұрғыланатын басы; 3 — бұрғыланып жатқан өзек (қалдық)

$$3 = \sum^m \left(\frac{SZ_1}{f_1} + \frac{SZ_2}{f_2} \right) \frac{t}{60^0}$$

Осы формуладан көріп тұрғанымыздай, еңбекақысын қысқарту мына түрде іске асады:

- 1) операцияны орындауға кететін t уақытты қысқарту;
- 2) f_1 жұмысшы және f_2 жөндеуші қызметін атқаратын жабдық бірлігінің санын ұлғайту;
- 3) z_1 біліктілік мен z_2 жұмысты қысқарту арқылы төмендету;
- 4) осыған ұқсас барлық жағдайда бұйымды дайындауға қажетті операция санын қысқарту.

1, 2 және 4 факторларының әсерін төмендету операцияны орындауға кететін уақытты қысқарту арқылы іске асады, яғни олардың еңбек сыйымдылығын қысқарту арқылы жүзеге асады, басқаша айтқанда жұмысшы және жөндеушінің (жанды еңбек) өнімділігін арттыру есебінен іске асады.

ОПЕРАЦИЯНЫ ОРЫНДАУҒА ЖҰМСАЛАТЫН УАҚЫТ ШЫҒЫНЫН ҚЫСҚАРТУ ЖОЛДАРЫ

Даярлау-қорытындылау уақытын қысқарту. Технологиялық процессті іске асыруға жұмсалатын уақыт жұмысшының еңбек өнімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді: даярлау-қорытындылау уақытын қысқарту $\wedge_{-3}$, партиядағы бұйымдар n санын арттыру және бірлік t_{mx} уақытты қысқарту.

Даярлау-қорытындылау уақыты жинақталады:

- жұмысшының жұмыспен танысу және өзі орындауы керек болған жұмысты қабылдап алу уақыты (Σ_1);
- станокқа кескіш аспапты (Д) және құрылғыны орнату және оны шешуге кететін уақыт, олар өңделетін бөлшекті орнату және бекіту үшін керек (Σ_0);
- технологиялық жүйенің кинематикалық және өлшемдік бапталарына кететін уақыт(f):

$$t_{П-3} = t_ч + t_{II} + t_O + t_C$$

Нақты және өте айқын жазылған технологиялық процесс және әзірленген сызба тапсырманы жылдам түсініп, Σ_1 уақытты қысқартуға мүмкіндік береді.

Заманауи ұйымдар бойынша өнеркәсіп толық технологиялық жабдытау ретінде қарастырылады және ол өңделетін объекті жұмыс орнына жеткізеді. Кесу аспабын орнатуға кететін Д уақытын қысқарту тез ауыспалы құрылғылар арқылы іске асатын, мысалға егер дәлдікке қол жеткізу үшін өзара алмастыру әдісі қолданылса, кесуші аспап алдын ала орнатылған бұрғыларды қашауды, блокты ауыстыру үшін.

Құрылғы орнатуға кететін Σ_0 уақытты, қысқарту оны алты нүкте ережесін қолдану арқылы станокқа дұрыс орнату арқылы іске асырылады.

Технологиялық жүйенің өлшемдік тізбектерін статикалық тұрғыдан жөндеуге кететін f_G уақытты қысқарту үшін түрлі құралдар пайдаланылады, олар кіріктірілме индикатор, сызғыш, габариттер және т.б. түрінде де дәлдікті жоғарылату үшін қолданыла береді.

Бұйымның біреуіне сәйкес келетін *даярлау-қорытындылау уақытын* қысқартудың бір жолы ретінде париядағы бұйым санын көбейтуді айта аламыз, ол технологиялық жүйенің кинематикалық және өлшемдік баптауында өңделеді.

Бұйым санын көбейту екі жолмен іске асырылуы мүмкін:

- партиядағы бірдей бұйымдарды арттырумен, мысалы жаппай өндірісте бапталған жүйеде кейде бірнеше жылдар бойы сол бір бұйымдарды үздіксіз өндеу Мұндай жағдайда Δ_3 өз мәнін толықтай жоғалтады, себебі оның көлемі өте аз болып қалады;

- қызметтік міндеті, өлшемі, материалы, техникалық шарттары бойынша ұқсас түрлі бөлшектерді өңдеу көмегімен бөлшек санын арттыру арқылы және т.б.

Сәйкесінше, мұндай бөлшектер партиясын өңдеу бір бөлшекті өңдеуден екіншісіне көшкенде технологиялық жүйенің қайта жөндеуін талап етеді. Расында да, егер револьверлік станокта бір диаметрдегі бірақ ұзындықтары әртүрлі бұрандасы жасалып өңделетін болса, ұзын бұранданы өңдеуге өту үшін револьверлік бас ұзындығының жүрісін шектеу үшін тек кедергіні қою жеткілікті. Осылайша, осындай типті бөлшектердің тобын өңдеу бір баптаумен өңделетін немесе жүйенің кішігірім қайта бапталуы жағдайында санын арттырады.

Даналық уақытты қысқарту. Даналық уақыт формуласынан

$$t_{шт} = t_{o.т.} + t_B + t_{об} + t_D$$

оны екі жолмен қысқартуға болатыны көрініп тұр:

- құрамдас мәндерді қысқарту арқылы;
- технологиялық процессті уақыт бойынша бөлшектеп немесе толық қиыстыру арқылы.

Бірлік уақыт негізінен технологиялық және қосымша уақытты қысқарту арқылы іске асады. Машиналық уақытты мына формуламен анықтаймыз:

$$t_{маш} = \frac{(L_D + l_1 + l_2)}{ns}$$

мұндағы $t_{маш}$ — машиналық уақыт; B_0 — сызбада берілген беткі қабат ұзындығы; l_1 и l_2 — кескіш аспаптың кіруіне және шығуына керекті аралық (қалыпты жағдайда l_1 және l_2 кескіш аспап жіберу арқылы өткізіледі); i — өткелдер саны; n — айналымдар саны немесе өңделетін бөлшектің немесе кескі аспаптың екінші жүрісі; s — айналымға қатысты жұмыс жүрісі немесе екілік жүріс.

Бұл формуланың талдауы егер ол машиналық уақыт болса, негізгі технологиялық уақытты қысқарту былайша жүргізілуі мүмкін:

- кескіш аспаптың қатыстық қозғалысын және өңделетін бұйымды жұмыс берілісі бойынша қысқарту арқылы ($l_D + l_1 + l_2$);
- өткелдер санын қысқарту арқылы i ;

- тиімді режимдегі әр бөлшектің өңделуі бойынша;
- өткелдерді уақыт бойынша қосу арқылы.


Кескіш аспаптың және өңделетін бөлшектің қатыстық қозғалысын қысқарту кескіш аспаптың кірісі l_1 мен шығысына l_2 арналған аралықты қысқарту арқылы іске асады.

Мысал ретінде 5.9-суретте саңылауларды спираль бұрғылау арқылы өңдеу кезіндегі l_1 және l_2 өлшемдері көрсетілген. Кескіш аспап s жұмыс берілісі арқылы l_1 және l_2 арақашықтықтарын өтеді, машиналық уақытты қысқартуға қабілетті болады. Дөмбек фреза арқылы өңделетін бөлшектердің өлшемін қысқартудың екі әдісін айтуымызға болады. 5.10 а суретте фреза диаметрін арттыру арқылы l_1 қысқартылуы көрсетілген. Ал 5.10 б суретте фреза өсін орнату есебінен қысқарту көрсетілген, 5.10 б суретте фреза өсін бөлшектің өсіне симметриялы түрде қою арқылы қысқарту көрсетілген (өз жағдайында $D < l$). l_1 және l_2 өлшемдерін қысқарту станок жұмысының нақтылығын арттыруға және жүйеге алдын ала тартылысты енгізуге жол ашады.


Бірізді орналасқан бірнеше бөлшектерді өңдеу бір бұйымға қатысты, әсіресе, бөлшектер бір-біріне өте жақын орналасқан кезде аспаптың кіріс жән шығыс аралығын қысқартуы мүмкін.

Кескіш аспаптың кіріс және шығыс аралығын қысқартудың үлкен мәнін бөлшектердің қысқа беткі қабатын өңдеген кезде алуға болады.

Анағұрлым жақсы эффектті бір уақытта беткі қабаттардың әрқайсысын өңдеу арқылы аспаптың жұмыс жүрісінің ұзақтығын қысқарту арқылы алуға болады.



5.9-сур. Кіріс (l_1) және шығыс (l_2) есебінен жұмыс берілісі s арқылы кескіш аспап арқылы өтетін жолды ұзарту.




5.10-сур. Фреза диаметрін арттыру (а) және фреза өсін бөлшек өсіне симметриялы түрде қою (б) арқылы фрезерлеу кезінде кескіш аспаптың кірісіне қатысты қосымшаның өлшемін қысқарту схемасы

Бұл әдіс көп ретті кесу және револьверлік станок пен автоматтарда кеңінен қолданылады. 5.11-суреттен көріп тұрғанымыздай кесу санын арттыру жұмыс жүрісін оның санына пропорционалды түрде қысқартуға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес машиналық уақыт қысқарады:

мұндағы m — кескіштер саны.

Әр аспаппен өңдеуде алынған беткі учаскелердің түйіскен жерлерінде бір уақытта бірнеше аспаппен бір бетті өңдеу нәтижесінде өлшемдік тізбектердің әрқайсындағы түрлі динамикалық қателіктен болатын қадам әрдайым қалып отырады, соның көмегімен жеке аспаппен жеке өңделетін осы учаскелерді әрқайсы қалыптасады.

Өңдеу режимдерінің параметрлерін арттыру машиналық уақытты қысқартудың негізгі жолдарының бірі болып табылады.



5.11-сур. Бөлшектің бір беткі қабатын бірнеше аспаппен өңдеу схемасы

Өңдеу режимін таңдау өңделетін бөлшектің талап етілетін дәлдігімен тығыз байланысты болады. Өңдеу ақаулығының белгілі бөлігінің туындауына себеп болатын технологиялық жүйенің серпімді орын ауыстыруы, әсіресе өңделетін бөлшектің қаттылығының жеткіліксіздігі өңдеу кезінде кесу күшін шектейді және осыған ұқсас шарттардың барлығында беріліс санын да шектейді. Кесу жылдамдығы кескіш аспаптың өлшемдік тұрақтылығы арқылы және жүйенің температуралық деформациясын туындататын қалыптасқан жылулық көлемімен шектеледі.

Осылайша, өңдеу режимін орнату бөлшектің талап етілетін дәлдікке экономикалық тұрғыдан қол жеткізуге негізделуі керек, кей жағдайларда оның беткі қабатының сапасы қарастырылады.

Өңдеудің бұл әдісі машиналық уақытты қысқартудың бірнеше түрлерін жасырып жатыр.

i өткелдер санын қысқарту да машиналық уақытты азайтуға мүмкіндік береді. Өткелдер санын қысқартуды дайындаманы өлшемі мен формасы бойынша дайын өнімге жақындата отырып әдіптерді кішірейту арқылы жүзеге асыруға болады. Өткелдер санын азайтудың басқа құралы ретінде бөлшектерді технологиялық жүйеде өңдеу болып табылады, бұл серпімді орын ауыстыруларды қолмен немесе автоматты түрде басқаруға мүмкіндік береді.

Бір операцияда өңдеу дәлдігін арттыру өткелдер санын қысқартуға немесе келесі операциялардағы өңдеу режимін арттыруға, сәйкесінше, оларды анағұрлым өнімді түрде іске асыруға мүмкіндік береді.

Әр бөлшекті жасауда серпімді орын ауыстырумен басқарылатын жүйелер аспаптың қозғалыс координатасы бойынша кесу режимін өзгертуі мүмкін (мысалы, беріліс арқылы).

Бірлік уақыттағы қосымша уақыт үлесі (салыстырмалы салмақ) және оның абсолютті өлшемі жабдықтың кейбір түрлерінде бұйымдарды өндеген кезде негізгі техникалық уақыттан бірнеше артық мәнге жетуі мүмкін. Өңдеу режимдерін (әсіресе кесу жылдамдығын) қатты қорытынды мен керамикадан жасалған пластиналармен жабдықталған жаңа кескіш аспаптарды қолдану арқылы арттыру және анағұрлым жаңа және жылдамдығы жоғары қондырғыны енгізу қосымша уақыттың кейінгі дамуына жол ашады. Бұл болашақта өнімділігі жоғары қондырғыны енгізуге және еңбек өнімділігін арттыруға кедергі болуы мүмкін. Расында да, бірлік уақыттағы машиналық уақыт өте аз үлес бойынша белгілі эффект бермейді.

Көптеген жағдайларда қосымша уақытты қысқарту еңбек өнімділігін арттырудың одан кейінгі дамуының негізгі факторы болып табылады. Қосымша уақытты қысқартудың екі жолы бар: технологиялық процесс кезіндегі қосымша қабылдауларға жұмсалатын уақытты тікелей қысқарту, және негізгі технологиялық уақыт арқылы қосымша қабылдаулар жасаудың шығындарын толық немесе ішінара қосу арқылы.

Қосымша уақытты тікелей қысқарту мына түрде іске асырылады:

- өңделетін бөлшекті басқа бөлшекке ауыстыруға кететін уақытты қысқарту; өңделетін бұйымдарды ауыстыру кезінде орнатудың талап етілетін дәлдігіне жету үшін негіздеудің белгілі болуы және өзара байланыс әдістерін қолдану арылы; өңделетін бөлшектерді ауыстырған кезде бекіту уақытын қысқарту; өңделетін бөлшектер ауысымын автоматтандыру және т.б.;
- басқаруды механикаландыру және автоматтандыру арқылы оны жеңілдету жолымен жабдықпен және аспаптармен басқаруға жұмсалатын уақытты қысқарту
- бақылауды механикаландыру және автоматтандыру арқылы өлшеу әдіс-тері мен құралдарын дұрыс таңдау жолымен технологиялық процессті орындау барысын бақылауға жұмсалатын уақытты қысқарту;

■ технологиялық процессті кешенді автоматтандыру арқылы.

Өңделетін дайындаманың ауысымы және олардың талап етілген дәлдік арқылы орнатылуы өте ұзақ уақытты алады. Мысалы, үлкен габаритті бөлшектерді бекіту және орнату кейде 8...12 сағатты алады. Осы мақсатта құрылғы немесе бөлшектерді ауыстыру кезінде керекті дәлдік бойынша жаңа бөлшекті орнататын әмбебап құралды пайдалану арқылы өзара әрекеттесу әдісін қолдану керекті уақытты бірден қысқартады.

Дайындамаларды орнату және бекіту кезінде стандартталған және нормаланған құрам ретінде бекіткіш бұранда, төсемдер, қапталған тақтайша және басқа заттарды пайдалану қосымша уақытты қысқартудың ең қарапайым жолы болып саналады.

Станокты басқаруға жұмсалатын уақытты қысқарту басқаруды бір орында шоғырландырумен, оны механикаландырумен және автоматтандырумен іске асады. Кескіш аспап, құрал және жабдықтардың тез ауыстыру механизмін жұмысшы немесе бастапқы қалыпқа енгізу қосымша уақытты қысқарту бойынша жүргізілетін негізгі іс-шаралардың бірі болып табылады.

Өткелдерді қосу. Әр дайындамаға қатысты жағдайда бірнеше бірдей немесе әртүрлі беткі қабаттарды өңдеу керек, олар бір немесе бернеше бетте орналасқан болады.

Беткі қабаттарды өңдеуді бірізді, бір уақытта және біріктірілген түрде жүргізуге болады.

Тізбекті өңдеу кезінде негізгі технологиялық уақыт $t_{от}$ әр k беткі қабатқа қатысты өңдеуге жұмсалатын уақытты көрсететін болады:


$$t_{O.T.} = t_{O.T.1} + t_{O.T.2} + \dots + t_{O.T.k} = \sum_{t=1}^k t_{O.T.}$$

5.12, a суретінде бөлшектегі үш саңылаудың *тізбекті өңделуі* көрсетілген.

Бұл жағдайдағы негізгі технологиялық уақыт:

$$t_{O.T.} = \frac{l_1' + L_{Д1} + l_2'}{n_1 S_1} + \frac{l_1'' + L_{Д2} + l_2''}{n_2 S_2} + \frac{l_1''' + L_{Д3} + l_2'''}{n_3 S_3}$$

мұндағы $l_1, l_2, l_1', l_2', l_1'', l_2''$ — сәйкесінше бірінші, екінші және үшінші аспаптардың кіріс және шығыс аралықтары.



5.12-сур. Бөлшектің үш саңылауын өңдеу схемасы:

a — бірізді өңдеу; *б* — бір уақыттағы өңдеу; *в* — өңделетін беткі

қабаттардың барлық өлшемдері оның ең кішісіне тең болған кездегі өңдеу.

Теңестіру талдауынан көріп тұрғанымыздай, бөлшектің беткі қабатын бірізді өңдеу кезінде негізгі технологиялық уақытты оның қосылғыштарын қысқарту арқылы қысқартуға болады.

Бір уақыттағы өңдеу кезінде (5.12, б сурет) бөлшектің барлық беткі қабаттарының негізгі технологиялық уақыты $t_{ат}$ анағұрлым ұзақ өткелді жүзеге асыруға кететін уақытқа тең болады:

$$t_{O.T} = t_{O.T}^{HB}.$$

егер

$$t_{O.T1} \leq t_{O.T}^{HB}, \quad t_{O.T2} \leq t_{O.T}^{HB}, \quad t_{O.T3} \leq t_{O.T}^{HB}$$

Теңсіздітерді салыстыру арқылы бөлшектің барлық бетін бір уақытта өдеген кезде негізгі технологиялық уақыттың қысқарғандығын байқаймыз. Мысалы, барлық беткі қабаттардың *бірдей өлшемдері* жағдайында негізгі технологиялық уақытты *k* рет қысқартады.

$$\frac{\sum t_{O.Ti}}{t_{O.T}} = k$$

Бұл эффект шартты орындау кезінде өткелдерді іске асыруды қосу арқылы жүзеге асады. Егер өңделетін барлық бөлшектердің беткі қабаты олардың ең кішісіне L^M тең болатын болса, негізгі технологиялық уақытты қысқартудың ең үлкен мәнін алуға болады (5.12, в сурет):

$$L_{D1} = L_{D2} = \dots = L_{Dk} = L_D^M$$

мұндағы k — беткі қабаттар саны.

Қарастырылып отырылған мысал бойынша көріп тұрғанымыздай, бөлшектерді өңдеу технологиясы оның құрылымына қатысты өзіндік талаптарды ұсынады, аталған шарттарды орындау өңдеудің өнімділігін анағұрлым арттыра түседі. Қосымша уақыттың барлық өткелдері негізгі технологиялық уақытпен қосылғанда, технологиялық процесс қандай да бір шығынсыз іске асады, сәйкесінше, оның өнімділігі жоғары болады.

Даналық уақыттың формуласын ашылған түрінде ұсынамыз:

$$t_{шт} = t_{см} + t_y + t_{о.т} + t_{из} + t_{под} + t_{об} + t_{д'}$$

мұндағы $t_{см}$ — өңделетін бөлшектердің ауысымына кететін уақыт; t_y — білдекті басқаруға кететін уақыт (қосу өшіру, аспаптарды жұмыс режиміне қою және бастапқы қалпына келтіру, бөлшектерді бір жұмыс позициясынан екіншісіне көшіру); $t_{ат}$ — негізгі технологиялық уақыт; $t_{из}$ — өңделетін бөлшектерді өлшеуге жұмсалатын уақыт; $t_{под}$ — технологиялық жүйенің қосалқы жөндеу уақыты; $t^{\wedge}$ — технологиялық жүйелерге жұмсалатын уақыт; $\wedge$ — қосымша уақыт.

Бұл формуладан көріп тұрғанымыздай өткелдерге қатысты уақытты қосу толық болуы мүмкіндігін немесе төмендегі шарт қажеттілігі туындауы мүмкін.


$$t_q \geq t_1, t_q \geq t_2, \dots, t_q \geq t_n$$

мұндағы t_q — ұзақтығы t_l болатын өзге өткелдер қосылатын өткел ұзақтығы, i — қосылған өткелдің реттік саны.

Бұл кезде барлық өткелдер негізгі технологиялық өткелдермен D_t біріксе, бірлік уақыт формуласы теңдік қалпына келеді.

$t_{шт}^{о.т} *$

Өңделетін бөлшектерді өлшеумен байланысты өткелдерді біріктіру қалыпты жағдайда құрылғы көмегімен немесе өлшегіш қондырғы көмегімен немесе белсенді бақылау арқылы іске асады.



5.13-сур. Өңдеу кезіндегі біліктердің диаметрін бақылауға арналған аспаптың схемасы

аталған құрылғы өңдеу кезінде өлшемдер жүргізуге мүмкіндік береді (5.13-сурет). Белсенді бақылау жүйелері өткелдерді қоса алады, бұл негізгі технологиялық уақыт кезінде жасалған өткелдеге қатысты, себебі қосалқы жөндеу жұмыстары өңдеу кезінде іске асады.


Нақ осы тапсырманы серпімді орын ауыстыру жүйесінің көмегімен іске асыруға болады.

Бөлшектерді бірге өңдеу. Бөлшектер саны көбейген кезде жабдық мен еңбек өнімділігін арттыру үшін оларды бірге өңдеуге жүгінеміз.

Бірге өңдеу кезінде бөлшектер бірізді (5.14 а суреті), параллельді түрде (5.14 б суретінде), біріктірілген (5.14 в суреті) түрде орнатылады және өңделеді.

Бірізді орналасқан бөлшектерді өңдеген кездегі негізгі технологиялық уақыт (5.15-сурет) мына формуламен анықталады.


$$t_{O.T} = \left[\frac{\sum_{k=1}^m (l_{1k} + L_{Д.К.} + l_{2k})}{ns} + \frac{\sum_{k=1}^{m-1} L_{Xk}}{ns_1} \right] i$$



5.14-сур. Өңдеу үшін бөлшектерді орналастырудың мүмкін болған түрлерінің схемасы: *a* — бірізді; *б* — параллель; *в* — біріктірілген мұндағы $l_{1к}$ — k бөлшекті өңдеу кезіндегі аспаптың кірісіне арналған аралық; $l_{2к}$ — k бөлшекті өңдеу кезіндегі аспаптың шығысына арналған аралық; $l_{дк}$ — аспап арқылы жұмыс берілісіне өтетін k бөлшектің өлшемі; $L_{хк}$ — өңдеусіз бөлшек пен аспаптың салыстырмалы орын ауыстыруы; i — өткелдер саны; n — қос жүріс немесе айналым саны; s — қос жүріске немесе айналымға беріліс; s_t — жылдамдатылған беріліс.

Формулалар талдауынан көріп тұрғанымыздай негізгі технологиялық уақытты қысқарту үшін мыналар қажет:

■ l_x мәнін азайту үшін бірізді орналасқан бөлшектер арасындағы аралықты қысқарту. Бөлшектерді бір-біріне жақын орналастырған кезде, біріншіден кескіш аспаптың бос жүрісі алынып тасталады, екіншіден, аралықты қысқартады.



5.15-сур. Бірізді орналасқан бөлшектерді өңдеу схемасы

Бұл аспаптың кіріс және шығысы үшін керек, себебі аспаптың кірісі бөлшектің басталуында ал шығысы соңында қалады:

$$t_{O.T} = \frac{\left(l_1 + \sum_{k=1}^m L_{DK} + l_m \right) i}{ns} = \frac{\left(l_1 + \sum_{k=1}^m L_{DK} + l_m \right) i}{s}$$


■ алдыңғы шартты орындау үшін мүмкіндігінше барлық бөлшектер B_x аралықтары жылдамдатылған беріліс арқылы өтуі керек.

Параллель орналастырылған бөлшектерді өндеген кезде (бір қатарда) (5.16-сурет) негізгі технологиялық уақытты мына формуламен анықтайды:

$$t_{O.T.} = \frac{(l_1 + L + l_2)i}{nsK} + \frac{(l_1 + L + l_2)i}{sK}$$

мұндағы K — параллель орналасқан бөлшектердің саны.

Біріктіріліп орналасқан, яғни бірізді-параллельді түрле орналасқан бөлшектерді өндеген кезде (сурет 5.14, в), беріліс бағытындағы бөлшектердің арасындағы технологиялық уақыт мына



5.16-сур. Параллель орналастырылған бөлшектерді өндеу схемасы

формуламен анықталады t


$$t_{o.T} = \left[\frac{\sum_{k=1}^m (l_{1k} + L_{Д.К.} + l_{2k})}{nsK} + \frac{\sum_{k=1}^{m-1} L_{Xk}}{nsK} \right] i$$

Өткелдерді біріктіруді және бөлшектерді бірге өндеуді бір уақытта пайдалану.

Өңделетін бөлшектер санын көбейткенде өткелдерді біріктіру және бөлшектерді бірге өндеуді бір уақытта қолдану тиімді болады. Сәйкесінше, бұл үшін көп сүмбілі жартылай автомат және автоматтар, агрегатты көпсүмбілі және көппозициялы станоктар, автоматты сызықтар, роторлы сызықтар, автоматты цехтар және зауыттар түріндегі жоғары өнімді жабдық жасалады. Мысалы, баспалдақты біліктің көп көлемін өндеген кезде параллельді жартылай автоматтарды қолданады (кейде оларды үздіксіз әрекет ететін жартылай автоматтар деп атайды). Мұндай жартылай автомат көптеген кескіштерден немесе көлденең бағана бойынша тоқтаусыз айналып тұратын роторға ілінген (барабан) көшірмелі-кескіш білдектерден тұрады.

Өңделетін бөлшектерді ауыстыру жүктелу орнынан өту барысында ротордың айналуы кезінде жүзеге асырылады (5.17-сурет).

Уақытта өткелдерді қосумен бөлшектерді бірізді және біріктірілген өндеу анағұрлым кең қолданылады.



Өңделген бөлшекті ауыстыру

5.17-сур. Роторлы станоктағы бөлшектерді өндеу схемасы

Бірізді әрекет ететін көпсүмбілі жартылай автоматтарда бірдей бөлшектерді өңдеу мысал бола алады, мысалы жонғыш, алтысүмбілі жартылай автоматтың сүмбілі блогының бір айналымы үшін бөлшектің толық өңделуі іске асырылады, бірақ әр бөлшек бірізді өтетін әрбір жұмыс позициясында әдетте уақыт ішінде бірнеше қосылған технологиялық өтпелер төрт- және алтысүмбілі шыбықты автоматтарда жүзеге асырылды.

5.5.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕССТІҢ АНАҒҰРЛЫМ ҮНЕМДІ НҰСҚАСЫН ТАҢДАУ

Анағұрлым үнемді нұсқасын анықтау мақсатында мүмкін болған екі немесе одан да технологиялық процесстерді салыстыру үшін граваналитикалық әдісті пайдалануға болады. Бұл үшін қарастырылып отырған нұсқаларды орындауға байланысты шығындарды екі топқа бөлеміз:

- өңдеуге жататын дайындамалардың санына тәуелсіз шығындар;
- өңдеуге жататын дайындамалардың санына тәуелді шығындар.

Бірінші топқа жабдыққа, құрылғылар мен аспаптар жиынтығына, жабдық пен процессті күйге келтіруге жұмсалатын шығындар сияқты шығындардан тұрады. және қондырғы мен құралды және аспаптың жөндеу жұмыстарына қатысты шығындарды жатқазамыз. Екінші топқа жұмысшы мен жөндеушінің еңбекақысына кететін шығындар, материалдарға, жабдықты, құрылғылар мен аспаптарды ұстауға және амортизациялауға, электр энергиясына кететін шығындарды жатқызамыз.

Егер шығындар тобын b деп, екіншісін m белгілеп алатын болсақ, өнімнің x бірлігін дайындаудың өзіндік құнын мына формуламен жазуға болады

$$C = b + mx.$$

Формула $x = 0$ бастап және $x = x_j$ дейінгі мәндер шеңберінде ғана қолданылады, мұнда құрылғылар мен аспаптар орнатылған жабдықтың бір бірлігінің орнына екі бірлік қажет, соның нәтижесінде b тәуелсіз шығындары екі есе артуы мүмкін. Бұйымдар санын көбейткен сайын құрылғылар мен аспаптардың қажетті мөлшері бар жабдық бірлігін қосу қажет болған сайын ұқсас құбылыстар орын алады.

Жоғарыда айтылғандарды графикте координата түрінде көрсетуге болады С-Х (5.18-сурет).


Технологиялық процесстің бірнеше түрін мысалы үшеуін салыстырғанда мына түрдегі үш теңдеу құру керек болады

$$C_1 = b_1 + m_1x, \quad C_2 = b_2 + m_2x, \quad C_3 = b_3 + m_3x$$

олардың әрқайсысы x көлемінің мәніне түрлі шекте қолданылады.

Графиктен көріп тұрғанымыздай $x = x_1$ жағдайында технологиялық процесстің бірінші нұсқасында аспаптар мен құрылғылардың қажетті мөлшері бар жабдық бірлігін қосу керек, $x = x_4$ осы әрекетті қайталау керек. Технологиялық процесстің екінші нұсқасында $x = x_3$ жағдайында жабдықтың бір бірлігін қосу керек. Үшінші нұсқада жабдық қосу керек болған x мәні графиктен тыс болады.

Графиктен көріп тұрғанымыздай 0-ден x_1 -ге дейінгі x мәнінде бөлшектегі өндеуді технологиялық процесстің бірінші нұсқасы бойынша жүргізу үнемдірек болады, x_1 -ден және x_2 -ге дейінгі аралықта — екінші нұсқа бойынша, $x = x_3$ — үшінші нұсқа бойынша жүргізу керек. Сондай-ақ егер екінші және бірінші нұсқаларды салыстыратын болсақ, бірінші нұсқа екінші нұсқаға қарағанда 0-ден x_1 -ге дейінгі және x_3 -тен x_4 -ке дейінгі мәнде тиімдірек болады, ал екінші нұсқа біріншісіне қарағанда



Сурет 5.18. Технологиялық процесстің үш түрлі нұсқасының өзіндік құнын график түрінде салыстыру

x1-ден x3-ке дейінгі аралықта және x4-тен x5-ке біршама мәніне дейінгі аралықта тиімдірек болады.

Осылайша, бұйымдардың типтік бөлшектері мен құрастырма бірліктерін дайындаудың түрлі технологиялық процесстері үшін құрылған, қарастырылған түрдің графиктері технологиялық процесстің анағұрлым тиімді нұсқасын жаңаларын игергенде, сондай-ақ шығарылатын бұйымдардың санын өзгерткенде дұрыс және тез таңдауға мүмкіндік береді.

Жабдықтың, құрылғылардың, аспаптардың және басқа бұйымдардың жаңа түрлерін пайдалану мүмкіндігімен байланысты, қайта пайда болатын әрбір технологиялық процесс бойынша бөлшектерді өңдеудің қисық өзіндік құнын графикке түсіру оның үнемдеп пайдалану аумағын оңай көруге және оның тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Келтірілген формулаларды қолдана отырып, алгоритмдерді, яғни берілген өндірістік жағдайларда технологиялық процесстің анағұрлым үнемді нұсқасын салыстыру және таңдау тапсырманы шешу үшін қатаң белгіленген бірізділікті орындауға жататын есептеуіш және логикалық операцияларды құруға болады.

Алгоритмдерді пайдаланып, кез келген әмбебап сандық автоматты есептеуіш машинада тапсырмаларды шешу үшін жұмыс бағдарламаларын құруға болады.

Машина жасаудың өзіндік құнына әсер ететін негізгі факторлармен және олардың әсерін есептеу әдістерімен таныса отырып, өзіндік құнды төмендету үшін осы факторлар арқылы басқаруға көшуімізге болады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Шығарылып жатқан машинаның өзіндік құнына анықтама беріңіз.
2. Қ өзіндік құндарды атаңыз.
3. Операция орындауға кететін уақыт шығынының құрылымы қандай?
4. Бөлшектерді дайындауда өндірістік процессті ұйымдастырудың қандай түрлері мен формалары қолданылды?
5. Құрастырма бұйымдардың өндірістік процесі қалай ұйымдастырылуы мүмкін?
6. Уақыт нормасын қалай орнатады?
7. Даналық уақыттың құраушыларын атаңыз.
8. Даярлау-қорытындылау уақытын қысқарту жолдары қандай?

9. Негізгі технологиялық уақытты қалай қысқартуға болады?
10. Оперативті уақытқа қатысты қосымша уақыттың үлесін қалай қысқартуға болады?
11. Уақыттың прогресстік нормасы деген не?
12. Материалдар шығынын азайтудың қандай жолдары бар?
13. Еңбек құралдарын ұстауға, амортизациялауға және пайдалануға жұмсалатын шығындарды қалай қысқартуға болады?
14. Бұйымның технологиялық конструкциясының деңгейі туралы ұғым бұйымдарды шығару көлемімен қалай байланысты?
15. Технологиялық процесс нұсқаларының үнемділігін қалай салыстыруға болады?

6.1. Өткеларалық өлшемдер мен әдіптерді өңдеуге есептеу

Өңдеуге өткеларалық өлшемдер, шақтамалар мен әдіптер туралы ұғым

Технологиялық проесстің кез келген операциясына дайындама түседі, ал операциядан бөлшек шығады деген көпшілік қабылдаған пікірмен келісек, онда *дайындаманы* өндіріс заты деп сипаттауға болады, оның формасы бөлшектің формасына жақын болады. Дайындамадан жарамды бөлшек алуға болады немесе пісірілген жинақтық бірлікті олардың параметрлерін өзгерту арқылы алуға болады: формалар, өлшемдер және беткі қабаттың кедір-бұдырлығы, материалдың қасиеттері және т.б.

Дайындаманың конфигурациясын бөлшек конструкциясы, оның өлшемдері, материал және бөлшектің дайын машинадағы жұмыс жасау шарты шарттайды. Дайындаманың көптеген параметрлері машинаны пайдалану арқылы қарастырылады деуге болады.

Нақты бөлшекті дайындаудың технологиялық процессі бастапқы дайындаманы алудан басталады. Сәйкесінше, бірінші операцияға (механикалық өңдеу немесе термиялық) *бастапқы дайындама* келіп түседі, ол артық материалдан арылу арқылы дайын бұйымға айналады.

Көптеген жағдайларда дайындамадан дайын (жарамды) өнім алғанға дейін ол бірнеше технологиялық жүйелер арқылы өтеді, онда аралық әдіптерді, операцияаралық өлшемдер мен шақтамаларды есептеу қажеттілігі туындайды.

Өткеларалық өлшем деп бөлшекті алуға қажетті әр өткелді орындағаннан кейін кейін түзілетін әрбір аралық өлшемін атайтын боламыз.

Соңғы өткелде берілген талап бойынша машинадағы бөлшектер, нақтырақ айтсақ, бөлшектің жұмысшы сызбасы арқылы ақырғы өлшемді алғандағы соңғы өткел ерекшелік болып табылады.

Барлық өткеларалық өлшемдер өзара байланысты және технологиялық өлшемдік тізбекті құрайды.

Расында, 6.1-суреттен көріп тұрғанымыздай $B_{\text{заг}}$ білігінің дайындамасының өлшемі әр өткелді орындағанда шешілетін жақын өткеларалық өлшемдердің және Z өңдеуге әдіптердің өлшемдерінің дайын өнімнің талап етілген өлшемімен байланысты B_d . Олардың барлығы технологиялық өлшемдік тізбекті құрайды.

$$L_{\text{заг}} - Z_1 - Z_2 - Z_3 - Z_4 - L_d = 0$$

мұндағы $Z_1 = L_{\text{заг}} - D$; $Z_2 = D - L_y$, $Z_3 = B_2 - L_3$; $Z_4 = L_3 - B_d$ — сызықты өлшемдерді алған кезде.


Буындар ретінде тізбекке кіретін өлшемдер есептік (номиналды) болып табылады.

Өткеларалық өлшемдерді есептеу үшін технологиялық өлшемдік тізбектерден көрініп тұрғанындай өңдеуге қатысты рұқсаттық шектерді есептей алу керек.


Өңделу әдібі деп қажетті дәлдікті алу үшін және дайын бұйымның беткі қабатының қажетті параметрлерін алу үшін жойылатын материалдың қабатын айтамыз. Әдіпті дайындамадан жекелеген өткелдер кезінде біртіндеп алып отырады. Сондықтан өңделетін аралық (өткеларалық) әдіп түсінігі пайдаланылады, бұл бір технологиялық процесстің іске асуы кезіндегі алынатын материал қабаты. Бұл әдіп екі өлшемнің айырмашылығы ретінде анықталады: алдыңғы операцияда алынған дайындаманың беткі қабатының өлшемдері, қарастырылып отырған беткі қабатты өңдеген кезде осы өткелді бір операцияда орындау кезінде алынатын бөлшектің беткі қабатының өлшемі.

Операциялық әдіп — бір операция процессіндегі дайындаманың нақты беткі қабатынан жойылатын материал қабаты. Операциялық әдіптің көлемі негізінен мына параметрлерге тәуелді болады: алдыңғы операцияда қалыптасқан беткі қабат биіктігінің біртегіс еместігі (кедір-бұдырлығы); операцияға келіп түскен дайындаманың беткі қабатындағы дефектінің тереңдігі; операциялық өлшемге рұқсат және т.б. Операциялық әдіпті есептік-аналитикалық немесе тәжірибелік статистикалық әдіс арқылы жүзеге асырады.


Жалпы әдіп — дайындаманың нақты бетін механикалық өңдеудің түгел технологиялық маршрут бойынша өткеларалық әдіптердің сомасы.



6.1-сур. Технологиялық өлшемдік тізбектердегі өткеларалық өлшемдердің пайда болу схемасы



6.2-сур. Өңделетін әдіптің бір жақ орналасу схемасы



6.3-сур. Өңделетін әдіптің екі жақты орналасу схемасы: а — қалыптастырушыдан әдіптерді жою; б — әдіпті екі жағынан

Дайындаманың әр беткі қабаты үшін жалпы әдіпті дайындаманың осы беткі қабатының және дайын бөлшектің сол бетінің өлшемінің айырмашылығы ретінде қарастыруға болады.

Дайындаманың қандай да бір жағынан жойылатын бір жақты әдіптер Z (6.2-сурет) және дайындаманың екі жағынан жойылатын Z_1 және Z_2 екіжақты әдіптер (6.3-сурет) ажыратылады.

Әр жағында орналасқан құраушылардың мәндеріне байланысты немесе қалыптастыратын бөлшек бойынша өңделетін екі жақты әдіптерді симметриялы және асимметриялы деп бөледі. Симметриялы әдіпте оның құраушылардың мәні Z_1 барлық жағы бойынша өзара тең болады (6.3-сурет а), асимметриялы әдіпте Z_1 және Z_2 мәндері тең емес (6.3, б суреті).

Әдіптің есептік немесе номиналды өлшемдерін, есептеу арқылы орнатылған әдіп өлшемін, әдіптің негізгі өлшемін, өңдеу кезінде бөлінетін материал қабатының өлшемін, өлшеу және есептеу арқылы алынған әдіп өлшемін айыра білу керек.


Өңделетін әдіптер өтеу қажеттілігінен болуы керек:

- Станокта, құрылғыда немесе жұмыс орны дайындамасының орнату D_y қателігі. Орнату қателігі қаншалықты көп болса, оны өтеуге де сондай үлкен әдіп керек болады. 6.4-суретте көрсетілгендей әдіп жеткіліксіз кезінде бөлшектің беткі қабаты толығымен өңделмеуі мүмкін. Нәтижесінде қайта алынған беткі қабатта алдыңғы өткелде қалыптасқан А бетінің бір бөлігі қалады, бұл 6.4-суретте тиянақты көрсетілген;
- аталған өткелге келіп түсетін дайындама бетінің немесе өңделетін бөлшектің қатыстық бұрылыстарының қателіктері;
- дайындама бетінің формасының қателігі, егер бұл қателіктер қандай да бір себеппен өлшемге берілген шектен шығатын болса (мысалы, деформация және термиялық өңдеу нәтижесінде және т.б.)
- алдыңғы өткелден қалған беткі бөліктің бұдырлығы түріндегі кескіш аспаптың іздері;
- материалдың беткі қабатының дефектін жою, егер ол алдыңғы өткелдің әсерінен пайда болса және ішінара сақталса;

Жоғарыда айтылғандарға орай бұйымның беткі қабатының сапасына әсер ететін барлық қарастырылған қателіктерді өтеу үшін аталған өткелде неғұрлым аз әдіпті Z^{TM} қалдыру керек, ол мына формуламен анықталады:

$$Z^{HM} = H^{nb} + T + P + \Phi + Y,$$

мұндағы H^{nb} — алдыңғы өткелде алынған бөлшектің беткі қабаты үшін орнатылатын микротегіссіздіктің биіктігі; T — алдыңғы өткелде алынған беткі қабаттың дефектінің есептік тереңдігі; P — алдыңғы өткелде алынған бөлшектің беткі қабатының қатыстық бұрылыстарының есептік қателігі.



6.4-сур. Осы өткелдегі бөлшектердің орналасу қателігінен алдыңғы өткелде алынған беткі қабатты сақтау

Φ — алдыңғы өткелде алынған бөлшектің беткі қабаты формасының есептік қателігі; Y — осы өткелде бөлшекті орнатудың есептік ақаулығы.

Айналатын беткі қабаттар үшін есептік-аналитикалық әдіс диаметрге қатысты немесе радиусқа қатысты әдіпті анықтауға мүмкіндік береді (жақтау бойынша). Тәжірибелік және оқу мақсатында дөңгелек дайындаманы есептеген кезде операциялық әдіптің Z_{0d} мәнін қысқартылған формула арқылы анықтауға болады.

$$Z_{0d} = 2(Rz + h_A + T), \quad (6.1)$$

мұндағы Rz — алдыңғы операцияда қалыптасқан беткі қабатын тегіссіздігінің (бұдырлығының) биіктігі; L_d — дайындаманың беткі қабатындағы дефектінің тереңдігі; T — операциялық өлшемге рұқсат шегі.


Жазық беткі қабатты өндеген кезде (бір жақты өндеуде) әдіп бір жаққа беріледі. Бұл жағдайда әдіптің бір жаққа Z_{0I} мәнін де жеңілдетілген формуламен анықтауға болады:

$$Z_{0I} = R_z + h_g + T. \quad (6.2)$$

Механикалық өндеуге қатысты жалпы әдіп сәйкес дайындама мен бөлшектердің өлшемдерін салыстыру арқылы анықталатын болғандықтан, сыртқы цилиндрлік беткі қабатқа қатысты жалпы әдіп диаметрі (6,5 а суреті).

$$Z_{0общd} = d_0 - d_g, \quad (6.3)$$

мұндағы d_0 — дайындаманың сыртқы диаметрі; d_g — дайын бөлшектің сыртқы диаметрі.



6.5-сур. Сыртқы (а), ішкі (б), цилиндрлік және жазық (в) беткі қабатты жалпы өңдеуді анықтау схемасы.

Ішкі цилиндрлік беткі қабат үшін (6.5 б сурет) жалпы әдіп диаметрі

$$2D_{\text{эбщр}} = O_d - D_0, \quad (6.4)$$

мұндағы O_d — дайын бөлшектің ішкі диаметрі; D_0 — дайындаманың ішкі диаметрі.

Жазық беткі қабат үшін (6.5 в суреті) бір жаққа жалпы әдіп

$$^{\wedge}обцB = ^L0 - ^LD, \quad (6.5)$$

мұндағы L_0 — дайындаманың сызықты өлшемі; L_D — бөлшектің сызықты өлшемі.

Қажетті минималды әдіпті есептеген кезде өңделетін технологиялық процесстің нақты шартын ескеру керек, себебі кей жағдайда әдіптеудің керегі жоқ болуы мүмкін. Осыған орай өңделетін әдіпті айтарлықтай азайтуға болады, оның өңдеу кезіндегі жойылуына кететін материал шығынын үнемдеуге болады. Мысалы, кей технологиялық процесстерді іске асырған кезде дефектілік қабат айтарлықтай үлкен болмағанықтан, өңдеу барысында оны өзге әдіптеу есебінен оңай жояды, оның орнын толтыру үшін арнайы материал қалдырудың керегі жоқ. Бағыттаушы темірді шынықтыру кезінде дефектілік қабат өзге өңдеу әдіптері есебінен жойылады. Қатты беткі қабаттарда ақаулықтар аса байқалмайды, сәйкесінше оларды өтеу үшін арнайы материал қабатын қалдырудың керегі жоқ.

Өңделетін минималды әдіптердің бастапқы жақындауы үшін өңдеуге алғашқы деректер ретінде В.М. Кован әзірлеген оны жеке құраушылардың мәндерінің кестесін пайдалануға болады.

Өңделетін минималды өткеларалық әдіптерді біле отырып, оның максималды мәнін мына формуламен анықауға болады: мұндағы 5_n — арақашықтыққа берілген рұқсат немесе алдыңғы өткел үшін орнатылған беткі қабат өлшемі; Z^{TM} — алдыңғы өткел үшін орнатылған ең аз есептік әдіп; 5_d — арақашықтыққа берілген рұқсат немесе осы өткел үшін орнатылған беткі қабат өлшемі.

Өткеларалық әдіптер мен алаңдар арасындағы өзара байланыс 6.6-суреттегі схемада көрсетілген.

Осы схемаларды қолдана отырып өткел аралық орташа және шектік өлшемдерді анықтауға болады. Бұл үшін есепті басынан таңдау керек. Егер, мысалы, D дайын білікке қатысты рұқсат етілген өлшемдердің ең үлкенін алсақ, өткеларалық шектік өлшемдерді 6.6 а суретінде көріп тұрғанымыздай мына формуламен анықтауға болады: соңғы өткел үшін

Кейінгі өткелдерді «п» индексімен, ал осы өткелді «д» индексімен белгілеп, кез-келен өткел үшін (Днб дайын бөлшегінің қабылданған санақ басында) жазуға болады.



$$D_1^{нб} = D + Z_1^{HM} + \delta_1$$

$$D_1^{нб} = D + Z_1^{HM}$$

алдыңғы өткел үшін

$$D_2^{нб} = D_1^{нб} + Z_2^{HM} + \delta_2$$

$$D_2^{нб} = D_1^{нб} + Z_2^{HM}$$



$$D_D^{нб} = D_{II}^{нб} + Z_D^{HM} + \delta_D$$

$$D_D^{нб} = D_{II}^{нб} + Z_D^{HM}$$

Соған ұқсас 6.5 б суретінде қабылданған санақ басы (D_0 дайын саңылаудың жол берілетін ең кіші диаметрі қабылданған) жағдайында қамтушы өлшемдер үшін мынаны аламыз

$$D_1^{нб} = D_0^{нб} - Z_1^{HM}$$

$$D_1^{нб} = D_0^{нб} - Z_1^{HM} - \delta_1$$

Есептің қабылданған санақ басы жағдайындағы жалпы жағдайда

$$D_D^{нб} = D_{II}^{нб} - Z_D^{HM}$$

$$D_D^{нб} = D_{II}^{нб} - Z_D^{HM} - \delta_D$$

Симметриялы әдіптер өңдеуге өс бойымен айналу арқылы алынған беткі қабаттарға қатысты орнатады (цилиндрлік, конустық және т.б.). Асимметриялы әдіпті беткі қабаттарды немесе беткі қабат бөлшектерін баланыстыратын өлшемдер арқылы орнатады.

Баяндалғаннан көріп тұрғанымыздай, шектік өткеларалық өлшемдер тандалған есептеу жүйесі арқылы орнатылады, яғни орнатылған шақтама өрісінің орналасу жүйесі номиналды өлшемге қатысты болады.

Мысалы, симметриялы жүйе кезінде шақтама өрісінің өлшемге қатысты номиналды өлшем ретінде орналасуы орташа мәнді береді:

$$A_{CP} = \frac{A^{нб} + A^{нм}}{2}$$

Мұндай жағдайларда өткеларалық өлшемдерді есептеген кезде номиналды ретінде орта мәнді, соның ішінде әдіптің орта мәнін алу керек:

$$Z_{CP} = \frac{Z^{нб} + Z^{нм}}{2}$$

Осылайша, өткеларалық номиналды өлшемдер есебі өлшемдер тізбегі мен ерекше еңбек теориясын қолдану арқылы негізделеді. Өкеларалық өлшемдерге рұқсат шегін қайдан аламыз деген сұрақты анықтау қалды.

6.6-сур. Өткеларалық өлшемдер, әдіп, өңдеуге рұқсат ету шегі арасындағы байланыс схемасы:


a — қамтылатын өлшем үшін; b — қамтушы өлшем үшін

Алдында қарастырылған нүктелік диаграммадан оны анағұрлым өнімді пайдаланғандағы әр технологиялық жүйесі белгілі дәлдікті беретінін көреміз.

Технологиялық процессті әзірлегенде, бұған дейін көрсетілгеніндей, дайындаманы дайын бөлшекке айналдыру үшін қажетті нақтылау мәніне байланысты технологиялық жүйені (бір немесе бірнеше) таңдайды.

Технологиялық жүйені таңдағаннан кейін оның нақты сипаттамалары анықталады, сәйкесінше, оның негізінде әр өткеларалық өлшемге қатысты әдіпті орнату мүмкіндігі туындайды. Машина жасау тәжірибесінде рұқсат шегін орнату үшін өткеларалық өлшемдер бойынша орта экономикалық жеткілікті дәлдікті пайдаланады.

Жонғыш станокта өтетін кескішпен сыртқы цилиндрлік бетті өңдеу үшін әдіптердің міндетін мысал ретінде қарастырамыз (6.7-сурет). Бойлық беру әдісімен қайрау кезінде әдіптің анағұрлым өлшемі келесі факторларды шектейді:



6.7-сур. Сыртқы цилиндрлік бетке жалпы әдіптің есептік схемасы: *a* — бөлшек эскизі; *б* — дайындама эскизі; *в* — қаралтым қайрау эскизі; *г* — таза қайрау эскизі

- кескіштің құлашы, мықтылығы мен қаттылығы;
- жонғыш білдектің қуаты;
- өңделетін дайындаманың қаттылығы мен мықтылығы.

Операциялық әдіптің қажетті минималды көлемі дайындаманың ішкі дефектілерінің, қуыстардың, жарықшаларының және бетіндегі тегіссіздіктердің биіктігінің болуымен анықталатын алдыңғы операциялардың сапасына байланысты болады. Анағұрлым үлкен әдіпті бірінші операцияда алады, мысалға дайындаманы соғып, құйғаннан кейін жүргізілетін сыдыру. Анағұрлым аз әдіпті фиништік операцияда алады (соңғы).

6-қосымшада қаралтым және таза қайрауға операциялық әдіптерді анықтауға (оқу мақсатында) мүмкіндік беретін басқару техникалық материалдар келтірілген.

Қарастырылып отырылған мысалдағы «білік» (6.7 а суреті) бөлшегін ыстық соғылған дайындамадан ұсақ сериялы өндіру шартымен дайындайды (6.7 б суреті). М дайындаманың беткі қабатына қатысты өңдеуге жалпы әдіпті, оның өткеларалық әдіптері, өлшемдерін орнату талап етіледі, өткелдерге қатысты операциялық эскиздер іске асырылады.

Есептеу үшін бастапқы ақпарат 6.1-кестеде берілген.

Дайындама мен бөлшектің сызбасын талдаған соң, үш операциядан тұратын дайындаманың өңдеу әдісін тандаймыз

■ 05 операциясы — фрезерлі-центрлі біліктік;

6.1-кесте. Өңделетін әдіптерді есептеуге арналған бастапқы деректер

Дайындама параметрлері						Бөлшек параметрлері					
l_0			d_0			$^{\wedge}d$			ad		
Номиналды өлшемдер, мм	Дәлдік қалыптетуі	Бұдырлық, мкм	Номиналды өлшем, мм	Дәлдік қалыптетуі	Бұдырлық -, мкм	Номиналды өлшем, мм м	Дәлдік қалыптетуі	Бұдырлық, мкм	Номиналды өлшем, мм	Дәлдік қалыптетуі	Бұдырлық, мкм
410	h14	Rz80	110	h14	Rz80	400	h12	Rz40	100	h10	Ra12

■ 10 операциясы — үш негізгі өткелде екі жақтан қаралтым қайрау ;

■ 15 операциясы — үш негізгі өткелде екі жақтан таза қайрау .

Тапсырма шарты бойынша өткеларалық әдіпті және тек М беткі қабатына қатысты өлшемдерді анықтау болғандықтан, (6.3) формуласы бойынша 6.1-кестенің мәліметтерін ескере отырып осы беткі қабатқа қатысты жалпы механикалық өңдеудің жалпы әдібін табамыз:

$$2Z_{\text{общд}} = d_0 - d_d = 110 - 100 = 10 \text{ мм.}$$

Таза қайрау кезіндегі диаметрге қатысты әдіпті 6-қосымша бойынша анықтаймыз:

$$2Z_{2 \text{ табл}} = 1,8 \text{ мм.}$$

Ұсақ сериялы өндіріс үшін анықталған әдіпті диаметрге көбейту керек, бұл үшін $K = 1,3$ коэффициентін енгіземіз.

$$2Z_{\text{рас4}} = 2Z_{2 \text{ табл}} K = 1,8 \cdot 1,3 = 2,34 \text{ мм и } 2,3 \text{ мм.}$$

Қаралтым қайрау кезінде әдіпті диаметрге қатысты 6-қосымша немесе мына есептеу бойынша анықтауға болады:

$$2Z_1 = 2D_{3\text{бш}} - 2Z_{2 \text{ расч}} = 10 - 2,3 = 7,7 \text{ мм.}$$

d_1 номиналды диаметрі қаралтым қайрағаннан кейін (6.7-в-сурет) бөлшек пен әдіптің максималды диаметрінен d_{max} және таза қайрауға $Z_{2 \text{ расч}}$ қатысты анықталады

$$d_1 = d_{\text{dmax}} + 2Z_{2 \text{ расч}} = 100 + 2,3 = 102,3 \text{ мм.}$$

Дәлдікті квалитет бойынша анықтаймыз, яғни 102,3 h12, қаралтым қайрау үшін беткі қабаттың бұдырлығы Rz20 мкм. Қаралтым қайраудың операциялық эскизі 6.7 в суретінде көрсетілген.

Номиналды диаметрді d_1 таза қайраудан кейін (6.7 г суреті) $2Z_{\text{расч}} = 2,3$ мм әдібін алу кезінде аламыз. Бұл өлшемді қаралтым қайраудан кейін және таза қайрауға қатысты $2Z_{2 \text{ расч}}$ диаметрде бөлшектің номиналды диаметіне d_1 орай анықтаймыз:

$$d_d = d_1 - 2Z_{\text{рас4}} = 102,3 - 2,3 = 100 \text{ мм.}$$

Берілген өлшемдермге сәйкес келетін бөлшек өлшемдерін (соңғы өлшемдер) таза қайрау кезінде аламыз, оның эскизі 6.7 г суретінде көрсетілген.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Өткеларалық өлшем дегеніміз не?
2. Өңдеу әдібі деп нені атаймыз?
3. Өңдеу әдібінің қандай түрлерін бөліп қарастырамыз?
4. Әдіптерді өңдеу қажеттілігінің себептерін атаңыз.
5. Өңделетін минималды әдібін қалай есептеуге болады?
6. Қандай беткі қабаттарда симметриялы өңдеу әдібі орнатылады?
7. Шектік өткеларалық өлшемдерді қалай орнатады?
8. Өңделетін өткеларалық өлшемдерді қалай есептейміз?

МАШИНА МЕН БӨЛШЕКТЕРДІ ЖАСАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСІН ӘЗІРЛЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

7.1.

МАШИНА ЖАСАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСІН ӘЗІРЛЕУДІҢ РЕТТІЛІГІ

Жалпы мәліметтер. Машина жасаудың технологиялық процесін әзірлеу дегеніміз – машинаны құрастыру және оның құрамындағы бөлшектерді дайындау процестерінен тұратын күрделі кешенді мәселенің шешімін табу.

Машина жасаудың технологиялық процесін әзірлеудің реттілігі мәселенің тікелей (жобалы) шешімі ретінде түпкі нәтижеден, яғни құрастырылған машинадан, оның бөлшектерін дайындау мен дайындамаларын алуға бағытталған. Мұндай реттілікті сақтау қажеттілігі бөлшектерді дайындау технологиялық процесінің құрылымының машина жасау процесіне бағыныштылығымен, ал дайындамаларды алу тәсілін таңдау мен сызбаларда өлшемдерді қойып шығу бөлшектерді дайындау технологиясына бағыныштылығымен түсіндіріледі. Тек осындай реттілікті сақтай отырып, технологиялардың көмегімен қызметтік мақсатына қарай машинаның өлшемді байланыстарын жасауға болады.

Машина жасаудың технологиялық процесін әзірлеу үшін төмендегідей бастапқы деректер қажет:

- Машинаның қызметтік мақсатының сипаттамасы;
- Машинаның қызметтік мақсатынан туындайтын техникалық талаптар мен дәлдік нормалары;
- Машинаның жұмыс сызбалары;
- Өзгертілмейтін сызбалар бойынша белгілі бір мерзімде шығару жоспарланған машиналар саны;
- Машина жасауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру үшін алдын ала жасалатын жағдайлар (жұмыс жасап тұрған немесе

салынып жатқан кәсіпорын, басқа кәсіпорындармен бірлесу мүмкіндіктері, жабдықтау мүмкіндіктері, кадрлардың болуы және оларды тарту жолдары, т.б.);

- Машина өндірісін дайындау мен оны шығарудың жоспарлы мерзімдері.

Барлық аталған бастапқы деректер технологиялық процестің алдында қойылатын міндетті және оны жүзеге асыру үшін жасалатын жағдайларды егжей-тегжейлі ұғыну үшін аса қажет. Белгіленген міндет қаншалықты дұрыс және барынша түсінікті болса, оның шешімін табу да соншалықты дұрыс және жылдам жүзеге аспақ.

Технологиялық процестің жүзеге асырылу жағдайларын білу өте маңызды. Егер технологиялық процесс құрылып жатқан кәсіпорынға арналып әзірленсе, оның жабдықтарын, тетіктері мен аспаптарын таңдау еркіндігі жұмыс жасап жатқан кәсіпорынға қарағанда әлдеқайда кең болады. Соңғы жағдайда технологиялық процесті қолданыстағы жабдыққа байланысты жасау, оның жүктемесімен санасу, аспапты цехтың және кәсіпорын бойынша дайындамаларды, дайын бөлшектерді және құрастырма бірліктерді (бекіткіш бөлшектер, мойынтіректер, электрқозғалтқыштар және т.б.) алу мүмкіндіктерін есепке алу қажеттілігі туындар еді.

Әрбір технологиялық процестің міндеті – қызметтік мақсатына сай болатын машинаны үнемді тәсілмен жасау. Бұл міндетті дұрыс шешу үшін машина жасау технологиялық процесін әзірлеудің төмендегідей реті қолданылады:

■ Машинаның қызметтік мақсатын, техникалық талаптарын, дәлдік нормаларын зерттеу және олардың қызметтік мақсатқа сәйкестігінің сынамалық талдауы;

■ Өзгертілмейтін сызбалар бойынша белгілі бір мерзімде шығару жоспарланған машиналар санымен танысу;

■ Машинаның жұмыс сызбаларын зерттеу және машинаның қызметтік мақсатын орындау, конструкцияға сәйкес геометриялық дәлдікке қол жеткізу, машина конструкциясының технологиялық мүмкіндіктерінің сынамалық талдауы;

■ Машинаның жалпы құрастырылу және оның құрастырма бірліктерін дайындау технологиясын әзірлеу;

■ Бөлшектердің қызметтік мақсатын, техникалық талаптарын, дәлдік нормаларын зерттеу және олардың қызметтік мақсаттарына сәйкестігінің сынамалық талдауы, сонымен бірге бөлшектер конструкциясының технологиялылығын талдау;

- Бөлшектердің талапқа сай сапалылығын қамтамасыз ететін дайындамаларды алудың мейлінше үнемді тәсілдерін таңдау;
- Бөлшектерді дайындаудың технологиялық процесін әзірлеу;
- Жабдықты және жұмыс орындарын жоспарлау;
- Тапсырыстарды жобалауға және жабдықты, тетіктер мен аспаптарды дайындауға рәсімдеу;
- Технологиялық процеске түзетулер енгізу және жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді жою.

Машинаның қызметтік мақсатын зерттеу және техникалық талаптары мен дәлдік нормаларын талдау. Технологиялық процесті әзірлеуге кірісу барысында технолог өз жұмысының мүддесін айқындау керек. Сол мүдденің бірі – сапалы және үнемді машина жасау. Мүддені меңгеру үшін машинаның қызметтік мақсатының тұжырымдасамын жете ұғыну, оның сапалық көрсеткіштерімен танысу, машина конструкциясының сапалық талаптарды қалай қамтамасыз ететіндігін түсіну және алға қойылған талаптардың дұрыстығына көз жеткізу керек.

Әр машина нәтижесінде қандай да бір түрдегі өнім беретін белгілі процессті орындау үшін жасалған. Сол себепті машинаның қызметтік мақсатын зерттеуді оның әрекетінің нәтижесімен таныстықтан бастау керек. Мысалы, білдектің қызметтік мақсатын зерттеуді бөлшектер жасауға арналған пішіндермен, өлшемдермен және бөлшектердің дәлдігіне талаптарымен танысудан бастау қажет. Әрі қарай білдектің өнімділігіне, қуаттылығына, сенімділігіне қойылатын талаптар, т.б. зерттеледі.

Машинаның қызметтік мақсатының тұжырымдамасы машина жұмыс жасайтын және талапқа сай сапалы өнімді қажетті шамада өндіретін жағдайлардың тізімінен тұруы керек. Машинаның жұмыс жасау жағдайлары бастапқы өнімнің түрі мен сапасын, пайдаланылатын қуатты, машинаның жұмыс жасау режимін, қоршаған ортаның жағдайын сипаттайтын шектік ақаулары бар технологиялық процестен туындайды.

Кез келген машина технологиялық процесті оның орындаушылық шектерінің аралығында әрекет ететін түрлі байланыстардың (өлшемді, кинематикалық, динамикалық, электрлік, гидравликалық, пневматикалық, және т.б.) көмегімен атқарады. Машинаның жұмыс жасауы үшін қажетті байланыстарды орнату мүмкіндігі оның конструкциясына материалдардың қасиеттерінің байланыстары мен өлшемді

байланыстар түрінде енгізілген. Сондықтан машинаның қызметтік мақсатын зерттеу және оған техникалық талаптар мен дәлдік нормалардың сәйкестігін анықтау кезінде, технолог соңғы аталғандардың машинаның қызметтік мақсатымен және сапасына қойылатын талаптармен байланысын түсіну керек.

Машина жасау технологиялық процесін әзірлеуде алғашқы кезеңнің жауаптылығын айта кеткен жөн. Тәжірибе көрсеткендей, оның маңыздылығын жете бағаламаудың салдарынан, көп жағдайда сапасыз машиналар өндіріледі. Сызбаларда көрсетілген немесе оларға қосымша берілген техникалық талаптар мен дәлдік нормаларын талдау кезінде, олардың үстірт негіздемесімен ұшырасуға тура келеді. Бастапқы мәліметтердің кемшіліктері машина жасаудың бұрыс технологиясына әкеп соқтырады. Ал бұл, өз кезегінде, машинаның сапасынан көрініс табады.

Машинаның белгіленген шығарылымы. Өзгертілмейтін сызбалар бойынша және белгілі бір мерзімде шығару жоспарланған машиналар шығарылымымен танысу машина жасау мен бөлшектерді дайындаудың өндірістік процестерін ұйымдастырудағы ең үнемді түрі мен қалыптарын таңдау үшін қажет. Өндірістік процесті ұйымдастыру технологиялық процестердің құрылымын, жабдық мен технологиялық жарақтарды таңдауды, оның механикаландыру және автоматтандыру дәрежесін шамалап айқындайды.

Таңдалған жабдықтың жүктемесін мейлінше арттыруға талпыну машина шығарылымының көлемін арттыру немесе кемітудің экономикалық жөнділгі туралы қорытындыға әкеліп соғады. Мұндай қорытындылар машина жасау технологиялық процесінің және өндірістік процестің кез келген сатысында пайда болуы мүмкін.

Машинаның жұмыс сызбаларын зерттеу. Машинаның жұмыс сызбаларын зерттеудің мақсаты - оның құрылымымен, тораптардың міндеттерімен, машинаның өз қызметтік мақсатын атқаруын қамтамасыз ететін бөлшектер мен өлшемді байланыстар механизмдерінің міндеттерімен танысу.

Зерттеуді машинаның құрастырма сызбаларынан бастаған жөн. Әуелі машинаның орындаушылық шектерін және машинаның белгіленген процессті атқаруын басқаратын олардың арасындағы байланыстарды анықтаған дұрыс. Одан әрі осы байланыстардың жүзеге асуына септігін тигізетін механизмдер мен бөлшектерді айқындаған жөн. Әдетте машинаның сызбаларына кинематикалық, гидравликалық,

электрлік және жұмыстың атқарылуын жеңілдететін басқа да сызбанұсқалар қосымша беріледі. Дегенмен кейде машина сызбаларында өлшемді байланыстардың сызбанұсқалары берілмейді. Сондықтан технолог машинаның орындаушылық шектерінің қатынасты күйімен және машинадағы қажетті қозғалу қалыптарымен қамсыздандыратын өлшемді байланыстарды түсіну үшін, құрылмалау өлшемді тізбектерін, жоғарыда аталған байланыстардың орнауына септігін тигізетін құрастырма бірліктер мен бөлшектерді, машинаны құрайтын құрастырма бірліктер мен бөлшектер арасындағы өлшемді байланыстарды, өлшемді тізбектер арасындағы байланыстарды өз бетімен анықтауға мәжбүр болады.

Жұмыс сызбаларын зерттеу нәтижесінде, өлшемді тізбектердің сызбанұсқасы болмаған жағдайда, оларды жасау қажет. Машинаның жұмыс сызбаларын зерттеу жұмыстары машина жасау технологиялық процесін әзірлеуге кеткен уақытты түгелдей қамтиды. Бұл құрастырма бірліктер мен бөлшектердің қызметтік мақсатын зерттеу, олардың конструкциясының технологиялығын бағалау, конструкцияға орнатылған машинаға қажетті дәлдікті қамтамасыз ететін әдістерді анықтау, оның құрастырылу реттілігін белгілеу, сызбалардағы өлшемдердің дұрыс қойылғандығын талдау, технологиялық қоймаларды таңдау және басқа да мәселелерді шешу үшін қажет.

Технологиялық процестің бұл сатысында машинаның сызбаларымен танысу оның құрылымы, құрамдас бөлшектері және машинаның өз қызметтік мақсатын орындауға қажетті байланыстар әрекетінің конструктивті қамсыздандырылуы туралы жалпы көрініс береді.

БӨЛШЕК ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСІН ӘЗІРЛЕУ

7.2.

Бөлшек жасау технологиялық процесінің реттілігі. Бөлшек жасау технологиялық процесін әзірлеудің міндеті – берілген өндірістік жағдайлар үшін машина жасау кәсіпорнына жеткізілетін жартылай фабрикаттан дайын бөлшекке өтудің тиімді нұсқасын анықтау. Таңдап алынған нұсқа өзіндік құны төмен болса да, бөлшектің талапқа сай сапалылығымен қамсыздандыру керек.

Бөлшек жасау технологиялық процесін әзірлеудің төмендегідей реті ұсынылады:

- Техникалық талаптар мен дәлдік нормаларын талдау;
- Белгіленген уақытта дайындалатын бөлшектердің санын анықтау және жасау өндірістік процесінің ұйымдастырылу қалыбы мен түрін белгілеу;
- Бөлшек немесе дайындама жасайтын жартылай фабрикатты таңдау;
- Бөлшекті жартылай фабрикаттың өзінен дайындау тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда, дайындаманы алудың технологиялық процесін анықтау;
- Технологиялық базаларды таңдауды негіздеу және дайындаманың беткі қабаттарын өңдеудің реттілігін бекіту;
- Дайындаманың беткі қабаттарын өңдеу әдістерін таңдау және бөлшектің сапасына қойылатын талаптарға сүйене отырып, әр беткі қабатты өңдеу бойынша өткелдердің санын белгілеу;
- Әдіптерді есептеу және бөлшек дәлдігінің барлық көрсеткіштерінің ауытқуына байланысты өткеларалық шектер мен өлшемдерді бекіту;
- Дайындаманың сызбасын рәсімдеу;
- Бөлшектің сапалылығын және өнімділікті қамтамасыз ететін өңдеу режимдерін таңдау;
- Бөлшек жасау технологиялық процесіне нормалар бекіту;
- Өткелдерден операциялар құрастыру және оларды жасауға арналған жабдықты таңдау;
- Әр операцияға қажетті технологиялық жарақты таңдау және жарақ түріне қойылатын талаптарды әзірлеу (дайындама мен кескіш аспапты бекітуге арналған құрылғылар, кескіш аспап, өлшеуіш аспап және т.б.);
- Бөлшек жасау технологиялық процесі операцияларының балама нұсқаларын әзірлеу, олардың өзіндік құнын есептеу және ең үнемді нұсқасын таңдау;
- Технологиялық құжаттарды рәсімдеу;
- Бейстандарт жабдықты, құрылғыларды, кескіш және өлшеуіш аспаптарды құрастыруға байланысты техникалық тапсырмалар әзірлеу.

Бөлшек жасау технологиялық процесін әзірлеу кезінде құрастырма бірліктің сызбаларын қолданады. Оның құрамына бөлшек, бөлшектің өзінің сызбалары, бөлшектер шығарылымының ауқымы туралы мәліметтер, жартылай фабрикаттар мен дайындамаларға арналған стандарттар, типтік және топтық технологиялық процестер, жабдық пен құрылғының технологиялық сипаттамалары, әр түрлі анықтамалық әдебиеттер, жетекші материалдар, нұсқаулықтар, нормативтер.

Технологиялық процесті қолданыстағы өндіріспен байланыстырып, немесе жасалып жатқан өндіріске арнап әзірлейді. Соңғы жағдайда технолог технологиялық процесті құрастыру бойынша шешім қабылдау мен оны жүзеге асыруға арналған құралдарды таңдауда еркіндікке ие болады.

Технологиялық процесті әзірлеу материалдардың қасиеттері бойынша, бөлшектерді жасау кезінде материалдарды өндеуге арналған процестер мен құбылыстар бойынша терең білімді талап етеді. Технологиялық процесті әзірлей отырып, технолог бөлшектердің талапқа сай болуын, процестің максималды өнімділігі мен жасалып жатқан бөлшектердің өзіндік құнының минималды болуын қамтамасыз етуге тоқтаусыз талпынуы тиіс.

Техникалық талаптар мен дәлдік нормаларын талдау. Кез келген бөлшек жасаудың технологиялық процесін әзірлеу сызбада белгіленген техникалық талаптар мен дәлдік нормаларын талдаудан басталуы қажет.

Техникалық талаптар мен дәлдік нормаларын талдауды екі бағыт бойынша жүргізген жөн. Алдымен техникалық талаптар мен дәлдік нормалары сапасына байланысты бағалануы қажет. Бұл баға техникалық талаптар тұжырымдамаларының дұрыстығына, бөлшектің беткі қабаттарының аралығында бекітілген өлшемді байланыстардың дұрыстығына, қажетті өлшемдердің болуына, шектердің тапсырмаларының формаларына, техникалық талаптар мен дәлдік нормаларының жеткіліктілігіне қатысты.

Сапалық талдауды жүргізу кезінде, ең алдымен құрылмалау базаларының кешендерінің беткі қабаттары мен еркін беткі қабаттардың өзара қатынастарына назар аудару қажет.

Бөлшек жасау өндірістік процесін ұйымдастырудың формасы мен түрін таңдау. Бөлшек жасау өндірістік процесін ұйымдастырудың формасы мен түрін олардың сандық шығарылымына сәйкес таңдайды. Алдымен өндірістік процесті (үздіксіз немесе айнымалы ағын) ұйымдастырудың өнімділігі ең жоғары түрі мен формасын пайдалану мүмкіндігін анықтау қажет. Технологиялық жабдық тек қана атаулары бірдей бөлшектерді жасаумен жүктелген жағдайда ғана үздіксіз-

ағынды өндірісті ұйымдастыруға болады. Еңбекті көп қажет етпейтін бөлшектердің аз саны үздіксіз-ағынды өндірістің қолданысын тиімсіз еткен жағдайларда, бөлшектерді қызметтік мақсаттарының, конструктивті формаларының, өлшемдерінің, техникалық талаптарының, материалдардың ұқсастығына байланысты топтастырады. Бөлшектердің топтастырылуы топтық технология әдісін пайдалануға және айнымалы-ағынды өндірісті ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Атаулары бірдей бөлшектердің аз саны оларды ағынды әдістермен жасауды тиімсіз еткен жағдайда, өнімділігі жоғары жабдық, технологиялық жарақ және топтық технология әдісі пайдаланылатын, технологиялық тұрғыдан тұйықталған аймақтарды жасау мүмкіндігі пайда болады.

Ұсақ сериялы және жеке-дара өндіріс кезінде, мақсаттық қызметтерінің ұқсастығына байланысты біріккен жабдықтардың аймақтарын ұйымдастыру қажеттігі туындайды.

Жартылай фабрикатты және дайындамаларды жасау технологиялық процесін таңдау. Әзірлеушінің технологиялық процестің бұл сатысындағы міндеті – өнеркәсіптің металлургиялық, химиялық және тағы да басқа салаларында жасалған жартылай фабрикаттарды дайын бөлшекке айналдырудың қысқа және үнемді жолын анықтау.

Машина жасау өнеркәсіптері бөлшектер дайындауда қара және түсті металдардың прокаттарының алуан түрлерін, болат құймакесектер, құйма шойын мен алюминий, ұнтақ металдық материалдар, түйіршіктелген және ұнтақталған пластикалық материалдар, т.б. пайдаланады. Бөлшек материалын конструктор таңдаған жағдайда, жартылай фабрикатты дайын бөлшекке айналдырудың түрлі жолдары бар. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай түрлену жолы қаншалықты қысқа болса, бөлшек жасау технологиялық процесі соншалықты үнемді болады. Сондықтан технологиялық процесті әзірлеу кезінде, ең алдымен бөлшекті жартылай фабрикаттың өзінен жасау мүмкіндігін бағалау қажет.

Бөлшектерді дайындауда жартылай фабрикаттардың бастапқы материал ретінде пайдаланылуына көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, жонғыш шыбықты автоматтардың, револьверлі білдектердің бөлшектерін дөңгелек илемдерден жасайды. Кейбір бөлшектерді номенклатурасы ауқымды бейінді илемдерден жасауға болады.

Бұрандамалар мен сомындарды автоматтық желілерге жиі біріктірілетін суықтай шөктіру автоматтарында жасайды.

Бұрандамаларды жасау кезінде бастапқы жартылай фабрикат ретінде сым байламы қолданылады.

Алғашқы үш ауысу бірінші суықтау шөктіру автоматында, одан кейінгі екеуі – екіншіде, алтыншысы – бұранды-бұрлеу автоматында жүзеге асады. Соңғы ауысу – жылулық өңдеу процесі.

Бөлшектерді дайын күйінде алу бірқатар жағдайларда дәл құйма әдісімен, құрылымдық өзгеру және металл ұнтақтарын сығымдау әдістерімен жүргізіледі. Құйма машиналардың көмегімен пластмассадан дайын бөлшектер жасау кезінде де дәл осындай нәтижеге қол жеткізуге болады.

Егер бөлшек жасау үшін бірден дайын бөлшекке айналатын жартылай фабрикат табылмаса, алдымен жартылай фабрикаттан дайындама жасап, содан соң оны дайын бөлшекке айналдыруға тура келеді. Мұндай жағдайларда дайындаманың үнемділігін қамтамасыз ететін жартылай фабрикат таңдау керек, сонымен бірге дайындаманы бөлшекке айналдыру кезінде көп еңбекті және материал шығынын талап етпейтін әдісті қарастыру керек.

Заманауи машина жасауда бөлшектердің дайындамасын алу үшін түрлі технологиялық процестер мен олардың тіркестерін пайдаланады: әр түрлі балқыту әдістері (жерде, қорама жәшікте, көкілде, ортадан тепкіш, балқытылған үлгілермен, қабықшалы қорамаларда, қысым астында, т.б.), металды құрылымдық өзгертудің түрлі әдістері (еркін сомдау, төсемді қалыптарда сомдау, балға мен сыққышта қалыптау, кезеңді және көлденең илем, түсіру, қысып шығару, т.б.), кесу, дәнекерлеу, қалыптау-дәнекерлеу және балқыту-дәнекерлеу әдістерін қиыстыру, ұнтақтық металлургия және т.с.с.

Жауапты бөлшектерге арналған дайындамаларды, мысалы, заманауи авиациялық қозғалтқыштардың дайындамаларын, бөлшектердің қызметтік мақсатына байланысты қабылдау әдісі бойынша үш бақылаушы топқа бөліп қарастырады.

Бірінші бақылау тобындағы дайындамалардың құрамындағы әр материалдың механикалық қасиеттерінің мәлімделген параметрлерге сәйкестігі тексеріледі. Мұндай әрбір дайындаманың өлшемі біршама үлкейтілу керек. Себебі қолдағы бар материалдар көлемінен сынамалық үлгілер дайындалады.

Екінші бақылау тобындағы дайындамалардың құрамындағы әр материалдың қаттылығы тексерістен өткен бір-екі дайындаманың механикалық қасиеттерінің мәлімделген параметрлерге сәйкестігі тексеріледі.

Үшінші бақылау тобына материалдарының беріктігі жеткізілген жағдайдағы мәлімделген параметрлерге сәйкестігі тексерілетін дайындамалар жатады.

Бақылау тобы дайындаманың жұмыс сызбасында көрсетіледі. Дайындама алу технологиялық процесін таңдауға әсер ететін негізгі факторлар:

- Дайын бөлшектің конструктивті қалыптары;
- Бөлшек жасалатын материал;
- Дайындаманың өлшемдері мен салмағы;
- Өзгермейтін сызбаларда көрсетілген белгілі бір уақыт аралығында шығарылатын бөлшектер саны, және топтаманың ауқымы;
- Дайындаманы алуда қолданылатын жартылай фабрикаттың құны;
- Таңдап алынған әдіспен жасалған дайындаманың өзіндік құны;
- Материал шығыны және дайындаманың бөлшекке айналу процесінің өзіндік құны.

Дайындама алу процесін таңдау критеріі ретінде бөлшек жасауға жұмсалатын шығындарды есепке алғандағы өзіндік құны қарастырылады.

Корпусты бөлшектер. Корпусты бөлшектер оларды жасауда қолданылатын конструктивті қалыптарының, өлшемдерінің, салмағы мен материалының сан түрлілігімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта дайындама жасаудың ең көп таралған технологиялық процестері ретінде балқыту, одан кейін кесу-ию, дәнекерлеу, қалыптап дәнекерлеу және балқыту-дәнекерлеу қарастырылады. Соңғы аталған екі процесстің қолданылу ауқымы қасиеттерінің арқасында, сонымен бірге балқыту, дәнекерлеу және қалыптау технологияларының қарыштап дамуының арқасында, шамасы, жақын уақытта әлдеқайда кеңейеді.

Корпусты бөлшектердің, жақтаулардың және үлкен габаритті өлшемдер мен күрделі конструктивті қалыптардың негіздемелерінің дайындамаларын, әдетте үлгілер, дайын үлгілер, қаңқалы үлгілер, бақылау қималары және т.с.с.жабық топырақты құю әдістері қолданылатын балқытудың көмегімен алады. Қағида бойынша, қарапайым механикаландыру құралдарының (пневматикалық нығыздау, көтергіштер және т.б.) көмегімен қолдан құю әдісі қолданылады.

Соңғы уақытта машина жасауда корпусты және тағы да басқа бөлшектердің дайындамасын жасау кезінде, дайындамалардың сапасын дайын бөлшектердің сапасына айтарлықтай ұқсас етіп

жасайтын жаңа процестер пайда болды. Олардың ең негізгісі – химиялық тұрғыдан қатаятын, құрамында сұйық шыны бар қоспалардан жасалатын қабықшалы қорамаларда (қабықшалы ендіріме) балқыту. Қабықшалы қорамалардың немесе олардың бөліктерінің химиялық қатаю процесі берік қоспаның көміртегінің диоксидімен (көмірқышқыл газымен) үлгілерден немесе сырық жәшіктерінен бөлінгенге дейін үрленуі арқылы жүзеге асады.

Қабықшалы қорама құраушы бөліктерден – қабықшалардан – жасалып болған соң, оған металл құяды. Алынған құйма қарапайым жерге құйю әдісіндегі 12...18 мм әдіптердің орнына 5...7 мм құрайтын өңделген әдіптерімен ерекшеленеді. Осыған байланысты, келтірілген мысалдағы құйманы механикалық өңдеу кезінде сылынатын жаңқаның салмағы 756 кг-нан 314 кг-дейін, немесе 58,5%-ға қысқарды. Жалпы еңбек сыйымдылығы 432-ден 312 норма-сағатқа, яғни 26,5%-ға төмендеді. Ал механикалық өңдеуге жұмсалатын уақыт көлемі 208-ден 128 норма-сағатқа (38,4%) азайды.

Соңғы жылдары электродәнекерлеудің дамуына байланысты ірі бөлшектердің дайындамаларын алудың жаңа технологиялық мүмкіндіктері пайда болды. Дайындаманы әрқайсысы балқыту арқылы алынатын бірнеше жай бөліктерге бөледі. Одан кейін бөліктер дәнекерлеу арқылы байланыстырылады. Бұл бөлшектің құйылмалы-дәнекерленген дайындамасын береді. Мысалы, үлкен гидротурбиналарға арналған диаметрі 14000 мм болатын статорлардың дайындамаларын осындай әдіспен алынады. Ол үшін статорды екі сақинаға және құю арқылы алынып, дәнекерленетін тиісті қабырғалар санына бөледі. Нәтижесінде статорларды жасау циклы тұтас құйылған бөлшектің жасалуымен салыстырғанда, 2 есеге қысқарды, статор жасаудың еңбек сыйымдылығы да шұғыл төмендеді.

Бірқатар бөлшектердің дайындамаларын жасау кезінде оның бөліктерін газбен кесу және ию, содан кейін дәнекерлеу әдістері арқылы алады.

Дайындамалардың қарастырылған типтерінің негізгі қасиеттері – қымбат тұратын үлгілерге жұмсалатын шығынды жою, дайындау циклын едәуір қысқарту, металды үнемдеу және жасауға жұмсалатын еңбек сыйымдылығының азаюы. Күрделі конструктивті формалардың корпусты бөлшектерінің жауапкершілігі мол дәнекерленген дайындамаларының көбісі дәнекерлеу кезінде пайда болатын ішкі кернеуді азайту

мақсатында босандатуды талап етеді. Босандатусыз мұндай типті дәнекерленген бөлшектер өңдеу кезінде және өңделіп болған соң дәлдігін жоғалтады. Бұл өз кезегінде дайындаудың және қолданудың өзіндік құнының жоғарылауына ықпал етеді. Көрсетілген кемшіліктерге қарамастан, соңғы аталған ірі дайындамаларды алу әдістері кеңінен қолданылады. Әсіресе, тұтас балқыту қиынға соғатын үлкен габаритті өлшемді мен салмақты келетін, біраз уақытты талап ететін және жарамсыздану қаупі төнетін бөлшектерді жасау кезінде бұл әдіс тиімді.

Дайындама алудың технологиялық процесін таңдау ісі әр жағдайда техникалық-экономикалық есептерге негізделетін кешенді мәселе ретінде қарастырылады.

Бөлшектердің дәлдік дәрежесі төменірек дайындамаларын топырақты қалыптарға қолмен, құматқышпен және машинамен құрамалауды қолданып құю арқылы алады. Қолмен құрамалау әдісі пневматикалық нығыздау мен басқа да құралдарды қолданған жағдайда да, аз өнімділікпен және дәлдігі төмен құймалардың алынуымен ерекшеленеді. Сондықтан бұл әдіс негізінен аз мөлшерде шығарылатын бөлшек дайындамаларын алу қажеттігі болған жағдайда қолданылады.

Топырақта құрамалау арқылы алынатын құймалармен салыстырғанда дәлдігі жоғары және өнімді болатындықтан, ірі габаритті өлшемдерімен және биіктігімен (білдектердің тұғырлары, жақтаулар, үстелдер, қораптар, траверстер) ерекшеленетін бөлшектердің дайындамаларын аз мөлшерде және сериялы жасау кезінде, құм арынды әдісімен толтырылған қорамажәшікте қорамалау әдісін қолдану тиімдірек.

Машинамен қорамалау әдісі қолмен қорамалау әдісімен салыстырғанда мынадай артықшылытарға ие:

- Үлгілерді өшірген кезде қалыптар дәлдігінің жоғары болуы;
- Пішіндік еңісті азайту мүмкіндігі;
- Нығыздау процессін механикаландырудың салдарынан берік және тығыздығы біркелкі қорамалар алу;
- Квалификациясы төмен еңбекті пайданана отырып, қорамалаудың еңбек сыйымдылығын азайту.

Машинамен қорамалау әдісін қолдану нәтижесінде құймалардың өлшемдері мен геометриялық пішіндері дәлірек болады, салмағында аз ғана ауытқу байқалады. Ауысымда бір қорамалау

машинасынан құймалардың күрделілігіне байланысты орта шамамен 30-360 қалып алуға болады. Машинамен қорамалау арқылы алынатын, құймалар дәлдігі мен өнімділігінің жоғары болуы және еңбек сыйымдылығының төмендігі бұл әдісті корпусты және басқа да бөлшектердің жаппай өндірілуі кезінде құйылған дайындамалар өндірісіндегі ең негізгі әдістердің бірі етеді.

Құймаларды машинамен қорамалау, құю, қағымдау және тазалау рольгангтың, еденге қойылатын және аспалы конвейерлердің пайдаланылуымен жасалатын ағынды өндіріс ретінде ұйымдастырылады.

Соңғы жылдары бірқатар өнеркәсіптер корпусты бөлшектердің, үстелдер мен тақталардың дайындамаларын көкілге құю арқылы алып жүр. Бұл әдісте металл қалыптың топырақты негізбен тіркесі пайдаланылады. Дайындамалардың бұл түрінің экономикалық тиімділігі көп жағдайда тұрақты металл қалыптар жасаудың бағасына тәуелді.

Машина жасау тәжірибесінде айтарлықтай берік көкіл жасаудың қарапайым да арзан әдістері әзірленген. Бұл әдісті жылдамдық қорабы, үстелдер, білдектердің қол шаналары секілді бөлшектердің құймаларын алуда пайдаланған өте үнемді саналады.

Жартылай көкілге құю арқылы жасалған дайындамалар дәлдігімен және геометриялық пішіндерінің дұрыстығымен – әдіптердің аз өңделетіндігімен және олардың сәл ғана ауытқушылығымен ерекшеленеді. Нәтижесінде металл үнемеделеді және құймаларды механикалық өңдеуге жұмсалатын еңбек сыйымдылығы азаяды.


Майда корпусты және басқа да бірқатар бөлшектердің құйылған дайындамаларын жасау үшін 10^4 Па және одан да жоғары қысымда құю қолданылады. Құю үшін 1000°C дейінгі қыздыруды көтере алатын, қызуға шыдамды қорытпалардан жасалған баспа-қалыптар пайдаланылады. Сондықтан қысымды құю мырыш, алюминий және магний қорытпаларынан, жез бен қоладан құймалар жасау кезінде қолданылады. Алынған құйылған дайындамалар өлшемдер мен пішіндердің (0,02...0,04 мм шамасында) дәлдігімен ерекшеленеді. Қысым астында құйылған дайындамаға, әдетте, тегіс беттер мен саңылауларды тазадай өңдеу жұмыстары, диаметрі шағын (2 мм-ден көп емес) және ұзын саңылауларды бұрғылау жұмыстары ғана жүргізіледі.

Мұның барлығы қысым астында құю арқылы алынатын құймаларды механикалық өңдеудің еңбек сыйымдылығын жай құйылған дайындамалармен салыстырғанда 80,85%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта қысым астында құю әдісінің орташа өлшемді (мысалы, салмағы 60 кг жоғары болатын, алюминийден жасалған) дайындамалар алуда кең өріс алғандығы байқалады. Орташа өлшемді құймалы дәл дайындамаларды алу, әсіресе реактивті қозғалтқыштардың күрделі бөлшектері (желдеткіштің қалағы, май помпасының корпусы және т.б.) секілді құймаларды механикалық өңдеудің еңбек сыйымдылығын шұғыл қысқартуға мүмкіндік береді.

Орташа өлшемді корпусы және басқа да кейбір бөлшектердің дайындамаларын жасау үшін қалыптау, дәнекерлеу, кесу, ию секілді технологиялық процестер пайдаланылады. Бөлшектің дайындамаларын алдын ала бірнеше бөлікке бөледі. Бөліктерді табакты, таспалы, сұрыпты немесе бейін материалдан кесу, ию, қалыптау арқылы жасайды. Содан соң бөлшектердің дайындамаларын жасау үшін оларды бір-бірімен дәнекерлейді. Бөліктері қалыптау, содан соң дәнекерлеу арқылы жасалатын дайындамалар қалыпалған-дәнекерленген деген атқа ие болды.

Аталған дайындамалардан жасалған бөлшектердің негізгі артықшылықтары – материалдардың қасиеттерінің толықтай игерілуі, соның салдарынан бөлшектің салмағы және шығын көлемі азаяды; құюмен салыстырғанда бөлшектерді жасау циклының аз уақытты қамтуы. Бұл әдістің кемшілігі – бөлшектердің өзгеріске ұшырауын азайту мақсатында, дәнекерлеу кезінде пайда болатын ішкі кернеуді азайту үшін дайындамаларды босандату қажеттілігі.



7.1.сурет. Жүк көлігінің артқы белдемі корпусының дайындамасын алудың екі түрлі әдісі: а – құбырдан; б - табақтан

Электрмен пісіру үш дестелеуіш иілгіш машинада немесе жасалуы бойынша кейіннен пісіру арқылы сыққыштағы қалыпта иілетін қалыңдығы 7,5 мм жалпақ материалдан жасалынған дайындаманың корпусын алуға мүмкіндік береді. Дайындаманың жаңа түрі оның массасын 20,8- ден 4,8 кг- ға дейін, металлдың жалпы шығынын 4 есе және өңдеу қиындығын 12 есе азайтады.

Мысал ретінде 7.1 суретте алдын- ала дайындама бөлінген, кейіннен ернемек және басқа бөліктерін пісіру арқылы түтік (сур.7.1, а) және табағынан (сур.7.1, б) жүк автокөлігінің артқы белдігінің корпусы дайындамасының қалыпының пайда болу барысы көрсетілген.

Машина құрылымы тәжірибесінде үлкен топтамамен тетіктерін әзірлеуде және әсіресе оларды жаппай өндіру кезінде қалыпты әзірлеуге және басқа технологиялық жарақтардың бір тетікке


шаққандағы шығындары болар- болмас болса, қалыпта пісіру дайындамалары ең кең қолданыс тапқандығын көрсетеді.

Бөліктерін көптеген жағдайларда 1,5 м-ге дейін көлденеңді металл таспасынан дайындалатын қалыпты пісіру дайындамаларын алу айрықша назарда болады. Бір немесе бірнеше сыққыштардан алынған дайындамалардың бөліктері пісірумен біріктіріледі. Тетіктерді жаппай шығаруда автоматты түрде қолданыстағы желіні құрайтын бірнеше сыққыштар орнатылады. Осындай желі, мысалға жеңіл көлік қорабының дайын бөліктерін шығару үшін пайдаланылады.

Өнімділіктің көптігі және алатын аумағының салыстырмалы кішілігі жаппай толассыз өндіру жағдайында дайындама бөліктері мен тетіктерді алудың қарастырылған түрін енгізуді үнемді етеді.

Білікке арналған дайындама.. Машина құрылысы кәсіпорындарында түрлі біліктерді дайындауға арналған дайындамалардың басым көпшілігі түрлі маркалы болаттан дайындайды. Дайындамалар ретінде дөңгелек прокатты пайдалану мойнақ диаметрлерінің аздаған ерекшелігімен тегіс және сатылы біліктерге ғана үнемді, өйткені олай болмаған жағдайда жоңқаға кетіне айтарлықтай металл шығындары мен кесуді өңдеуге кететін шығындар болады.

Аздап дайындалатын көп сатылы және иінді біліктерге арналған дайындамалар соғатын балғалар мен сығымдағыштардың еркін соғу көмегімен алынады.




Сурет. 7.2. Кернемелермен толтырылған иінді біліктің дайындамасы

Соғу барысында алдын- ала ысыған металл тілімді қажетті көтергіш құралдар немесе осы жұмысты механикаландыратын арнайы манипуляторларды қолдану арқылы жұмысшы не жұмыс бригадасы балғаға немесе жұмыс сығымдағышына еркін орнатады және үйлестіреді. Пайдаланылатын, сонымен қатар ерікн орнатылатын құралды с жұмысшы оғылма немесе балғаға (сығымдағыш) орайластыра құрады.


Дайындаманың кескіндемесін оны дайындауды жеңілдету мақсатында дайын тетікпен салыстырғанда оңайлату үшін *кенерме* деп аталынған металдың біраз көлемін дайындамаға қосуға жиі жүгінеді. Сур. 7.2 көрсетілген иінді біліктер дайындамасы оған мысал бола алады.

Тетіктің мөлшеріне байланысты соғу бір немесе бірнеше қыздырылғаннан бастап жүргізіледі, әр қыздыру металдың қағын

және сырты қабатының ақауының пайда болуына әкеледі. Еркін соғу әдісі арқылы алынуының нәтижесінде дайындаманың дәлдігі және жұмысшылардың біліктілігіне толықтай байланысты оның сапасының басқа көрсеткіштері оған орын қалдыру үшін біліктерді дайындауды қымбаттататын механикалық өңдеуге кететін үлкен әдіптерді қалдыруға тура келетін үлкен ауытқулармен ерекшеленеді. Дайындамалар әзірлеуде төсем қалыптар мен фигуралы бұрандаларды қолдану кернемелердің, әдіптердің және әсіресе әдіптерге кететін шектердің қысқару есебінен дайын тетіктер талаптарына біршама жақындауына мүмкіндік береді.



Сур. 7.3. Сатылы біліктің болар дайындамасы



Сур. 7.4. Сатылы білік шоғырбасын қалыптастыру кестесі:

1, 2 —80 мм мөлшерді алу үшін өлшеуіш төсемдер; 3, 4 —108 мм мөлшерді алу үшін өлшеуіш төсемдер

Соғу алғасын қос иінді сыққышпен ауыстырған кезде дәлдікке жетудің қосымма мүмкіндіктерінің қатары және төсем қалыптар мен аспаптардың басқа түрлерінің көмегімен алынатын дайындаманың басқа сапа сипаттамалары пайда болады. Мысалға, 7.3 – суретте сатылы біліктің болат дайындамасы көрсетілген, 7.4- суретте – төсемді аспап арқылы 80 ... 108 мм мөлшерлі осы біліктің шоғырбасының қалыптасу кестесі. 74- суретте шоғырбастың мөлшерлері дайындаманы 90°- қа бұрай отыра, екі рет сығымдаудан шығады. Сығымдау реті тұрақты болғандықтан, білік шоғырбасын қалыптастыруда 80 мм мөлшерді алу үшін 1 және 2 өлшеуіш төсем қолданылады және 3 пен 4- 108 мм өлшемді алу үшін.

Қос иінді сыққыш ретінің тұрақтылығы және сыққыш жүйесінің қаттылығы- реттеушілігі- төсемге білік шоғырбасының барынша өте жоғары дәлдігін болат балғамен іске асырғандай алуға болады. Білік

мойнағы шегін алу үшін сондай-ақ қажетті пішінін және мөлшерлемелерімен төсемдер пайдаланылады.

Төсем қалыптарын дайындауға байланысты қосымша шығындар дайындамасының механикалық өңдеуіне кететін кейінгі шығындардың қысқаруымен және металды үнемдеуімен орны толады. Сондықтан төсем қалыптарда дайындалатын дайындамаларды пайдалану тіпті оларды көп емес көлемде (бірнеше данадан бірнеше ондықтарға дейін) өндіруге үнемді. Дайын тетіктерге ұсынылатын талаптарға дайындамалардың барынша жақындауы олардың ашық және жабық қалыптарда қалыптау жолымен жетеді. Қалыптарды бір және жылғалы етіп істейді.

Бір жылғалы қалыптарда дайындамаларды әзірлеу әдетте болат балғаның бірнеше соққысы арқылы іске асырылады. Бұл ретте ортадан тыс соққының пайда болуымен және қақтың болуымен тудыратын қалыптардың өте қарқынды тозуы жүреді.

Қақты қалыптың жоғарғы бөлігін әр көтерген кезде үрлейді, бұл сондай-ақ қақ майысатын, металлдың ақаулы сыртқы қабатын болдыртпауға арналған қажетті әдіпті азайту үшін жасалынады.

Қалыптардың тозуына байланысты шығындарды азайту үшін қалыптамаға түсетін дайындаманы алдын-ала еркін соғу, төсем қалыптармен соғудың немесе әлсін-әлсін прокатты пайдаланудың көмегімен қалыпталған дайындаманың мөлшері мен пішініне жақындастырады.

Ашық қалыптардағы қалыптамаға тән кемшілік қалыптың жоғарғы және төменгі бөліктері ұяшықтарының бетімен дайындама айналасындағы кенеріктің пайда болу саналады. Қалыптардың шетімен кенеріктер алынып тасталады. Қалыптама қалыптың жоғарғы және төменгі бөлігі-балғаның жүйесінде қатты байланыстың жоқтығының арқасында әрқашан соғу бағытына қарай қалыпталған қалыптың мөлшерлерінің ауытқуын береді.

Қалыптарды, әсіресе көп жылғалы қалыптарды дайындау және күтіп-баптаудың біршама жоғары құны біліктер мен басқа ұқсас тетіктердің көп сериялы және толықтай өндірісінде қалыптама тоқпағында қалыптаманы пайдалануды үнемді етеді.

- өндірістік өтулер мен жолдар (цехаралық және басты жолдардан басқа);
- тасымалдаушы құрылғылар;
- жұмыс орындарындағы және құрылғылардың қойма алаңдары;
- сынау қондырғылары мен стендтары.

Жинақтау цехының қосалқы алаңына төмендегілермен орын алатын алаңдар жатады:

- бөлшектер мен түйіндердің аралық қоймасы;
- ірі бөлшектер мен түйіндерді сақтауға арналған ашық қойма алаңдары;
- Бөлшектердің түйіндер мен бұйымдардың сатып алатын қосымшаларның қоймасы;
- Құрылғылық таратқыш қойма;
- Бақылау өлшегіш аспаптар қоймасы;
- Қосалқы материалдар қоймасы;
- Жөндеу базасы;
- Техникалық бақылау бөлімінің (ТББ) зертханалары мен аймақтары;
- Цехқа кіру тамбурлары;
- Өндірістік емес өтулер;
- Цех шегіндегі негізгі корпустық өтулер;
- Сатылық тор, көтергіш шахталар;
- Жылу және желдету құрылғылары және т.б.

Кеңсе және коммуналдық шаруашылық алаңдары жобаның құрылыс бөлігі әзірленіп жатқанда анықталады. Жобаның технологиялық бөлігін жобалаудағы күрделенген есептеулер кезінде кеңсе тұрмыстық бөлмелердің қажетті жалпы ауданы цехта бір жұмыскерге $1,5 \text{ м}^2$ есебімен анықталады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Механикалық цехта бөлшектерді өңдеудің еңбексыйымдылығы неге тәуелді?
2. Бұйымды механикалық өңдеудің еңбекөнімділігін анықтайтын формуланы көрсетіңіз.
3. Өндіріс типі бойынша механикалық цехтар қалай жіктеледі?
4. Шығарылатын бұйымның сипаттамасына байланысты механикалық цехтар қалай жіктеледі Как?
5. Механикалық цехта қандай қондырғылар қолданылад?
6. Механикалық цехтағы қосалқы қондырғылардың типтерін көрсетіңіз.
7. Механикалық цехта көпбiлдекті қызмет көрсетуді қалай ұйымдастырады?
8. Механикалық цехтың негiзгi қондырғысын қалай таңдайды және есептейді?
9. Механикалық цехта қосалқы және көтергiш тасымалдау қондырғысының қандай құрамы бар?
10. Механикалық цехта жұмыс күшіне деген қажеттіліктіқалай анықтайды?

ӨНДІРІСТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ӘЗІРЛЕНУІ

9.1.

ӨНДІРІСТІҢ
САТЫЛАРЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ

ӘЗІРЛЕНУІНІҢ

Жалпы мәліметтер. Заманауи жағдайларда мекеме үшін маңызды мәселе жаңа бұйымдар өндірісіне өту болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін мекемелерде өндірістің техникалық әзірленуі деп аталатын кешенді шаралар іске асырылуда. Машинажасау мекемелеріндегі өндірістің техникалық әзірленуі – бұйымдардың құрылымдарын, технологиялық үрдістер мен технологиялық жабдықтарды жетілдіру мен жаңаларын енгізу, жобалау жұмыстарының жиынтығы.

Техникалық әзірлемені дұрыс ұйымдастыру мекемелерде үздіксіз техникалық прогрессті, өндірістік техникалық және ұйымдастырылымдық деңгейі ең жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Өндірістің техникалық әзірленуі өзіне сабақтас байланысқан үш сатыдан тұрады:

- Номенклатура мен өндірістің жаңа нысандарын құрылымдауды оптимизациялаумен, сынақтық үлгілерді даярлау, оларды сынау, өндірілетін бұйымдарды жетілдірумен байланысты жұмыстар мен үрдістердің бірігуін білдіретін өндірістің құрылымдық әзірленуі;
- Қойылған мерзімдерде, өндіріс көлемінде, материалдық және еңбек шығындарында берілген сападағы бұйымды даярлау мен өндіруге мекеменің технологиялық даярлығын қамтамасыз етуші өзара үрдістердің жиынтығын білдіретін өндірістің технологиялық әзірленуі;
- Өндірісті, еңбекті, өнімді қамту мен өткізу және өндірісті ұйымдастыру мен жоспарлауға арналған нормативтік базаны жасау секілді жобаларды жасау үрдістерін білдіретін өндірістің ұйымдастырылымдық әзірленуі.

Машина жасау мекемелеріндегі өндірістің техникалық әзірленуінің мәні аса жоғары. Өндірістің даярлығын ұйымдастыру деңгейіне жаңа өнімнің уақытылы өндірісі мен бәсекеге қабілеттілігі, игерілген бұйымдарды жетілдіру және мекеме қызметінің экономикалық нәтижелері байланысты болады.

Техникалық даярлықтың кемшіліктері өндірістің өзіне де сөзсіз кері әсер етеді: көптеген әртүрлі техникалық және ұйымдастырушылық ақаулар туындайды, әсіресе өндіріске жаңа бұйымдарды енгізу кезінде. Бұйымды құрастыру мен технологиялық құжаттаманы әзірлеу кезінде кеткен қателіктер жұмыс үзілістер туындатады, өнім шығаруға кететін шығындарды арттырады, жаңа бұйымдарды игеру мерзімін ұзартады.

Техникалық әзірлеме мен жаңа техника өндірісін игеруді жылдамдатудың тиімділігі. Әзірлемені ұйымдастыру мен жаңа техниканы игерудің маңызды мәселелерінің біріне халық шаруашылығына қажетті жаңа өнімді өндірудің көлемін арттыруға мүмкіндік беретін игеру мерзімінің ұзақтылығын қысқарту, өндіріс шығындарын азайту, техниканың моральдық тозуының ықпалын азайту және т.б. жатады.

Игеру периодын қысқартудың негізгі бағыттарына жатады:

- Бұйымды құрастыруда жетілдіру, технологиялық және бірегейлендірудің деңгейін көтеру;
- Технологиялық үрдістер мен технологиялық жабдықтарды типтендіру, ЭЕМ өндірістің технологиялық даярлықтарында пайдалану;
- Өндірістік үрдістерді автоматтандыру мен механикаландырудың деңгейін арттыру, сандық бағдарламалық басқару бар станоктарды кеңінен енгізу, ИОЖ жасау;
- Жаңа техниканы жасау мен игеру арқылы материалдық-техникалық басқаруды жетілдіру.

Өндірісті даярлау үрдісін жылдамдатудан алынатын экономикалық тиімділікті үш құрамдстың жалпы соммасы түрінде келтіруге болады:

$$\mathcal{E} = \mathcal{E}_1 + \mathcal{E}_2 + \mathcal{E}_3.$$

Э1 эффектісіне өндірістің техникалық даярлығы сатысында қол жеткізіледі және осы бөлімнің барлық сатыларында шығындардың қысқаруымен анықталады.

Жаңа өнімді шығару кезіндегі игеруден алынатын Э2 эффектісі жаңа өнімдерді шығару көлемін арттыру кезінде олардың өзін құнының төмендеу жылдамдығымен анықталады.

Өндірістен алынып тасталынатын бұйымдарға қарағанда аса зор параметрлерге ие жаңа бұйымдарды эксплуатациялық үрдісінде Э3 эффектісіне қол жеткізіледі.

Өндірісін даярлық циклын қысқарту мен Э1 эффектісін түзуге бағытталған барлық іс-шараларды екі топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа қосалқы қаржы жұмсалымдарын қажет ететін шаралар жатады

(мысалы, орындаушы ақпараттық қамтамасыз ету үшін ақпараттық-іздеу жүйесін жасау, автоматтандырылған жобалау жүйесін жасау және т.б.). Екінші топқа қаржы жұмсалымдарын қажет етпейтін шаралар кіреді (мысалы, технологиялық жабдықтарды жобалау мен жасаудың еңбек сыйымдылығын төмендетуге әкелетін құрылымдарды бірегейлендірудің дәрежесін арттыруды әзірлеу). Бірінші топ шараларының тиімділігі келтірілген шығындардың минимумы бойынша бағаланса, ал экономикалық эффектісі – оларды қолдануға жұмсалған шығындар бойынша:

$$\Delta_1 = \sum_{i=1}^n [(S_2 + E_n K_{i2}) - (S_1 + E_n K_{i1})],$$

мұндағы n — еңбек сыйымдылығын қысқарту қол жеткізілген өндірісті даярлау сатыларының саны; S_1, S_2 — сәйкесінше жаңа және базалық нұсқалар бойынша өндірісті даярлаудың бірінші сатысына жұмсалатын ағымдағы шығындар; E_n — экономикалық тиімділіктің нормативтік коэффициенті; K_{i1}, K_{i2} — жұмыстарды жүргізудің жаңа және базалық нұсқалар бойынша өндірісті даярлаудың бірінші сатысындағы жұмсалатын қаржылай шығындар.

Қосалқы қаржылай салымдарға дербес компьютерлердің құны, өндірісті даярлаудың автоматтандырылған жүйесінің программалық қамсыздандырылуын жасауға байланысты шығындар, құрылымдық және технологиялық, ақпараттық-іздеу жүйесінің мәліметтер базасына жасауға кететін шығындар жатады.

Өндірісті даярлаудың базалық және жаңа нұсқаларын салыстыру кезіндегі ағымдағы шығындарды үнемдеу жаңа бұйымды жобалау, технологиялық үрдістерді әзірлеу, технологиялық жабдықтау құралдарын жобалау бойынша жасалатын жұмыстардың еңбек сыйымдылығын азайтумен анықталады. Жұмыстардың еңбек сыйымдылығын азайту өндірісті даярлаумен жұмыс жасайтын мамандар мен қызметкерлердің жалақысының үнемделуіне әкеп соғады.

Екінші топ шараларының тиімділігі (мысалы, бірегейлендіру деңгейін арттырудан) жобаланушы бұйымдар мен технологиялық үрдістерді жасаудың техникалық құжаттамаларын әзірлеудің шығындарын үнемдеумен анықталады. Өндірісті даярлаудың алғашқы сатыларында жүргізілген бірегейлендіру кейінгі сатыларда да үнемдеуге ықпалын тигізеді.

Циклдың қысқаруы мен жаңа өнімді шығару сатысындағы экономикалық тиімділікті есептеу үшін технологиялық үрдістерді ретке келтіруден, қондырғылар мен жабдықтарды игеруден, жұмыс

біліктіліктерін арттырудан бұйымның өзіндік құны мен еңбек сыйымдылығының төмендеуін сипаттайтын қисық игерілімдер қолданылады.

Жаңа өнімді шығаруды игеруден алынатын экономикалық тиімділікті мынадай формуламен анықтауға болады

$$\Theta_2 = C \Delta N,$$

мұндағы C — игерілген өнімнің өзіндік құны, руб./дана.; ΔN — өндірісті игеруді жылдамдату есебінен алынған қосымша өнімнің жалпы саны.

Жаңа, аса жетілдірілген техниканы эксплуатациялау кезіндегі жылдық үнемдеуді мынадай формуламен анықтайды

$$\Theta_3 = \left(\frac{R_{\text{пр.б}}}{q_{\text{б}}} - \frac{R_{\text{пр.н}}}{q_{\text{н}}} \right) q_{\text{н}} \Delta N,$$

мұндағы $R_{\text{пр.б}}$, $R_{\text{пр.н}}$ — базалық және жаңа бұйымдар бойынша келтірілген жылдық шығындар; $q_{\text{б}}$, $q_{\text{н}}$ — базалық және жаңа техникалардың өнімділігі.

Осылайша, жаңа бұйымдардың техникалық даярлығын жылдамдатудан алынатын нақты экономикалық тиімділікті анықтауға болады.

Бұйымды өндірудің техникалық даярлығы келесідей сатылардан тұрады:

- Келісім-шарт жасасу;
- Техникалық ғимаратты құрастыру және оны келістіру;
- Техникалық жобалау;
- Материалдық тізімдемені құрастыру;
- Өтінім беру және бұйымға сызбалар құрастыру;
- Дайындамалар мен бұйымдарға сызбаларды шығару;
- Дайындамаларға тапсырыс беру;
- Өтінім беру және балқытуға сызбалар құрастыру;
- Үлгісін дайындауға сызбаларды шығару;
- Құралдарға арналған жұмыс сызбаларын шығару;
- Құрастырмалы құралдарды шығару;
- Бұйымдарды бірлестіруге өтінім беру;
- Бұйымдарды бірлестірудің нормаларын есептеу;
- Бірлескен бұйымдарға тапсырыс беру;
- Маршруттық технологияны әзірлеу;
- Материалдарға өтінім беру;
- Материалдар бойынша нормативтерді әзірлеу;
- Еңбек сыйымдылығы бойынша нормативтерді әзірлеу;
- Механикалық өңдеудің арнайы жабдығын жобалау;

- Құрастырмалы құралдарды жобалау;
- Механикалық өңдеудің арнайы жабдықтарын дайындау;
- Құрастырмалы құралдарды жасап шығару;
- Техникалық шарттарды шығару;
- Материалдармен қамтамасыз ету;
- Біріктірілген бұйымдармен қамтамасыз ету;
- Дайындамалармен қамтамасыз ету;
- Балқыманы жасап шығару;
- Механикалық бұйымдарды жасап шығару;
- Басқа да бұйымдарды жасап шығару;
- Желілерді жинақтау;
- Бұйымдарды құрастыру және ретке келтіру;
- Сызбалар мен құрастыру құралдарын шығару;
- Төсеуіш жәшіктерді жасап шығару;
- Сипаттаманы шығару;
- Бұйымды тапсыру.

9.2.

ӨНДІРІСТІҢ КОНСТРУКТОРЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Өндірістің конструкторлық дайындығының негізгі міндеттері мен кезеңдері. Өндірістің конструкторлық дайындығының (ӨКД) негізгі міндеттеріне бұйым сапасының жоғарғы параметрлерінде берілген уақытта және аз шығынмен жаңалау және жетілдіру жатады. Конструкторлық дайындыққа келесі құжаттарды әзірлейді:

1. Техникалық тапсырмалар. Техникалық тапсырманы әзірлеудің негізгі міндеті ең жоғары экономикалық тиімділікте оның өндіріп және пайдалану бұйым сапасының жоғарғы параметрлеріне техникалық мүмкіндіктердің негізгі міндеті болып табылады.

Техникалық тапсырмада келесі жағдайлар анықталады:

- бұйымның тағайындалуы, қолдану саласы мен оны өндіру ауқымы;
- бұйымға деген негізгі талаптар;
- бұйымның техникалық сипаттамасы;
- жалпы эксплуатациялық көрсеткіштері;
- сапа көрсеткіштері;
- бұйымға ерекше талаптар (сенімділік, стандарттау, біріздендіру және т. б. бойынша);

- өндірістің технологиялық, ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайы.

Техникалық тапсырма жобаны әзірлеуді ұйымдастыратын тапсырыс берушімен жасалады.

Осы сатыда жүргізеді ірілендірілген өзіндік құнын есептеу бұйымның әзірленді және жалпы оның техникалық деңгейі. Техникалық ұсыныс тапсырыс берушімен келісіледі және белгіленген тәртіппен бекітіледі, содан кейін ол үшін негіз болып табылады және нобайлық жобаны әзірлеудің.

2. Техникалық ұсыныс. техникалық ұсыныстарды орындаған кезде тапсырыс берушінің техникалық тапсырманы талдау бұйымдарды жасаудың, өндірістің осы саладағы технологиялық шешімдер мен техникалық мүмкіндіктері бар мақсатына сәйкес негізделеді, бұйымдарды жасауда ықтимал нұсқалардың барлығына жан-жақты бағала, қолданыстағы басқа бұйымдармен салыстыру, патенттік іздеу жүргізіледі.

Осы сатыда бұйымның ірілендірілген өзіндік құнын есептеу жүргізіледі және жалпы оның техникалық деңгейі анықталады. Техникалық ұсыныс тапсырыс берушімен келісіледі және белгіленген тәртіппен бекітіледі, содан кейін ол нобайлық жобаны әзірлеудің негізі болып табылады.

3. Нобайлық жоба. Нобайлық жобалау болашақ бұйым конструкциясының бастапқы нұсқасын әзірлеу болып табылады.

Нобайлық жобаға:

- электрлік, кинематикалық, гидравликалық, пневматикалық бұйымдардың қағидатты сызбаларын әзірлеуге;
- бұйымдар жалпы бетін үйлестіру;
- жалпы түрдегі нобайлық сызбаларды әзірлеу;
- конструкциялардың патенттік тазалығын талдау;
- конструкциялардың экономикалық тиімділігін бағалау.

Нобайлық жоба графикалық бөліктен (бұйымдардың, жекелеген тораптар сызбалары мен агрегаттардың жалпы түрі) және жаңа бұйымдардың құрылымдық ерекшеліктерін, оның параметрлерін, габариттік өлшемдерін және бұйымдардың негізгі параметрлерін, оның жұмыс принциптері мен пайдалану ерекшеліктерін ашатын түсіндірме жазбадан тұрады. Бекітілген нобайлық жоба техникалық жобасын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

4. Техникалық жоба. Бұйым туралы толық мәлімет беретін техникалық шешімнің соңғы әзірлемесі техникалық жобаның негізгі міндеті болып табылады.

Бұл сатыда беріктігі, қаттылығы, беріктігіне есептеулер орындалады және жинастырушы сызбаларға, агрегаттардың

сызбаларына, құрастыру бірліктеріне және маңызды бөлшектеріне әзірлеу жүргізіледі, жобаны макеттеуі және экономикалық негіздемесі жүзеге асырылады, пайдалануға арналған бұйымдар мен оның ерекшелігіне техникалық шарттар жасалады.

Техникалық жобада:

- графикалық бөлігі (бұйымдардың жалпы түрінің және оған кіретін барлық тораптары мен агрегаттарының сызбалары);
- кинематикалық, гидравликалық, электр сызбалары;
- беріктікке және қатандыққа есептеу;
- тораптар мен бөлшектердің ерекшеліктерін;
- бұйымының соңғы техникалық-экономикалық негіздемедегі өндіріс құнын анықтау және эксплуатациялық шығындарды қоса алғандағы техникалық шешімімен түсіндірме жазба;

Күрделі, бірегей бұйымдардың техникалық жобасы макет дайындауға жиі сүйемелденеді.

Бекітілген техникалық жоба жұмыс жобасын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

5. Жұмыс жобасы. Жұмыс жобасы бұйымның конструкторлық толық жинағын әзірлеуден тұрады. Жұмыс жобасына кіреді:

- жалпы түрдегі жұмыс сызбаларын, құрастыру бірліктерін және барлық бірегей бөлшектерді әзірлеу;
- құрастыру бірліктерінің ерекшеліктерін нақтылау;
- жинақталған және орнатылатын сызбаларды әзірлеу;
- тәжірибелі үлгілерді дайындау;
- стендтік, заводтық, мемлекеттік сынаулар;
- сызбаларды жөндеу
- пайдалану бойынша нұсқауларды әзірлеу;
- конструкцияның техникалық – экономикалық талдауын нақтылау.

Жұмыстық жобалау жоғарыда аталған барлық сатыларды қамтиды, бірақ жаңа бұйымдар үшін ғана, қалған барлық жағдайларда техникалық және жұмысшы жобаларды әзірлейді.

БӨП сатылары бойынша жүргізілетін жұмыс мазмұны көрсетілген өндіру конструкциясының күрделілігіне, кооперациялау деңгейіне және басқа да факторларға қатысты ерекшеленуі мүмкін екенін атап өту қажет.

Жаңа бұйымдарды конструкциялардың технологиясымен қамтамасыз ету.

Жоғары техникалық-экономикалық сипаттамалары бар жаңа конструкцияларды құру күрделі кешенді міндет болып табылады, оны шешу үшін ең алдымен, өндірістік және пайдаланушылық

технологиясының конструкцияларының нақты жағдайларын қамтамасыз ету қажет.

Технологиялылық — бұйым конструкциясының қасиеттерінің жиынтығы, бұйымдарды өндіруде және пайдаланудың барлық сатыларындағы еңбек шығындарының, еңбек құралдарын және уақытты оңтайландыру мүмкіндігін сипаттайды.

- Технологиялыққа бұйымның конструкциясын өндеу конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеушілермен және тапсырыс берушімен орындалады.

Техникалық шарттар мен дәлдеу нормаларын сапалық жағынан талдау кезінде техникалық шарттардың дұрыс тұжырымдалуын, дәлдеу нормалары тапсырмаларының формаларын, олардың жеткіліктілігін естен шығармаған жөн. Мысалы, көрсетілген ауытқу рұқсат етілетін ұзындықты көрсетпестен бұйым бетінің қатысты бұрылуын шектеуші шегін миллиметрлерде беруге болмайды.

Техникалық шарттар мен дәлдеу нормаларының сандық жағынан бұйымның қызметтік тағайындамасына сәйкестігін талдау бекітілген нормалардың дұрыстығын дәлелдеуі немесе теріске шығаруы, және олардың қажетті мәндерін анықтауы қажет.

Базалардың кешенін құраушы беттердің формалары мен салыстырмалы бұрылыстарындағы ауытқуларды шектеуші шек мәндерінің негіздемесін қондырғының рұқсат етілген қателіктері жағынан тексеруге болады: негізгі базалар үшін – бұйымдағы бөлшектік өзін, қосалқы базалар үшін – оған жалғанатын бөлшектер үшін.

Егер талданушы бөлшектің өлшемі құрылымдық өлшемдік тізбектің құраушы үзбесі болса, оны аша отырып, сызбаға сай оны ауытқуын шектеуші шектік мәnnің заңдылығын анықтауға болады.

Егер бұйымды жинаудың технологиялық үрдісімен өзара алмасушылық әдісінің бірімен тұйықтаушы үзбенің дәлдігіне қол жеткізу қарастырылған болса, шектер аймағы мен олардың орташаларының координаталарына қатысты кері мәселені шеше отырып, тұйықтаушы үзбенің дәлдігіне қойылатын талаптар бойынша қызықтырушы өлшемге шектік сәйкестігін анықтауға болады. Мұндай сәйкестіктің болмаған жағдайында қажетті сәйкестікке жете отырып құрамдас үзбелер арасында тұйықтаушы үзбенің шектеуін бөліп тастау қажет және талданушы бөлшектің өлшеміне шектің мәнін реттеу қажет.

Егер тұйықтаушы үзбенің дәлдігін айдау немесе реттеу әдістерімен қамтамасыз ету көзделсе, талданушы бөлшектің өлшеміне бекітілген шектік мәnnің мақсаттылығы экономикалық тұрғыдан бағаналады.

Техникалық шарттар мен дәлдеу нормаларының бөлшектің қызметтік тағайындамасына сәйкестігін талдаудың маңыздылығы туралы машиножасау тәжірибесінен алынған келесі мысал бойынша жорамалдауға болады.

Автоматтандырылған өндірісте тербелу мойынтіректерін жасап шығарудың технологиялық үрдісін ретке келтірген кезде ұзақ уақыт бойы қажетті сапаға қол жеткізу мүмкін болмаған еді. Кейіннен белгілі болғандай, бұған қате түрде құрастырылған техникалық шарттар себеп болды. Мысалы, конустық роликтік мойынтіректің сыртқы сақинасына келесідей техникалық талаптар қойылды: топсалы беткі қабаты. Ал сақиналар цилиндрлік сыртқы бетінің өсіне перпендикулярлы болуы қажет еді, рұқсат етілген ауытқу 0,004 мм құрайды; А және Б топсаларының параллельдіктен ауытқуы 0,02 мм аспауы қажет.

9.1-суретте роликтік мойынтіректің жұмыс сызбасында берілген техникалық шарттар мен өлшемдері көрсетілген.

Сақина мен оның бетімен қолданатын функциялардың қызметтік тағайындамасын талдай отырып, А беті мен сыртқы цилиндрлік беті негізгі орнатылымдық және екілік тіреуші база екендігі туралы қорыта айтуға болады (9.1б-сурет). Кешенді құраушы базалардың алыстырмалы күйлерін орнатудың ережелеріне сай, сақинаның цилиндрлік бетінің өсі А бетіне қатысты перпендикулярлы, керісінше емес болуы қажет.

А және Б топсаларының салыстырмалы күйлері туралы айтар болсақ, техникалық талаптар мәселелерінің таңдалған формасы есептеуді бастаудың таңдауына белгісіздікті енгізді. Б беті бос болып табылады, және ол бөлшектің негізгі орнатылымдық базасы ретінде А бетіне параллель болуы қажет. Техникалық талаптардың құрастырылғанына байланысты А бетінің цилиндрлік беттің өсіне перпендикулярлы және Б топсасына параллель болуы қажет деген қате пікір қалыптасты. Екі техникалық талаптардың анықтамасында тағы бір кемшілік кездеседі: перпендикулярлық пен параллельдіктен ауытқу нормаларына қатысты болатын ұзындықтар көрсетілмеген.

9.1-сурет. Жұмыс сызбасына (б) сай сыртқы сақина бетінің салыстырмалы орналасуы мен оның қызметтік тағайындамасының (в) талаптары бар роликтік мойынтіректің сызбасы (а): D, d— сәйкесінше мойынтірек пен қондыру саңылауының диаметрі.

Техникалық шарттардың анықтамасындағы қателіктер өңдеу үрдісіндегі сақина дайындамалырының бұрыс базалауына әкеп соқты және ол дайындалған сақина беттеріне қатысты орналасуларының келіспеушілігіне себеп болды. Технологиялық үрдісті операциялар

кезіндегі сақиналарды базалау келесі түрде берілген техникалық талаптарға сай болғанда ғана ретке келтірму мүмкін болды:

1. Сыртқы цилиндрлік беттің өсі А топсасының бетіне перпендикулярлы болуы қажет (9.1в-сурет), рұқсат етілген ауытқу 20 мм ұзындықта 0,004 мм тең;

2. Б топсалы бетінің А топсалы бетінің параллельдігінен болатын ауытқуы сақина диаметрінде 0,092 мм аспауы қажет.

Техникалық шарттардың жаңа редакциясы автоматтандырылған өндірістің қайта құрылуына әкеп соқты: қондырғыларды қайта жоспарлау, жаңа құралдарды құрастыру және жасап, т.б.

Осылайша, техникалық шарттарды, дәлдік нормалары мен жұмыс сызбаларының сыни талдауы оларды бөлшектің қызметтік тағайындамасына сай ретке келтіруге мүмкіндік береді. Кейіннен технологияны, технологиялық жабдықтарды өзгертудің алдын алу үшін бұйымды жасап шығарудың технологиялық үрдісін жасақтауға кірісуде орындау қажет.

Жұмыс сызбаларын бағалау бұйым құрымының технологиялылығына да байланысты орындалады. Технологиялыққа қатысты құрылымның өтелімі технологиялық үрдісті жасақтаудың кейінгі сатыларында да жүзеге асады. Сызбаларда анықталған қателіктер конструктордың келісімімен уақытында жөнделуі қажет.

Бұйым құрылымының эксплуатациялық технологиялылығы техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын құралдар мен шығындарды қысқартуда білінеді және құрылымның жөндеуге жарамдылығына байланысты болады.

Өндірістік технологиялылықты қамтамсыз ету үшін бұйымды жасап шығарудың қарапайым және үнемді жолын ескеретін материалдарды таңдау және бұйымға сондай форма берілуі қажет.

Құрылымдық даярлама барысында жаңа бұйымдар технологиялылыққа қатысты өтелуі қажет.

Құрылымдардың өндірістік технологиялылығы еңбек сыйымдылығы, материалдық сыйымдылығы, өзіндік құны секілді көрсеткіштермен бағаланады.

Материалдық сыйымдылық бұйымды жасап шығаруға жұмсалған материалдардың жалпы шығынын сипаттайды. Жалпы материалдық сыйымдылық $G_{\text{жалпы}}$ мынадай формуламен есептеледі

$$G_{\text{общ}} = G_1 + G_2 + \dots + G_i + \dots + G_n$$

мұндағы G_1, G_2, G_i, G_n — сәйкесінше материал түрінің шығыны; n — материал түрлерінің саны.

Салыстырмалы материалдық сыйымдылық жалпы материалдық сыйымдылықтың құрылымын сипаттайды. Салыстырмалы

материалдық сыйымдылық жалпы материалдық сыйымдылықтағы әрбір материалдың 1 түрінің үлесін анықтайды:

$$g_{отн} = \frac{G_i}{G_{общ}}$$

Меншікті материалдық сыйымдылық материалдар шығынының өлшемі бойынша бұйымның құрылымын сипаттайды

$$g_{уд} = \frac{G_{общ}}{P}$$

мұндағы P — бұйымның анықтаушы параметрі (өнімділік, қуаттылық, масса және т.б.).

Материалдық сыйымдылық көрсеткіштерінен басқа бұйымды жасап шығаруға жұмсалатын материалдар шығындары мынадай формуламен есептелінетін материалды қолдану коэффициентімен де сипатталады:

$$K_{И.М} = g_{ч} / G_{общ}$$

мұндағы $g_{ч}$ — бұйымның таза массасы.

Еңбек сыйымдылығы бұйымды жасап шығаруға кеткен еңбек шығындарын сипаттайды. Еңбек сыйымдылығының жалпы, салыстырмалы және меншікті түрлері бар.

Жалпы еңбек сыйымдылығы өнімнің бірлігін дайындауға кететін орындаушының уақыт санын көрсетеді. Жалпы еңбек сыйымдылығы келесі формуламен есептеледі:

$$T_{изд} = T_з + T_м + T_{об} + T_{пр}$$

мұндағы $T_з$, $T_м$, $T_{сб}$, $T_{пр}$ — осы бұйымды жасап шығарудың технологиялық үрдісіне кіретін сәйкесінше даярлық жұмыстарының, механикалық өңдеудің, жинақтау және басқа да жұмыстардың еңбек сыйымдылығы.

Салыстырмалы еңбек сыйымдылығы жалпы еңбек сыйымдылығындағы осы жұмыс түріне қатысты еңбек шығындарының үлесін көрсетеді.

Меншікті еңбек сыйымдылығы анықтаушы параметрге қатысты өнімнің бір данасын даярлауға кететін уақыт шығындарын сипаттайды

$$T_{уд} = T_{изд} / P$$

Өзіндік құны бұйымды жасап шығаруға кеткен шығындарды сипаттайды. Жалпы және меншікті өзіндік құн деп жіктеледі.

Жалпы өзіндік құны бұйымды жасап шығаруға кеткен жалпы шығындарды көрсетеді. Жалпы өзіндік құнның құрылымына материалдық шығындар, жалақылар және жанама шығындар кіреді.

Меншікті өзіндік құны анықтаушы параметріне P қатысты өнімнің бірліген кететін шығындарды сипаттайды. Меншікті өзіндік құны мына формуламен анықталады

$$C_{уд} = C_{общ} / P$$

мұндағы $C_{жалпы}$ — бұйымның жалпы өзіндік құны.

Технологиялылық көрсеткіштерін бір типті бұйымдарға арналған салалық стандарттармен орнатылған базалық көрсеткіштерімен салыстырады. Көптеген жағдайларда технологиялылық көрсеткіштері жаңа бұйымдардың жобаларының соңғы кешенді бағалануына шешуші ықпалын тигізуі мүмкін.

Құрылымдық әзірлемені жылдамдатудың әдістері. Жаңа техниканы жасауда негізгі мәселелерге ӨҚӘ кететін уақытты қысқарту жатады. ӨҚӘ жылдамдату үшін үш топқа жіктеуге болатын әртүрлі әдістер қолданылады: техникалық, жоспарлы-координациялық және ұйымдастырушылық.

Техникалық әдістер жасалушы жұмыстардың сапасын қамтамасыз етуге, еңбек сыйымдылығы мен ӨҚӘ ұзақтылығының қысқаруына әсер ететін құрылымдағы өзгерістерді санын минимумға жеткізуге бағытталған.

Жоспарлы-координациялық әдістер ӨҚӘ ұзақтылығының қысқаруына әкеп соғатын сатылардың, бөліктердің және жұмыстардың оңтайлы координациясын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұйымдастырушылық әдістер техникалық шешімдердің стандартизациясы мен бірегейлендіруінен, жобалау-конструкторлық жұмыстардың механизациялануы мен автоматтандырылуына негізделген.

Стандартизация— техника мен халық шаруашылығының даму перспективасын ескере отырып кешендік бұйымдардың, жартылай фабрикаттардың, материалдардың, механизмдердің, кондырғылардың, машиналардың параметрлері мен түрлерін орнату бойынша әртүрлі маман иелерінің бірікке жұмысы. Стандартизация өнімнің сапасын арттырумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда мекемелердің көпшілік стандарттары өнімнің сапасын кешенді басқару жүйесінің аясында жасалынады.

Бірегейлендіру — бұйымдардың құрылымдары мен түрлерінің, бөлшектердің формалары мен өлшемдерінің, материалдар маркаларының, техникалық құжаттамалардың қажет емес түрлерін жоюды қамтамасыз етуші іс-шаралар кешені.

Стандартизация мен бірегейлендіруге құрылымдық ауыспалық, функционалды-блоктық құрылымдау, машиналар мен

конструкциялардың параметрлік қатарларын жасау және т.б. ықпал етеді.

Құрылымдық ауыспалық алдыңғы уақыттарда орындалған жасақтамалардың элементтерін қолдану есебінен қамтамасыз етіледі және бұл жағдай конструкторларды бұйымның барлық құрылымдарын жасаудан босатады. Өндіруші мекеменің игерілген бұйымдарын қолдану кезінде өндірістің техникалық даярлығы мен жаңа бұйымды жасап шығару уақытын қысқартудан экономикалық тиімділікке жетуге болады. Жиынтықтаушы бұйымдарды қолдану арқылы әзірлеушіні жаңа техникалық шешімдерді, көптеген есептік бөлімдерді қабылдаудан, осы бұйымдарды жасап шығарудан босатуға болады.

ӨҚӘ жылдамдатудың маңызды әдісіне функционалды-блоктық құрылымдау принципін қолдану жатады.

Заманауи машиналар, құралдар, бұйымдар жинақтаушы бірліктерге, блоктарға, функционалдық тораптарға біріктірілген жүздеген, мыңдаған және одан да көп бұйымдардан тұрады. Современные машины, приборы, изделия содержат сотни, тысячи и более деталей, объединенных в сборочные единицы, блоки, функциональные узлы. Функционалды-блоктық құрылымдау принципі функционалдық тұрғыдан аяқталған және құрылымдық тұрғыдан аспапталған блоктарды өзіндік және параллельді түрде жасауға мүмкіндік береді, және осы арқылы агрегаттау әдісімен өзіндік функциялары мен тағайындамасымен өзгешеленетін машиналар мен құрылғылар шығарылады.

Функционалды-блоктық құрылымдау мен агрегаттау кезінде конструкторларға бұйымға кіретін барлық блоктарды өзгертудің қажеті жоқ. Өзгермелі параметрлерге әсер ететін блоктар ғана әзірленеді және жобаланады.

Еңбек өнімділігін арттырудың, жаңа техниканы жобалау мен игеру уақытын қысқарту, ӨҚӘ барлық сатысында оның сапасын арттырудың маңызды әдісіне машиналардың параметрлік қатарын жасау болып табылады.

Параметрлік қатар басты параметрдің ұлғаю (азаю) белгілі заңына бағынатын түрөлшемдері әртүрлі құралдар мен машиналардың жиынтығы. Бұйымның басты параметрі оны жетілдіру кезінде тұрақты қалпында болуы және қалған құрылымдық, эксплуатациялық және техникалық-экономикалық параметрлерге ықпал ете білуі қажет.

ӨҚӘ жылдамдатудың түбегейлі шешімі жаңа машиналар мен құралдарды жобалаудың автоматтандырылуына – автоматтандырылған жобалау жүйелері (САПР) мен жобалаушының

САПР және АРМ жасау мүмкіншілігі бұйымды құрылымдау жұмыстарының жалпы көлемінде орнатылған сызбалар бойынша жұмыстардың үлесі принципалды жаңа жұмыстардың үлесінен әлдеқайда жоғары.

ӨНДІРІСТІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ дайындау

Өндірісті технологиялық тұрғыдан дайындаудың мазмұны мен кезеңдері. Өндірісті технологиялық дайындаудың мақсаты тиімді технологиялық процесті жасау болып табылады, ол берілген өнімді минималды шығынмен өндіріп шығаруы керек.

Өндірістің технологиялық дайындығы жаңа технологияны жасауды, құрастыруды және керекті технологиялық жабдықтарды дайындауды, қондырғы және жаңа қондырғыны меңгеруді, жаңа өнімді жасау процесін қамтитын жұмыс комплексі болып табылады. Өндірістің технологиялық дайындығын қамтамасыз ететін, яғни өнеркәсіпте толық құрылымдық және технологиялық құжаттаманың, берілген техника-экономикалық көрсеткіштер арқылы қарастырылатын технологиялық жабдықтау негізінің болуын қамтитын техникалық, инженерлік және ұйымдастырушылық жұмыстардың бұл комплексі

Технологиялық дайындық бойынша жүргізілетін жұмыс көлемі бірлі және ұсақ сериялды өндірістер үшін техникалық дайындық жұмысының жалпы көлемінің 20... 25 %-ын құрайды, 40.50% — сериялы өндірістер үшін, 60% — ірі және массивті өндірістер үшін қарастырылады.

Өндірісті технологиялық дайындауды басқару және ұйымдастыру Өндірісті технологиялық дайындаудың бірыңғай жүйесінің мемлекеттік стандарттарымен регламенттеледі (ӨТДБЖ). Ол жаңа өнімді тиімді түрде шығару үшін жаңа ғылыми жетістіктерді пайдаланады.

Өндірісті технологиялық дайындаудың бірыңғай жүйесі технологиялық құжаттаманың бірыңғай жасалу ретін ұсынады, прогресті типтік технологияны, стандартты технологиялық жабдықтауды, қондырғыларды, механизация құрамын, инженерлік-техникалық және басқару жұмыстарын кеңінен қолдануды қарастырады.

Өндірісті технологиялық дайындау бес кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең — келесідей жұмыстарды қамтитын негізгі бұйымға қатысты технологиялық процестерді жасау:

■ бұйымның құрылымын технологияға қатысты өңдеу (технологиялық бақылау);

■ цехтар аралық технологиялық маршрутты жасау;

■ бөлшектерді және жинақтық бірліктерді алудың технологиялық процесін операциялық түрде өңдеу.

Екінші кезең — технологиялық жабдықтаудың қажетті құрамын жобалау, механизация, технологиялық процестерді автоматтандыру.

Үшінші кезең — технологиялық жабдықтау, механизация және автоматтандырудың құрамын дайындау.

Төртінші кезең — өңделген технологиялық процесті өндіріске енгізу, салыстыру, дұрыстау, сынамалы және орнату партияларын жасау.

Бесінші кезең — жобалау мен басқару үшін нормативті базаны жасау (еңбек, материалдық нормативтер және т.б.).

Технологияға қатысты құрылымды өңдеу —комплексті міндеттеме, оның шешімі үшін құрылымнан бөлек технология да қажет болады.

Мына нұсқалар іске асуы мүмкін: жетекші технолог пен конструктордың объектіне қатысты персоналдық бекіту, конструкторлық бюро, комплексті құрылымдық-техникалық бригадалар құру немесе өзге де іс-шаралар.

Бұйым құрылымының технологиялылығын қамтамасыз ету функциясы өндірісті құрылымдық және технологиялық дайындаудың арасындағы байланыс болып табылады (бұйым құрамына кіретін бұйымдар түрі, жинақтық бірліктер), бұйымның стандарттау деңгейінің және құрамдас бөліктердің анализі, типтік және топтық процестерді қолдану мүмкіндіктері, жинақтар, бақылау, сынамалар қарастырылады.

Цех аралық технологиялық процестерді өңдеу цехтар мен аумақтар арасында бөлшектердің номенклатурасын таратуды, олардың қозғалысының технологиялық маршрутының өңделуін қамтиды. Маршруттық технология цех бойынша әр бөлшектің өтуін және оның өндірісі кезіндегі жинақтық бірлік процесін анықтайды.

Бөлшектер мен бұйымдар жиынтығын жасау үшін өндірісте құрылымдық құжаттама, технологиялық процестің маршруттық-операциялық немесе маршруттық сипаттамасының болуы немесе технологиялық режимдер мен өткелдердің көрсетілімінсіз технологиялық операцияның толық тізімінің болуы жеткілікті.

Сериялық және жалпылай өндіріс үшін маршрутты технологиядан өзге жинақ, өңдеу және форма қалыптасуын өңдейтін операциялық технологиялық процесті жасайды.

Технологиялық құжаттаманың түрлері мен жинақтылығын қарастырайық, ол мына құжаттардан тұрады:

- технологиялық (маршруттық) карталар;
- операционды карталар;
- инструкционды карталар (технологиялық нұсқаулықтар);
- нормалық карталар;
- эскиздер картасы;
- жинақтық карталар;
- цехтар тізімдемесі;
- жабдықтау тізімдемесі;
- материалдар тізімдемесі.

Осы құжаттардың ең маңыздысы технологиялық карта болып табылады, ол — бұйымды өңдеудің барлық процестері қамтылған, операциялар мен оның құрамдас бөліктері көрсетілген, бұйымның материалы, өндіріс қондырғылары, бұйымды жасауға қажетті технологиялық режимдер, уақыт, сонымен қатар жұмысшылардың квалификациясы мен разряды қарастырылатын құжат.

Технологиялық картадан басқа операциялық карталарды жасайды, ол да технологиялық карта құрамына ұқсас құрамнан тұрады, ерекшелік ретінде мұнда бөлшек емес операция қарастырылады. Операциялық карталарды технологиялық карта мәліметтері жеткіліксіз болғанда, толығырақ нұсқаулықтар керек болғанда қолданады.

Кей жағдайларда жұмыс өндірісінің ретін сипаттайтын және техникалық персонал нұсқамасына қажетті нұсқаулықты карталарды қолданады. Нұсқаулықты карталар операция орындалуы бойынша қажетті мәліметтерді ұсынады, сонымен қатар түрлі компоненттерді, клей, қоспаларды дайындауды сипаттайды және т.б.

Еңбек ақысына қатысты шығындар жинақталған құжатты *нормалық карталар* деп атаймыз. Мұндай карталарды қалыпты жағдайда тұрақты (орнатылған) технологиялық процесс кезінде қолданады.

Уақыт өте келе өзгертін жұмыс режимдері, қондырғының жетілдірілуі, қондырғыны ауыстыру сәйкесінше уақыт нормасын қысқартады, ол нормативтік карталарда көрініс табады.

Сериялық және жалпылама өндірістерде негізгі технологиялық ұжат болып табылатын эскиздер картасы операцияны түсіндіретін және жұмысты орындауға қажетті эскиздерден, схемалар мен кестелерден тұрады (қондырғы бойынша, жабдықтау, кесу режимдері бойынша).

Жинақтық карталар *жинақ құрамындағы бөлшектер тізімінен тұрады. Цехтар, жабдықтау және материалдар тізімдемесі сәйкесінше цех бойынша, жабдықтауға қатысты шығындар және материалға қатысты шығындардан тұрады.*

Бірлік технологиялық процестер үшін операциялық кара жасалады, типтік (топтық) технологиялық процестер үшін - типтік (топтық) операция картасы дайындалады. Бұл карталарда технологиялық режимдер, технологиялық жабдықтау мәліметтері, материал және еңбек ақысына қатысты шығындар жазылады.

Технологиялық жабдықтау, механизация және автоматтандыру құрамын жобалау және жасауды (құралдар, аспаптар, штамп, модель, технологиялық бақылау құрамы және т.б.) бас технологтың құрылымдық бюросы арқылы (ОГТ) немесе аспаптық бөлімшелер арқылы іске асырылады. Бұл өндірісті дайындаудың еңбек сыйымдылығы жоғары кезеңі. Оның орындалуын жылдамдату үшін және өндірісті дайындау, жабдықтау уақытын қысқарту үшін барлық жұмысты екі-үш кезекке бөліп біртіндеп орындайды.

Бірінші кезекте жабдықтауды дайындайды, олсыз технология шарттарына жауап беретін сапалы өнімді алу өте қиын немесе мүлде мүмкін емес.

екінші — технологиялық процесс арқылы қарастырылатын басқа жабдықтауларды іске асыру; үшінші — жабдықтау көшірмелерін жасау. Сондықтан да, жабдықтауды операциялық картаның өңделуімен және стандартты элементтер арқылы жабдықтауды максималды түрде қолданумен бірге алып жүру керек. Еңбек сыйымдылығын төмендете отіріп, жұмыс ұзақтығын және шығынды қысқартып өндірісте қолданылатын құрамды жетілдіру өндірістің эффективтілігін арттырудың негізгі резерві болып саналады.

Өндірісті технологиялық дайындау жасалған технологиялық процестерді салыстыру, дұрыстау және енгізумен аяқталады. Меңгеру кезінде технологиялық процестер жөнделеді, технологиялық жаюдықтауға қажетті өзгерістер енгізіледі.

Нормативті базаны жасау кезеңі ерекшеленеді. Уақыттың немесе өндірудің операциялық нормасын технологиялық процеске қатысты технолог-нормалаушы орнатады, ол үшін есептік-

аналитикалық, тәжірибелік-статистикалық немесе ұлғайтылған есеп немесе норма әдістерін қолданады.

Материалдар шығынына қатысты нормаларды сондай-ақ өңдеуге қатысты жазбаны, бұйымды алу әдісін, бөлшекті өңдеу әдісін есепке ала отырып технолог-нормалаушы анықтай алады. Материалдар шығынының нормасы материалдар шығынын басқару үшін керек, материалдық-технологиялық жабдықтауды анықтау үшін керек.

Еңбек шығынына қатысты нормалар қондырғы жүктемесі үшін, жұмысшылар санын анықтау үшін керек.

Өндірісті техникалық дайындауды басқару және ұйымдастыру машина құрастыру өнеркәсіптерінде жаңа бұйым жасау уақытына әсер етеді, жасалып жатқан технологиялық процестің сапасына әсер етеді. Бұйымның, шығарылым көлемінің күрделілігіне, технологияның ерекшеліктеріне орай өнеркәсіптерде өндірісті техникалық дайындаудың орталықтандырылған, орталықтандырылмаған немесе аралас жүйелері қолданылады.

Өндірісті технологиялық дайындаудың орталықтандырылған жүйесінде барлық жұмысты ОГТ іске асырады.

Цехтық технологиялық бюро (ТБ) ОГТ жасаған технологиялық процесті, оларды орындаудағы нұсқаулықты, оның орындалуы бойынша жұмыстың жүруін енгізумен айналысады, технологиялық дисциплинаның сақталғандығын тексереді. Мұндай жүйе қалыпты жағдайда сериялық және жалпылама өндірісі бар өнеркәсіптерде қолданылады.

Өндірісті технологиялық дайындаудың орталықтандырылмаған жүйесінде және ағымдағы технологиялық процесі цехтың технологиялық бюросына жүктеледі, ал ОГТ цех аралық маршрутты іске асырады, сондай-ақ цехтық ТБ темеханикалық басқарылуын іске асырады (жобалау, дайындау, аспаптық жабдықтау) бақылау функцияларын іске асырады. Бұл жүйе бірлік және майда сериялы өнеркәсіптерде қолданылады.

Сериялық типті өндірістерде барлығынан да көбірек өндірісті технологиялық дайындаудың аралас жүйесі қолданылады. Бұл жағдайда цехтық ТБ жұмыс жасайды, яғни орталықтандырылмаған (механикалық өңдеу, құю, және т.б.) ал бөлігін — ОГТ, яғни орталықтандырылған жүйе (штамптау, жинақтау, монта және т.б.).

Өндірісті технологиялық дайындауды жылдамдатудың негізгі бағыты. Өндірісті технологиялық дайындауды жылдамдатудың негізгі бағыты дегеніміз — күрделі комплексті мәселе, оның шешімін мына түрде қамтамасыз ету керек:

■ өндірісті технологиялық дайындау бойынша жұмысты және аяқтаушы конструкторлық кезеңді, сонымен қатар технологиялық дайындаудың жекелеген кезеңдерін параллель орындау;

■ типтік технологиялық процестерді қолдану;

■ технологиялық жабдықтаудың стандартизациясы және унификациясы;

■ жылдам орнатылатын жабдықтауды жасау және топтық қолдану;

■ пәндік және бөлшектік-мамандандырылған цехты және аумақтарды, топтық ағымды сызықтарды, ГПС және т.б. жасау;

■ Өндірісті технологиялық дайындаудың автоматтандырылған жүйесін жасау (ӨТДАЖ).

Өндірісті технологиялық дайындаудың автоматтандырылған жүйесі шешілетін тапсырмалармен сәйкес функционалдық қосалқы жүйелерден тұрады

■ технологиялық процесті жобалаудың автоматтандырылған жүйесі (САПР ТП);

■ технологиялық жабдықтауды жобалаудың автоматтандырылған жүйесі (САПР ТО);

■ өндірісті ұйымдастыруды жобалаудың автоматтандырылған жүйесі (САПР ОП);

■ Өндірісті технологиялық жабдықтауды басқарудың автоматтандырылған жүйесі (АСУТПП).

9.2-суретте өндірісті технологиялық жабдықтаудың САПР схемасы көрсетілген.

АСТПП эффективті жұмысы технологиялық тағайындаманың мәліметтер базасы арқылы анықталады. АСТПП мәліметтер базасы негізгі төрт құжаттан тұрады:

■ бұйымның конструкторлық және технологиялық сипаттамалары, жинақтық бірліктің параметрлері;

■ өнеркәсіпте қолданылатын қондырғының және технологиялық жабдықтаудың эксплуатациялық-техникалық сипаттамалары;

■ маршруттық және операциялық картаны қамтитын ұйымдастырушылық-технологиялық құжаттама;

Конструкторлық құжаттама

АСТПП мәліметтер базасы

(ұйымдастырушылық, техникалық, нормативтік, тексеру ақпараты; қондырғы мен жабдықтау туралы ақпарат)

САПР ТП	САПРТО	САПРОП
Бұйымның технологиялық анализі, бөлшектердің классификациясы, технологиялық процестерді өңдеу	Технологиялық жабдықтау құрамын таңдау, технологиялық жабдықтау құрамын жобалау, технологиялық	Өндіріс организациясының

Ұйымдастырушылық және технологиялық ақпарат

Сурет 9.2. Өндірісті технологиялық дайындаудың автоматтандырылған жобалау жүйесі бұйымды дайындаудың технологиялық процестері, бұйымды жинақтау, конструкторлық және технологиялық спецификациялар, сызықтар жобасы, аумақтар, өндіріс;

■ нормативтік-анықтамалық құжаттама.

АСТПП-дағы аяқтаушы кезең жаңа өнімді шығару үшін технологиялық және жобалық құжатты дайындау болып табылады. Жұмыстың автоматтандырылуына орай ақпарат тасымалдаушылар өзгереді. Машиналық тасымалдаушыларға қатысты ақпарат артады. Технологияны жобалау нәтижелері операциялық карта, есептік-технологиялық карта түрінде берледі, технологиялық жабдықтау құрамын жобалау нәтижесі — ЭВМ және графқұрастырушы арқылы алынған жұмысшы сызба және конструкторлық спецификация түрінде беріледі.

9.4.

ӨНДІРІСТІ ҰЙЫМДЫҚ ДАЙЫНДАУ

Өндірісті дайындаудың мазмұны мен негізгі кезеңдері. Кәсіпорында жаңа бұйымдарды ұйымдастыру кәсіпорынның ағымдағы баптауларын өзгертуді және оның барлық құрамдас бөліктерін өзгертуді ұсынады. Өндіріске жаңа бұйымды енгізу жаңа технологиялық процестерді, жаңа қондырғылар мен жабдықтауларды талап етіп қана қоймайды, сонымен қатар өндіріс әдісін өзгертуді, формасын өзгертуді және еңбекті өзгертуді, материалдық-техникалық жабдықтауды қайта баптауды және т.б. талап етеді.

Өндірістің барлық процесін реорганизациялау қажеттілігі жаңа өнімнің шығарылымы кезінде заманауи өндірістің қиындығымен, сапаға қатысты жоғары талап, бұйымның техникалық деңгейіне деген

талаптың жоғарылығымен, жұмыс аумақтарының арасындағы барлық байланыстармен шартталады.

Өндірісті ұйымдастырушылық дайындау - кеңістік пен уақыт бойынша жаңа бұйымды жасауды ұйымдастыру жобасын өңдеуге, өндіріс қызметкеріне еңбек ақысын беру және ұйымдастыру жүйесіне, нормативтік база, жаңа бұйымды жасауды материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған іс-шара,

Өндірісті ұйымдастырушылық дайындау бес кезеңнен тұрады. Кезең 1. Негізгі өндірістік процесті ұйымдастыру жобасын өңдеу. Бұл кезеңде өндіріс ұйымдастырылуының формасы, аумақ цехтарының мамандандырылуы, қондырғы мен аумаққа қатысты қажеттіліктер, цехты реконструкциялау жобасы мен жоспарын таңдау іске асады.

Кезең 2. Негізгі өндіріске қатысты техникалық қызмет көрсету жобасын жасау. Бұл кезеңде бөлімшелерге техникалық қызмет көрсету, олардың өндірістің бөлімшелермен өзара байланысы анықталады, қоймалық шаруашылық, жөндеу және аспаптық қызмет көрсету ұйымдастырылуы жасалады, техникалық бақылау жобаланады.

Кезең 3. Ұйымдастыру жүйесін жасау және жұмысшылар мен мамандардың еңбек ақысын төлеу. Бұл кезде өндірістік процесс және өндіріліп жатқан бұйымның сипаты есепке алынады. Ұйымдастыруға қатысты және жұмыс орнына қызмет көрсетуге қатысты, еңбектің бөлінуі мен операциялық ретіне қатысты мәселелер шешіледі, таңдау, форманы негіздеу, жұмысшылар мен мамандарға еңбек ақысын беру, сыйақысын беру жүзеге асырылады.

Кезең 4. Өндірісті материалдық дайындау. Бұл кезеңде материалдық ресурсқа, жинақтық бұйым, қондырғыға қатысты қажеттілік анықталады, жеткізушімен жаңа бұйымға қатысты келісімшарт жасалады, жарнама ұйымдастырылады.

Кезең 5. Техника-экономикалық және оперативті-өндірістік жобалау үшін нормативтік база жасау. Бұл кезеңде материалдық, еңбектік және күнтізбелік-жоспар нормативтері жасалады, жаңа бұйымның өзіндік құны мен бағасы қойылады, қор нормативі мен кері құрам көлемі анықталады.

Өндірісті ұйымдастырушылық дайындау құрамына енетін жұмыс жинағы өте кең. Өндіріс деңгейі және жаңа бұйым шығарғандағы еңбек деңгейі анықталады, жаңа өнімді өндіруді меңгеру темпі, жаңа өнімнің еңбексыйымдылығы мен өзіндік құны, сонымен қатар кәсіпорынның техника-экономикалық көрсеткіштері аталған жұмыстардың орындалуына байланысты болады.

Жаңа өнімнің өнеркәсіптік өндірісін меңгеру. Жаңа өнімнің өнеркәсіптік өндірісін меңгеру — қойылған технологиялық шарттарға

орай технология мен конструкцияның өңделуіне және оны тексеруге байланысты түрлі процестер мен жұмыстардың жиынтығы. Мұнда тәжірибеден сериялық өндіріске өту, өндірістің және жаңа бұйымның техника-экономикалық параметрлеріне жоспарлық көлеміне қолжеткізу қарастырылады. Жаңа өнімді меңгеру периоды объективті түрде қажет, ол жаңа өнімнің үлгісін жасаудан басталып, сериялық өндіріспен аяқталады (0,5 + 1,5 жыл). Жаңа өнімді меңгеру бойынша жұмыс комплексін орындаған кезде кәсіпорынның барлық бөлімшелері мен қызметі қатысады: бас конструктор, бас технолог, материалдық-техникалық жабдықтау бөлімшесі және т.б.

Жаңа өнімді меңгеру түрлі факторлардың әсер етуіне орай жинақталады, оның негізгілері:

- шығарылып жатқан өнімнің жалпы көлеміне қатысты жаңа өнімнің салыстырмалы салмағы;
- жаңалық деңгейі;
- өндіріс типі;
- өнімді жаңғырту жиілігі;
- кәсіпорынның мамандандырылуы мен көшіру деңгейі;
- жаңа өнім шығарылымына өту әдісі.

Ауысуға қатысты, мысалы авиациялық кәсіпорынның ауысуына қатысты үлкен шығын, жаңа өнімді меңгеру егер ескірген машинаны ауыстырудан белгілі пайда болған жағдайда іске асырылады. Жаңа буын өнімін меңгеру кезіндегі үзілістер аралығында ағымдағы модельді жаңғырту мақсатқа сай болады.

Жаңа өнімді меңгеру периоды техникалық, экономикалық және өндірістік меңгеруден тұрады.

Жаңа өнімді *техникалық меңгеру*— бұл бұйым конструкциясын және оны белгілі өзгерістер енгізу арқылы дайындауды және бұйымға қатысты техникалық құжаттамада жазылған талапқа жету үшін қарастырылатын өзгерістерді тексеру, жөндеу және жетілдіру,

Өндірістік меңгеру — тәжірибелік өндірістен сериялық өндіріске өту, яғни жасалған технологиялық процесті, өндіріс пен еңбек формасын ұйымдастыру, дайындалып жатқан өнімнің сапасын тұрақандыру.

Экономикалық меңгеру кезінде жаңа өнімді жасау өнім шығарылымының негізгі жобалық экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу. Бұл кезең жұмыс орындалуының материалдық ресурстар шығынының, еңбек сыйымдылығы, өзіндік құны мен өзге де экономикалық көрсеткіштер нормасын жобаны іске асырғанға дейін

жұмысшылардың квалификациясын асыру және технологиялық жабдықтауды жетілдіру арқылы жетілдіруге байланысты болады.

Жаңа өнімді өндіруге өтуді ұйымдастыру және жаңа қондырғының лизингі. Жаа өнімге қатысты өндірісті барынша қысқа уақытта меңгеру керек. Бұл мәселенің шешімін табуы белгілі деңгейде жаңа өнімге өтудің таңдалған әдісіне байланысты болады.

Жаңа өнімді меңгеру құрастырылған (немесе реконструкцияланған) кәсіпорынның ішінде немесе әрекет етіп жатқан кәсіпорында іске асады. Жаңа өнімнің шығарылымына өтудің негізгі екі формасы бар: кәсіпорынның жұмысын тоқтату арқылы және кәсіпорын жұмысын тоқтатпай ауысу. Ауысудың бұл формалары дайындау кезінде, дұрыстау және өнжіру кезінде ескі және жаңа бұйымдарды біріктірумен байланысты ауысу нұсқаларын қарастырады.

Жаңа өнімді меңгерудің мынадай әдістері бар: тізбекті, параллельді және параллель-тізбекті.

Тізбекті әдіс бойынша жаңа өнімді меңгеру периоды өнім шығарылымын толық тоқтатқаннан кейін іске асады. Тізбекті әдісті қолданған кезде өнеркәсіптік өнімді меңгеру уақытында өндірісті техникалық дайындау іске асырылады.

Параллель әдіс жаңа және ескі өнімді бірге шығарумен сипатталады. Бұл әдіс кезінде негізгі өндіріспен параллельді түрде тек техникалық дайындау емес, сонымен қатар бұйымның жаңа конструкциясын дұрыстау іске асады.

Параллель-тізбекті әдіс жаппай өндіріс кезінде өндірістің шығарылымынан конструкциясы бойынша ерекшеленіп тұратын жаңа өнімді меңгеруді іске асырғанда қолданылады. Кәсіпорында жаңа өнімнің шығарылымын меңгеру үшін қосымша өндірістік қуат (цех, аумақ) жасалады, технологиялық процестер өңделеді, жаңа өнімнің бірінші топтамасының шығарылымы өңделеді. Бұл бастапқы кезеңде ауысымға қатысты өнімдер шығарылымы жалғасын тауып жатады.

Бастапқы кезең аяқталғаннан соң өндірістің қысқа уақытқа тоқтауы іске асады, бұл кезде қондырғыны қайта жобалау қарастырылад: қосымша аумағы бар қондырғы негізгі өндіріс цехына беріледі. Жұмыс аяқталғаннан соң жаңа өнімнің шығарылымы ұйымдастырылады.

Қолданылып жатқан әдістердің көптүрлілігі жаңа өнімге қатысты өңдеу процесінің күрделілігімен, осы периодта іске асатын ұйымдастырушылық-техникалық жұмыстың көлемімен анықталады.

Ғылыми-техникалық прогресті өндіріске енгізу үшін прогресті тенденция ретінде шығарылып жатқан өнімге қатысты құралды

қарастырамыз. Ал бұл өндірістің иілгіштігі мен ГПС кеңінен енгізілуіне байланысты болады.

Заманауи Ресей шарты бойынша өндіріске қатысты инвестицияны ынталандыру, өндірістік потенциалды жаңғырту, шығарыдып жатқан өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша кәсіпорынның жаңа өнімді қаржыландыруына байланысты лизингті әдістер қолданылады.

Лизинг — белгілі мүлікті меншіктеу бойынша және оны белгілі уақытқа, белгілі төлем көлемімен, оны сатып алу құқығымен келісімшарт арқылы қарастырылған белгілі талаптармен кәсіпорынға жалға беруге қатысты әрекет түрі. Лизинг классификациясы 9.3-суретте көрсетілген.


Лизинг негізі ретінде жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік қарастырылуы мүмкін — ғимараттар, қондырғы, транспорт құрамы және т.б.

Лизингтік қатынас:




■ *лизинг беруші* — жеке немесе жер иелігі арқылы немесе қарыз құрам арқылы меншік мүлігін алатын және оны белгілі келісімшарт арқылы қарастырылған шарттар бойынша жалға беретін заңды немесе жеке тұлға;


■ *лизинг алушы* — лизинг келісімшарты бойынша белгілі уақытқа белгілі ақы көлемін беру арқылы және уақытша иелік пен қолдануға қатысты белгілі шарттар арқылы мүлікті жалға алатын жеке немесе заңды тұлға;

■ *сатушы (жеткізуші)* — сату-сатып алу келісімшарты бойынша лизинг берушіге лизинг негізі болып табылатын мүлікті сататын жеке немесе заңды тұлға. Сатушы лизинг алушыға немесе лизинг берушіге мүлікті сату-сатып алу келісімшартына орай сатуы керек.



Сурет 9.3. Лизинг классификациясы
303





Сурет 9.4. Лизингті келісімшарт қатысушыларының өзара қатынасы

Лизингті келісімшарт қатысушыларының өзара қатынасы 9.4-суретте көрсетілген.

Лизингті кәсіпорынның негізгі құрамына қатысты тауарлық кредит ретінде қарастыруға болады. Лизинг келісімшарты ретінде лизинг алушы тарапынан алдын ала келісілген бағаға мүлікті сатып алуды айтамыз. Лизингті алушылар лизинг берушіге қарастырылған лизинг жалға алу төлемін өз уақытында беруі тиіс. Лизингті төлемдердің жалпы суммасына мыналар енеді:

- негізгі қызмет үшін төлем (пайыздық сыйақы);
- лизинг келісімшартының қызмет ету уақытында мүлікті амортизациялау;
- лизинг беруші шығыны (инвестициялық, кредитке қатысты пайыз, лизинг мүлігін сақтандыруға қатысты сақтандыру салымдары);
- қосылған құнға қатысты және лизинг беруші тарапынан төленген өзге салықтар.

Төлемдердің көлемі, әдісі, формасы және периодтылығы екі жақтық келісімшарт бойынша анықталады.

Лизинг операциясы кәсіпорын-лизингалушыға мына мүмкіндіктерді береді:

■ техникалық құрамның моралды тозуына қатысты шығын қатерінің алдын алады;

■ лизингке қатысты шығындар сатылған өнімнің өзіндік құнына жататын болғандықтан (қызмет), салық салу түсімін төмендету;

■ **Өндірісті техникалық дайындауды жоспарлаудың негізге міндеттері:** Өндірісті жаңа өнім шығаруға дайындау — бұл банкімен, кредит алу арқылы, лизингті, көпсімғаарты аяқтау есебінен қондырғыны алумен салыстырғанда және лизингті қондырғыдан бірден өнім алып, оны іске асыруға байланысты уақыт пен құрамды белгілі деңгейде үнемдей аламыз.

кәсіпорынның түрлі бөлімшелерінің орындайтын әртүрлі конструкторлық, технологиялық және ұйымдық шаралар кешенін жүзеге асыру. Бұдан басқа, шикізат, материалдар мен құрамдас өнімдерді жеткізушілермен әртүрлі байланыстар жүзеге асырылады. Бұл жағдайда өндірісті дайындау бойынша барлық жұмыстардың жүйелілігі мен өзара байланысын алдын-ала анықтау, әр жұмыстың орындалуын қадағалау, олардың орындалуындағы ықтимал кідірісті анықтау және уақытында жою қажет.

Өндірісті техникалық дайындау үдерістерін байланыстыру және барлық жұмыстарды уақытында үйлестіру жоспарлау негізінде жүзеге асырылады.

Өндірісті дайындауды жоспарлау — бұл өнімнің жаңа түрлерін шығару бойынша құрамын, көлемі мен жұмыстарды орындау мерзімін анықтау, оларды кәсіпорынның өндірістік бөлімшелері мен қызметтерінің арасында оңтайлы тарату.

Өндірісті техникалық дайындауды жоспарлау қамтиды:

- Жұмыстардың мазмұнын анықтау және орындау жүйелілігі;
- Жұмыс көлемін белгілеу;
- Орындаушылардың қажетті санын анықтау;
- жеке кезеңдердің немесе өндірісті дайындау бойынша жұмыстар циклының ұзақтығын есептеу;

■ жұмыстарды орындаушылар арасында тарату;

■ жұмысты орындау барысына бақылау.

Жаңа өнімді өндіруді дайындау жоспары жаңа өнімді дайындауға техникалық тапсырмадан бастап және өнімнің алғашқы топтамасын шығарудан аяқталатын өндірісті техникалық дайындаудың барлық кезеңдерін қамтуы тиіс. Мұндай жоспардың болуы өнімнің жаңа түрлерін өндіруді дайындау бойынша барлық жұмыстарды ұйымдасқан түрде және уақытылы жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа өнімді жасау және меңгеру келесі түрге бөлінеді: ұзақ кезеңдерге жасалатын перспективтік жоспар; ағымдағы жоспарлар – жылға және тоқсанға арналған жоспар; өндірісті дайындаудың жұмыс жоспарлары юолып табылатын жедел жоспарлар. Жедел жоспарларда жұмыстың барлық түрлері ескеріледі, олардың әрқайсысына басталу және аяқталу мерзімі белгіленеді, орындаушылар және орындауға нақты ресурстар анықталады.

Өндірісті дайындауды жоспарлау үшін екі негізгі әдіс пайдаланылады: нормативтік және ықтималдық.

Өндірісті дайындауды жоспарлаудың нормативтік әдісі. Жаңа өнімдерді өндіруді дайындау үдерісін жоспарлау, яғни жұмыс көлемін есептеу, еңбекке сыйымдылығы, циклдардың ұзақтығы, ғылыми зерттеулер мен конструкциялау үдерісіне тән шығармашылық жұмыстарға нормативтер жасау маңызды қиындықтармен байланысты болса да, ғылыми негізделген нормативтік базасыз мүмкін емес.

Нормативтердің екі түрі айқындалған: көлемді, яғни, жұмыс көлемінің нормативі заттай түрде, және еңбектік, яғни жұмыс көлемінің нормативі нормосағатпен.

Көлемдік нормативтерге өнімнің құрастырымдылық құжаттамаларының беттер санының нормативі, құрастырма бірлік, түпнұсқалық бөлшек және бір түпнұсқалық бөлшекке технологиялық құжаттамалар саны, сондай-ақ, технологиялық процесстердің жабдықталуының коэффициенті жатады.

Еңбектік нормативтерге қиындық тобы мен жаңалық дәрежесіне және т.б. байланысты бір түпнұсқалық бөлшекті құрылымдау бойынша жұмыстардың еңбекке сыйымдылығының нормативі, технологиялық процесстерді жасаудың еңбекке сыйымдылығы және бір түпнұсқалық бөлшекті жабдықтауды құрылымдау жатады. Жұмыстардың еңбекке сыйымдылығы негізінде өндірісті дайындаудың әр кезеңнің цикл ұзақтығын күнтізбелік күнмен есептеуге болады:

$$t_{\text{ЭТ}} = \frac{T_{\text{ЭТ}} K_{\text{А.В}}}{f P_i t_{\text{СМ}} K_{\text{ВЫП.Н}}},$$

бұл жердегі $T_{эт}$ — кезеңнің нормативтік еңбекке сыйымдылығы, норма-сағат; $K_{об}$ — келісуге, бекітуге, техникалық құжаттамаларға өзгерістер енгізуге және басқа да нормативтермен ескерілмеген жұмыстарға жіберілетін уақыт шығынын есептейтін коэффициент, $K_{дв} = 1,1 \dots 1,5$; f — жұмыс күнін күнтізбелік - F күнге аударатын коэффициент, $f = \frac{F}{\text{жыл}}$; $r_{д.р}$ — жоспарлы жылдағы жұмыс күндерінің саны; F

д.к

$P_{д.к}$ — жоспарлы жылдағы күнтізбелік күндерінің саны; P_t — осы кезеңнің жұмыстарын бір мезгілде орындайтын жұмысшылар саны; $l_{см}$ — ауысым ұзақтығы, сағат; $K_{вып.н}$ — нормаларды орындау коэффициенті;

Өндірісті дайындау жалпы циклының ұзақтығын тапсырыс беруші белгілейтін $l_{дир}$ директивалық мерзіммен салыстыру қажет, айта кеттін жайт, мұндағы есептік цикл директивтіден кем немесе оған тең болуы тиіс.

Өндірісті дайындаудың барлық сатылары мен кезеңдерін уақытында үйлестіру үшін оларды орындау уақытын біріктіру ықтималдығы ескерілген, өндірісті дайындаудың барлық жүйесінің циклын көрсетуге мүмкіндік беретін кесте жасалады.

Біршама қарапайым бұйымдарды жасай және меңгеру кезінде ленталық күнтізбелік кесте кеңінен пайдаланылады.

Ленталық кестенің ерекшелігі жұмыс жүргізудің параллель-бірізділік тәртібі болып табылады, бұл өндірісті дайындаудың жалпы ұзақтығын және жаңа бұйымды меңгеру мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Кестелер жоспарлауға ғана қызмет етпейді, сонымен қатар, жұмыс барысын ағымдағы бақылау, олардың көлемі мен орындалу мерзімі түрлі себептермен өзгеруі мүмкін, бұл кестені түзетуді қажет етеді. Ленталық кестелерде жұмыстардың өзара байланысын көрсету мүмкін емес, түпкі мақсатқа жету үшін әр бөлек жұмыстың маңыздылығын бағалау қиын. Ленталық кестелерде орындаушылардың біркелкі жүктемесі көрсетілмейді және қамтамасыз етілмейді. Ленталық кестелердің өзге де кемшіліктері бар. Ленталық кестелерге тән кемшіліктер қазіргі кезде кеңінен қолданылатын желілік жоспарлау және басқару (ЖЖБ) жүйесінде жоқ.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Машина жасайтын кәсіпорындардағы өндірісті техникалық дайындаудың негізгі міндеттерін атаңыз.

2. Өндірісті техникалық дайындау сатыларын атап шығыңыз.
Оларға сипаттама беріңіз.
3. Өндірісті техникалық дайындау құрамына не жатады?
4. Өндірісті құрылымдық дайындау кезінде қандай мәселелер
шешіледі?
5. Техникалық тапсырманы жасаудың негізгі міндеті не болып
табылады?
6. Эскиздік жобалауға не жатады?
7. Өндірісті технологиялық дайындау кезінде шешілетін
мәселелерді атап шығыңыз?
8. Өндірісті технологиялық дайындау тиімділігіне әсер ететін
факторларды атаңыз.
9. Машина жасайтын кәсіпорындардағы өндірісті техникалық
дайындауды жеделдетудің негізгі жолдарын анықтаңыз.
10. Өндірісті ұйымдық дайындаудың міндеттерін атаңыз.

КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

10.1. ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Техникалық бақылау бөлімі (ТББ) кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның басты міндеті кәсіпорынның техникалық құжаттамаға сәйкес келмейтін өнімді шығаруына жол бермеу. Техникалық бақылау бөлімі бұйым сапасын стандарттарға, техникалық шарттарға, эталонға, құрылымдық құжаттамаларға сәйкес бақылау жасайды, шығарылатын бұйым жиынтықтылығын тексереді. Бұл бөлім кәсіпорынның дербес бөлімшесі болып табылады, оны бас бақылаушы немесе сапаны бас бақылаушы басқарады. ТББ бастығы тікелей кәсіпорын директорына бағынады.

Кәсіпорынның шығарған барлық өнім түрлері зауыттық немесе мемлекеттік сынауға жіберілуі мүмкін немесе тапсырыс берушіге оларды ТББ қабылдағаннан кейін және өнімнің сапасын растайтын төлқұжатпен (формуляр) белгіленген тәртіпте рәсімделгеннен кейін ғана, ТББ таңбасы бар болса, егер бұл сәйкес құжаттамаларда көрсетілген болса ғана беріледі. Өнімді ТББ ұсыну тәртібі құрылымдық және технологиялық құжаттаманы қатаң сақтау жағдайындағы орындаушылардың өздері жасап шығарған бұйымның сапасына толық жауапкершілігімен анықталады.

бұйымның сапасын анықтайтын сызбалардан, стандарттардан және техникалық шарттардан ауытқумен, немесе технологиялық процестің бұзылуымен жасалған өнім *ақаулы* немесе *жарамсыз* болып табылады.

ТББ жүзеге асыратын дайын өнімнің сапасы мен жиынтықтылығын бақылау цехтар, бөлімдер бастықтарын және өзге де кәсіпорынның әкімшілік қызметкерлерін сапасыз немесе жинақталмаған өнім шығарғаны үшін, ал, бақылау қызметтерін атқаратын зертхана бастықтарын олардың материалдар мен өнімдер сапасына қатысты қорытындылары мен талдауларының дұрыстығы үшін жауапкершіліктен босатпайды.

ТББ негізгі міндеттері *болып табылады*:

■ шығарылатын өнімнің сапасы мен жиынтықтылығының қолданыстағы техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкестігін бақылау;

■ пайдалану шартына мейлінше жақын және бұйымның жұмысқа қабілеттілігінің сенімді тексеруіне кепіл болатын сынау бағдарламаларын жасауға қатысу;

■ өндіру процесінде нормативті-техникалық және технологиялық құжаттамалар мен өндірістік нұсқаулықтарға сәйкес өнім сапасын бақылау;

■ қабылданған өнімді таңбалау және жарамсыз өнімді маркалау;

■ қабылданған өнімді рәсімдеу және өндірістен жарамсыз өнімді алып тастауды бақылау;

■ нақты техникалық қабылдау және дайын өнімді сынау, бұйымның жарамдылығын растайтын төлқұжаттар мен формулярлардың толтырылуы мен рәсімделуінің дұрыстығын тексеру және осы құжаттарға қол қою;

■ цехтармен, бөлімдермен және зертханалармен бірлесе жасау, жинау, түйіндер мен агрегаттарды пайдалану кезінде анықталған құрылымдық, өндірістік және пайдаланушылық жарамсыздықтарын талдау, осы жарамсыздықтарды жоюды бақылау;

■ жеткізуші-кәсіпорындардан кәсіпорынға түсетін негізгі өндіруге арналған материалдарды, жартылай дайын өнімдерді және дайын құрамдас өнімдерді техникалық қабылдау (сапасын бақылау). Сапалы материалдарға құжаттар рәсімдеу және сапасыз материалдарға акт жасау (кіруді бақылау).

■ кәсіпорыннан жіберілетін бұйымдардың жиынтықтылығы мен қаптамасын бақылау;

■ негізгі цехтардағы құралдардың, құрылғылар мен өндірістік жабдықтардың барлық түрлерінің, сондай-ақ аспаптардың жай-күйін инспекторлық бақылау;

■ кәсіпорындағы өлшем бірліктерінің сақталуы мен өлшеуіш құралдардың жағдайын бақылау, сондай-ақ, негізгі өндірістегі барлық өлшем құралдарын тексерудің дұрыстығын инспекциялық бақылау;

■ ақауды техникалық есепке алу, оның себептері мен кінәлілерді анықтау, ақауды жою жөніндегі іс-шараларды кәсіпорынның бөлімшелері және цехтарымен бірлесіп әзірлеу, осы іс-шаралардың орындалуын бақылау.

ТББ-не жүктелген міндеттер оның бөлімдері арасында келесідей түрде бөлінеді:

■ *техникалық бақылау бюросы (ТББ)*, немесе *сыртқы қабылдау бюросы* кәсіпорынға келіп түсетін материалдарды, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімдерді техникалық қабылдауды жүзеге асырады, жарнамалаушы актілерді құрастырады, кәсіпорынға келіп түскен өнімдерді беру және сақтау ережелерінің сақталуына инспекторлық бақылауды жүргізеді;

■ *цехтық бақылау бюросы (ЦББ)* өндірістік цехтарда өнімнің сапасы мен жинақтылығын бақылайды, қабылдауды рәсімдейді, сондай-ақ өнімнің ақауы мен жарамсыздығын жою бойынша операциялардың орындалуын бақылайды, қолданыста жүрген жабдықтар пен құрал-саймандарды инспекциялау тәртібімен тексереді;

■ *бас бақылаушының орынбасары* наразылықтар бойынша ұсыныстарды дайындайды және қарайды, ақаудың себептерін жинақтайды және зерттейді, техникалық бақылауды жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізеді, таңба шаруашылығын жүргізеді;

■ *инспекторлық топ* тұрақты ТББ бақылаушысы жоқ цехтарда өнім сапасына инспекциялық тексерісті жүзеге асырады.

Шығарылатын өнімнің сапасын бақылауға шетелдік фирмалар үлкен мән береді. Әдетте, олардың сапаны бақылау бөлімі өндірісті басқаратын әкімшіге бағынады. Кейбір компанияларда техникалық бақылау қызметтері былайша бөлінген: ТББ өндірісті басқаратын вице-президентке, ал сапаны басқару тобы – бас конструкторға бағынады.

ТББ өзінің арнайы міндеттерін орындау аясында сапаны ортақ басқаруды жүзеге асыратын функционалды жоғары тұрған органдарға бағынады деген негізгі қағида барлық жерде қолданылады. Шетелдік фирмалардың ТББ әзірленіп жатқан технологиялық құжаттама сапаны қамтамасыз ету бойынша міндеттерге сәйкес келуі үшін өндірістің техникалық дайындығын бақылауға үлкен назар аударатынын атап кеткен жөн.

Кәсіпорын шығаратын бұйымдардың сапасын қамтамасыз ету жүйесінде негізгі міндетті басты қызметі болып кәсіпорында жүргізілетін өлшемді метрологиялық қамтамасыз ету саналатын бас метрологтың қызметі орындайды.

Метрологиялық қамтамасыз ету – өлшемнің талап етілетін дәлдігіне және тұтастыққа жету үшін қажетті техникалық құралдардың, ережелер мен нормалардың ғылыми негіздерінің қолданылуы және орнатылуы.

Кәсіпорындағы бас метролог қызметінің негізгі міндеті болып өлшемнің сенімділігі мен бірлігін қамтамасыз ету саналады. Бас метрологтың бөлімі (БМБ) ТББ-мен тығыз байланысты болуы, агрегаттардың сапасын бақылау технологиясын әзірлеуге, ақаудың себебін анықтауға және оны талдауға қатысуға, жаңа өлшеу құралдарын енгізуге, арнайы мақсаттағы өлшем құралдарын құруға қатысуға, күрделі арбитраждық өлшемдер жүргізуге тиісті.

ТББ жұмысшылары пайдаланылып жүрген, сондай-ақ қордағы барлық бақылау құралдарын тексеріс үшін метрологтарға ұсынуға міндетті.

10.2.

ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

Техникалық бақылауды қолдану тәжірибесі объектіге, объектінің бақылануға тиісті қасиеттеріне, технологияларға және өндірістік процеске қатысына, әдістеріне, бақылау құралдарының сипаттамасына байланысты жіктелетін бақылау түрлерінің алуан түрлерін құруға мүмкіндік берді.

Техникалық бақылаудың түрлері бақылау объектісіне байланысты келесідей орындаушыларды анықтайды: жұмысшы, реттеуші, бригадир, шебер, ТББ бақылаушысы, ТББ шебері, зертхана жұмысшылары, кәсіпорын қызметінің мамандары.

Бақылау объектісіне байланысты техникалық бақылаудың келесі түрлері ажыратылады:

- негізгі материалдарды;
- кооперативтік жеткізілімдердің жиынтықтаушы бұйымдарын;
- өңдеуші құрал-саймандар мен технологиялық жабдықтарды;
- өлшеу құралдары мен аспаптарын;
- сынақ стендтерін;
- технологиялық құрал-жабдықты;
- даярлықтың әр түрлі сатыларындағы жартылай фабрикалар мен бөлшектерді;
- дайын тораптарды бақылау және бұйымдарды сынау;
- тораптық, жалпы құрастыру және монтажды;
- түзілімдер мен бұйымдарды жинақтауды;
- техникалық және ілеспе құжаттаманы;
- буып-түю мен консервациялауды;
- дайын бұйымдарды тиіп-жөнелтуді;
- орындаушылардың біліктілігін және технологиялық құжаттаманың жай-күйін;
- өнімнің сапасын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды;
- орындалатын қызметтің сапасын;
- бұйымдарды жиынтықтаушы материалдардың сақталуын;
- бұйымды пайдалануды;
- жарнамалаудан өтуді.

Объектінің бақыланатын қасиеттеріне байланысты әрдайым өлшемнің сәйкестігін тексеруден немесе дайын өнімді көзбен шолып қарап тексеруден және оны эталонмен салыстырудан басталатын төменде келтірілген бақылау түрлері қолданылулары мүмкін. Таңбалар және ілеспе құжаттаманың болуы бір уақытта тексеріледі. Арнайы бақылау бұйымның арнайы сипаттамасын, мысалы герметикалығын тексеруді білдіреді. Физикалық қасиеттерді бақылау қаттылықты, жылуөткізгіштікті және басқаларын тексеруді қамтиды. Механикалық қасиеттерін бақылау материалдар үлгілерін қысудан, соққы тұтқырлығына және басқаларға сынау жүргізуден тұрады. Химиялық талдау кезінде заттардың химиялық құрамын зерттеу жүзеге асырылады. Металлграфиялық зерттеу бақыланатын бұйымның металының құрылымын зерттеуді білдіреді. Ресурстың сенімділігін сынау шынайы ресурстың техникалық шарттар талаптарына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

Объектінің бақыланатын қасиеттеріне байланысты техникалық бақылаудың келесідей түрлері ажыратылады:

- өлшемдерді бақылау;
- көзбен шолу;
- арнайы;
- физикалық қасиеттерді;
- механикалық қасиеттерді;
- химиялық;
- металлографиялық зерттеулер;
- сенімділікке сынау.

Орындау технологиясына және өндірістік процеске қатынасына қарай бақылаудың келесідей түрлері ажыратылады:

- кіру;
- технологиялық процесті бақылау;
- операциялық;
- жедел;
- қабылдау;
- инспекциялық;
- тұтынушы бақылауы.

Кіру бақылауына шикізат, материалдар, жинақтаушы бөлшектер мен бұйымдар жатады. Технологиялық процесті бақылау сипаттамалардың, режимдердің және басқа көрсеткіштердің бекітілген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды. Операциялық бақылау болып әр операциядан кейінгі бақылау саналады. Жедел бақылау болып өткізу мерзімі реттелмеген өнімді немесе технологиялық процесті бақылау саналады. Дайын өнімді қабылдау бақылауының нәтижелері бойынша оның жарамдылығы туралы шешім қабылданады.

Инспекциялық бақылау операциялық немесе қабылдау бақылауынан кейін жүзеге асырылатын өнімді немесе технологиялық процесті іріктеп бақылауды білдіреді. Тұтынушы бақылауы шығарылған өнімнің пайдаланылу қасиеттерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Қолданылатын тәсіліне қарай техникалық бақылау бөлінеді:

■ Жаппай, өнімнің, тауардың барлық топтамасын толықтай бақылау

■ Іріктеме, жалпы топтаманың сапасы туралы шешім іріктеу нәтижесінде қабылданады.

Бақылау әдісінің сипатына қарай техникалық бақылау ажыратылады:

■ Қолмен, барлық талап етілген параметрлерді тексеруді ТҚБ бақылаушысы әмбебап өлшеуіш құралдары арқылы жүргізеді;

■ Механикалық, арнайы құрылғыларды қолданумен байланысты бақылау;

■ Автоматтандырылған, адамның қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Бақылау әдістерін таңдау. Қазіргі таңда барлық қойылған талаптарды шешетін бақылау әдістерін таңдау өлшемдерінің белгілі бір негізделген анықтамасы жоқ. Өндірістік тәжірибе негізінде өлшеуіш құралдардың дәлсіздік шегінен таңдау қатысымы белгіленген. Өлшемнің рұқсат етілетін дәлсіздік шегі 6-9 қвалитетке ауытқу шектік мәнінің 33%, ал басқа қвалиттерге –ауытқудың шектік мәнінің 25%болуы тиіс.

Өлшеуіш құралдарды таңдауда, әдетте, келесідей белгілерді ескереді:

- бақыланатын параметрлердің сипаты және бақыланатын координаттың саны;
- бөлшектердің ауқымды өлшемдері;
- шек және дәлсіздік шегі;
- бөлшек конфигурациясы;
- бөлшектің деформациялылығы;
- қоршаған орта жағдайлары;
- автоматтандыру мүмкіндіктері және топтама саны;
- өлшем нәтижелерін шығару шарттары;
- қосымша шарттар;
- бақылау әдістерінің құны;
- бақылаушы біліктілігі.

Бақылау операцияларына арналған технологиялық құжаттамалар кәсіпорынның бас мамандарының сәйкес қызметтерінің технологтарымен және өндірістік цехтардың технологиялық бюросымен дайындалады.

Техникалық бақылауға тиісті:

- бөлшектер мен құрастырма бірліктерді дайындау бойынша технологиялық операциялар, және де бұрын дәлсіздіктер орын алған технологиялық операциялар;
- бұйымды термиялық өңдеуге немесе өңдеуді жалғастыру үшін басқа цехке жіберу алдындағы технологиялық операциялар;
- аралық операциялар барысындағы бұйымдардың беткі жағы ІІ квалитет не одан да нақтырақ өлшемі бойынша орындалғаннан соң.
- Беткі жақтың пішіні мен орналасуы.

Бақылау операцияларына арналған құжаттары, бұйымдарды даярлау бойынша технологиялық өңдеу құжаттарымен қатар жасалады, және де, бақылау карталарын жеке жиынтық ретінде рәсімдеуге рұқсат етіледі.

Техникалық бақылау операцияларын маршруттық картада не операциялық бақылау картасында жан-жақты рәсімдеген жөн, кей жағдайда, бас бақылаушы келісімімен маршруттық картамен қосы тіркелген техникалық бақылау операцияларының тізімдемесін қолданады.

Бақылау операцияларының тізімдемесінде болуы тиіс:

- өңдеу операцияларымен бірге тіркестегі бақылау операцияларының көлемі мен дәйектілігі;
- бөлшектер мен құрастырма бөліктер бойынша бақылау операцияларына техникалық талаптар;
- технологиялық бақылау қоры, бөлшектерді қондыру және бекіту сипаты;
- бақылау құралдары, өлшем әдістері және бақылау операциясының орындаушысы;
- бақылау операциясына уақыт нормасы.

Бақылау операцияларын жазуда бақылаудың өту дәйектілігі сақталуы тиіс:

- сызықтық өлшемдер;
- саңылау өлшемдерінің кейбір дәлсіздіктері;

- бұрыш өлшемдері;
- бұранда параметрлері;
- беттерінің геометриялық пішінің және орналасуының дұрыстығы;
- беттің кедір-бұдырлығы;
- жабын сапасы.

10.3. МЕТАЛЛ КЕСКІШ БІЛДЕКТЕ ӨЛШЕМДЕРДІ БЕЛСЕНДІ БАҚЫЛАУ

Заманауи металл кескіш білдектегі кесу процесі, бойлық және көлденең берісі, іске қосу және тоқтату жартылай не толық автоматтандырылған. Сонымен қатар, өңделетін бөлшектердің геометриялық параметрлері таяныш немесе жолдық бақылау жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Осындай әдіспен бұйымды өңдеу салыстырмалы түрде өрескел дәлсіздіктермен орындалады, себебі құрылғының тозуы, білдектің пішінінің өзгеруі, температуралық олқылықтар ескерілмейді.

Кішігірім дәлсіздіктерде талап етілетін параметрлерді өңдеу барысында бақылау қажет, білдекті бақылауға араласу, оны ыңғайлау. Жиі қолданылатын нұсқа - өңделіп жатқан бөлшектің нақты көлемі берілген өлшемге сай болғанда, өңдеу процесін тоқтатуды жүзеге асырады. Сонымен қатар, білдекті қолмен не автоматты түрде өшіреді.

Белсенді бақылаудың автоматты аспаптарын білдек үстелінде қондырылатын және аспапты өңдеу басында бөлшекке келтіру және оның аяқталысымен аспапты бөлшектен бұруды қамтамасыз ететін құрылғыларымен жабдықтайды. өңдеу барысында бөлшектерді өлшейтін аспаптың кемшілігі – оның дәлділігіне көптеген кедергі келтіріледі, ең бастысы, өңделетін бөлшектің температурасының ауытқулары.

Өңдеу барысындағы бөлшектердің өлшемдерін бақылайтын аспаптардың артықшылықтарына қарамастан, көп жағдайларда оларды қолдануға мүмкіндік болмайды не қолдану мардымсыз. Сондықтан, мысалы, үшкірлеу кезінде, жұмысқа жоңқа кедергі болғанда, бөлшектердің өлшемдерін өңделгеннен соң анықтайтын аспаптарды қолданады. Осындай аспаптар үш түрлі болуы мүмкін:

- 1) өңделген бөлшектердің өлшемін анықтау негізінде білдекті автоматты жөндеу;

- 2) бөлшектерді өңдеу кезінде көптеген кедергілерге ұшырайтын белсенді бақылау аспабын өңделетін бөлшектерді қайталап бақылау және автоматты баптау;
- 3) бөлшектерді өлшемді топтар қатарына автоматты іріктеу.

Бірінші түрдегі аспаптар орталықсыздандырылған ажарлағыш білдектерде қолданылуы мүмкін. Білдектен шығатын бөлшектер өлшеу тұрғысына түседі, оның тетігі баптау механизмімен байланысты. Ажарлағыш және жетекші дөңгелектің тозуына қарай, білдектен шығатын бөлшектердің көлемі біртіндеп ұлғаяды. Олар жоғарғы шекке жеткен соң, тетік баптау механизміне пәрмен береді, ол дөңгелектердің біреуін екі дөңгелектің жиынтық сомасына тең арақашықтыққа көшіреді. Жазықтық және орталықсыздандырылған қырнау кезінде және кесумен өңдеудің басқа да кейбір әдістері кезінде әр бұйымды өңдеу барысында өлшеу қиындық туғызады, ал жиі мұны жасау мүмкін емес.

Екінші түрдегі аспаптар тек кішкене дәлдіксіздіктер кезінде, егер өңдеу барасында туындайтын кедергілердің ықпалынның алдын алу мүмкін болмаса қолданылады. Екінші өлшеуіш аспап өңдеу аясынан тыс жерде орналасады, ол өңделген бөлшектерді қайтадан өлшейді (әдетте температура тұрақталғаннан соң), осының арқасында бөлшектеді өңдеу барысында өлшейтін аспаптың жұмысына бақылау жүргізіледі.

Аспаптың үшінші түрі егер өңдеу барысында бақылау болмаса және өңдеу процесін тұрақтандыру қажет болғанда немесе өңделген бөлшектерді бірнеше топтарға іріктеу қажет болғанда, қолданылады.

Өңделген бөлшектерді өлшеуге арналған аспаптардың барлық үш түрі кедергіге ұшырамайды, аз дәлсіздікпен жұмыс жасайды және кез-келген пішіндегі бөлшектерді бақылау үшін қолданылауы мүмкін.

Білдектердің ортасында және патронында қондырылатын біліктерді дөңгелек қырнау үшін белсенді бақылаудың түрлі аспаптары жасалынған және қолданылады, олар ең қарапайым (көрсететін) салыстырмалы өлшемдерге арналған аспаптардан бастап, бағдарламамен басқарылатын білдектерге қондырылатын абсолютті өлшемдерге арналған заманауи жүйелерге дейін.


Білдекке қондырылатын аспаптың көлеміне қарай белсенді бақылаудың үш аспабын ажыратады:

- бөлшек аумағын өлшейтін және өлшеуіш тізбекке тетік

білдектің және қысқыш құралды қосатын, біртүйіспелі өлшем тетігі бар аспап;

- бөлшек диаметрін өлшейтін және өлшеу барысында білдек үстелінде қозғалыссыз бекітілген қостүйіспелі тетігі бар аспап;
- бөлшек диаметрін өлшейтін және де бөлшектерге негізделетін үштүйіспелі тетігі бар аспап, бұл бақылау барысында қозғалмалы қондырғысын шарттайды.

Бірінші түрдегі аспаптың ерекшелендіруші өкілі БВ-220 үлгісіндегі (10.1 сурет) аспап болып табылады, онда қаралтым өңдеу – таза өңдеу – күту жұмыс циклін бақылауға арналған екі реттелетін түйіспесі бар электртүйіспелі тетік қондырылған. Күту уақыт релесімен шектеледі. Түйістер іске қосылған кезде Ш1 және



10.1 сурет. Белсенді бақылау электртүйіспелі аспабы:

1 — өлшеуіш білік; 2 — индикатор; 3 — түйіспелі интірек; Ш1 и Ш 2 — индикаторлы шамдар




Рис. 10.2. Байланыссыз пневматикалық тетік:

1 — өлшегіш шүмек; 2 — корпус; 3 — табаны; 4 — жазық серіппе; 5 — реттелетін таяныш; 6 — тетік; 7 — шүмек пен бөлшек арасындағы саңылау


1 өлшеуіш біліктің қозғалысы 2 индикаторға жетеді және топсасы айқышты жазық серіппесінде орындалған, 3 түйіспелі иінтіректің бұрылысын тудырады. Бөлшекті ауыстырғанда өлшеуіш білік 1 қолмен көтеріледі. Аспап бұйымның басшасында бекітіледі. Өңделген бөлшектердің өлшемдерінің шашырауы 10...15 км құрайды.

Бөлшектердің өлшемін өлшеудің байланыссыз әдістерінің арасында пневматикалық тетіктер ғана қолданысқа енген. Байланыссыз белсенді бақылауға арналған қарапайым пневматикалық аспап үлгісі 10.2 суретте көрсетілген. Аспаптың өлшегіш шүмегі 1 корпустың 2 қондырылған, ол биіктігі реттелетін табанға 3 бекітілген жазық серіппеде 4 бұрыла алады. Бөлшек диаметрі азайған сайын корпус 2 бастапқы жағдайға оралады және реттелетін таянышқа 3 тіренеді.

Шүмекке 1 баратын ауа саңылау 7 арқылы атмосфераға шығады. Бүлінуден сақтандыру үшін, өлшегіш шүмек 1 корпустың 2 50 мкм батырылған. Соның арқасында корпустың 2 бөлшекпен түйіскен жеріндегі тозу өлшеуде дәлсіздіктер туғызбайды.

Өңделетін беттің диаметрін өлшейтін белсенді бақылаудың қостүйіспелі аспаптары, бір не екі өлшегіш иінтірекке ие.

Бір өлшегіш иінтірегі бар аспап (10.3 сурет) жеткізуші гидравликалық құралға 4 топсада 7 ілінген корпустың 1 бекітілген жоғарғы өлшегіш ұштыққа 2 ие аспап.



10.3 сурет. Бір өлшегіш иінтірегі бар қостүйіспелі аспап:

1 — корпус; 2 — өлшеуіш ұштық; 3 — иінтірек; 4 — жеткізетін гидравликалық аспап; 5 — таяныш; 6 — серіппе; 7 — топса; 8 — тетік

